Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘӨЖ: 327(574+520)(043)

Қолжазба құқығында

НУРСЕИТОВА ЛАЙЛА ДЮСЕНГАЛИЕВНА

Жапон аймақтық бастамаларының трансформациясы және «Орталық Азия плюс Жапония» форматындағы Қазақстан - Жапония серіктестігі

8D02209 - Шығыстану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:
Отандық ғылыми кеңесші:
PhD, қауымдастырылған
профессор Ж.Е. Ашинова

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, профессор Ш. Акифуми

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 3
АНЫҚТАМАЛАР 5
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 6
КІРІСПЕ 8

1 **ҚАЗІРГІ ЖАПОН СЫРТҚЫ САЯСАТЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ** 23
1.1 Аймақтық қарым-қатынастар жүйесінің теориялық парадигмалары: қалыптасуы және жүзеге асырылуы 23
1.2 Жаңа әлемдік тәртіптегі Жапон сыртқы саяси стратегиясының доктриналары 37
1.3 Кеңес Одағы ыдыраганнан кейін Жапонияның Орталық Азияға қатысты сыртқы саясатының стратегиялары 45

2 **ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЖАПОН БАСТАМАЛАРЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ** 65
2.1 Жапонияның «Жібек жолы дипломатиясы»: Орталық Азиядағы стратегиялық бағдардың қалыптасуы 65
2.2 «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы - Жапон аймақтық бастамаларының жаңа деңгейге көтерілу жолы 76
2.3 «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» бастамасының саяси және тарихи себептері мен мәні..... 89

3 **«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ПЛЮС ЖАПОНИЯ» ФОРМАТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН - ЖАПОНИЯ СЕРІКТЕСТІГІ** 105
3.1 Екі жақты ынтымақтастықтың нормативтік-құқықтық негіздері..... 105
3.2 Қазақстан мен Жапонияның серіктестік модельдері: саяси консенсус, инновациялық экономика және мәдени-білім берудегі өзара әрекеттестік 120
3.3 Қазақстан мен Жапония арасындағы стратегиялық әріптестіктің болашағы 137

ҚОРЫТЫНДЫ 159
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ 163
ҚОСЫМШАЛАР 186

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста төмендегі құжаттар пайдаланылады.

1. Жапонияның халықаралық ынтымақтастық банкі қаржыландыратын басым инвестициялық жобалар. ҚР Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 қараша N 1711.

2. Астана әуежайын жаңғыртуға арналған Қазақстан мен Жапония арасындағы несие келісімі туралы заң жобасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 9 сәуір N 389.

3. «ҚР Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы Батыс Қазақстанның жол желісін қайта құру жобасын жүзеге асыру үшін ҚР Үкіметіне Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің несие беру туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы» Қазақстан Республикасының нотасы 2000 жылғы 1 сәуір.

4. ҚР Үкіметі мен Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкі арасындағы «Астана қаласын сумен жабдықтау және оның кәрізі» жобасы жөніндегі несие туралы келісімді бекіту туралы. ҚР 2003 жылғы 6 қарашадағы N 495-II Заңы. Жапония. Токио 2003 жылғы 8 шілде.

5. ҚР «Агросервистік қызметті қолдау» жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім. ҚР 2003 жылғы 5 қарашадағы N 491-II Заңы. Киоши Кодера.

Орталық Азия елдері бөлімінің директоры Еуропа және Орталық Азия аймағы. 2002 жылғы 25 қаңтар.

6. ҚР Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы «ҚР ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау» жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы. ҚР 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 520 Заңы.

7. ҚР Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы «А.В.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінің білім беру кешеніне арналған жабдықтарды жеткізу» жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді ратификациялау туралы. ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2007 ж., N 2, 16-құжат. 2007 жылғы 29 қаңтарда күшіне енді.

8. ҚР мен Жапония арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны және оған Хаттаманы ратификациялау туралы. ҚР 2009 жылғы 30 қарашадағы N 208-IV Заңы.

9. ҚР Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісім. ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1527 қаулысымен мақұлданған.

10. «Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Агенттігі мен ҚР Үкіметі арасындағы ОАӨЭЫ (Жамбыл облысы) Көлік дәлізін қайта жаңарту жобасы бойынша Қарыз туралы келісімді ратификациялау туралы» ҚР Заңының жобасы туралы. Токио қаласында 2010 жылғы 23 тамызда жасалған.

11. ҚР мен Жапония арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімге қол қою туралы. ҚР Президентінің 2013 жылғы 11 желтоқсандағы 709 Жарлығымен мақұлдаған қаулы.

12. ҚР Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы «ҚР күн сәулелі фотоэлектр жүйесін пайдалана отырып, экологиялық таза энергияны енгізу» жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімге қол қою туралы. ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 339 қаулысымен мақұлданған.

13. ҚР мен Жапония арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және қорғау туралы келісім. ҚР Заңы 2015 жылғы 22 шілдедегі № 339-V ҚРЗ

14. ҚР Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы Экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламасы шеңберінде жапондық грант алу туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 20 мамырдағы № 333 қаулысымен бекітілген Нұр-Сұлтан, 2021 жылғы 15 наурыз, № 1

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста мынадай терминдер қолданылды:

Бастама	-	Белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған, ұйымдастырылған және ресми түрде ұсынылған іс-әрекет немесе стратегиялар жиынтығы. Ол тек жоспар емес, сонымен қатар мемлекеттердің немесе халықаралық акторлардың ынтымақтастығын нақты іске асыратын динамикалық механизм.
Модельді трансформациялық	-	Нақты жүйелердің немесе үрдістердің құрылымдық өзгерістерін концептуалдық функциялар арқылы зерттейтін әдіс
Мультидименсионды модель	-	Зерттелетін құбылысты бірнеше параметрлер бойынша (саяси, экономикалық, қауіпсіздік және тағы басқа) талданатын ғылыми модель болып табылады.
Трансформация	-	Белгілі бір жүйенің, процестің немесе құбылыстың құрылымы, мазмұны және функциясы жағынан маңызды өзгеріске ұшырауы, нәтижесінде оның сапалық немесе тиімділік сипаттары өзгеретін үдеріс.
Шөп тамыры	-	Жапония үкіметінің Қазақстанның жергілікті деңгейдегі әлеуметтік жобаларды қолдауға арналған шағын гранттық бағдарламасы.
Qool Japan	-	Жапонияның әлемдегі мәдени, экономикалық ықпалын күшейтуге бағытталған мемлекеттік стратегиясы.

ҚЫСҚАРҒАН АТАУЛАР

АҚШ	Америка Құрама Штаттары
АДБ	Азия даму банкі
АСЕАН	Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің Қауымдастығы
АТР	Азия-Тынық мұхиты аймағы
АТЭС	Азия Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы
АЫД	Азия ынтымақтастық диалогы
АЭС	Атом электр станциясы
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ГРЭС	Мемлекеттік аудандық электр станциясы
ДРК	Дамуға ресми көмек
ДПЖ	Жапонияның демократиялық партиясы
ДЦАЯ	«Орталық Азия плюс Жапония» диалогы
ДСА	Азиядағы ынтымақтастық диалогы
ДСҰ	Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЕО	Еуропалық Одақ
ЕҚДБ	Еуропалық қайта құру және даму банкі
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ЖЛТК	Жоғары лауазымды тұлғалар кездесуі
ИСАФ	Халықаралық қауіпсіздікке жәрдемдесу күші
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚХР	Қытай Халық Республикасы
ЛДП	Либерал-демократиялық партия (Жапония)
ОА	Орталық Азия
ОАЫҰ	Орталық Азия ЫНтымақтастық Ұйымы
ОА+Ж	Орталық Азия плюс Жапония
ОЭСР	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
СІМ	Сыртқы істер министрлігі
СІМК	Сыртқы істер министрлерінің кездесуі
ТИД	Токио инттелектуалды диалогы
ТШИ	Тікелей шетелдік инвестиция тарту
ШЫҰ	Шанхай ынтымақтастық ұйымы
ХВҚ	Халықаралық валюта қоры
ОАААҮО	Орталық Азия аймақтық ақпараттық-үйлестіру орталығы
ЭФ	Экономикалық форум
ЯҚТШ	Ядролық қаруды таратпау шарты

ACEM	Asia-Europe Meeting (Азия-Еуропа форумы)
APPAK LLP	Appak Limited Liability Partnership (Қазақстан мен Жапония арасындағы уран өндірісі) саласындағы бірлескен кәсіпорынның атауы
COVID-19	2019 жылғы коронавирус инфекциясы
KazAID	Kazakhstan Agency of International Development (Қазақстандық халықаралық даму агенттігі)
MITI	Ministry of International Trade and Industry (Жапонияның Сыртқы сауда және өнеркәсіп министрлігі)
FOIP	Free and Open Indo-Pacific (Еркін және Ашық Үнді-Тынық мұхиты)
JBIK	Japan Bank for International Cooperation (Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Жапон банкі)
JETRO	Japan External Trade Organization (Жапонияның сыртқы сауда ұйымы)
JCCI	Japan Chamber of Commerce and Industry (Сауда өнеркәсіп палатасы)
JICA	Japan International Cooperation Agency (Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігі)
JNOC	Japan National Oil Corporation (Жапонияның ұлттық мұнай корпорациясы
UNODC	United Nations Office on Drugs and Crime (Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы: Диссертациялық жұмыс шығыстану және аймақтану ғылымдарының аясында орындалды және Жапонияның аймақтық бастамаларының эволюциясын, «Орталық Азия плюс Жапония» форматындағы Қазақстан-Жапония серіктестігінің мазмұны мен болашағын кешенді түрде талдауға бағытталған. Зерттеу XXI ғасырдың басынан бері Жапонияның аймақтағы саяси, экономикалық және гуманитарлық белсенділігінің мазмұны мен эволюциясын айқындауды көздейді. Әсіресе «Орталық Азия плюс Жапония» диалогтық платформасы аясындағы ынтымақтастық тетіктері, инфрақұрылымдық жобалар, даму көмегі және аймақтық тұрақтылыққа бағытталған бастамалардың стратегиялық негіздері кеңінен қарастырылады.

Диссертациялық жұмыста Жапонияның сыртқы саяси тұжырымдамалары мен аймақтық дипломатиясының теориялық негіздері сараланып, олардың Орталық Азиядағы практикалық жүзеге асырылу тетіктері талданады.

«Орталық Азия плюс Жапония» форматы аясындағы Қазақстан мен Жапония арасындағы серіктестіктің даму динамикасы зерттеледі. Диссертациялық жұмыста Жапон елінің, Еуропа, АҚШ, Ресей, Орталық Азия елдерінің жетекші ғалымдарының еңбектері пайдаланылды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының және Жапон елінің Сыртқы істер министрлігінің ресми деректері, ақпарат көздері қолданылды.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Жапонияның Орталық Азия елдеріне жасалған игі бастамасының басты сипаты - саяси, экономикалық, қауіпсіздік салаларындағы байланысты институционалдық деңгейде дамыту болып саналады [1].

Тарих сахнасына көз жүгіртсек, Қазақстан мен Жапония елдері арасындағы байланыстар отыз жылдан астам уақытты қамтиды. Аталмыш уақыт ішінде екі ел арасындағы саяси, экономикалық, мәдени, байланыстар көптеген зерттеулердің басты нысанына айналды. Әйтсе де, Қазақстан мен Жапония арасындағы аймақтық бастамаларының дамуы, институционалдық форматтың қалыптасуы толыққанды зерттеуді қажет етеді. Сол себепті, қазіргі таңда ғылым саласында Жапонияның Орталық Азиядағы стратегиясы мен аймақтық бастамалары зерттелу қажет. Жапония Орталық Азия елдерімен байланыстарды дамытуда көпжақты дипломатиялық тетіктерді сәтті бағыттады. Соның нәтижесінде аймақтық байланыстардың жаңа бағыттарын қалыптастыруда Жапония өз бастамаларын ұсынды. Мәселен, «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы Жапонияның аймақ елдерімен саяси, экономикалық, гуманитарлық, байланыстарды нығайтудың маңызды құрылымы.

Сондай-ақ, аталмыш мәселе «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы аясындағы Қазақстан-Жапония серіктестігін терең талдауды қамтуы қажет. Бұл

мәселенің Қазақстанның саяси және экономикалық, мәдени саласы үшін де маңызы орасан зор. Себебі Орталық Азиядағы аймақтық серіктестік тетіктерінің тиімді дамуы Қазақстанның сыртқы саяси басымдықтары мен экономикалық мүдделерінің жүзеге асуына тікелей ықпал етері сөзсіз.

Жапонияның аймақтық бастамаларының мазмұны мен мақсат-міндеттерін, олардың аймақтық ынтымақтастықты дамытудағы айрықша рөлін ғылыми тұрғыдан сараптау - қазіргі таңда өзекті зерттеу тақырыптарының қатарында екені бәрімізге аян. 2025 жылы 20 желтоқсанда ел астанасы Токио қаласында өткен «Орталық Азия плюс Жапония» саммитінің нәтижесінде, Жапонияның Қазақстанмен саяси-экономикалық байланыстары бұрынғыдан да нығая түскені белгілі болды. Бұл формат тек дипломатиялық диалог алаңы ғана болған жоқ. Яғни, аймақтық деңгейдегі мәселелер, оның ішінде: энергетикалық қауіпсіздік, тұрақты даму, инфрақұрылымдық байланыстар, экологиялық проблемалар және адам капиталын дамыту бағыттары жан-жақты қаралып, сарапталды [2].

Жапонияның Орталық Азияға бағытталған сарабдал саясаты жаңа қарқынмен дамыды. Алғашқы кезеңде Жапония аймақпен байланыстарын негізінен дамуға берілетін ресми көмек және экономикалық дипломатия арқылы жүзеге асырды. Уақыт өте келе, бірте-бірте аталмыш саясат саяси, экономикалық, қауіпсіздік және стратегиялық ресурстар салаларындағы серіктестікті қамтитын жоғары деңгейдегі қарым-қатынастың озық үлгісіне айналды [3].

Мәселен, энергетикалық ресурстар мен сирек кездесетін металдарға деген сұраныстың артуы Жапонияның Қазақстанмен ынтымақтастығын жаңа деңгейде қалыптастыруын қажет етті.

Қазақстанның Жапониямен серіктестікті дамытуы үлкен нәтиже мен жаңа бағыттардың орын алуына сеп болды. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясаты [4] әлемнің ірі державаларымен тығыз қарым-қатынас орнатуына үлкен мүмкіндіктер тудыруда [4]. Осы тұрғыдан алғанда, Жапонияның жоғары технологиялар, инновациялық экономика, индустриялық дамуы, адам ресурстарын дамыту және тиімді мемлекеттік басқару салаларындағы тәжірибесі, сонымен қатар дәстүршілдікке негізделген Азиялық даму жолы Қазақстанның ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңызды үлгі бола алады. Сонымен қатар Жапонияның ғылыми-технологиялық әлеуеті мен инвестициялық мүмкіндіктері Қазақстан экономикасының әртараптануына және инновациялық дамуына ықпал етуі мүмкін.

Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастық әлеуеті жоғары болып есептеледі. Дегенмнен, аталмыш ынтмақтастықты толық жүзеге асыруда бірқатар кедергілер кездесіп келеді. Мәселен, қос мемлекет арасындағы географиялық қашықтықтың өзі бірқатар кедергілерді тудырады. Сонымен қатар, экономикалық өзара іс-қимылдың жеткілікті дәрежеде институционалдық негізде қалыптаспауы да бар. Мәселен, аймақтық және жаһандық саяси-экономикалық өзгерістердің ықпалы екіжақты серіктестіктің тұрақты дамуын

белгілі бір деңгейде тежейтін факторлар ретінде қарастырылуы мүмкін. Сондықтан Қазақстан-Жапония қатынастарының қалыптасуы мен даму динамикасын, оның жетістіктері мен шектеулерін ғылыми тұрғыдан талдау ерекше өзектілікке ие. Осыған байланысты «Орталық Азия плюс Жапония» форматы аясындағы Қазақстан-Жапония серіктестігінің эволюциясын, қазіргі ахуалын және болашақ даму перспективаларын зерттеу ғылыми және практикалық тұрғыдан маңызды болып саналады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі тек теориялық талдаумен ғана шектелмейді. Сонымен қатар, практикалық-эмпирикалық деректермен толықтырылады. Зерттеу барысында Жапонияда білім алып жүрген, ғылыми-зерттеумен айналысып жүрген Орталық Азия мемлекеттерінен барған студенттер мен жас зерттеушілер арасында арнайы сауалнама жүргізілді [5].

Бұл сауалнама «Орталық Азия плюс Жапония» форматының аймақ елдері үшін маңыздылығын көрсетті. Сондай-ақ, Қазақстан мен Жапония ынтымақтастығының қазіргі деңгейі және оның болашақ даму перспективалары жөніндегі пікірлерді анықтауға үлкен серпін берді.

Зерттеуде сараптамалық сұхбат әдісі қолданылды. Сұхбат нәтижесінде Жапонияның дипломатиялық қызмет өкілдерінің бірімен, жапондық қоғамдық сарапшымен және «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы мәселелерімен айналысатын Қазақстандық дипломатпен тереңдетілген сұхбаттар жүргізіліп, пікір алмасу жүрді. Бұл сұхбаттар екіжақты және көпжақты ынтымақтастықтың саяси, экономикалық және институционалдық ерекшеліктерін саралауға бағытталды. Аталған форматтың қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлін нақтырақ бағалауға ықпал етті. Жиналған эмпирикалық деректер Қазақстан мен Жапония арасындағы серіктестіктің даму үрдістерін тек ресми құжаттар мен академиялық әдебиет негізінде ғана емес, сонымен қатар практикалық тәжірибесі бар дипломаттар мен сарапшылардың көзқарастары арқылы да айғақталды. Бұл өз кезегінде зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігін арттырды. Қазақстан мен Жапония қатынастарының болашақ даму бағыттары туралы нақты ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді. Осылайша, зерттеу барысында алынған сауалнама нәтижелері мен сараптамалық сұхбаттар «Орталық Азия плюс Жапония» форматы аясындағы Қазақстан-Жапония серіктестігін жан-жақты талдауға негіз болды. Сондай-ақ, оның дамуындағы мүмкіндіктер мен шектеулерді анықтауға мұрындық болды. Яғни, қос ел арасындағы ынтымақтастықты болашақта қандай салаларда тереңдету қажет екендігін ғылыми тұрғыдан зерттеуге негіз болды.

Зерттеу мақсаты - Жапон аймақтық бастамаларының трансформациясы аясында «Орталық Азия плюс Жапония» форматындағы Қазақстан-Жапония серіктестігінің стратегиялық моделін жүйелі түрде сараптау болып табылады.

Аталған мақсатқа жету үшін, мынандай **міндеттер** қойылды:

- Қазіргі жапон сыртқы саяси стратегиясының доктриналары мен аймақтық қарым-қатынастар жүйесінің теориялық негіздерін талдау;

- Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Жапонияның Орталық Азияға қатысты сыртқы саясатының мазмұнын және бағыттарын сараптау;

- Жапонияның «Жібек жолы дипломатиясының» аймақтағы стратегиялық рөлін зерттеу;

- «Орталық Азия плюс Жапония» диалогының Жапонияның аймақ елдерімен қарым-қатынасындағы маңызын талдау. Сондай-ақ, нәтижелеріне толыққанды баға беру.

- «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» бастамасының саяси және тарихи себептерін анықтау. Және оның жүзеге асырылу тетіктерін талдау;

- Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастықтың нормативтік-құқықтық базасын анықтау.

- Қазақстан мен Жапонияның серіктестік модельдерін анықтау;

- «Орталық Азия плюс Жапония» форматы аясындағы Қазақ-Жапон серіктестігінің мықты және әлсіз жақтарын анықтау. Және болашақта жақсартуға бағытталған ұсыныстарды ұсыну.

Зерттеу нысаны - Жапония мен Орталық Азия елдері арасындағы сыртқы саясат.

Зерттеу пәні - «Орталық Азия плюс Жапония» форматы негізіндегі Қазақстан мен Жапония арасындағы серіктестігі.

Зерттеудің дереккөздері. Диссертацияда пайдаланылған деректердің **бірінші тобын** Жапонияның Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты сыртқы саясатының мақсаттары мен негізгі бағыттарын айқындайтын ресми құжаттар құрайды. Атап айтқанда, Жапонияның Сыртқы істер министрлігі жыл сайын жариялайтын «Көгілдір кітабының» есептері [6-14] қарастырылды. Сонымен қатар, Премьер-министр Х. Рютаро бастамашы болған «Жібек жолы дипломатиясына» қатысты ресми материалдар [15-16] талданды. Бұл құжаттар Жапонияның сыртқы саяси стратегиясының аймақтық және жаһандық деңгейлердегі тұжырымдамалық негіздерін түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыда 2004 жылы Сыртқы істер министрі Ё. Кавагучи ұсынған «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасына қатысты бағдарламалық материалдар [17-20], сондай-ақ Т. Асоның «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» тұжырымдамасына байланысты деректер [21-23] Бұдан бөлек «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы аясында өткен түрлі деңгейдегі 10 отырыстың, Токио зияткерлік диалогының 13 жиынының [24-27] жоғары лауазымды тұлғалардың кездесулерінің [28-31], сондай-ақ бизнес өкілдерінің қатысуымен өткен іскерлік форумдардың қорытынды құжаттары [32] жатады. Сонымен бірге халықаралық сарапшылар қатысқан консультациялық кездесулердің басым бөлігі Жапония Сыртқы істер министрлігінің ресми сайтында дарияланған материалдарға негізделеді [33]. Сонымен қатар зерттеулерде Жапонияның Халықаралық ынтымақтастық агенттігі ұсынған

Орталық Азия елдеріне бағытталған ресми даму көмегіне қатысты статистикалық мәліметтер [34-35] пайдаланылды. Бұл деректер Жапонияның аймақтағы практикалық іс-қимылдарын, институционалдық, ынтымақтастық тетіктерін және әлеуметтік-экономикалық қолдау бағыттарын талдауға мүмкіндік береді. **Екінші топқа** Жапония мен Орталық Азия мемлекеттері арасында қол қойылған ресми құжаттар, сондай-ақ Қазақстан мен Жапония арасындағы саяси және экономикалық қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілер енгізілді. Аталған дереккөздер қатарына Жапонияның 1992 жылы Орталық Азия мемлекеттерімен дипломатиялық қатынастар орнатуына қатысты материалдар [36-39], И. Каримовтың 1994 жылы Жапонияға жасаған ресми сапары туралы деректер [40] кіреді. А. Ақаевтың Жапонияға жасалған 1993 жылғы ресми сапарына қатысты мәліметтер [41], [42] енгізілді. Аталған дереккөздер құрамына 1991 жылы Қазақстан мен Жапония арасында дипломатиялық қатынастардың орнатылуына қатысты материалдар енгізілген. Н. Назарбаевтың 1994 және 1999 жылдары Жапонияға жасаған ресми сапарлары және олардың қорытындысы бойынша қабылданған құжаттар [43] да қолданылды.

Н. Назарбаевтың 2016 жылы Жапонияға жасаған ресми сапары барысында қабылданған екіжақты Бірлескен мәлімдеме [44], сондай-ақ әртүрлі салалардағы келісімшарттар мен ынтымақтастық туралы меморандумдар да осы дереккөздер тобында [45-46] қамтылады. Аталған дереккөздерге 2004 жылы Ё. Кавагучидің Қазақстанға жасаған ресми сапары [47], сондай-ақ 2025 жылы президент Қ.Тоқаевтың Токиода өткен «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасының саммитіне және бизнес форумға қатысуы [48-49] кіреді. Сонымен қатар мемлекет басшыларының бірлескен мәлімдемелері, хаттамалар мен меморандумдар да зерттеудің дереккөздер тобына [50] енгізілді.

Төменде аталатын құжаттар да осы нормативтік-құқықтық дереккөздер тобына кіреді: Қазақстан Республикасы мен Жапония Халықаралық Экономикалық Ынтымақтастық Қоры арасындағы Астанадағы әуежайды қайта жаңарту жобасы [51]; Батыс Қазақстан облысының жол желісін қайта құру жобасы [52]; ҚР Үкіметі мен Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкі арасындағы «Астана қаласын сумен жабдықтау және кәріз жүйесі» жобасы жөніндегі келісім [53]; ҚР «Агросервистік қызметті қолдау» келісімі [54] «ҚР ауылдық елді мекендерін сумен жабдықтау» жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы келісім [55] «А.В. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінің білім беру кешеніне арналған жабдықтарды жеткізу» жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы келісім [56] табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісім [57] атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісім [58]; Жамбыл облысының Көлік дәлізін қайта жаңарту жобасы бойынша грант бөлу келісімі [59] кіреді. 10-шы саммит аясында қол жеткізілген келісімдер [60-66].

Дереккөздердің **үшінші тобына** мемлекет басшыларының, саяси қайраткерлердің және жоғары лауазымды тұлғалардың ресми мәлімдемелері, сөйлеген сөздері мен жарияланған еңбектері енгізілді. Қ. Тоқаевтың еңбектерінде Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты шеңберінде Азия-Тынық мұхиты аймағымен, соның ішінде Жапониямен дипломатиялық және экономикалық байланыстарды дамытудың маңыздылығы атап өтіледі [67]. Ал Т. Фукуда мен Я.Накасонэ еңбектерінде Жапонияның сыртқы саясаты, ұлттық даму стратегиясы, қауіпсіздік мәселелері және халықаралық қатынастардағы рөлі қарастырылады. 2004 жылы Ё. Кавагучи Орталық Азияға бағытталған сыртқы саяси бастаманың жаңартылған нұсқасын ұсынып, оны «жаңа өлшемнің қосылуы» ретінде сипаттады. Осы мәлімдеме аясында «Орталық Азия плюс Жапония» диалогының институционалдық негізі қаланды [68]. Сондай-ақ 2006 жылы Дз. Коидзумидің Орталық Азия елдеріне жасаған сапары барысында энергетикалық ресурстарға бай аймақпен ынтымақтастықты дамытуға ерекше назар аударылды [69]. Ал Премьер-министр Ш. Абенің 2015 жылғы Қазақстаға ресми сапары және Н.Назарбаевтың 2016 жылғы Жапонияға сапары барысында қабылданған «Азияның гүлдену ғасыры жағдайындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестік туралы» бірлескен мәлімдеме [71] екіжақты қатынастардың жаңа кезеңін айқындаған болатын. Сонымен қатар «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы аясындағы ресми сөздер мен көпжақты форумдар материалдары да кеңінен пайдаланылды. Атап айтқанда, 2025 жылы Токиода өткен 10-шы саммитте Ё.Кавагучидің және Қазақстан Президенті Қ. Тоқаевтың сөйлеген сөздері зерттеудің маңызды дереккөздері ретінде қарастырылды [72-73]. Дереккөздердің **төртінші тобына** ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған жаңалықтар, сұхбаттар, аналитикалық материалдар және интернет-ресурстардан алынған деректер енгізілді. Жапонияның ақпараттық кеңістіктегі белсенділігінің артуына байланысты Қазақстан және Жапонияның жетекші басылымдарындағы материалдар пайдаланылды. Олардың қатарында «Асахи Шинбун», «Казахстанская правда», «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланған материалдар бар [74-76]. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Президентіне қатысты ресми ақпараттық ресурстардың материалдары да зерттеу барысында қолданылды. Атап айтқанда, Президенттің Телерадиокешені дайындаған бейнематериалдар, ресми сапарлар мен халықаралық бастамаларға қатысты жарияланымдар, сондай-ақ Ақорда сайтында орналастырылған баяндамалар мен сөздер талданды [77]. Бұдан бөлек, сарапшылар мен ресми тұлғалардың сұхбаттары да зерттеу деректерін толықтыра түсті [78]. Жалпы алғанда, зерттеу барысында ашық әрі ресми түрде жарияланған дереккөздер кешенді түрде қарастырылды. Бұл қарастырылып отырған мәселенің қазіргі жағдайын айқындауға және оның даму динамикасын жүйелі талдауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар жапон, ағылшын және орыс тілдеріндегі түпнұсқа материалдардың іріктелуі зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен ғылыми

негізділігін арттырды. Тақырыптың зерттелу деңгейін талдау барысында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, рецензияланған ғылыми журналдардағы мақалалар, монографиялар, сондай-ақ халықаралық конференция материалдары кеңінен пайдаланылды.

Жүргізілген талдау негізінде **зерттеу тарихнамасы шартты түрде төрт топқа** бөлінді. **Жапондық авторлардың** еңбектері соңғы жылдары халықаралық қатынастар теориясы, әсіресе азиялық регионализм мәселелерімен толықты. Мәселен, Т. Иногучи еңбектерінде жаңа регионализм көпдеңгейлі және институционалдық үдеріс ретінде қарастырылып, оның жаһандану жағдайындағы ерекшеліктері айқындалады [79]. Бұл ұстаным «Орталық Азия плюс Жапония» форматын талдауда теориялық негіз ретінде пайдаланылды.

К. Миякэ мен М. Ямада еңбектерінде жаңа регионализмнің көпқырлы сипаты ашылып, Жапонияның Орталық Азия елдерімен экономикалық, мәдени және гуманитарлық бағыттар бойынша өзара іс-қимылды кеңейтуге ұмтылысы көрсетіледі [80-81]. С. Комацу Жапониядағы консерватизмнің саяси және әлеуметтік қырларын талдаса [82], С. Китаока елдің қауіпсіздік саясатын «белсенді пацифизм» тұжырымдамасы тұрғысынан қарастырады [83].

А. Каватоның пікірінше, «Орталық Азия плюс Жапония» форматы тек экономикалық немесе саяси шеңбермен шектелмей, қауіпсіздік, энергетика, экология және адам капиталы сияқты бағыттарды қамтиды [84]. Сонымен қатар Т. Уяма, Т. Хироше және А. Ивашита еңбектерінде Жапонияның Орталық Азияға қатысты сыртқы саясатының теориялық және практикалық негіздері қарастырылған [85-87]. Ал М. Судзуки аймақтағы дипломатиялық ықпал мен саяси өзара әрекеттестіктің ерекшеліктерін талдайды [88].

Батыс Еуропа және АҚШ зерттеушілерінің еңбектері. З.Бжезинский [89] еңбегінде АҚШ-тың жаһандық саяси басымдығын сақтауға бағытталған геосаяси стратегиялар кешені талданып, автор геосаяси институттар мен халықаралық қатынастар контексінде АҚШ ықпалын тиімді пайдалану жолдарын жүйелейді. Дж. Най [90] еңбектері Жапонияның Орталық Азиядағы аймақтық бастамаларын талдауда теориялық негіз ретінде қолданылды. Автордың «жұмсақ күш» тұжырымдамасы мемлекеттік әсерді әскери немесе экономикалық ресурстардан тыс, мәдени, нормативтік және дипломатиялық ықпал арқылы іске асыру мүмкіндігін көрсетеді.

Г. Бингю [91] еңбегінде Жапонияның консервативтік саяси бағыты және оның сыртқы саясатқа ықпалы, сондай-ақ Я. Накасоне, Дз. Коидзуми, Ш. Абе сынды премьер-министрлердің қызмет кезеңдері мен қабылдаған шешімдері талданады. К. Лен - Жапонияның Орталық Азияға қатысты стратегиясын жүйелі талдаған зерттеушілердің бірі. Оның еңбектері Жапонияның аймақтағы бастамаларын геосаяси, геоэкономикалық және қауіпсіздік өлшемдері тұрғысынан [92] қарастыруымен ерекшеленеді. Диссертациялық зерттеуде К.Леннің ғылыми тұжырымдары Жапонияның Орталық Азиядағы саяси

белсенділігінің эволюциясын, әсіресе, «Жібек жолы дипломатиясы» мен «Орталық Азия плюс Жапония» форматтарының қалыптасуын талдауда негізгі әдіснамалық арқау болды. В. Хаас [93] еңбегінде ескі регионализмнің теориялық алғышарттары айқындалып, аймақтық интеграцияның классикалық еуропалық моделі жаңа регионализм тұжырымдамаларымен салыстырмалы тұрғыда талданады.

С. Хугес [94] Жапонияның сыртқы және қауіпсіздік саясатын «Ш. Абе доктринасы» контексінде зерттеп, оның жаңа динамикасы мен ықтимал шектеулерін талдайды. Б. Хеттне және Ф. Сёдербаум [95-97] жаңа регионализм теориясының қалыптасуы мен эволюциясын түсіндіруде маңызды теориялық негіз болып саналады. О. Саливан [98] консервативтік идеялардың мемлекет басқару жүйесіне, саяси институттардың дамуына және қазіргі халықаралық саяси үдерістерге әсерін жүйелі түрде сараптайды. А. Динне [99] Жапонияның Орталық Азиядағы сыртқы саясатының қалыптасу ерекшеліктерін және консервативтік саяси көзқарастардың аймақтық стратегияны айқындаудағы рөлін талдайды. А. Стоквин [100] «Жапонияны басқару: Бөліністер мен бірлік» деген еңбегінде Жапонияның саяси құрылымы мен басқару жүйесіндегі ішкі бөліністер мен үйлесімділіктерді айқындайды. М. Грин [101] Жапония сыртқы саясатының Орталық Азиядағы мүдделерін тек экономикалық серіктестікпен шектемей, жұмсақ күш, институционалдық өзара әрекеттестік және стратегиялық серіктестік арқылы жүзеге асыруға бағытталған модель ретінде сипаттайды.

Ресейлік авторлар зерттеулері. Орыс ғалымы О. Добринская өз зерттеуінде [102] Жапонияның Орталық Азияға бағытталған геосаяси және экономикалық мақсаттарын айқындап береді. В. Молодякова [103] еңбегінде Жапонияның сыртқы саясатының тарихи қалыптасуы айқындалады. Сондай-ақ, қазіргі стратегиялық құралдары, экономикалық, саяси және мәдени ықпалын арттыруға бағытталған механизмдері сарапталады. Н. Мурашкин [104] 1992-2009 жылдар аралығындағы Орталық Азиядағы «Жібек жолы дипломатиясының» мақсат-міндеттері сарапталады. Жапонияның қауіпсіздікке қатысты көзқарастары жан-жақты талданады. В. Кошелев еңбегінде қазіргі әлемдік саясаттағы «жаңа регионализм» құбылысының теориялық негіздері талданады. Аймақтық ынтымақтастықтың қалыптасу себептері мен даму ерекшеліктері [105] айқындалады. В. Лукьянов зерттеуінде жаһандану жағдайындағы аймақтану үдерісінің теориялық-методологиялық негіздері қарастырылады. Және оның халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны мен даму заңдылықтары зерттеледі [106]. В.Воробьев [107] Жапония мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы байланыстарды Еуразиялық дипломатияның қалыптасу үдерісі контексінде қарастырады. А. Волосевич [108] екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тұтқынға түскен жапон әскери тұтқындарының тағдыры мен олардың Өзбекстан аумағында жерлену тарихын талдаса, И. Комиссина [109] Жапония мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы серіктестіктің даму динамикасын зерттеп, саяси

және экономикалық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын айқындайды. Г. Розман [110] Жапонияның Еуразиядағы сыртқы саясатының негізгі бағыттары мен стратегиясын талдап, аймақтық дипломатиялық, экономикалық қатынастардағы айрықша рөлін нұсқайды.

Орталық Азия зерттеушілерінің еңбектері. Диссертацияда Жапония мен Орталық Азия арасындағы саяси, мәдени байланыстарға байланысты ғылыми мақалалар мен зерттеу еңбектері кеңінен қамтылды. Аталмыш дереккөздер аймақтық саясат, экономикалық интеграция, дипломатиялық қатынастар және аймақтың ынтымақтастық мәселелерін талдауда теориялық және практикалық негіз ретінде қолданылды.

Т. Дадабаев [111-113] Жапонияның Орталық Азияға қатысты жаңа сыртқы саясатының қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін геосаяси және геоэкономикалық контексте талдайды. Сонымен қатар, аймақтың Жапония үшін стратегиялық маңыздылығын жан-жақты зерттеді. Бұл зерттеу Жапонияның аймақтық дипломатиясын ұзақ мерзімді стратегия ретінде түсінуге және оның «Жібек жолы дипломатиясы» тұжырымдамасымен сабақтастығын айқындауға жол сілтеді. М. Рахимов [114] Жапония мен Орталық Азия елдері арасындағы екіжақты және көпжақты ынтымақтастықтың институционалдық тетіктері мен даму динамикасын сараптады. Қатынастардың эволюциясын кезеңдерге бөліп қарастыруға және ынтымақтастық бағыттарын жүйелеуге әдістемелік негіз ұсынды. Ал, Э. Усубалиев [115] Жапонияның Орталық Азияға қатысты саясатын саяси-стратегиялық тұрғыдан талдады. Және оның қауіпсіздік, энергетика және аймақтық тұрақтылыққа қатысты ұстанымдарын терең зерттеді. Бұл зерттеу Жапонияның аймақтық мүдделерін экономикалық аспектіден бөлек қарастырды. Яғни, стратегиялық факторлармен байланыстырып талдауға мүмкіндік берді.

Қазақстандық авторлар. Отандық әдебиеттерде Жапонияның сыртқы саясаты мен Қазақстан - Жапония қатынастары әртүрлі қырынан зерттеледі. Аталмыш еңбектерді талдау тақырыптың зерттелу деңгейін айқындайды. Сонымен қатар, отандық авторлардың ғылыми ұстанымдары мен көзқарастарын жүйелеуге, жан-жақты талдауға негіз болады. Мәселен, белгілі ғалым С.Кушкумбаев [116] Жапонияның Орталық Азиядағы интеграциялық үрдістерге, оның ішінде Қазақстанмен экономикалық және стратегиялық ынтымақтастыққа ықпалын зерттеді. Ал, А. Махметов [117] екіжақты ынтымақтастық ерекшеліктері мен аймақтық қауіпсіздік мәселелеріндегі өзара әрекеттестікті зерттеп, қос елдің саяси құрылымының даму аспектілерін қарастырды. Ә.Лаумулин [118] Жапонияның Орталық Азияны қамтитын Еуразиялық стратегиясын жүйелі сипаттап, аймаққа қатысты сыртқы саясаттың эволюциясын теориялық тұрғыдан сараптады. К. Қожахметұлы [119] Қазақстан мен Жапонияның тәуелсіздік алғаннан кейінгі жиырма жылдағы екіжақты ынтымақтастығының саясат, экономика және әлеуметтік саладағы нәтижелерін зерттеді. Ж. Ашинова [120-121] Жапонияның сыртқы саяси стратегияларының

теориялық негіздерін, олардың институционалдық құрылымы мен халықаралық ықпал ету механизмдерін сараптады. А. Дисюков [122] «Орталық Азия плюс Жапония» диалогын зерттей отырып, аталған форматтың пайда болу алғышарттарын және оның аймақтық саясаттағы рөлін саралап, Жапонияның Орталық Азияға қатысты сыртқы саяси стратегиясының негізгі бағыттарын сипаттады. С. Инсебаева [123] Жапонияның Орталық Азияға бағытталған сыртқы саясатын конструктивистік тұрғыдан зерттеп, құндылықтар, идеялар және сәйкестік факторларының рөлін көрсетті. Ал бұл Жапонияның «жұмсақ күш» саясатының идеологиялық және мәдени аспектілерін тереңірек талдауға мүмкіндік берді. Л. Нургалиева [124] екіжақты серіктестіктің аймақтық қауіпсіздік, инвестициялық ынтымақтастық және дипломатиялық диалог тұрғысынан маңыздылығын анықтады. А. Шадаева Жапония мен Орталық Азия елдері арасындағы дипломатиялық байланыстардың қалыптасуы мен даму кезеңдерін талдай отырып, өңірдегі саяси диалог пен көпжақты ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын айқындайды. Ал Д. Сатпаева мен Т.Умбеталиева Жапонияның Орталық Азиядағы «жұмсақ күш» саясатына назар аударып, оның мәдени дипломатия, білім беру және даму көмегі арқылы жүзеге асырылуын қарастырады. Бұл еңбектер Жапонияның аймақтағы ықпал ету тетіктерін жүйелеуге және олардың тиімділігін бағалауға негіз болады.

Жалпы алғанда, отандық тарихнамада бұл мәселе көбіне халықаралық ғылыми конференциялар шеңберінде қозғалып, жекелеген мақалалар түрінде ғана зерттелген. Тақырыптың кейбір қырлары қарастырылғанымен, оны кешенді әрі жүйелі талдау жеткіліксіз деңгейде қалып отыр.

Зерттеудің теориялық негізі. Зерттеудің теориялық негізін Жапонияның сыртқы саяси стратегияларын және оның аймақтық бастамаларының өзгеру үрдісін түсіндіруге бағытталған халықаралық қатынастар теориялары құрайды. Жапонияның аймақтық ынтымақтастықтағы рөлін, дипломатиялық құралдарын және саяси ұстанымдарын толық түсіну үшін әртүрлі теориялық тәсілдерді ұштастыру қажет. Зерттеуде негізгі әдіснамалық тірек ретінде жаңа регионализм теориясы пайдаланылды. Бұл теория қазіргі аймақтық үдерістердің күрделі әрі көпқырлы сипатын ашуға мүмкіндік береді. Ол аймақтық интеграцияны тек экономикалық немесе институционалдық құбылыс ретінде емес, жаһандану жағдайындағы көпдеңгейлі және көпфакторлы процесс ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан мен Жапония арасындағы байланыстар тек екіжақты қатынастармен шектелмей, кең ауқымды аймақтық серіктестік ретінде сипатталады. Сонымен қатар, консерватизм және «жұмсақ күш» теориялары қосымша түсіндіруші құрал ретінде қолданылды. Консерватизм тұрғысынан қарағанда, Жапонияның аймақтық саясаты мен Қазақстан-Жапония қатынастары ең алдымен тұрақтылыққа сүйенеді. Бұл бағыт ұлттық мүдде мен біртіндеп дамуды басты орынға қояды. Жапон зерттеушілерінің бірқатары қоғамдағы қалыптасқан тәртіп пен дәстүрлі құндылықтардың сақталуы ерекше маңызды

екенін атап өтеді, өйткені олар елдің ішкі тұрақтылығы мен сыртқы саясатына тікелей әсер етеді.

Бұл жұмыста Жапонияның Орталық Азиядағы саясаты «жұмсақ күш» теориясы арқылы қарастырылады. Ол күш көрсетуге негізделген емес. Керісінше, Жапония өз ықпалын мәдени құндылықтарын насихаттау, технологиялық жетістіктерімен бөлісу, әртүрлі көмек бағдарламаларын жүзеге асыру және серіктес елдермен сенім орнату арқылы жүргізеді.

Жаңа регионализм, консерватизм және жұмсақ күш теориялары зерттеудің негізгі тірегін құрайды. Олар өзара байланысты. Осы теориялық тәсілдер Жапонияның аймақтық бастамаларының уақыт өте қалай өзгергенін, сондай-ақ Қазақстан-Жапония серіктестігінің күрделі әрі көпқырлы сипатын тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері. Диссертациялық жұмыста дәстүрлі тәсілдер қолданылды. Атап айтқанда, деректерді жинау, талдау, жүйелеу және саралау әдістерімен қатар SWOT-талдау, стратегиялық бағалау, сұхбат және сауалнама жүргізу тәсілдері де пайдаланылды, бұл зерттеудің жан-жақтылығын қамтамасыз етті.

Деректерді жинау барысында материалдар әр түрлі көздерден алынды. Негізінен Қазақстан мен Жапонияның жоғары оқу орындары мен зерттеу институттарының электрондық кітапханалары, сондай-ақ ресми интернет ресурстар қолданылды. Зерттеу жұмысында ғылыми талаптарға сәйкес жүйеленді. Сонымен бірге дипломатиялық және құқықтық құжатттар, экономикалық ынтымақтастыққа қатысты мәліметтер пайдаланылды. Және Жапонияның ресми даму көмегіне қатысты статистикалық деректер де қарастырылды.

Зерттеудің сенімділігін арттыру үшін эмпирикалық әдістер қолданылды. Атап айтқанда, мемлекеттердің ресми құжаттарына, халықаралық келісімдерге, сондай-ақ екі жақты және көп жақты дипломатиялық, экономикалық және мәдени материалдарға жүйелі түрде талдау жасалды.

Жапонияның Орталық Азиядағы саяси бастамаларының қалыптасуы мен даму динамикасын талдау үшін арнайы дереккөздер пайдаланылды. Олардың ішінде Жапония Сыртқы істер министрлігінің ресми материалдары мен 1991-2025 жылдар аралығында «Көгілдір кітап» деректері бар, ал бұл мәліметтер кабинеттік зерттеу әдісі арқылы өңделіп, салыстырмалы және мазмұндық талдау негізінде жүйеленді. «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы аясында өткен іс-шаралардың материалдары жан-жақты қарастырылды. Олардың қатарында сыртқы істер министрлерінің кездесулері, Токио зияткерлік диалогы, жоғары лауазымды тұлғалармен кездесулер, іскерлік форумдар мен сарапшылар басқосулары бар. Барлық деректер жүйелеу және салыстырмалы талдау әдістері арқылы өңделді.

Зерттеуде Жапонияның Орталық Азиядағы бастамаларын тереңірек түсіну үшін SWOT-талдау қолданылды. Осы әдіс арқылы Жапонияның аймақтық

стратегиясының күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіптері бағаланды, сондай-ақ елдің экономикалық, саяси және мәдени ықпал ету құралдарының тиімділігі ғылыми тұрғыда сипатталды.

Нәтижесінде «Орталық Азия плюс Жапония» форматының практикалық әрі стратегиялық мәнін жүйелі түрде түсіндіруге мүмкіндік туды. Диссертацияда дәстүрлі талдау тәсілдері де қолданылды. Олар негізінен экономикалық және саяси аспектілерге бағытталды. Сонымен қатар жаңа тәсіл ретінде сценарийлік-симуляциялық әдіске жүгіндік, бұл әдіс Жапонияның аймақтық бастамаларының қалай өзгеретінін және Қазақ-Жапон серіктестігінің болашақтағы ықтимал даму сценарийлерін модельдеуге мүмкіндік берді. Сұхбат пен сауалнама әдістері Жапонияда ғылыми тағылымдама кезінде пайдаланылды.

Зерттеу барысында «Орталық Азия плюс Жапония» форматы шеңберіндегі ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін, сондай-ақ Қазақ-Жапон қатынастарының қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын тереңірек түсіну үшін жартылай құрылымдалған сұхбат әдісі таңдалды. Бұл тәсіл қатысушылардың жеке пікірлері мен тәжірибесін ашуға мүмкіндік береді. Сұхбат еркін форматта өтті, қажет болған жағдайда қосымша нақтылаушы сұрақтар қойылды.

Ғылыми тағылымдама барысында үш сарапшымен сұхбат жүргізілді. Олардың қатарында жапондық дипломат, «Жібек жолы» қауымдастығының басшысы және Жапониядағы Қазақстан елшілігінің дипломаты бар. Қатысушылар кездейсоқ таңдалған жоқ. Олар мақсатты іріктеу әдісі арқылы анықталды. Сұхбаттар офлайн форматта өтті және әрқайсысы шамамен 60 минутқа созылды. Барлық материал арнайы құрылғыға жазылып, кейін мәтінге түсірілді. Жиналған деректер мазмұнды талдау әдісі арқылы өңделді. Талдау барысында сұхбаттардағы ортақ тақырыптар мен қайталанатын идеялар анықталды. Қатысушылардың келісімімен сұхбаттар құпиялылық қағидатына сай жүргізілді: бір сарапшы есімін жарияламауды сұрады, ал қалғандары аты-жөндерін көрсетуге келісім берді.

Цукуба университетіндегі ғылыми тағылымдама кезінде қосымша сауалнама жүргізілді. Ол Орталық Азиядан келіп, Жапонияда білім алып жатқан магистранттар, докторанттар мен зерттеушілер арасында өтті. Сауалнаманың мақсаты айқын болды - Жапонияның аймақтық саясатына және ынтымақтастықтың тиімділігіне қатысты көзқарастарды анықтау. Жауаптар анонимді түрде жиналды. Сауалнама қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізілді. Жалпы алғанда, зерттеуде эмпирикалық әдістер үйлесімді қолданылды. Бұл оның ғылыми негізділігін арттырды.

Зерттеудің негізгі **гипотезасы** бірнеше маңызды сұрақтарға сүйенеді.

Біріншіден, Жапонияның аймақтық бастамаларының трансформациясы оның сыртқы саяси және экономикалық стратегиясындағы өзгерістермен тікелей байланысты.

Екіншіден, егер тиімді институционалдық тетіктер мен тұрақты саяси диалог қамтамасыз етілсе, «Орталық Азия плюс Жапония» форматы стратегиялық серіктестікті нығайтудың ықпалды алаңына айнала алады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы бірнеше бағытта көрінеді.

- Бұл жұмыста Жапонияның Орталық Азиядағы саяси бастамалары, «Орталық Азия плюс Жапония» форматы аясындағы Қазақстан мен Жапония серіктестігі алғаш рет кешенді түрде талданды;
- 1991-2025 жылдардағы Қазақстан мен Жапония Сыртқы істер министрлігінің ресми құжаттары мен статистикалық деректері ғылыми айналымға енгізілді;
- Жапонияның аймақтық бастамаларының эволюциясы жүйелі түрде қарастырылды;
- «Орталық Азия плюс Жапония» форматы көпқырлы аймақтық модель ретінде бағаланды;
- Сондай-ақ зерттеуде трансформациялық талдау мен сценарийлік модельдеу әдістері қолданылды. Бұл тәсілдер Қазақ-Жапон серіктестігінің болашақ даму бағыттарын болжауға мүмкіндік берді;
- Сарапшылармен жүргізілген сұхбаттар мен соңғы саммит нәтижелері негізінде қатынастардың жаңа траекториялары анықталып, нақты ұсыныстар жасалды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар. Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар да кезең-кезеңімен негізделді.

- Жапонияның аймақтық саясаты уақыт өте өзгерді. Алғашқыда ол дамуға ресми көмекке негізделсе, кейін көпдеңгейлі стратегиялық серіктестікке ұласты;
- «Жібек жолы дипломатия» бастамасы Орталық Азиядағы алғашқы қадамы болды. Жапония саясатын экономикалық дипломатия және жұмсақ күш құралдары арқылы іске асырды;
- Ал «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы бұл саясатты жаңа деңгейге көтерді. Жапонияның бұл бастамасы аймақпен саясатын институционалдық, көпжақты деңгейге көтерді;
- 2006 жылы аймақтағы тұрақсыздық, шиеленістер және экономикалық дағдарыс Жапонияның «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» бастамасын ұсынуына негіз болды;
- Қазіргі кезеңде Қазақстан мен Жапония арасындағы қатынастар нығайып келеді. Әсіресе жоғары технология, жасыл энергетика және инфрақұрылым салаларында. Дегенмен кейбір шектеулер де бар. Мысалы, саяси-қауіпсіздік саласындағы ықпалдастық әлі де әлсіздеу. Болашақта ынтымақтастықты кеңейту қажет. Әсіресе цифрлық, энергетикалық және ғылыми-техникалық бағыттарда. Бұл екі ел үшін де маңызды. Ұзақ мерзімді серіктестік дәл осындай қадамдарға байланысты қалыптасады;

- Аймақтық қауіпсіздік пен дипломатиялық диалогты күшейту көпвекторлы сыртқы саясаттың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сыртқы ықпалдар мен геосаяси қатерлерді азайтуға бағытталған икемді стратегиялар екі ел қатынастарының тұрақты дамуының негізгі шарты бола алады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері академиялық ортада, сондай-ақ саяси деңгейдегі сараптамалық консультацияларда қолданылуы мүмкін.

Зерттеу қорытындыларын екіжақты сауда-экономикалық, инвестициялық, технологиялық және гуманитарлық байланыстарды жүйелі дамыту стратегияларын әзірлеуде, сондай-ақ «Орталық Азия плюс Жапония» форматын ұлттық мүдделерге сәйкес тиімді пайдаланудың тетіктерін айқындауда қолданылу ұсынылады.

Сонымен қатар диссертацияның ғылыми нәтижелері мен деректік-талдамалық базасын ҚР жоғары оқу орындарында «шығыстану», «аймақтану», «халықаралық қатынастар» мамандықтары бойынша бакалавриат және магистратура деңгейінде оқу бағдарламаларын жетілдіруде, арнайы курстар мен элективті пәндерді әзірлеуде әдістемелік материал ретінде пайдалануға болады.

Жүргізілген зерттеу Қазақстандық Жапонтану бағытын жүйелеуге, Жапонияның аймақтық және жаһандық бастамаларын талдаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін кеңейтуге үлес қосалы.

Зерттеу нәтижелерінің талқылануы және жариялануы:

Диссертацияның қолжазбасы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Шығыстану факультеті, Қиыр Шығыс кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде (31.03.2026 ж. №15 хаттама) талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Зерттеу тақырыбы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес, Scopus дерекқорына кіретін (Q2, Political Science and International Relations, процентиль - 78) шетелдік ғылыми журналда 1 мақала, отандық журналдарда 4 мақала жарияланды. Атап айтқанда:

1. Nurseitova L., Ashinova Zh., Akifumi Sh. and Rymbekova A. "Dynamics of Development of the Main Areas of Cooperation Between Kazakhstan and Japan: Comparative Analysis and Assessment of Prospects // Asia-Pacific Social Science Review. - 2025. -Vol. 25. - №2, Art. 9. DOI: https://doi.org/10.59588/2350-8329.1573.

2. Нурсеитова Л.Д., Ашинова Ж.Е. Қазақстан Республикасындағы Жапонияның сыртқы саяси бастамаларының трансформациясы және ерекшеліктері // Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ Хабаршысы. Халықаралық қатынастар және аймақтану сериясы. - 2024. - Том 55. - №1. - 113-130 б. https://doi.org/10.48371/ISMO.2024.55.1.008.

3. Нурсеитова Л.Д, Ашинова Ж.Е, Акифуми Ш. Қазіргі жапон сыртқы саясатының жүзеге асырылуының теориялық негіздері. «Қазақстан

шығыстануы» ғылыми журналы. - 2024. - Том 12. - №4. - 136-149 б. https://doi.org/10.63051/kos.2024.4.136.

4. Нурсеитова Л.Д., Акифуми Ш., Ахапов Е.А. Жаңа әлемдік тәртіптегі жапон сыртқы саяси стратегиясының концепциялары. «Қазақстан шығыстануы» ғылыми журналы. - 2025. - Том 13. - №1. - 202-213 б. https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.202.

5. Nurseitova L., Ashinova Zh. Kazakh-Japanese partnership in the format of “Central Asia Plus Japan”. Jornal of Oriental Studies. - 2025. - Vol. 114. №3. - P. 42-52. DOI: https://doi.org/10.26577/JOS202511434

6. Нурсеитова Л.Д. Жапонияның Орталық Азиядағы Ұлы Жібек жолы дипломатиясы // «Қазіргі әлемдегі Азиялық зерттеулер аясындағы Қазақстан корейтануының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми конференция жинағы. - 2023. - 141-145 б.

7. Нурсеитова Л.Д. Орталық Азиядағы Жапонияның сыртқы саяси бастамаларының трансформациясы // «Фараби әлемі» халықаралық конференция материалдары. - 2024. - 106 -110 б.

8. Нурсеитова Л.Д., Ашинова Ж.Е. Жапонияның Еуразиялық Дипломатиясы // «Дербісәлі оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - 2024. - 300-307 б.

9. Нурсеитова Л.Д., Ашинова Ж.Е. Қазақстан Республикасындағы Жапонияның сыртқы саяси бастамалары // «Шығыс елдері дамуының прагматикалық тәжірибесі» халықаралық ғылыми конференция материалдары. - 2024. - 195-199 б.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы

Зерттеу жұмысы кіріспеден және тақырыптың мақсат-міндеттерін ашатын, бір-бірімен логикалық байланыс негізінде құралған үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалар мен қысқарған сөздерден тұрады.

ҚАЗІРГІ ЖАПОН СЫРТҚЫ САЯСАТЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Аймақтық қарым-қатынастар жүйесінің теориялық парадигмалары: қалыптасуы және жүзеге асырылуы

Қазіргі кезеңде жаһандық және аймақтық саясат жүйесінде Жапонияның рөлі ерекше мәнге ие. Экономикалық қуаты, технологиялық инновациялары және мәдени ықпалының жоғары деңгейде болуы Жапонияны Шығыс Азияда ғана емес, сонымен қатар Орталық Азиядағы маңызды серіктеске айналдырды.

Диссертациялық жұмыстың бұл бөлімінде Жапонияның Орталық Азияға қатысты аймақтық саясатының трансформациясын және Қазақстан мен Жапония арасындағы «Орталық Азия плюс Жапония» форматындағы серіктестіктің дамуы талданады. Аталмыш зерттеу нәтижесінде әртүрлі теориялық әдіс-тәсілдер кеңінен пайдаланылды. Диссертацияның тақырыбын тереңінен сараптау мақсатында шығыс пен батыс ғалымдарының еңбектері жан-жақты қарастырылып, салыстырмалы түрде шолу жасалды. Жапонияның экономикалық және технологиялық мүмкіндіктері зор болғандықтан, бұл мемлекет тек Шығыс Азиямен ғана емес, сонымен қатар, Орталық Азия елдерімен берік қарым-қатынас орнатуға қауқарлы болды. Мәселен, Жапонияның Орталық Азия елдерімен энергетика, инфрақұрылым және білім саласындағы ынтымақтастығы қос тараптар арасындағы саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынастың нәтижелі болуына негіз болды. Жапония сыртқы саясатты декларациялар деңгейінде ғана қалдырмай, нәтижелі байланыстар орнатып, Орталық Азия елдерінде сарабдал саясатын жүргізуде белсенділік танытты. Бұл өз кезегінде Жапонияның халықаралық аренадағы беделін айшықтайды.

Халықаралық қатынастардағы либералдық, реалистік және институционалдық тәсілдер Жапонияның сыртқы саясатында ерекше сипатқа ие. Аталмыш зерттеулерге сәйкес, Жапонияның озық тәжірибесі, халықаралық саясаттағы көпқырлы ықпалы, экономикалық әлеуетінің үйлесімділігі сыртқы саясатта ерекше көрініс тапты. Сондай-ақ, соны зерттеудің теориялық өзегін жаңа регионализм теориясы құрайды. Шын мәнісінде, регионализм жаһанданудың идеологиясы болып табылады. Ал консерватизм және жұмсақ күш тұжырымдамалары бұл зерттеуде қосымша түсіндіруші құралдар ретінде қарастырылып келеді. Сондықтан да, теориялық синтез Жапонияның аймақтық стратегиясының мазмұнын, эволюциясын және ерекшеліктерін жүйелі пайымдауға, тұжырымды түрде саралауға, жан-жақты талдауға ерекше мүмкіндік береді.

Жаңа регионализм ұғымы қазіргі таңда аса өзекті тақырып. Аталмыш ұғым ғылыми айналымға 1980-1990 жылдары енгізілді. Ал, бұл ұғым Б. Хеттне, Ф. Сёдербаум, Э. Стубб, Т. Иногучи, А. Ачария іспетті ғалымдардың зерттеулерінде

жүйелі теориялық негіз ретінде қарастырылды [95]. Бұл теория ескі регионализмге тән мемлекетаралық өзара іс-қимыл мен экономикалық интеграцияға ғана басымдық бермейді. Яғни, аталмыш ұғым бойынша аймақты көпдеңгейлі әрі көпқырлы әлеуметтік-саяси кеңістік ретінде қарастыру маңызды болып табылады. Б. Хеттненің тұщымды тұжырымдамасы бойынша, аймақ - алдын ала берілген географиялық кеңістік болып саналмайды. Ол сәйкесінше тарихи даму, саяси тәжірибе, экономикалық өзара тәуелділік және мәдени факторлардың өзара ықпалы нәтижесінде қалыптасатын әлеуметтік құрылым болып есептеледі [96]. Осы тұрғыдан алғанда, аймақтық интеграция тек формалды институционалдық келісімдермен шектелмейді. Ол сонымен қатар аймақтық бірегейліктің, ортақ нормалар мен құндылықтардың қалыптасуымен тығыз байланысты үдеріс ретінде қарастырылады. Жаңа регионализм теориясының маңызды ерекшеліктерінің бірі - аймақтық үдерістерге қатысатын акторлар шеңберінің кеңеюі. Егер ескі регионализмде негізгі рөл ұлттық мемлекеттерге берілсе, жаңа регионализмде мемлекеттермен қатар аймақтық ұйымдар, жергілікті басқару құрылымдары, азаматтық қоғам институттары және басқа да мемлекеттік емес акторлар да интеграциялық үдерістердің белсенді қатысушылары ретінде қарастырылады [97].

Регионализм Жапония үшін жаһандануға балама емес, керісінше, оны толықтыратын механизм болып саналады. Т. Иногучи атап өткендей, Токио Шығыс Азияны әлемнен оқшаулауды мақсат етпейді. Керісінше Дүние жүзі Сауда ұйымы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы қағидаттарына сәйкес келетін «инклюзивті регионализмді» ілгерілетуді көздейді [79, 60 б.]. Бұл Жапонияның регионализмге деген көзқарасы жаһандық басқару жүйелерімен үйлесімділікті сақтай отырып, аймақтық деңгейде өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға бағытталғанын көрсетеді. Мұндай ұстаным аймақтық бастамалардың ашықтығын қамтамасыз етіп, елдің халықаралық рөлін нығайтуға мүмкіндік береді.

Аймақтық интеграция теориялары халықаралық қатынастар жүйесіндегі құрылымдық өзгерістермен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан ескі және жаңа регионализмді салыстыра талдау аймақтардың әлемдік саясаттағы орнын қалай өзгергенін тереңірек түсінуге жол ашады. Бұл екі бағыттың айырмашылықтары олардың қалыптасу кезеңінен, мақсаттарынан, әдіснамалық негіздерінен және негізгі акторларды түсіндіру тәсілдерінен анық көрінеді. Жалпы алғанда, ескі және жаңа регионализмді салыстыру аймақтық интеграцияның мақсаттары, құралдары мен қатысушылары уақыт өте келе елеулі өзгерістерге ұшырағанын көрсетеді. Егер ескі регионализм мемлекетаралық келісімдер мен формалды институттарға сүйенсе, жаңа регионализм аймақтарды жаһандық жүйенің көпақторлы әрі әлеуметтік тұрғыдан қалыптасатын белсенді элементі ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа регионализм қазіргі халықаралық қатынастарды талдауда анағұрлым кешенді теориялық негіз ұсынады. Ескі және

жаңа регионализм теорияларының тарихи қалыптасу кезеңдері, негізгі өкілдері, мақсаттары, интеграция сипаты және қатысушы акторлары, ерекшеліктері 1-кестеде салыстырмалы түрде берілген. Кесте әр тәсілдің аймақтық бірегейлікке, интеграция салаларына, географиялық ауқымына қатысты айырмашылықтарын көрсетеді.

Кесте 1 - Ескі және жаңа регионализмнің салыстырмалы сипаттамасы

Салыстыру өлшемдері	Ескі регионализм	Жаңа регионализм
1	2	3
Қалыптасу кезеңі	XX ғасырдың ортасы, негізінен 1950-1970 жж.	XX ғасырдың соңы, 1980-1990 жж.
Тарихи контекст	Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең, биполярлық халықаралық жүйе	Қырғи қабақ соғыстан кейінгі кезең, жаһандану үдерісінің күшеюі
Негізгі өкілдері	Митрани, Э. Хаас, К. Дойч	Б. Хеттне, Т. Иногучи, Ф. Сёдербаум
Негізгі мақсаты	Аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз ету, қақтығыстардың алдын алу	Аймақтың жаһандық жүйедегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру
Интеграция сипаты	Мемлекетаралық, «жоғарыдан төменге» бағытталған	Көпдеңгейлі, «жоғарыдан» және «төменнен» қатар дамиды
Негізгі акторлар	Ұлттық мемлекеттер	Мемлекеттер, аймақтық ұйымдар, мемлекеттік емес акторлар
Интеграция салалары	Экономика және қауіпсіздік	Экономика, саясат, мәдениет, экология
Аймақтық бірегейлік	Екінші кезектегі мәнге ие	Маңызды құрылымдық элемент ретінде қарастырылады.
Географиялық шеңбері	Нақты және шектеулі аймақтар; Аймақ географиялық тұрғыдан анық белгіленген. Қатысушы елдер бір-бірімен шектес немесе бір құрлықта орналасқан.	Ашық, икемді және трансаймақтық сипатта. Ынтымақтастық бір ғана географиялық аймақпен шектелмейді
Ескерту: салыстырмалы талдау негізінде кесте автордың жеке құрастыруымен берілген.		

А. Ачарияның еңбектерінде жаңа регионализм тұжырымдамасы аймақтық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың қалыптасу логикасын түсіндіретін маңызды теориялық-әдіснамалық парадигма ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл ерекше мәнге ие. Автор Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің тәжірибесін эмпирикалық негіз ретінде ала отырып, аталған аймақтағы қауіпсіздік қауымдастықтарының қалыптасуы классикалық қатаң институционалдық модельдер арқылы емес, мемлекеттер арасында біртіндеп орныққан ортақ

нормалар жүйесі, өзара сенім деңгейі және саяси өзара әрекеттесу тәжірибесінің жинақталуы нәтижесінде жүзеге асатынын дәлелдейді, осылайша аймақтық ынтымақтастықтың бейресми және эволюциялық табиғатын айқындайды.

Мұндай көзқарас жаңа регионализмнің ерекшелігін айқындайды. Яғни ол аймақтық қатынастарды талдауда тек формалды институттарға ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және нормативтік факторлардың маңыздылығына да назар аударады [92].

Ескі регионализм XX ғасырдың ортасында, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, биполярлық халықаралық жүйе жағдайында қалыптасты. Бұл кезеңде аймақтық интеграция, негізінен, мемлекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және экономиканы қалпына келтіру міндеттерін шешуге бағытталды [93]. 1990 жылдардың ортасында халықаралық жүйедегі сапалық өзгерістер аймақтық үдерістерді экономикалық немесе мемлекетке бағдарланған тұрғыда қарастырудың жеткіліксіз екенін көрсетті. Осыдан жаңа теория қалыптасты. Жаңа регионализм аймақтық интеграцияны жаһандану жағдайында дамитын көпдеңгейлі әрі көпакторлы үдеріс ретінде түсіндіреді, мұнда мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілердің өзара ықпалдастығы шешуші мәнге ие. Бұл тәсіл бұрынғы шектеулерді еңсереді. Атап айтқанда, ол экономикалық редукционизм мен мемлекетцентризмнен бас тартып, аймақтарды әлемдік саясаттағы дербес әрі белсенді акторлар ретінде талдауға мүмкіндік береді, осылайша заманауи аймақтық саясатты түсіндірудің кешенді парадигмасын ұсынады [97, 60 б.].

1997 жылы Премьер-министр Р. Хашимото Жапонияның Орталық Азияға қатысты алғашқы ресми саяси құжатын жариялады. Бұл маңызды қадам болды. Құжат Жапон корпорациялары жетекшілерінің қауымдастығы отырысында ұсынылып, онда «Еуразиялық дипломатия» немесе «Жібек жолы дипломатиясын» іске қосу бастамасы жарияланды, сондай-ақ Орталық Азия мен Кавказ кеңістігі біртұтас стратегиялық аймақ ретінде белгіленді.

Бұл стратегия кейін толықтырылды. Оған Кэйзо Обучи жетекшілік еткен арнайы комиссияның Ресей мен Орталық Азияға жасаған сапарының қорытындылары енгізілді [127], нәтижесінде Жапонияның аймаққа қатысты саяси ұстанымдары жүйеленіп, болашақ ынтымақтастықтың негізгі бағыттары айқындалды.

Хашимото стратегиясы үш негізгі бағытқа сүйенді. Олар нақты. Бұл - саяси диалогты дамыту, экономикалық байланыстарды кеңейту және қауіпсіздік мәселелерін қамту, соның ішінде ядролық қаруды таратпау, демократияландыру және тұрақтылықты нығайту [128], алайда көптеген зерттеушілер бұл саясаттың декларативті сипатта қалып, нақты іс-қимылдар мен жеткілікті қаржылық қолдаудың болмауына байланысты толық жүзеге аспағанын атап өтеді. Кейінгі кезеңде саясат жалғасты. Бірақ айтарлықтай өзгеріс болмады. К. Обучи мен Ё. Мори әкімшіліктері тұсында Орталық Азиямен дипломатиялық байланыстар

сақталғанымен, бұл кезең негізінен ресми сапарлар мен консультациялар деңгейінде қалып, мазмұндық тұрғыдан жаңа стратегиялық серпілістермен ерекшеленбеді. Бұл кезең тұрақтандырушы болды. Дегенмен ішкі саяси тұрақсыздық сыртқы саясатқа әсер етті. Жапониядағы үкіметтердің жиі ауысуы ұзақмерзімді аймақтық стратегияларды белсенді ілгерілетуге кедергі келтіргенімен, дипломатиялық диалогтың үзілмеуі кейінгі институционалдық тереңдеуге негіз қалаған өтпелі кезең ретінде бағаланады [92].

Жапония аймаққа нақты ұсыныстар жасады. Бұл бастама маңызды. Инфрақұрылымдық инвестициялар, даму көмегі, экономикалық және білім беру жобалары арқылы Токио Еуразиялық интеграция үдерістеріне қатысуға ұмтылды, бұл жаңа регионализмнің көпқабатты табиғатына сәйкес келеді [129]. «Жібек жолы дипломатиясы» уақыт өте өзгерді. Ол кеңейді. Бастапқыда саяси диалог пен даму көмегіне негізделген бұл концепция біртіндеп аймақаралық деңгейге өтіп, көпжақты ынтымақтастық механизмдеріне ұласты.

Т. Дадабаев пікірінше, жаңа регионализм аясында саясат екіжақты форматтан шығып, «Орталық Азия плюс Жапония» сияқты институционалдық диалогтарға көшеді [130], бұл Жапонияның аймақ елдерінің өзара байланысын күшейтуге және оларды кең Еуразиялық кеңістікке интеграциялауға басымдық бергенін көрсетеді.

2004 жылы жаңа формат іске қосылды. Бұл маңызды кезең болды. «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы еркін сауда аймағын құруға емес, кең ауқымды саяси, экономикалық және қауіпсіздік мәселелері бойынша ынтымақтастықты дамытуға бағытталды, оның ішінде терроризммен күрес, экология, көлік және энергетика салалары қамтылды.

Аймақ елдері Жапонияны оң қабылдайды. Бұл фактор маңызды. Қазақстан мен Жапония арасындағы қатынастарда ядролық қарусыздану, жасыл энергетика және білім беру сияқты бағыттардағы ортақ құндылықтар айқын көрінеді [126], ал 2004 жылы 28 тамызда Астанада басталған диалог аймақтық ынтымақтастықтың институционалдық платформасына айналды [131].

Бұл формат икемді. Ол тиімді. Біздің ойымызша, ол қатаң институттарға тәуелді болмай, көпөлшемді байланыстарды дамытуға мүмкіндік береді, мұнда демократия, тұрақтылық және экономикалық даму сияқты ортақ мүдделер жүйелі түрде талқыланып, сенімге негізделген өзара әрекет қалыптасады [70]. Сонымен қатар, «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы экономикалық, мәдени және адам ресурстарын дамыту жобаларын іске асыру арқылы аймақтық интеграцияны тереңдетеді [80] Жапонияның рөлі артып келеді. Бұл байқалады. Т. Дадабаев атап өткендей, мұндай тұрақты дипломатиялық форматтар Жапонияның аймақтағы ұзақмерзімді стратегиясын жүзеге асырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады [111]. Сонымен қатар қауіпсіздікке де назар аударылады. Бұл бағыт маңызды. «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» бастамасы аймақтық тұрақтылық пен дамуды біріктіретін

кешенді тәсіл ретінде қарастырылады [87]. Жапонияның мүдделері нақты. Олар прагматикалық. Энергетика саласында ресурстарға қол жеткізу, ал көлік-логистика бағытында аймақты жаһандық желілерге қосу негізгі басымдықтар болып табылады [88]. 2006 жылғы бастама жаңа кезеңді білдірді. Бұл сапалық өзгеріс болды. Құрылымдық дипломатия тұжырымдамасы аясында Жапония Орталық Азияны тек географиялық кеңістік емес, стратегиялық маңызы бар транзиттік және тұрақтылық аймағы ретінде қарастыра бастады. Бұл саясат ұзақмерзімді. Ол жүйелі. Жапония дәстүрлі көмек моделінен бас тартып, инфрақұрылым, институционалдық тұрақтылық және гуманитарлық ықпалдастық арқылы аймақпен серіктестік орнатуға ұмтылды. Нәтижесінде қатынастар өзгерді. Олар тереңдеді. Донор-реципиент моделінен өзара тәуелділікке негізделген серіктестікке көшу байқалды, бұл Орталық Азияны Жапония үшін тек көмек алушы емес, Еуразиядағы маңызды стратегиялық буын ретінде көрсетеді. XXI ғасырдың басында саясат трансформацияға ұшырады. Бұл айқын үдеріс. Экономикалық ынтымақтастықтан қауіпсіздік, инфрақұрылым және саяси диалогқа қарай кеңею Жапонияның аймақтық стратегиясының күрделенгенін көрсетеді. М. Ямада бұл өзгерісті теориялық тұрғыда негіздейді. Оның пікірінше, «Жібек жолы дипломатиясы» тек экономикалық емес, көпжақты ынтымақтастықты, институционалдық диалогты және аймақаралық байланыстарды күшейтетін кешенді стратегия болып табылады [81, 1089 б.]. Бұл саясаттың негізінде екі фактор жатыр. Олар шешуші. Жаһандану және өзара тәуелділіктің артуы Жапонияны екіжақты форматтан көпжақты дипломатияға көшуге итермеледі [81, 1090 б.]. Сондықтан «Жібек жолы дипломатиясы» кең мағынаға ие. Ол терең. Бұл бастама экономикалық байланыстармен қатар саяси, мәдени және білім беру салаларын қамтып, адам ресурстарын дамыту арқылы ұзақмерзімді аймақтық стратегияны жүзеге асыруға бағытталған [81, 1092 б.]

«Жібек жолы дипломатиясының» басты мақсаты түрлі аймақ мемлекеттерімен сенімді, көпқырлы саясатты іске асыру болып табылады. Аталмыш тың тәсіл жаңа регионализм теориясының озық үлгісімен пара-пар.

Мәселен, біріншіден, мемлекетаралық қатынастарды тек үкіметаралық деңгейде дамытып қана қоймай, сонымен қатар, сарапшылық, академиялық және қоғамдық арналар арқылы да дамыту болып саналады. Ал, екіншіден, мемлекет арасындағы тиімді әрі икемді институционалдық құрылымдар құру болып табылады. Үшіншіден, трансшекаралық желілік байланыстарды ынталандырып, көпқырлы сыртқы саясаттың оңтайлы әлістерін ұсыну болып есептеледі [97]. Яғни, бұл бастама Жапонияның аймақтағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстарды орнатып қана қоймай, аталмыш саясатты ұзақ мерзімді аймақтық даму архитектурасының құрамдас элементіне айналдыруды негіз санады. Нәтижесінде, аталған саясат Жапонияның Орталық Азиядағы беделін арттырды. Сонымен қатар, аймақ мемлекеттерінің өзара байланысын тереңдетті және олардың Еуразиялық интеграциялық үдерістерге бейімделуіне қолайлы жағдай

жасауда белсенділік танытты. Осы тұрғыда М. Ямада Жапонияны аймақаралық интеграциялық жүйенің дәнекері әрі үйлестірушісі ретінде қарастырады [132]. Нәтижесінде жаңа да соны регионализм теориясының практика жүзінде іске асырылуының айқын көрінісі екендігінің айқын дәлелі болды. Жаңа регионализмнің басты қағидаларының бірі - аймақтық бірлестіктердің ашықтығы және олардың жаһандық үдерістермен тығыз байланысы. Осы тұрғыдан қарағанда, Жапонияның Орталық Азиядағы бастамалары тек аймақ ішіндегі ынтымақтастықты күшейтумен шектелмейді. Олар аймақты жаһандық экономика мен халықаралық қауымдастыққа жақындата түсуге бағытталған. Мәселен, энергетикалық қауіпсіздік, көлік инфрақұрылымы, адам ресурстарын дамыту және мәдени дипломатия салаларындағы жобалар жаңа регионализм логикасына сай келеді. Өйткені олар аймақ шеңберінен шығып, кең ауқымды халықаралық өзара әрекетке жол ашады. Сондықтан жаңа регионализм теориясы Жапонияның Орталық Азияға қатысты бастамаларын талдауда ерекше маңызды. Бұл тәсіл Жапонияның аймақтағы рөлін тек саяси не экономикалық мүдде арқылы ғана емес, сонымен бірге құндылықтық, мәдени және гуманитарлық қырлар арқылы да қарастыруға мүмкіндік береді. Осындай көпқырлы көзқарас Жапонияның аймақтық саясатын тереңірек түсінуге, оның өзгеру сипатын ашуға және сыртқы саясаттағы стратегиялық үйлесімділігін көрсетуге жол береді. С.Инсебаеваның зерттеуінде Жапонияның аймақ елдерімен, оның ішінде Қазақстанмен қалыптастырған стратегиялық әріптестігі елдің ұзақ мерзімді даму бағыты мен бейбітшілікке негізделген сыртқы саясатын айқындауда маңызды орын алады. Зерттеуші «Орталық Азия плюс Жапония» форматын тек дипломатиялық алаң емес, ортақ құндылықтар мен ынтымақтастықтың символы ретінде бағалайды [123].

Жаңа регионализм тұрғысынан бұл диалог аймақтық интеграцияның заманауи, көпдеңгейлі үлгісі ретінде көрінеді. Оның басты ерекшелігі - иерархиялық емес, тең серіктестікке негізделуі. Жапон инвестициялары мен бастамалары жергілікті сұранысқа бейімделіп, аймақ елдерінің ішкі әлеуетін күшейтуге бағытталған [122].

Жаңа регионализм тұжырымдамасы ресейлік ғылыми әдебиетте де кең қарастырылған. Мысалы, В. Кошелев аймақтық интеграцияны мемлекеттер мен мемлекеттік емес акторлардың өзара тәуелді, көпдеңгейлі әрекет жүйесі ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, аймақтық үдерістер тек үкіметаралық келісімдермен шектелмейді, олар экономикалық, саяси және әлеуметтік кеңістіктерде қатар дамитын күрделі құбылыс [105]. Бұл көзқарас жаңа регионализмге тән икемділік пен ашықтыққа сәйкес келеді.

Ал А. Лукьянов жаңа регионализмді жаһандық институттармен үйлесімді әрекеттесетін және аймақтық саясатты толықтыратын құрал ретінде түсіндіреді [106]. Бұл тәсіл аймақтық үдерістердің тек саяси элита деңгейінде ғана емес, қоғам ішінде де қалыптасатынын көрсетеді.

Соңғы онжылдықтарда жаһандық және аймақтық саясаттағы өзгерістер мемлекеттерді өз мүдделерін тек дәстүрлі дипломатия арқылы емес, жаңа серіктестік үлгілері арқылы ілгерілетуге итермеледі. Осы тұрғыда жаңа регионализм халықаралық қатынастарды зерттеуде кең қолданылатын маңызды теорияға айналды. Ол қырғи қабақ соғыс кезеңінде қалыптасып, мемлекеттердің тек экономикалық пайдаға емес, саяси, мәдени және қауіпсіздік салаларындағы көпжақты ынтымақтастыққа негізделген әрекеттерін түсіндіруге мүмкіндік береді [133].

Бұл теория аймақтық интеграцияны тек экономикалық не саяси кедергілер арқылы емес, көпсалалы, үнемі өзгеріп отыратын үдеріс ретінде қарастырады. Мұнда ресми келісімдермен қатар мәдени, білім беру және гуманитарлық бағдарламалар да маңызды рөл атқарады. Осы арқылы идеялар мен нормалар таралады. Жапонияның Орталық Азиядағы бастамалары да осындай көпқырлы сипатымен ерекшеленеді. Мысалы, дамуға ресми көмек бағдарламалары әлеуметтік және экономикалық тұрақтылықты қолдайды, мәдени және білім беру жобалары сенімге негізделген байланыстарды қалыптастырады, ал технологиялық серіктестік инновациялық даму мүмкіндігін ашады.

Зерттеу нәтижелері жаңа регионализм теориясы Жапонияның аймақтық стратегиясын тек институционалдық шеңберде емес, кеңірек контексте түсіндіруге жол ашатынын көрсетеді.

Жапондық «Кожиен» сөздігінде консерватизм батыстық түсініктен өзгеше сипатталады. Батыста ол көбіне либерализм мен радикализмге қарсы идеология ретінде қарастырылса, Жапонияда кеңірек өркениеттік және құндылықтық мағынаға ие.

Консерватизм тарихи қалыптасқан дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды бағалап, оларды сақтауға ұмтылу ретінде түсіндіріледі. Бұл ұғым тек саясатпен шектелмей, экономикалық қатынастарды, әлеуметтік институттарды, мәдениет пен өнерді, діни тәжірибелерді және күнделікті өмірді де қамтиды. Осылайша, жапондық түсінікте консерватизм қоғамның тарихи сабақтастығын қамтамасыз ететін әмбебап әлеуметтік құбылыс ретінде көрінеді [83].

Жапон консерватизмі саяси идея ғана емес, институционалдық, мәдени және интеллектуалдық деңгейлерде әрекет ететін күрделі феномен. Ол Жапонияның сыртқы саясатында прагматизм мен дәстүрге сүйенген сабақтастықты ұштастырып, елдің халықаралық мінез-құлқын айқындайды. Консерватизм саяси тұрақтылықты, ұлттық мүдде мен дәстүрді сақтаудың негізгі факторларының бірі ретінде қарастырылады және аймақтық саясаттағы тұрақтылықты терең түсінуге көмектеседі. Кейбір жапон консерваторлары қалыптасқан тәртіптердің ішкі құндылығын мойындайды [91].

Консерватизм теориясы Жапонияның Орталық Азиядағы стратегиясын, соның ішінде «Орталық Азия плюс Жапония» форматын, тереңірек талдауға мүмкіндік береді. Энтони Дин Жапонияның сыртқы саясатын ұлттық мүдде мен

мемлекеттік институттардың тұрақтылығына сүйене отырып, аймақтық тұрақтылықты нығайтудың құралы ретінде сипаттайды. Бұл оның бастамаларындағы консервативтік бағытты айқын көрсетеді [99].

Ал Р. Салливан Жапонияның сыртқы саясатын дипломатиялық, экономикалық және мәдени құралдарды ұштастыра отырып, аймақтық ықпалын кеңейтуге бағытталған ұзақ мерзімді стратегия ретінде бағалайды [98]. Оның пікірінше, консерватизм тек қауіпсіздік пен ұлттық мүддені қорғау емес, сонымен қатар аймақтық бастамалардың тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды құрылымдық фактор.

Осылайша, екі зерттеуші де Жапонияның сыртқы саясатындағы консерватизмді ұлттық мүдде, қауіпсіздік және институционалдық тұрақтылыққа негізделген көпқырлы әрі үйлесімді стратегия ретінде қарастырады

Жапонияның аймақтық бастамаларын түсіндіру үшін консерватизм теориясы маңызды талдау құралы ретінде қолданылды. Бұл теория Жапонияның сыртқы саясатында қандай қағидалар басым екенін жақсы көрсетеді. Атап айтқанда, ел үшін дәстүрді сақтау, тарихи тәжірибеге сүйену, ұлттық ерекшелікті жоғалтпау және мемлекет мүддесін ұзақ уақыт бойы бір бағытта ұстап тұру маңызды рөл атқарады. Яғни, Жапония сыртқы саясатта күрт өзгерістерден гөрі біртіндеп, ойланып әрекет етуді жөн көреді. Біздің ойымызша, Жапонияның Орталық Азиядағы саясатын дәл осындай тұрғыдан түсіндіруге болады. Бұл саясатта бір жағынан нақты пайдаға негізделген прагматикалық қадамдар бар, ал екінші жағынан құндылықтарға сүйену байқалады. Осы екі бағыттың арасындағы тепе-теңдік сақталады. Сондықтан Жапонияның аймақтағы әрекеттері тез өзгеретін немесе қысқа мерзімдік емес, керісінше баяу дамитын, бірақ тұрақты бағыт ретінде көрінеді. Консерватизм теориясы Жапонияның сыртқы саясатындағы тағы бір маңызды ерекшелікті түсіндіреді. Ол - дәстүр сабақтастығы. Яғни, бұрын қалыптасқан бағыттар мен ұстанымдар сақталып, жаңа саясат соның негізінде жалғасады. Сонымен қатар ұлттық мүддені қорғау әрқашан бірінші орында тұрады. Қауіпсіздік мәселелеріне келгенде де Жапония көбіне сабырлы, есеппен әрекет етеді. Бұл да оның саясатындағы прагматикалық көзқарасты көрсетеді.

Ал енді «жұмсақ күш» ұғымына келсек, бұл Жапонияның сыртқы саясатында ерекше орын алады. Бұл теорияны американдық зерттеуші Джозеф Най ұсынған. Оның мәні - мемлекет басқа елдерге қысым көрсету арқылы емес, тартымдылық арқылы әсер етеді. Мысалы, мәдениеті, білімі, технологиясы немесе құндылықтары арқылы өзіне қызықтырады. Соның арқасында басқа елдер сол мемлекетпен жақындасуға өздері ұмтылады [90].

Жапония дәл осы тәсілді Орталық Азияда белсенді қолданады. Ел мәдени дипломатияны дамытады, білім беру бағдарламаларын ұсынады, ғылыми зерттеулерге қолдау көрсетеді және технологиялық серіктестік орнатады. Осындай әрекеттердің бәрі аймақта Жапонияның беделін арттырып, сенімді

серіктес ретінде қалыптасуына көмектеседі. Мысалы, Қазақстандағы түрлі білім беру жобалары мен экономикалық бағдарламалар халықтың Жапонияға деген көзқарасын жақсартты. Бұл өз кезегінде елдер арасындағы байланысты нығайтты.

Жапонияның сыртқы саясатына қарасақ, онда жұмсақ күшке үлкен мән берілетінін байқаймыз. Дж. Найдың түсіндіруінше, жұмсақ күш - мемлекеттің мәдениет, идеялар және құндылықтар арқылы ықпал ету қабілеті [90, 85 б.]. Бұл тәсіл жаңа регионализм идеяларымен де жақсы үйлеседі. Себебі жаңа регионализм тек экономикамен шектелмей, мәдени және әлеуметтік байланыстарды да маңызды деп санайды. Жапония осы бағытта нақты қадамдар жасап отыр. Ол мәдени дипломатияны дамытып, білім беру мен технология саласында алмасу бағдарламаларын жүзеге асырады. Сонымен қатар гуманитарлық көмек көрсетіп, түрлі реформаларға қолдау білдіреді. Мұның бәрі Жапонияның аймақтағы ықпалын күшейтудің бейбіт әрі тиімді жолы болып саналады.

Қазақстан мысалын алсақ, жапон тілін үйретететін курстар, мәдени орталықтар және түрлі бағдарламалар екі ел арасындағы қарым-қатынасты жақсартты. Бұл тек тіл үйретумен шектелмейді. Сонымен қатар жапон мәдениеті, білім беру жүйесі және басқару тәсілдері де таныстырылады. Нәтижесінде адамдар арасында түсіністік артып, сенім қалыптасады. Осылайша, гуманитарлық байланыстар жаңа деңгейге көтеріледі.

Жапония соңғы жылдары «Кул Джапан» деп аталатын стратегияны да белсенді дамытып келеді. Бұл - жапон мәдениетін, технологиясын және өмір салтын әлемге танытуға бағытталған саясат. Мемлекеттік бағдарламаларда Жапонияны тек дәстүрлі ел ретінде емес, заманауи әрі креативті мемлекет ретінде көрсету мақсаты қойылған. Аниме, манга, фильмдер, ойындар, ұлттық тағамдар мен сән индустриясы арқылы Жапония өз мәдениетін кеңінен насихаттап отыр.

Жапон жұмсақ күшінің тағы бір бағыты - гуманитарлық дипломатия. Жапония халықаралық ұйымдар арқылы денсаулық сақтау, білім беру және экология салаларында көптеген жобаны іске асырады. 2020-2023 жылдардағы деректерге қарағанда, ел тікелей ықпал етуден гөрі тәжірибе алмасуға және оқытуға көбірек көңіл бөледі. Бұл тәсіл Жапонияны сенімді әрі ұзақ мерзімді серіктес ретінде көрсетеді.

Жапонияның аймақтағы белсенділігі тек ресми кездесулермен шектелмейді. Ол білім беру бағдарламалары, мәдени орталықтар, ғылыми алмасу және даму көмегі арқылы да көрінеді. Осындай құралдар арқылы Жапония өзін дамыған, сенімді және технологиялық серіктес ретінде танытуға тырысады [125].

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, Жапония басқа елдерге бастама көтеруге мүмкіндік беріп, өзі біртіндеп өз әлеуетін күшейтеді. Дж. Линд бұл тәсілді «жауапкершілікті ауыстыру» деп атайды. Мұндай стратегия Жапонияға

қауіпсіз түрде дамуға мүмкіндік береді. Ел әскери күшке емес, экономика мен технологияға көбірек сенім артады.

Қорытындылай айтқанда, консерватизм теориясы Жапонияның сыртқы саясатын тереңірек түсінуге көмектеседі. Бұл саясат дәстүрге, тарихи тәжірибеге және ұлттық мүддеге сүйенеді. Ал жұмсақ күш теориясы Жапонияның басқа елдермен қалай қарым-қатынас орнататынын көрсетеді.

Екі теорияны бірге қарастырсақ, Жапонияның Орталық Азиядағы саясаты икемді, ойластырылған және ұзақ мерзімге бағытталған екені байқалады. Ел күш қолданбай-ақ, мәдениет, білім және технология арқылы ықпалын арттырып отыр. Соның нәтижесінде Жапония аймақта сенімді әрі тартымды серіктес ретінде қалыптасуда.

Жүргізілген зерттеу негізінде жаңа регионализм, консерватизм және жұмсақ күш теорияларын біріктіру арқылы «Орталық Азия плюс Жапония» бастаманың стратегиялық мәнін және практикалық әлеуетін талдауға болады.

Жаңа регионализм тұжырымдамасы аймақтық ынтымақтастықты институционалдық құрылымдардан тыс, икемді және көпқырлы өзара іс-қимыл тетіктері арқылы жүзеге асыруды түсіндіреді. Талдау нәтижелері көрсеткендей, консерватизм Жапонияның сыртқы саясатында ұлттық және өркениеттік бірегейлікті сақтау, сондай-ақ тарихи сабақтастықты жалғастыру қағидаларын айқындайды. Жұмсақ күш тұжырымдамасы оның аймақтағы ықпалын тартымдылық, сенім және өзара тиімділік негізінде қалыптастыратынын көрсетеді.

Зерттеу жұмысында қолданылған теорияларды жүйелі түрде салыстырсақ, олардың негізгі қағидалары мен артықшылықтарын төмендегілей кесте түрінде көрсетуге болады.

Кесте 2 - Зерттеу жұмысында салыстырмалы талдау жасалған теориялар

Теория	Негізгі өкілдері	Негізгі қағидалары	Ғылыми-танымдылық маңызы	Артықшылықтары
1	2	3	4	5
Ескі регионализм	Е. Хаас 1950-1957, [93, 50 б.]	Регионалды интеграция арқылы халықаралық ынтымақтастықты дамыту.	Регионалдық интеграцияның теориялық негіздерін қалыптастырады; халықаралық қатынастардағы институционалдық талдауды дамытады.	Мемлекеттердің институционалдық құрылымдарын зерттеу мен саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кесте 2 - нің жалғасы

Жаңа регионализм	В. Хетне 1950-1960, 1990-жж [96].	Мемлекеттер мен мемлекеттік емес акторлар қатысатын, жаһандану үдерістерімен тығыз байланысты көпдеңгейлі ашық процесс.	Аймақтық ынтымақтастықты экономикалық, әлеуметтік, мәдени және саяси тұрғыдан кешенді талдауға мүмкіндік береді.	Аймақтық ынтымақтастықты экономикалық-саяси байланыстармен қатар гуманитарлық және мәдени факторлар арқылы қоғам мүдделерімен байланыстыра түсіндіреді.
Консерватизм	Т. Иногучи 1944-2024 [136].	Консерватизм дәстүр сабақтастығын сақтауға және қоғамдағы тұрақтылықты қолдауға негізделген саяси идеология ретінде қарастырылады.	Саяси идеологияларды (оның ішінде консерватизмді) тарихи-теориялық тұрғыдан түсінуге және салыстырмалы талдау әдісімен зерттеуге мүмкіндік береді.	Саяси идеологияларды нормативтік және эмпирикалық теориялар жүйесінің бөлігі ретінде қарап, олардың өзара байланыстарын түсіндіреді.
Жұмсақ күш	Дж. Най 1990-2004 [90, 92 б.]	Мемлекеттің мүддесін күш қолданбай, мәдени, идеологиялық және институционалдық әсер арқылы іске асыру; «жұмсақ күш» мәдени ықпал, саяси құндылықтар және бедел арқылы көрінеді.	Халықаралық қатынаста әскери-қуатты емес, идеологиялық және мәдени ықпалды жүйелі зерттеп, көпөлшемді күш ұғымын кеңейтеді.	Халықаралық әсерді көпөлшемді түсінуге, имиджді жақсартуға, дипломатиялық және мәдени байланыстар арқылы әскери қақтығысты болдырмауға мүмкіндік береді.
Ескерту: салыстырмалы талдау негізінде кесте автордың жеке құрастыруымен берілген.				

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, аталған үш теориялық көзқарас өзара сабақтаса отырып, «Орталық Азия плюс Жапония» форматының стратегиялық

және практикалық мәнін ашуға мүмкіндік береді. Бұл формат экономикалық, мәдени, білім беру және гуманитарлық бағыттарды біріктіретін үйлесімді сыртқы саясат үлгісі ретінде көрінеді. Осылайша, мұндай тәсіл Жапонияның Орталық Азиядағы тұрақты, сенімді және көпқырлы қатысуын ғылыми тұрғыда негіздеуге мүмкіндік береді.

Жапонияның Орталық Азиядағы бастамаларын түсіну үшін консерватизм теориясына сүйену өте пайдалы. Бұл теория елдің сыртқы саясатындағы ішкі логиканы ашып береді. Жапония үшін саясатта тұрақтылықты сақтау, дәстүрден алшақтамау және бұрынғы тәжірибені ескеру маңызды. Яғни, ел жаңа бағыттарды қабылдаса да, оларды бұрынғы жүйемен үйлестіріп, біртіндеп енгізуге тырысады. Консерватизмнің басты мәні - өзгерісті жоққа шығару емес, оны асықпай, ретімен жүзеге асыру. Жапония дәл осы тәсілді ұстанады. Сондықтан оның сыртқы саясатында күрт бетбұрыс сирек кездеседі. Керісінше, саясат баяу дамиды, бірақ ұзақ мерзімге есептеледі. Бұл елдің сенімді серіктес ретінде қабылдануына әсер етеді. Жапонияның Орталық Азиядағы әрекеттерін қарасақ, осы қағидалар анық байқалады. Ел аймақта бірден үлкен саяси үстемдік орнатуға тырыспайды. Оның орнына сенімге негізделген байланыс орнатуға көңіл бөледі. Бұл үшін экономикалық жобалар, білім беру бағдарламалары және мәдени байланыстар қолданылады. Мұндай тәсіл аймақта тұрақты әрі ұзақ мерзімді қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Консерватизм теориясы тағы бір маңызды нәрсені көрсетеді: Жапония үшін ұлттық мүдде әрқашан басты орында. Бірақ бұл мүдде тек экономикалық пайдамен шектелмейді. Оның ішінде мәдени құндылықтарды сақтау, қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ету және халықаралық беделді қорғау сияқты факторлар да бар. Сондықтан Жапония сыртқы саясатта тек пайда табуды ғана көздемейді, ол өз бейнесін де сақтауға тырысады.

Қауіпсіздік мәселесіне келгенде де Жапония өте сақ әрекет етеді. Ол әскери күшке көп сүйенбейді, керісінше дипломатия мен экономикалық байланыстар арқылы тұрақтылықты қамтамасыз етуге тырысады. Бұл да консервативтік көзқарастың бір көрінісі.

Осы жерде «жұмсақ күш» теориясының маңызы артады. Бұл ұғымды американдық зерттеуші Дж. Най енгізген. Оның айтуынша, мемлекет басқа елдерге күшпен емес, тартымдылық арқылы ықпал ете алады. Яғни, мәдениеті, білім деңгейі, технологиясы және құндылықтары арқылы өзіне жақындатады [90].

Жапония осы тәсілді өте тиімді қолданады. Ел өз мәдениетін, білім беру жүйесін және технологиясын дамыту арқылы басқа мемлекеттерге үлгі болуға тырысады. Соның арқасында көптеген елдер Жапониямен ынтымақтастық орнатуға мүдделі болады. Бұл - жұмсақ күштің нақты нәтижесі.

Орталық Азияда да дәл осындай жағдай байқалады. Жапония бұл аймақта мәдени дипломатияны белсенді дамытып келеді. Мысалы, жапон мәдени орталықтары, тіл курстары, студенттерге арналған бағдарламалар кеңінен

таралған. Мұндай жобалар адамдар арасындағы байланысты күшейтеді. Қазақстанды мысалға алсақ, жапон тілін оқыту курстары мен мәдени іс-шаралар халықтың Жапонияға деген қызығушылығын арттырды. Сонымен қатар бұл бағдарламалар арқылы жапон қоғамының ерекшеліктері таныстырылады. Нәтижесінде адамдар арасында сенім қалыптасады. Бұл сенім кейін экономикалық және саяси қатынастардың дамуына да әсер етеді.

Жапония білім беру саласына ерекше көңіл бөледі. Ол шетелдік студенттерге гранттар ұсынады, ғылыми жобаларды қаржыландырады және университеттер арасында байланыс орнатады. Мұндай саясат ұзақ мерзімді нәтиже береді. Себебі білім алған жастар кейін өз елінде Жапониямен байланыс орнатуға ықпал етеді.

Сонымен қатар Жапония технологиялық серіктестікке де мән береді. Ол жаңа технологияларды енгізуге көмектеседі, тәжірибе алмасуды ұйымдастырады. Бұл әсіресе дамушы елдер үшін өте маңызды. Себебі олар өз экономикасын жаңғыртуға мүмкіндік алады.

Жапонияның жұмсақ күш саясатының тағы бір бағыты - гуманитарлық көмек. Ел денсаулық сақтау, экология және әлеуметтік даму салаларында көптеген жобаны жүзеге асырады. Мұндай көмектер жергілікті халықтың өмір сапасын жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар Жапонияға деген оң көзқарасты қалыптастырады.

Соңғы жылдары Жапония «Кул Джапан» деп аталатын бастаманы да дамытып келеді. Бұл жапон мәдениетін әлемге танытуға бағытталған саясат. Аниме, манга, кино, музыка және тағам мәдениеті арқылы Жапония өзін ерекше ел ретінде көрсетіп отыр [134]. Бұл да жұмсақ күштің маңызды бөлігі болып саналады.

Жапонияның сыртқы саясатында қызықты бір ерекшелік бар. Ол көбіне басқа елдерге бастама көтеруге мүмкіндік береді, ал өзі артта тұрып қолдау көрсетеді. Осылайша ел ашық қысым жасамай-ақ, өз ықпалын арттыра алады. Дж. Линд бұл тәсілді «жауапкершілікті ауыстыру» деп сипаттайды [135].

Бұл стратегия Жапония үшін өте тиімді. Себебі ол халықаралық аренада қақтығысқа түспей, өз мүддесін қорғауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар елдің бейбіт имиджін сақтауға көмектеседі.

Жалпы алғанда, Жапонияның Орталық Азиядағы саясатын түсіну үшін екі теорияны бірге қарастырған дұрыс. Консерватизм елдің ішкі ұстанымдарын, дәстүрге сүйенетін бағытын түсіндіреді. Ал жұмсақ күш оның сыртқы ықпал ету тәсілін көрсетеді.

Осы екі көзқарас арқылы қарасақ, Жапонияның саясаты өте икемді әрі ойластырылған екенін байқаймыз. Ел бір жағынан өз дәстүрін сақтайды, ал екінші жағынан заманауи құралдарды тиімді қолданады.

Нәтижесінде Жапония Орталық Азияда сенімді, тұрақты және тартымды серіктес ретінде қалыптасып отыр. Оның саясаты қысқа мерзімді пайдаға емес,

ұзақ мерзімді байланысқа бағытталған. Сондықтан бұл аймақта Жапонияның рөлі алдағы уақытта да маңызды болып қала береді.

1.2 Жаңа әлемдік тәртіптегі Жапон сыртқы саяси стратегиясының доктриналары

Жапонияның Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі сыртқы саясаты түбегейлі трансформацияға ұшырап, жеңіліс тапқан әрі әскери әлеуеті шектеулі мемлекет ретінде жаңа экономикалық модельді қалыптастыру қажеттілігімен айқындалды. Соғыстан кейінгі халықаралық жүйеде Токио өз сыртқы саясатын тек ұлттық мүдделерді қорғауға ғана емес, сонымен қатар аймақтық және жаһандық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағыттады. Жапония бейбіт жолмен даму қағидатын ұстанып, экономикалық және дипломатиялық белсенділікті негізгі құрал ретінде таңдады.

Жапонияның сыртқы саясаты тарихи тәжірибе мен ұлттық мүдделер сабақтастығы негізінде қалыптасып, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді стратегиялық басымдық ретінде айқындады. Елдің жыл сайын жарияланатын дипломатиялық «Көгілдір кітабында» сыртқы саяси басымдықтар мен стратегиялары жүйеленіп, институционалдық деңгейде бекітіледі. Сонымен қатар әрбір премьер-министр өзінің саяси көзқарасына сәйкес сыртқы саяси доктрина ұсынып, мемлекеттің халықаралық бағдарын айқындайды. Бұл тараушада соғыстан кейінгі кезеңде қалыптасқан Т. Фукуда, С. Ёсида, Я.Накасоне, Дз.Коидзуми және Ш. Абе доктриналарының мазмұны, идеологиялық негіздері мен жүзеге асу тетіктері талданады. Жапонияның соғыстан кейінгі сыртқы саясаты әр кезеңде елді басқарған саяси көшбасшылардың ұсынған доктриналары арқылы қалыптасып, дамыды.

Жүргізілген талдау көрсеткендей, С. Ёсида доктринасы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Жапонияның сыртқы саяси бағытын айқындаған негізгі тұғыр болды. Х. Сугита атап өткендей, бұл доктринаның өзегі - әскери мүмкіндікті шектеулі деңгейде ұстап, басты назарды экономикалық дамуға аудару және АҚШ-пен стратегиялық әріптестікті күшейту [137].

Соғыстан жеңіліс тапқан Жапония әлсіз жағдайда еді. Осы кезеңде АҚШ аймақтағы қауіпсіздік мүдделерін бірінші орынға қойды.

Х. Сугитаның пікірінше, Жапонияны коммунистік ықпалдан сақтау үшін АҚШ екі бағытта әрекет етті. Біріншіден, Жапония аумағында өз әскери базаларын орналастырды. Екіншіден, елдің экономикасын қалпына келтіруге қолдау көрсетті. Осындай саясаттың нәтижесінде Жапония қорғанысқа көп шығын шығармай-ақ, негізгі күшті экономикалық өсімге бағыттай алды.

Ёсида доктринасының тағы бір маңызды қыры - соғыстан кейінгі шектеулерді тиімді пайдалана білу. Х. Сугитаның айтуынша, Токио АҚШ-тың қауіпсіздікке қатысты алаңдаушылығын өз пайдасына жарата білді. Екіжақты келіссөздерде Жапония экономикалық және саяси тұрғыдан өзіне қолайлы

шарттарға қол жеткізді. XX ғасырдың екінші жартысында Жапонияның сыртқы және қауіпсіздік саясаты экономика мен әскери саланың арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталды. АҚШ-пен одақтас болу елге қорғаныс шығындарын шектеуге мүмкіндіктері болды. Соның арқасында Жапония экономиканы жаңғыртуға басымдық берді. Нәтижесінде, әскери әлеуеті үлкен болмаса да, ел тұрақты әрі прагматикалық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыра алды. 1950 жылдары іске асқан С. Ёсида доктринасы Жапонияның соғыстан кейінгі даму бағытына негіз болды. Премьер-министр С. Ёсида (1946-1954 жж.) экономиканы бірінші орынға қойып, белсенді әскери саясаттан саналы түрде бас тартуды ұсынды. Зерттеу барысында анықталғандай, бұл тәсіл Жапонияға қорғанысқа жұмсалатын ресурстарды экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешуге бағыттауға жол ашты. Соның нәтижесінде ел қысқа уақыт ішінде қалпына келіп қана қоймай, әлемдегі жетекші экономикалардың біріне айналды [100]. С.Ёсида доктринасы Жапонияның соғыстан кейінгі сыртқы саяси бағытына институционалдық негіз қалап, «экономикалық дипломатия» қағидатын және АҚШ-пен стратегиялық одаққа арқа сүйеу моделін орнықтырды. Бұл ұстаным Токионың халықаралық аренадағы ұстанымын айқындап, әскери-саяси ықпалдан гөрі экономикалық тетіктер арқылы ықпал етуге басымдық берді.

Орталық Азия кеңістігінде бұл стратегия дамуға ресми көмегін және инвестициялық ынтымақтастықты саяси араласудан жоғары қою арқылы көрініс тапты [138]. Талдау нәтижесінде байқалғандай, Жапония аймақта ұзақ уақыт бойы ашық геосаяси мүдде көздемейтін, сенімді әрі жомарт «донор» ретінде қабылданып, өз ықпалын жұмсақ күш пен экономикалық серіктестік құралдары арқылы жүйелі түрде жүзеге асырды.

С. Ёсида доктринасын Жапонияның әскери осалдығын саяси артықшылыққа айналдыру, экономикалық даму мен АҚШ-пен стратегиялық одақты үйлестіру, және прагматикалық, жағдаяттық шешімдер қабылдау қағидаларын қамтитын кешенді стратегия ретінде сипаттауға болады.

Бұл доктрина Жапонияның 1950-1960 жж. сыртқы саясатының өзегін құрады және елдің «экономикалық державалық» бейнесін қалыптастырды. Алайда 1970 жж. соңына қарай халықаралық ахуалдың өзгеруі, әсіресе, Вьетнам соғысының аяқталуы мен АҚШ-тың аймақтан ішінара шегінуі, Жапонияны жаңа аймақтық рөлге бейімделуге мәжбүр етті.

Осы тарихи кезеңде Жапонияның сыртқы саясаты Т. Фукуда доктринасы арқылы жаңа мазмұнмен толықты. 1977 ж. премьер-министр Т. Фукуданың бастамасымен жарияланған бұл тұжырым аймақтағы тұрақтылық пен сенімге негізделген жаңа сыртқы саяси парадигманы ұсынды. Доктринаның басты қағидалары мыналар еді. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен тең серіктестік пен өзара сенімге негізделген қарым-қатынас орнату; Аймақтағы тұрақтылық пен дамуға экономикалық ынтымақтастық арқылы үлес қосу; Коммунистік бағыттағы Үндіқытай елдерімен бейбіт қатар өмір сүру қағидасын қолдау.

Зерттеушілердің пікірінше, Т. Фукуда доктринасы С. Ёсида доктринасының эволюциялық жалғасы болды [139]. Егер С. Ёсида тұжырымдамасы Жапонияның соғыстан кейінгі ішкі экономикалық жаңғыруына және АҚШ-пен одақтастық қатынасты стратегиялық тірекке айналдыруға басымдық берсе, Т. Фукуда доктринасы осы қалыптасқан экономикалық әлеуетті аймақтық бейбіт дипломатияның пәрменді құралы ретінде қайта бағдарлады [140]. Токио сыртқы саяси стратегиясын тек экономикалық өсіммен шектемей, оны аймақтық сенім мен тұрақтылықты нығайту тетігіне айналдырды [141]. Жапонияның соғыстан кейінгі сыртқы саясаты ұзақ уақыт бойы пацифизм қағидатына, яғни қарулы күш қолданудан бас тартуға және экономикалық дипломатияға сүйенген бейбіт саясат ұстанымына негізделді [142]. Оның «белсенді бейбітшілік» ұғымының мәні бейбітшілікті тек пассив түрде сақтау емес, белсенді дипломатиялық, экономикалық және қауіпсіздік шаралары арқылы халықаралық тұрақтылыққа үлес қосу қажеттігіне негізделді [143].

Я. Накасоне өзінің саяси еңбектерінде Жапонияның әлем алдындағы жауапкершілігін атап өтіп, елдің АҚШ-пен қауіпсіздік альянсын нығайта отырып, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Тынық мұхиты аймақтарында бейбітшілікті қолдау жөніндегі миссиясын кеңейту қажеттігін көрсетті [144].

Талдау барысында премьер-министр Я. Накасоненің «Белсенді бейбітшілік» ұғымы мынадай бағыттарда көрініс тапқаны анықталды [145, 50 б]. :

Аймақтық қауіпсіздік архитектурасына қатысу. Жапония АСЕАН аймағымен қауіпсіздік диалогтарын дамытты;

Қорғаныс саясатының саяси легитимизациясы. Бұл дегеніміз қорғаныс күштерінің қызметін халықаралық бейбітшілік пен гуманитарлық көмек шеңберінде ақтау.

Бұл тұрғыдан алғанда, Я. Накасоне доктринасын Жапонияның ұлттық сәйкестігін, сыртқы саяси сипатын және қауіпсіздік стратегиясын қайта тұжырымдаған маңызды идеологиялық бағдар деп бағалауға болады [146].

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Жапонияның соғыстан кейінгі сыртқы саясат доктриналары бірізді эволюциядан өтті. С. Ёсида доктринасы бейбіт экономикалық даму бағытын негіздесе, Т. Фукуда доктринасы аймақтық бейбітшілік пен серіктестік идеясын ұсынды, Я. Накасоне доктринасы Жапонияны саяси жауапкершілігі жоғары мемлекетке айналдыруды көздеді [147].

Ал XXI ғ. басында премьер-министрлер Дз. Коидзуми мен Ш. Абе осы дәстүрді жалғастыра отырып, жаңа әлемдік тәртіп жағдайында Жапонияның халықаралық стратегиясын жаңаша деңгейге көтерді [148].

Дз. Коидзуми доктринасы аймақтық белсенділік және стратегиялық дербестікті білдіреді. Премьер-министр Дз.Коидзумидің (2001-2006 жж.) билігі кезінде Жапонияның сыртқы саясаты жаңа реалистік сипат алды. Ғалым Т.Шинода [149] атап өткендей, Дз. Коидзуми кезеңінде елдің сыртқы саясаты «Кантэй дипломатиясы» деп аталды, яғни шешім қабылдау орталығы Сыртқы

істер министрлігінен премьер-министр аппаратына қарай ауыстырылды. Бұл елдің сыртқы саясатына айқын саяси көшбасшылық пен прагматизмді енгізді.

Дз. Коидзуми доктринасының өзегі Жапонияның халықаралық қауымдастықтағы жауапкершілігін арттыру және АҚШ-пен стратегиялық одақты күшейту арқылы жаһандық қауіпсіздік жүйесінде белсенді рөл атқару болатын. Оның 2002 жылғы Сингапурдегі баяндамасында айтылғандай, Жапония Азияда «сенімді және жауапты серіктес» болуға тиіс [150]. Жапонияның аймақтық бастамаларын түсіндіруде консерватизм теориясы маңызды аналитикалық негіз ретінде алынды. Бұл теория Жапонияның сыртқы саясатында ұлттық-өркениеттік ерекшеліктерді сақтау, дәстүр мен тарихи тәжірибеге сүйену, мәдени сәйкестікті қорғау және мемлекет мүддесінің сабақтастығын ұстану басым екенін көрсетеді. Біздің ойымызша, Жапонияның Орталық Азиядағы саясаты прагматикалық пен құндылық арасындағы тепе-теңдікті сақтайтын, біртіндеп дамуға негізделген бағыт ретінде көрінеді.

Сонымен бірге, консерватизм теориясы Жапонияның сыртқы саясатындағы дәстүр жалғастығын, ұлттық мүддені қорғауды және қауіпсіздікке қатысты прагматикалық көзқарасты түсіндіруге көмектеседі. Ал «жұмсақ күш» тұжырымдамасы Жапонияның мәдени дипломатия, даму көмегі, технология мен білім саласындағы серіктестік арқылы аймақтағы ықпалын қалай күшейтіп отырғанын ашып көрсетеді. Осы екі бағытты қатар қолдану Жапония саясатының икемді әрі прагматикалық сипатын, сондай-ақ оның ұзақ мерзімді мақсаттарын тереңірек бағалауға мүмкіндік береді.

Жұмсақ күш ұғымын американдық зерттеуші Дж. Най енгізген. Ол мәдени, гуманитарлық және институционалдық ықпал арқылы халықаралық беделді арттыруды түсіндіреді [90]. Жапонияның Орталық Азиядағы іс-әрекеттерінде бұл тәсіл мәдени дипломатия, білім беру, ғылыми зерттеу және технологиялық серіктестік арқылы көрінеді. Мысалы, Қазақстандағы экономикалық және білім беру жобалары Жапонияға деген сенімді күшейтіп, аймақтық байланыстарды нығайтуға ықпал етті.

Жапон сыртқы саясатының басты ерекшеліктерінің бірі - жұмсақ күшке сүйенуі. Дж. Най бұл ұғымды мемлекеттің ықпалын мәдениет, идеология және құндылықтар арқылы жүргізу қабілеті деп түсіндіреді [90, 85 б.]. Бұл тәсіл жаңа регионализмнің мәдени және идеялық қырларын да жақсы ашып береді. Себебі жаңа регионализмде мәдени байланыс пен символдық капитал маңызды орын алады. Жапония осыны тиімді пайдаланып, мәдени дипломатияны, білім мен технология алмасуды, гуманитарлық көмекті сыртқы саясаттың негізгі құралдарына айналдырды.

Қазақстан мысалында жапон тілін оқыту курстары мен мәдени бағдарламалар екі ел арасындағы сенім мен түсіністікті күшейтті. Сонымен қатар олар жапон білім беру тәжірибесі мен басқару мәдениетін танытты. Нәтижесінде әлеуметтік-гуманитарлық байланыстар жаңа деңгейге көтерілді. Жапон

орталықтары бұл үдерісте жұмсақ күш саясатын іске асыратын тиімді құралға айналып, аймақтық ықпалдастықтың мәдени негізін күшейтті.

XX ғасырдың соңынан бері Жапония «Кул Джапан» стратегиясын белсенді дамытып келеді. Бұл жапон мәдениеті, технологиясы және өмір салтын шетелде кеңінен танытуға бағытталған. Экономика, сауда және өнеркәсіп министрлігінің [134] деректеріне қарағанда, басты мақсат - Жапонияны тек дәстүрлі ел емес, заманауи идеялар мен эстетиканың орталығы ретінде көрсету. Аниме, манга, бейне ойындар, ұлттық тағамдар, кино және сән индустриясы арқылы ел өз мәдени брендін қалыптастырды.

Жапон жұмсақ күшінің тағы бір маңызды бағыты - гуманитарлық дипломатия. Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігі денсаулық сақтау, экология және білім салаларында көптеген жобаны іске асырады. 2020-2023 жылдардағы есептер бұл елдің тікелей араласудан гөрі білім мен тәжірибе алмасуға басымдық беретінін көрсетеді. Мұндай тәсіл Жапонияны сенімді әрі ұзақ мерзімді серіктес ретінде танытады.

Жапонияның аймақтағы белсенділігі тек саяси диалогпен шектелмейді. Ол жұмсақ күш құралдарын кеңінен қолдануымен ерекшеленеді. Білім беру бағдарламалары, мәдени орталықтар, академиялық алмасу және ресми даму көмегі арқылы Жапония өзін сенімді әрі технологиялық дамыған серіктес ретінде көрсетуге тырысады. Бұл Токио стратегиясында экономикалық көмек пен мәдени дипломатияның маңызды орын алатынын дәлелдейді [125].

Жапония көбіне басқа елдерге бастама көтеруге мүмкіндік беріп, өзі экономикалық және технологиялық әлеуетін біртіндеп нығайтады. Дж. Линд бұл тәсілді «жауапкершілікті ауыстыру» деп атайды [135]. Мұндай стратегия қауіпсіздікке тікелей қатер төнбейтін жағдайда тиімді. Бұл ретте Жапония ұлттық қуатты әскери күшпен емес, экономика мен технология арқылы түсіндіреді.

Консерватизм теориясы Жапония сыртқы саясатының ұлттық ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі. Оның негізгі қағидалары: дәстүр мен тарихи тәжірибеге сүйену; мәдени сәйкестікті сақтау; мемлекет мүддесінің сабақтастығын қамтамасыз ету.

Осы тұрғыдан Жапонияның Орталық Азиядағы саясаты тұрақтылық пен құндылық тепе-теңдігін сақтауға бағытталған. Бұл жерде шешімдер тек экономикалық немесе стратегиялық мүддеге емес, мәдени-тарихи факторларға да сүйенеді.

Жұмсақ күш теориясы Жапонияның XXI ғасырдағы сыртқы саясатын тартымдылық пен сенім арқылы түсіндіреді. Токио аймақтағы ықпалын қатаң геосаяси қысыммен емес, мәдени дипломатия, білім беру, даму көмегі, гуманитарлық жобалар және технологиялық серіктестік арқылы күшейтеді. Мұндай тәсіл оның ықпалын тұрақты әрі бейбіт жолмен жүргізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу көрсеткендей, жұмсақ күш Жапония стратегиясын түсінуде шешуші рөл атқарады. Мәдени дипломатия, даму көмегі, технологиялық серіктестік және білім беру бағдарламалары арқылы Жапония аймақта оң имидж қалыптастырып, сенімге негізделген серіктестік орнатуда.

Кесте 3 - Жапонияның сыртқы саяси доктриналарына жасалған SWOT талдау

Премьер-министр	Күшті жақтары	Әлсіз жақтары	Мүмкіндіктері	Қауіп-қатерлері
1	2	3	4	5
С. Ёсида (1946-1954)	Экономикалық дипломатияны күшейту, Азияға бейтараптық саясат.	АҚШ-пен байланыстағы шектеулер. Ұлттық қауіпсіздік заңдарының шектеулері.	Жаңа нарықтарға шығу, Азия даму жобалары.	Қырғиқабақ соғыс контексі, Қытайдың саяси рөлі.
Т. Фукуда (1976-1978)	Экономикалық тұрақтылықты сақтау, ДРК арқылы ықпал ету.	Қысқа мерзімді экономикалық дағдарыс.	Аймақтағы инфрақұрылым жобалары (Оңтүстік Шығыс Азияға инвестициялар).	Энергетикалық дағдарыстар 1970-1980 жылдары, мұнай бағасының тұрақсыздығы).
Я. Накасоне (1982-1987)	Ұлттық имиджді нығайту (Жапонияны экономикалық держава ретінде көрсету);	Қаржылық қысым (жапондық валюта құнының өсуі экспортқа әсер етті).	АҚШ-пен стратегиялық серіктестік (бірлескен қауіпсіздік және технология саласындағы келісімдер).	Сыртқы саяси қысымдар (АҚШ тарапынан экспорттық келісімдерге қысым).
Дз. Коидзуми (2001-2006)	ДРК арқылы Азия елдеріне инвестиция, реформалық экономикалық жүйе	Ішкі қарсылық (парламенттегі оппозиция)	Азия инфрақұрылым жобалары	Қытай, Ресейдің геосаяси ықпалы.
Ш. Абе (2006-2007, 2012-2020)	«Ш.Абе доктринасы», қауіпсіздік және экономика интеграциясы.	Ұзақ мерзімді әлеуметтік мәселелер (демографиялық мәселе, қартаю).	Үнді-Тынық мұхит стратегиясы, ДРК жобалары.	Қытай, Солтүстік Корея қауіптері, аймақтық бәсекелестік.
Ескерту: Жапон доктриналарын талдау нәтижелері негізінде автор тарапынан құрастырылған.				

Дз. Коидзуми доктринасы Жапонияның XXI ғасыр басындағы сыртқы саясатына жаңа бағыт берген маңызды кезең болды. Бұл саясат бір-бірімен байланысты үш негізгі басымдыққа сүйенді. Біріншісі - қауіпсіздік пен қорғаныс саласындағы белсенділікті арттыру. Осы уақытта Жапония АҚШ-пен одақтастық аясында Ирак пен Ауғанстандағы гуманитарлық және қалпына келтіру миссияларына қатысты. Бұл елдің тек экономикалық емес, саяси және қауіпсіздік мәселелеріндегі жауапкершілігін де арттырғанын көрсетті. Екіншісі - аймақтық дипломатияны күшейту. Жапония АСЕАН елдерімен және Үнді-Тынық мұхиты аймағындағы мемлекеттермен экономикалық байланыстарды тереңдете түсті. Соның арқасында ел аймақтағы интеграциялық үдерістерге белсенді қатысып, тұрақтылықты қолдайтын маңызды серіктеске айналды. Үшіншісі - ұлттық имиджді жаңарту және ішкі реформалар жүргізу. Жапония өзін заманауи, демократиялық құндылықтарды ұстанатын әрі халықаралық жауапкершілікті бөлісуге дайын мемлекет ретінде көрсетуге тырысты. Жалпы алғанда, бұл доктрина Жапонияның сыртқы саясатын белсендірек, жан-жақты және жауапты деңгейге көтеруге бағытталды. Жапон зерттеушілерінің пікірінше, бұл кезең Т.Фукуда дәуіріндегі бейбіт серіктестік қағидаларын сақтай отырып, қауіпсіздік саласындағы рөлді күшейтуге жол ашты [151]. Яғни, Жапония біртіндеп тек экономикалық бағыттан шығып, саяси және қауіпсіздік мәселелерінде де белсенді бола бастады.

2001-2006 жылдары Дз. Коидзуми басқарған кезде Жапонияның сыртқы саясаты жүйелі сипатқа ие болды. 2004 жылы «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы іске қосылып, аймақпен тұрақты байланыс орнатудың жаңа алаңы пайда болды. 2006 жылы Коидзуми Қазақстан мен Өзбекстанға ресми сапар жасап, бұл өңірге ерекше көңіл бөлді. Осыдан кейін Жапонияның сыртқы саясатында энергетикалық қауіпсіздік, табиғи ресурстарға қол жеткізу және аймақтық интеграцияны қолдау сияқты бағыттар алдыңғы орынға шықты. Бұл доктрина кездейсоқ пайда болған жоқ. Ол бірнеше ұзақ мерзімді өзгерістердің нәтижесі еді. 1990-жылдардың соңында Жапония «жоғалған онжылдықтан» кейін экономикалық және саяси тұрғыдан әлсіреп қалды. Ал Қытай мен Корея аймақтағы ықпалын күшейте бастады. Бұған қоса, 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғасы халықаралық қауіпсіздік жүйесін түбегейлі өзгертті. Осындай жағдайда Жапония өз қауіпсіздік саясатын қайта қарап, АҚШ-пен одақтастықты күшейтуге мәжбүр болды [149, 167 б.].

Осы кезеңде Коидзуми үкіметі «жауапты аймақтық көшбасшылық» идеясын алға шығарды. Яғни, Жапония тек экономикалық серіктес емес, сонымен қатар аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылыққа үлес қосатын белсенді ойыншы болуға тиіс еді. Доктринаның негізгі бағыттарын нақтырақ айтсақ: Біріншіден, қауіпсіздік саласында белсенділік артты. Соғыстан кейін алғаш рет Жапония өз қорғаныс күштерін шетелге жіберді. 2004 жылы жапон әскері Ирактағы гуманитарлық миссияға қатысты. Бұл елдің дәстүрлі пацифистік

ұстанымынан біршама алыстап, жаһандық деңгейде жауапты рөл атқара бастағанын көрсетті [69]. Екіншіден, аймақтық байланыстар кеңейді. Жапония АСЕАН елдерімен серіктестікті күшейтті, Оңтүстік Кореямен жаңа келісімдер жасады және Үндістанмен ынтымақтастықты дамытты.

2002 жылы Сингапурда сөйлеген сөзінде Коидзуми Жапонияны «бейбітшілік пен өркендеудің қозғаушысы» ретінде сипаттады. Үшіншіден, ішкі реформаларға ерекше мән берілді. Коидзуми Жапонияны жаһандану жағдайына бейімделген, заманауи және бәсекеге қабілетті мемлекетке айналдыруды мақсат етті. Бұл өзгерістер сыртқы саясатпен тығыз байланысты болды, себебі елдің халықаралық беделі оның ішкі дамуына да тәуелді еді. Жалпы алғанда Коидзуми доктринасы Жапонияның «бейбіт экономикалық держава» бейнесін сақтай отырып, оны белсенді аймақтық және жаһандық ойыншы деңгейіне көтеруге бағытталды. Дегенмен бұл саясат сынға да ұшырады. Кейбір зерттеушілер Ирактағы миссияны АҚШ-қа тым тәуелділіктің белгісі деп бағалады [152]. Соған қарамастан, бұл доктрина прагматикалық сипатымен ерекшеленді. Жапония бір жағынан АҚШ-пен одақтастықты сақтаса, екінші жағынан дипломатия мен гуманитарлық саясатты қатар жүргізді. Мысалы, Солтүстік Корея мәселесінде «диалог пен қысым» тәсілін қолданды. Бұл оның саясатында прагматизм мен этикалық ұстанымдардың қатар жүргенін көрсетеді. Қорытындылай айтқанда, Коидзуми доктринасы Жапония саясатының бірнеше маңызды бағытын айқындады: жұмсақ күшке сүйену, реформаларды жауапкершілікпен жүргізу және халықаралық серіктестікті дамыту. Осы арқылы елдің халықаралық беделі нығайды [171].

Ал Ш. Абе кезеңі Жапония сыртқы саясатының одан әрі белсенген уақыты болды. Оның негізгі ұстанымы - «бейбітшілікке белсенді үлес қосу» және «Еркін әрі ашық Үнді-Тынық мұхиты» тұжырымдамасы еді. Бұл идея Жапонияның аймақтағы рөлін кеңейтуге бағытталды. Бұл тұжырымдама 2016 жылы ұсынылып, кейін Жапония сыртқы саясатының басты бағыттарының біріне айналды. Оның мақсаты - Үнді және Тынық мұхиты аймағында ашық сауда, қауіпсіз теңіз жолдары және халықаралық құқыққа негізделген тәртіп қалыптастыру [153].

Негізгі бағыттары олар теңіз кеңістігін халықаралық құқыққа сай пайдалану; сауда және көлік жолдарының еркіндігін сақтау; инфрақұрылымды дамыту; демократиялық құндылықтарды қолдау. Бұл саясат Жапонияға аймақтағы экономикалық және қауіпсіздік байланыстарын кеңейтуге мүмкіндік берді [154]. Сонымен қатар Орталық Азия елдері үшін жаңа көлік бағыттарын дамытуға және халықаралық саудаға шығуға жол ашты.

Ш. Абе кезеңінде қауіпсіздік саясаты да өзгерді. Үкімет ұжымдық қорғаныс құқығын қайта түсіндіріп, Жапония қорғаныс күштерінің халықаралық операцияларға қатысуына мүмкіндік берді [155]. Дегенмен бұл саясат толықтай сәтті болды деу қиын. Бір жағынан Жапония белсендірек саясат жүргізе бастады.

Екінші жағынан, тарихи мәселелерге қатысты ұстанымдар көрші елдермен қатынасты күрделендірді. Әсіресе Қытай мен Оңтүстік Кореямен байланыс шиеленісе түсті. Сонымен қатар АҚШ-пен одақтастық күшейгенімен, Жапонияның толық дербес саясат жүргізуі шектеулі күйінде қалды [156]. Яғни, елдің геосаяси дербестігі толық іске аспады. Жалпы алғанда, Коидзуми мен Абе доктриналары Жапонияның сыртқы саясатын жаңа деңгейге көтерді. Коидзуми кезеңі жауапкершілік пен аймақтық белсенділікті арттырса, Ш. Абе кезеңі жаһандық қауіпсіздік пен стратегиялық бастамаларды алға шығарды. Осылайша, Жапонияның сыртқы саясаты біртіндеп өзгеріп, пассивті бейбіт бағыттан белсенді әрі ықпалды саясатқа өтті [157].

Жапонияның сыртқы саясатының эволюциясын түсіну үшін SWOT-талдаудан кейін әр кезеңдегі шешімдер мен олардың салдарын себеп-салдарлық қатынастар арқылы қарастыру маңызды. Бұл тәсіл елдің ішкі даму ерекшеліктері мен халықаралық ортадағы өзгерістерге бейімделуін айқындайды.

Жапонияның сыртқы саяси доктриналарының эволюциясы елдің халықаралық аренадағы стратегиялық бағытының біртіндеп қалыптасқанын және оның мазмұны уақыт талабына сай өзгеріп отырғанын көрсетеді.

С. Ёсида доктринасы соғыстан кейінгі кезеңде экономикалық даму мен бейбіт дипломатияға басымдық берсе, Т. Фукуда бастамасы Азия мемлекеттерімен сенімге негізделген серіктестік пен өзара ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталды [158]. Кейінгі кезеңде Я. Накасоне мен Дз. Коидзуми тұсында Жапонияның сыртқы саясаты белсендірек сипат алып, аймақтық және жаһандық деңгейдегі стратегиялық бастамаларға қатысуы күшейе түсті [159]. Ал Ш.Абе кезеңінде бұл бағыт институционалдық серіктестік, қауіпсіздік мәселелері және көпжақты ынтымақтастық тетіктері арқылы жаңа мазмұнмен толықтырылды [160].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, аталған доктриналардың сабақтастығы Жапонияның Орталық Азия сияқты маңызды аймақтардағы қатысуын экономикалық байланыстармен шектемей, ұзақмерзімді стратегиялық мүдделерге негізделген кешенді сыртқы саясат үлгісіне айналдырғанын көрсетеді. Жапон сыртқы саясатының әр кезеңін қарастырғанда, оның бір бағытта ғана дамымағанын көруге болады. Уақыт өте келе саясат ішкі жағдайларға да, халықаралық ортаға да бейімделіп, біртіндеп экономикалық сипаттан кеңірек геосаяси деңгейге өтті.

1.3 Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Жапонияның Орталық Азияға қатысты сыртқы саясатының стратегиялары

Совет Одағы ыдырағаннан кейін тәуелсіздік алған жаңа мемлекеттердің пайда болуы халықаралық саясатқа жаңа серпін берді. Бұрын біртұтас жүйенің құрамында болған аймақ енді жеке елдерге бөлініп, олардың әрқайсысы өз сыртқы саясатын қалыптастыра бастады. Осы тұрғыдан алғанда Орталық Азия

бірден назарға ілікті. Аймақтың географиялық орны да, табиғи ресурстары да оны ірі державалар үшін маңызды етті. Мұнда энергетикалық қорлардың молдығы, көлік дәліздері үшін қолайлы орналасуы және Еуразияның дәл ортасында жатуы ерекше рөл атқарды. Соның нәтижесінде Орталық Азия тек көрші елдердің ғана емес, алыстағы мемлекеттердің де стратегиялық мүдделері тоғысқан кеңістікке айналды. Осындай жағдайда Жапония да өз сыртқы саясатын қайта қарап, жаңа бағыттарды іздей бастады.

1990 жылдардан бастап Токио халықаралық аренадағы орнын күшейту үшін тек экономикалық қуатына сүйеніп қана қоймай, ықпал ету аясын кеңейтуге ұмтылды. Бұл өзгеріс Орталық Азияға қатысты саясаттан анық көрінді. Жапония аймақты тек шикізат көзі ретінде емес, сонымен бірге тұрақтылықты нығайтуға, реформаларды қолдауға және ұзақ мерзімді серіктестік орнатуға болатын кеңістік ретінде қарастырды. Яғни, саясат біржақты емес, жан-жақты сипат ала бастады. Орталық Азия аймағы Совет Одағының құрамында болған кезеңде, бұл аймақ Ресейдің ықпалынан көрінбей, дамымай қалған аймақ ретінде Жапония сияқты елдер бұл аймаққа назарын аударған жоқ болатын.

Совет Одағы ыдыраганнан кейін, 1991 жылы АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Джеймс Беккер жаңадан тәуелсіздік алған мемлекеттерге АҚШ-тың елшілігін ашамыз, экономикалық дамуына жәрдемдесеміз деп сапар шеккен болатын.

1991 жылдан кейін Жапония Орталық Азиядағы барлық бес мемлекетпен дипломатиялық қатынас орнатып, байланыстарды біртіндеп нығайтты. Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан елдерімен саяси диалог орнап, экономикалық ынтымақтастықтың алғашқы тетіктері іске қосылды. Елшіліктер ашылып, ресми сапарлар ұйымдастырылды, келісімдер жасалды [161].

Жалпы алғанда, Жапонияның Орталық Азияға қатысты саясаты біртіндеп қалыптасып, эволюциялық жолмен дамыды деуге болады. Бастапқыда ол негізінен экономикалық және гуманитарлық қолдауға бағытталса, қазіргі кезеңде көпқырлы, стратегиялық сипатқа ие болды. Бұл саясатта прагматизм де, серіктестікке негізделген дипломатия да қатар көрінеді. Аймақтың өз ішіндегі жағдай да бұл үдерістерге әсер етті. Мысалы, Қырғызстан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында салыстырмалы түрде ашық реформалар жүргізуге тырысты. Ал Өзбекстан керісінше, реформаларды біртіндеп, сақтықпен жүзеге асырды. Тәжікстан болса, азаматтық қақтығыстарды бастан өткеріп, тұрақтылыққа кейінірек қол жеткізді. Осындай әртүрлі жағдайлар сыртқы серіктестердің, соның ішінде Жапонияның, аймаққа қатысты саясатына да ықпал етті.1990 жылдардың ортасына қарай аймақта белгілі бір тұрақтылық қалыптаса бастады. Осы кезеңде

Жапония өз қатысуын күшейтіп, реформаларды қолдауға белсенді кірісті. Сонымен қатар ол аймақ елдерінің халықаралық қаржы институттарына қосылуын қолдап, олардың сыртқы экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге көмектесті.

Қазақстан мен Жапония арасындағы қатынастар да осы үдерістің маңызды бөлігі. 1991 жылы Жапония Қазақстанның тәуелсіздігін мойындап, көп ұзамай дипломатиялық байланыс орнатылды. Кейін елшіліктер ашылып, жоғары деңгейдегі сапарлар ұйымдастырылды. Бұл байланыстар екі ел арасындағы экономикалық, мәдени және ғылыми ынтымақтастықты дамытуға негіз қалады. Уақыт өте келе Қазақстан мен Жапония арасындағы қарым-қатынас сенімді әрі тұрақты серіктестік деңгейіне көтерілді. Қорыта айтқанда, Жапонияның Орталық Азиядағы саясаты бір сәтте қалыптасқан жоқ. Ол бірнеше кезеңнен өтіп, біртіндеп дамыды. Бүгінде бұл саясат тек экономикалық мүдделермен шектелмей, кең ауқымды стратегиялық әріптестікке айналып отыр.

Дегенмен, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Жапония Орталық Азияда билік вакуумы бар екенін және аймақта көптеген табиғи ресурстар бар екенін анықтады [7]. Нәтижесінде Жапония Орталық Азияның бес елімен байланыс орната бастады және стратегиялық келісімдер жасады. Кеңес Одағы ыдырағаннан және бес Орталық Азия республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін Жапония бұл елдермен байланыс орнатып, стратегиялық қатысуын дамыта бастады. 1991 жылы 28 желтоқсанда Жапония бес Орталық Азия республикасын ресми түрде мойындады, ал келесі жылдың қаңтар және сәуір айларында тиісінше Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстанмен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Бастапқыда Жапонияның Орталық Азия дипломатиясын жүргізуі негізінен Ресеймен аумақтық дауларды шешуге бағытталған болатын. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Жапонияның екі негізгі мақсаты болды: Ресейдің Сібір Қиыр Шығысындағы энергетикалық ресурстарды игеруге қатысу және Солтүстік аумақтар мәселесін шешу. «Қырғи қабақ соғыстың аяқталуы Жапонияға Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін жаңадан тәуелсіздік алған елдермен, әсіресе Ресеймен қарым-қатынас орнатуға жаңа мүмкіндіктер туғызды. Біріншіден, Франция мен Германияның қысымымен Жапония бұрынғы кеңестік республикаларға, әсіресе Ресейге экономикалық көмекті арттыруға мәжбүр болды. Сондықтан Орталық Азия елдеріне көмек көрсету Ресейге көмек көрсетуді жалғастыру қысымын жеңілдетуге көмектесті. Екіншіден, Жапония алдымен Солтүстік аумақтарды қайтаруды талап еткенімен» Жапония Ресейге экономикалық көмек пен инвестицияны арттыруға дайын болды, бірақ бұл Ресей тарапынан қабылданбады. Сондықтан Жапония Ресеймен келіссөздерде Орталық Азия елдеріне экономикалық көмекті ықпал ету құралы

ретінде пайдаланды. 1992 жылы Жапония шенеуніктерінің Орталық Азияға сапарынан кейін Жапонияның бастапқы қызығушылығы аймаққа кіруге бағытталған белсенді міндеттемеге айналды [107, 42]. 1993 жылдың ақпан айында өткен Тынық мұхиты энергетикалық ынтымақтастық симпозиумында Жапония өзінің энергия көздерін әртараптандырудың маңыздылығын мойындады. Ресеймен аумақтық дауларға байланысты саяси жүгіне ие болмаған Орталық Азия елдерімен байланыс орнату оңайырақ болды [107, 42 б.]. Сондықтан, 1993 жылы Экономика, сауда және өнеркәсіп министрлігі Таяу Шығыстан шикі мұнай импорттау тәуекелдерін азайту үшін табиғи газды әртараптандырылған энергетикалық қауіпсіздік стратегиясының бөлігі ретінде қосуды ұсынатын энергетикалық ақ қағазды жариялады. Сонымен қатар, Қытай арқылы Орталық Азия мен Жапонияны байланыстыратын мұнай-газ құбырын салу ұсынылды, себебі Қытайдың Шыңжаңдағы Тарим бассейні де табиғи газға бай; жапондық энергетикалық барлау компаниялары Орталық Азия аймағына инвестиция салды. Сонымен қатар, Жапонияның Орталық Азия елдерімен байланысы да қарастырылды. Сондықтан Орталық Азия маңызды стратегиялық орын алып қана қоймай, сонымен қатар минералдар, табиғи газ және мұнай сияқты мол табиғи ресурстарға ие және «екінші Таяу Шығыс» және «XXI ғасырдың стратегиялық энергетикалық базасы» болып саналады.

Осылайша, ол Жапонияның Азиядағы стратегиялық орналасуында және оның ұлттық мүдделерін қорғауда маңызды стратегиялық орынға ие. Аталмыш тарауда Жапонияның Орталық Азиядағы сыртқы саясатын талданады.

Біріншіден, Жапонияның Орталық Азиядағы сыртқы саясатының тарихы талқыланады, оны Жапонияның Орталық Азиядағы сыртқы саясатын талдау үшін негіз ретінде пайдаланады; ол Орталық Азияның маңызды орнын және Жапонияның саясаты мен әрекеттерін талдайды. Соңында, ол Жапонияның аймаққа қатысты сыртқы саясатының болжамын нақтылауға бағытталған. Ол Жапония делегациясын Ресейге, Түрікменстанға, Қазақстанға, Қырғызстанға және Өзбекстанға сапармен бастап барды. Біріншіден, ол Жапонияның Еуразияны 21 ғасырдағы жаңа дипломатиялық майдан ретінде қарастыруы, аймақ елдеріне жаңа демократиялар құруға көмектесуі керектігін атап өтті.

Сонымен қатар, аймақтың мол табиғи ресурстары мен әлемдік энергетика нарығына айтарлықтай ықпалын ескере отырып, Орталық Азия елдеріне жаңа үйлер салуға және аймақтық бейбітшілік пен дамуды қамтамасыз етуге көмектесу Ресейдің, Қытайдың және көршілес Таяу Шығыс елдерінің бейбітшілігі мен өркендеуі үшін сындарлы болып табылады. Екіншіден, ол Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказ аймағын «Жібек жолы» аймағы деп атап, Жапонияның Орталық Азиядағы дипломатиясының үш қағидатын ұсынды: сенім мен өзара түсіністікті

нығайтатын саяси диалог жүргізу; өркендеу үшін экономикалық және ресурстарды дамыту саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асыру; және аймақтық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін ядролық қаруды таратпау мен демократияландыруды ілгерілету. «Жапонияның басты мақсаты - ірі державалар арасындағы билік үшін күресте өз орнын нығайту және аймақтағы энергетикалық даму мен саудада басымдыққа ие болу. Сондықтан Жапонияның Сыртқы істер министрлігі, Қаржы министрлігі және Халықаралық сауда және өнеркәсіп министрлігі бірлесіп «Жібек жолы» аймағы үшін «Жапонияның аймақтық ықпалын кеңейту» үшін нақты дипломатиялық жоспарлар жасады». Жоғарыда аталған үш қағиданы басшылыққа ала отырып, Жапония Орталық Азия елдерімен дипломатиялық күш-жігерін нығайтты. Біріншіден, жоғары деңгейдегі алмасуларға қатысты: Біріншіден, 1997 жылдың қыркүйегінде сол кездегі экономикалық жоспарлау министрі Т. Асо үкіметаралық диалогты нығайту үшін Өзбекстанға, Қазақстанға және Қырғызстанға сапар шекті. Екіншіден, Сыртқы істер министрі, Өкілдер палатасының вице-спикері және парламенттің екі палатасының мүшелері сияқты лауазымды тұлғалар Орталық Азия елдеріне көптеген сапарлар жасап, Жапонияның аймақпен қарым-қатынасын белсенді түрде нығайтты. Екіншіден, экономикалық көмек тұрғысынан Жапонияның Орталық Азияға ОДА-сы айтарлықтай өсті, 1993 жылғы 250 000 АҚШ долларынан 2003 жылы 242 миллион АҚШ долларына дейін [179].

Бірнеше жылдан кейін ол Орталық Азияның ең ірі донорына айналды, тиісті елдерге аймақтық көлік желілерін, коммуникация желілерін және энергиямен жабдықтау жүйелерін құруға көмектесті. Үшіншіден, аймақтық қауіпсіздікке қатысты ол Орталық Азиядағы БҰҰ қауіпсіздік іс-шараларына қатысады, Орталық Азия елдерінен, Ресейден және Америка Құрама Штаттарынан қауіпсіздік сарапшыларын Орталық Азия бойынша кешенді стратегиялық семинар өткізуге шақырады және ядролық қарудың таралуының алдын алу бойынша халықаралық конференциялар өткізуде Өзбекстанды қолдайды. Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда, бұл кезеңдегі Жапонияның сыртқы саясаты күштірек стратегиялық сипатқа ие болды, тек инвестициялар мен ресурстар сияқты экономикалық мүдделерге ғана емес, сонымен қатар біртіндеп саяси алмасулар мен қауіпсіздік диалогтары сияқты салаларға да кеңейді. Сондықтан, қолданыстағы экономикалық көмек одан әрі нығайтылды, ал стратегиялық дипломатия мен экономикалық көмек саясаты осы кезеңнің саяси сипаттамаларына айналды. Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ) төрт Орталық Азия елінің кіруі және энергиямен жабдықтауды әртараптандыру

ниетінің әсерінен Коидзуми әкімшілігі бұрынғы екіжақты ынтымақтастық стратегиясын өзгертіп, Жапония басқаратын көпжақты ұйым құруға тырысты.

1997 жылы ұсынылған «Жібек жолы дипломатиясы» осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі болды [89]. Бұл бастама Орталық Азияны Жапонияның сыртқы саяси басымдықтарының қатарына қосты. Жапония үшін аймақтағы басты мақсаттардың бірі - тұрақты әрі тәуелсіз мемлекеттермен ұзақ мерзімді серіктестік орнату болды [102]. Токио тікелей ресурстарды игеруден гөрі сенімге негізделген қатынастарды дамытуға көбірек мән берді. Бұл тәсіл оның сыртқы саясатындағы ерекшеліктердің бірі саналады.

Мұның бәрі қатынастарды жай формалды деңгейден нақты серіктестікке көшіруге мүмкіндік берді. Уақыт өте келе бұл байланыстар сенімге негізделген ұзақ мерзімді әріптестікке айналды. Аймақтағы өзара іс-қимылды жүйелеу үшін көпжақты форматтар да пайда болды. Соның ішінде «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы ерекше орын алады. Бұл алаң 2004 жылдан бері тұрақты жұмыс істеп келеді және саясат, экономика, қауіпсіздік, әлеуметтік даму сияқты түрлі бағыттарды қамтиды. Мұндай форматтар елдер арасындағы түсіністікті арттырып қана қоймай, нақты жобаларды жүзеге асыруға жол ашады. Яғни, диалог тек сөз жүзінде қалып қоймай, практикалық нәтижелерге ұласады. Жапонияның аймақтағы саясатының маңызды құралдарының бірі - дамуға ресми көмек бағдарламалары. Бұл көмек көбіне инфрақұрылымды дамытуға, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын қолдауға, сондай-ақ адам капиталын арттыруға бағытталды. Осындай жобалар арқылы Жапония тек экономикалық пайда көздеп қана қоймай, аймақтың тұрақты дамуына үлес қосуға тырысты [161, 2 б.]. Нәтижесінде ол сенімді әрі ұзақ мерзімді серіктес ретінде қабылдана бастады. Соңғы жылдары бұл ынтымақтастық жаңа деңгейге көтерілді. Бұрынғыдай тек көмек көрсету немесе бастапқы байланыстарды орнату кезеңі артта қалып, енді стратегиялық әріптестікке басымдық берілуде. Көлік дәліздері, логистика, өндірістік кооперация сияқты ірі жобалар талқыланып, жүзеге аса бастады. Бұл өзгерістер Жапонияның аймақтағы саясаты уақыт өте келе күрделеніп, тереңдей түскенін көрсетеді.

2002 жылдың 12 сәуірінде Боао Азия форумында Дз. Коидзуми Азия елдерін Азияның экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін тұрақты энергиямен жабдықтау механизмін бірлесіп құруға шақырды, Орталық Азия елдерімен ынтымақтастықтың қажеттілігін атап өтті [150]. Нәтижесінде, сол жылдың шілдесінде Жапония Жібек жолы аймағындағы мұнай өндіруші елдер мен Азия мұнай тұтынушы елдері арасындағы энергиямен жабдықтау саласындағы ынтымақтастықты нығайту тетіктерін зерттеу үшін Орталық Азияға «Жібек жолының энергетикалық миссиясын» жіберді. 2004 жылдың тамызында

Сыртқы істер министрі Ё. Кавагучи Өзбекстанға, Қазақстанға, Тәжікстанға және Қырғызстанға сапар шегіп, Өзбекстан астанасы Ташкентте сөз сөйледі. Қытайдың көтерілуі Азия-Тынық мұхиты аймағының күш құрылымының өзгеруіне әкелді.

Орталық Азия Қытайдың «Белбеу және жол» бастамасының маңызды аймағы болып табылады, ол айтарлықтай стратегиялық маңызға ие және мол энергетикалық қорларға ие. Бұл аймақтағы ірі державалар арасында өз ықпалын кеңейту және ұлттық мүдделерін қорғау үшін бәсекелестікке әкелді. Бұл тек Қытайдың стратегиялық, қауіпсіздік және экономикалық мүдделеріне ғана емес, сонымен қатар Орталық Азияны Қытай үшін үлкен алаңдаушылық тудыратын аймаққа айналдырады. Сондықтан Орталық Азияның қауіпсіздігін сақтау және оны тұрақты стратегиялық артқы аймаққа айналдыру Қытайдың үлкен геосаяси стратегиясының бөлігі болып табылады.

Қытайдың саяси мақсаты - Орталық Азияның Қытаймен күрделі геосаяси және стратегиялық қарым-қатынастары бар немесе оның аймақтық мүдделеріне қауіп төндіретін кез келген ірі державаның немесе ірі державалар тобының қолына түсуіне жол бермеу. «Жауап ретінде Қытай Шанхай ынтымақтастық ұйымы арқылы Орталық Азияның бес елімен тығыз саяси, экономикалық, терроризмге қарсы және қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық орнатты және әртүрлі салалардағы ынтымақтастықты үнемі кеңейтіп келеді». 11 қыркүйектегі террорлық шабуылдардан кейін Америка Құрама Штаттары жаһандық терроризмге қарсы науқан мен Ауғанстанға басып кіруді пайдаланып, аймақта өз орнын тауып, Орталық Азияның бес елімен тығыз ынтымақтастық қарым-қатынас орнатты [86, 175 б.]. Бұл АҚШ-тың аймақтағы ықпалы мен бақылауын қамтамасыз етті, Қытайды тежеуге ғана емес, сонымен қатар Орталық Азияны АҚШ-тың терроризмге қарсы күрес, көмек және инвестициялар үшін маңызды аймаққа айналдырды. «Сондықтан, АҚШ-Жапония одағына сүйене отырып, Жапония аймаққа одан да белсенді түрде араласа бастады».

2009 жылдың 30 маусымында Премьер-Министр Таро Асо Жапонияның Халықаралық қатынастар институтында «Жапония дипломатиясы: қауіпсіздік пен өркендеуді қамтамасыз ету» атты баяндама жасап, «Еуразия қиылысы» тұжырымдамасын ұсынды. Осыған сәйкес, Орталық Азия мен Кавказ аймағы екі негізгі дәлізбен байланыстырылады: Орталық Азиядан Ауғанстан арқылы Араб теңізіне дейін созылатын солтүстік-оңтүстік логистикалық және тарату бағыты және Орталық Азиядан Кавказ аймағы арқылы Еуропаға созылатын шығыс-батыс дәлізі. Екі бағыт қиылысатын пішінде қиылысады, «Еуразия қиылысы» деп аталатын жолды құрайды, ол арқылы Жапония Бостандық пен өркендеу

доғасының орталығында орналасқан Орталық Азия мен Кавказ аймағы арқылы Еуразия құрлығындағы ынтымақтастықты ілгерілетеді.

2013 жылдың 28 қаңтарында Шиндзо Абэ Парламентке жолдаған саяси үндеуінде: «Біздің стратегиялық дипломатиямыз бостандық, демократия, адам құқықтары және заң үстемдігі сияқты негізгі құндылықтарға негізделеді; дипломатия тек көрші елдермен екіжақты қарым-қатынасқа ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемді глобус сияқты шола білуі керек», - деп мәлімдеді, осылайша «глобусқа шолу дипломатиясы» тұжырымдамасын егжей-тегжейлі түсіндірді. Сондықтан Шиндзо Абэ әртүрлі елдермен тығыз ынтымақтастық қарым-қатынас орнату үмітімен шетелге белсенді түрде саяхаттады; оның 2015 жылдың қазан айындағы Моңғолияға және Орталық Азияның бес еліне сапары - бұған тән мысал. Сондықтан, бірінші және екінші кезеңдермен салыстырғанда, Жапонияның осы кезеңдегі сыртқы саясаты айтарлықтай стратегиялық сипатқа ие болды. Бұл әсіресе «Орталық Азия плюс Жапония» диалог механизмі, «Бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізі», «Бостандық пен өркендеу доғасы», «Еуразия қиылысы» және «Әлемдік дипломатия» сияқты саясаттарда айқын көрінеді. Жапонияның Орталық Азия дипломатиясы институционалдық және жан-жақты бола түсті [70].

Экономикалық көмек Жапонияның негізгі саяси тәсілдерінің бірі болып қала берсе де, ол оның жалпы аймақтық дипломатиялық стратегиясының ажырамас бөлігіне айналды. Сонымен қатар, Жапонияның Орталық Азия елдерімен өзара әрекеттесуі мен ынтымақтастығының мақсатына қатысты экономикалық мүдделерден басқа, оның ірі саяси держава ретіндегі мәртебесін сақтау және геосаяси қауіпсіздігін қорғау сияқты стратегиялық мүдделері де белсенді түрде жүзеге асырылатын мақсаттарға айналды.

Қырғызстан Жапония қатынастары

Қырғызстан басқа аймақ елдеріне қарағанда кішігірім, сондықтан Жапония дамуға ресми көмегін салу арқылы аймақта өз орнын нығайтуды көздеді. Бірақ, Қырғызстанның экономикасы ірі жобаларға дайын болмағандықтан, Жапон елінің назары аймақтың халқы тығыз орналасқан және табиғи байлықтары көп Қазақстан мен Өзбекстанға ауысты.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Жапонияның Орталық Азия кеңістігіндегі сыртқы саясатының маңызды бағыттарының бірі Қырғыз Республикасымен орнатылған қатынастар болатын. Жапония мен Қырғызстан арасындағы дипломатиялық байланыстар ресми түрде 1992 жылғы 26 қаңтарда басталып, бұл қадам Жапонияның аймақтағы жаңа тәуелсіз мемлекеттермен саяси диалог пен ынтымақтастықты дамытуға деген ұмтылысын айқындады [41]. Екі ел

арасындағы қатынастардың институционалдық негізі дипломатиялық өкілдіктердің ашылуымен нығая түсті.

1994 жылы Жапония Орталық Азия елдерінің Азия даму банкінен көмек алуын қолдады. Осы кезеңнен бастап Орталық Азия елдері ЕБРР және АБР-дан экономикалық көмек алуын бастаған болатын. Бұд жағдай аймақтардың экономикалық дамуына барынша үлес қосқан болатын.

1995 жылы Жапония Қазақстан және Өзбекстанға байланыс жүйесін жақсарту мақсатында алғаш рет ірі көлемде йеналық несие берген болатын. Осы кезеңнен бастап Жапония аймақтың екі еліне дамуға ресми көмегінің масштабының паритетін сақтап келеді [161, 17 б.].

1992-2005 жылдар аралығында Жапония тарапынан Қырғыз Республикасына көрсетілген қаржылық көмек көлемі айтарлықтай болды. Несиелер мен гранттар түрінде бөлінген қаражаттың жалпы сомасы 389 млн долларынан асты. Бұл көмектің ел экономикасына әсері, ең алдымен, инфрақұрылымдық жобалар арқылы айқын байқалды [9]. Аталған кезеңде жапон қаржысы мен техникалық қолдаудың арқасында бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылды. Соның ішінде «Бішкек - Манас» халықаралық әуежайын жаңғырту, сондай-ақ елдің негізгі көлік артериясы саналатын Бішкек - Ош автожолын қайта қалпына келтіру жобалары ерекше маңызға ие болды. Бұл жобалар елдің көлік-логистикалық жүйесін жақсартуға және ішкі экономикалық байланыстарды күшейтуге ықпал етті.

Сонымен қатар Жапония Қырғызстанның қаржы-экономикалық инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған институционалдық және техникалық жобаларды да кезеңімен іске асыра бастады. Бұл бастамалар макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, қаржы жүйесінің тиімділігін арттыруға және нарықтық институттарды халықаралық стандарттарға бейімдеуге бағытталды. Мұндай қолдау Қырғызстанның нарықтық экономикаға бейімделу процесін жеңілдеткен маңызды факторлардың бірі болды. Екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыстар құрылымына назар аударсақ, Жапониядан Қырғызстанға негізінен автокөліктер, өндірістік жабдықтар мен электроника өнімдері жеткізіледі. Ал Қырғызстан Жапонияға көбінесе бағалы металдар мен химия өнеркәсібінің өнімдерін экспорттайды. Бұл өзара сауда құрылымы екі ел экономикасының ерекшеліктерін айқын көрсетеді.

Жапонияның Қырғызстанға көрсететін көмегі тек екіжақты форматпен шектелмей, халықаралық қаржы институттары арқылы да жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Дүниежүзілік банк пен Азия даму банкі аясындағы жобалар маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар екіжақты ынтымақтастық шеңберінде Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігі, Сыртқы істер министрлігі

және Жапон халықаралық ынтымақтастық банкі негізгі институттар ретінде қызмет етеді. Бұл ұйымдар елдегі кәсіпкерлікті дамыту, туризмді ілгерілету және кадрларды даярлау бағыттарына ерекше көңіл бөліп келеді [10]. Нарықтық экономика талаптарына бейімделу және ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында Қырғыз ұлттық университеті базасында Адам ресурстарын дамыту орталығы құрылды. Бұл орталық кадрлық әлеуетті күшейтуге бағытталған маңызды алаңға айналып, елдегі білім беру мен кәсіби даярлық жүйесінің дамуына үлес қосты. Сонымен бірге жапондық еріктілердің қызметі де айрықша атап өтуге тұрарлық. Олар Қырғызстанда әлеуметтік даму, ауыл шаруашылығы, шағын бизнес және адам ресурстарын дамыту бағыттарында белсенді жұмыс істеп келеді. Әсіресе шалғай таулы аймақтарда еңбек ететін мамандардың үлесі зор. 2000 жылдан бері Қырғызстанда 141 жапондық ерікті қызмет атқарған болса, қазіргі уақытта олардың бір бөлігі Бішкек қаласында, ал қалғандары өңірлерде жұмысын жалғастыруда [112, 682 б.].

Атап айтқанда, 2003 жылғы 27 қаңтарда Бішкек қаласында Жапонияның елшілігі өз жұмысын бастады, ал 2004 жылғы 22 сәуірде Қырғызстанның Токиодағы елшілігі ашылды. Осы дипломатиялық өкілдіктердің құрылуы екі ел арасындағы саяси диалогты жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік беріп қана қоймай, экономикалық және гуманитарлық салалардағы байланыстарды кеңейтуге де қолайлы негіз қалыптастырды [8]. Нәтижесінде Қырғызстан мен Жапония арасындағы қатынастар біртіндеп тұрақты әрі институционалдық сипатқа ие бола бастады.

Бұл адамаралық байланыстардың да біртіндеп нығайып келе жатқанын көрсетеді. 2013 жылғы ақпанда Қырғызстанның Президенті А. Атамбаевтың Жапонияға ресми сапары екіжақты қатынастардың дамуындағы маңызды кезеңдердің бірі болды. Сапар барысында жоғары деңгейдегі келіссөздер өткізіліп, саяси және экономикалық ынтымақтастықтың болашағы талқыланды [11]. Сонымен қатар бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылып, оның ішінде экономика, білім беру және технология салаларындағы өзара іс-қимылды көздейтін келісімдер бекітілді. Сарапшылар бұл сапарды екі ел арасындағы серіктестікті жаңа деңгейге көтерген маңызды қадам ретінде бағалайды [12]. Жапонияның Қырғызстанға көрсететін ДРК екіжақты қатынастардың негізгі тіректерінің бірі болып қала береді. 2023 қаржы жылына дейін жеңілдетілген несиелер, гранттар және техникалық көмек арқылы қомақты қаражат бөлінген. Бұл көрсеткіштер Жапонияның Қырғызстандағы әлеуметтік-экономикалық даму үдерістерін ұзақ мерзімді негізде қолдап отырғанын дәлелдейді [35].

Тәжікстан Жапония қатынастары

Тәжікстанда азамат соғысы аяқталғаннан кейін ғана бұл елге соғыстан кейінгі жағдайын жақсартуға дамуға ресми көмегін бөліп, экономикалық дамуына жәрдемдескен болатын. Жапония дамушы елдерге өзінің дамуға ресми көмегін бөлу арқылы халықаралық деңгейде өзінің мәртебесін көтеруді көздейді.

Орталық Азия аймағымен дипломатиялық байланыстарды нығайтуда жапон елшіліктерінің жұмысы маңызды болды.

Тәжікстан мен Жапон елі арасындағы дипломатиялық байланыстар 1992 жылы ақпан айында орнатылған болатын [39]. Бұл қадам екі ел байланыстарының құқықтық негізін қалады [13].

2002 жылы 26 қаңтар айында Тәжікстанда Жапон елшілігі ашылды, ал 2007 жылы 28 қарашада Тәжікстанның Токиода елшілігі ашылды [14].

Тәжікстанның президенті Э. Рахмон Жапонияға 2001, 2002, 2007 жылдары сапар жасаған болатын, бұл сапарлар екі ел байланыстарының дамуына үлес қосқан болатын [173]. 2007 жылы Жапония ДРК техникалық және гранттық көмек негізінде жүзеге асырылды. Гранттық көмек 75 млн долларды құраса, техникалық көмек 25,5 млн долларды құрады [15]. Жапон елінің ДРК Тәжікстан экономикасының дамуына біршама үлес қосты десек болады [174].

2023 жылылға дейінгі гранттық көмек көлемі 326 млн долларды құрады, ал техникалық көмек 88 млн долларды құраған болатын [175].

Түрікменстан Жапония қатынастары

Түрікменстан аймақтағы ең ірі табиғи газ қоры бар мемлекет болғандықтан, әу бастан жапон басшыларының назарын аударған болатын. Бірақ бұл мемлекет жабық саясат ұстанғандықтан байланыстар баяу дамыды. Жапония бұл елде елшілігін кейінірек ашты, 2005 жылы Ашхабат қаласында байланыс орталығын ашқан болатын [42].

Жапон елі мен Түркменстан арасындағы дипломатиялық байланыстар 1992 жылы орнатылғанымен, Түрікменстандағы Жапон елшілігі 2005 жылы ашылған болатын [42]. С. Ниязов кезінде Жапонияға тек министрлер деңгеінде ғана сапарлар жасалды [176]. 2006 жылы Жапония Түрікменстанмен теміржол көлігіне қатсыты экономикалқы жобаларды іске асырды [179].

Жапонияның Түрікменстанға бөлінген ДРК көмегі үш негізде жүзеге асырылды. Олар 2007 жылы несие жүзінде берілген көмек 39,1 млн долларды құраса, гранттық көмек 5,5 млн долларды құраған болатын [144]. Ал техникалық көмек 4 млн долларды құраған болатын [180].

Жапон елінің 2024 қаржы жылының Түрікменстанға бөлген ДРК көмегі 31 млн доллар несиені құраса, 6,4 млн доллар гранттық көмек, ал 10,2 млн доллар техникалық көмекті құраған болатын [181].

Өзбекстан Жапония қатынастары

Жапон саясаткерлері және жоғарғы лауазымды тұлғалары әу бастан Орталық Азия аймағына қатысты стратегиялық көз қарастары басым болды.

Қырғызстан мен қатар Өзбекстан да жапон саясаткерлерінің назарын жақсы аударды. Өйткені Жапонияның осы аймақтағы сыртқы саясатына Өзбекстан геосаяси маңыздылықты құрады.

Өзбекстан мен Жапония арасындағы дипломатиялық байланыстар 1992 жылы 26 қаңтарда орнатылған болатын [40].

Өзбекстан президенті И. Каримов Жапонияға ең алғашқы сапарын 1994 жылы жасаған болатын.

1995 жылы «Өзбекмұнайгаз» ұлттық компаниясымен «Марубени» корпорациясы «Бұхара мұнай өңдеу» зауытын салу бойынша келісім шарт жасасты [183]. Президент И.Каримовтың 1994, 1999, 2002 жылдары Жапон еліне ресми сапарлары өтті [184, 2 б.].

1997 жылы Жапония Өзбекстанға 500 млн доллар несие және грант жүзінде дамуға ресми көмек бөлген болатын. Қазақстан да әр уақыт Жапон елінің назарында, бірақ Өзбекстанға қарағанда Қазақстанның жоғарғы лауазымды тұлғалары Жапонияның экономикалық көмегін алуда өзбектер сияқты соншалықты қызығушылықтарын танытқан жоқ. Жапония осы кезеңде өзінің саясатын экономикалық дипломатия арқылы жүргізген болатын. Сондықтан Жапон экономикасын құшақ жая қарсы алған өзбектермен Жапон байланыстары ойдағыдай жақсы жүрді [161, 18 б.].

1999 жылы Сыртқы істер министрі К. Масахиконың Өзбекстанға сапары болды. 2002 жылы Жапонияның Тәжікстанда, 2003 жылы Қырғызстанда байланыс орталықтары ашылды [160, 18 б.].

Жапонияның дамуға ресми көмегін аймақта іске асыратын халықаралық байланыс агенттігі «JICA»-ның 1999 жылы Ташкент қаласында, 2000 жылы Бишкек қаласында офистері ашылды [160, 19 б.].

2002 жылы И. Каримовтың Жапонияға екінші сапары өтті. Осы кезеңде И. Каримов Жапон үкіметіне «стратегиялық әріптестік» және экономикалық ынтымақтастық келісімін орнатуға шақырды. Жапонияның дамуға ресми көмегі Өзбекстанның экономикасына, ірі инфрақұрылыс жобаларының дамуына үлкен үлес қосқан болатын. Жапонияның Орталық Азияға қатысты империалистік амбициясының жоқ екендігіне енген И. Каримов осылайша Ресейдің ықпалынан арылуды жө көрген.

2003 жылы Жапонияның Орталық Азия елдерімен сауда көлемі 446 млн АҚШ долларын құраған болатын. Жапон компаниялары осы кезеңде бұл аймаққа көп инвестиция құймаған себебі аймақ теңізге шыға алмайды, сондай-ақ

социалистік экономиканың қалдық әсері бизнес жүргізуге кедергі болған [160, 19 б.].

Жапон елінің Өзбекстанға берген ДРК көлемі 2023 жылға дейінгі несие жүзіндегі көмегі 4 млн долларды құраса, гранттық көмек 216 млн долларды құрады, ал техникалық көмек 160 млн долларды құраған болатын [185].

З. Бзежинский Еуразия аймағындағы геосаяси тепетеңдікті сақтау үшін көпжақты дипломатиялық байланыстар мен аймақаралық ынтымақтастықтың қажет екендігін атап өткен болатын [89].

Бұрынғы премьер-министр Дз. Коидзумидің 2006 жылдың тамыз айында Орталық Азияға сапарынан бері, 2015 жылдың 22-28 қазаны аралығында Жапония премьер-министрі «әлемдік дипломатияны» бастап, Моңғолия мен Орталық Азияның бес еліне барды. Бұл сондай-ақ Жапония премьер-министрінің Түрікменстанға, Тәжікстанға және Қырғызстанға алғашқы сапары болды. Сапары барысында Шиндзо Абэ Орталық Азияның бес елінің көшбасшыларымен бөлек келіссөздер жүргізді. Қазақстандағы сөзінде ол Жапония мен Орталық Азияның бес елі арасындағы қарым-қатынасты болашақта дамытудың үш тірек бағытын ұсынды: біріншіден, Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасты түбегейлі нығайту; екіншіден, Орталық Азия аймағындағы ортақ мәселелерді шешуге белсенді қатысу; үшіншіден, Жапония мен Орталық Азия елдері арасындағы әлемдік аренада ынтымақтастықты тереңдету. Жақында Қытайдың «Белбеу және жол» бастамасының арқасында Орталық Азия Қытай үшін бұл саясатты ілгерілетудегі маңызды аймаққа айналды. Сонымен қатар, Жапонияның Азиядағы АҚШ одақтасы ретіндегі мәртебесі, аймақтың маңызды стратегиялық орны және бай табиғи ресурстары сияқты факторлардың әсерінен Жапония Орталық Азияның бес елімен белсенді ынтымақтастық орнатты.

Жапонияның сыртқы істер министрі Т. Асо 2006 жылы сөйлеген сөзінде атап өткендей, 2004 қаржы жылының соңына қарай Жапонияның Орталық Азияға бағытталған ресми даму көмегінің көлемі 2,5 млрд долларға жеткен болатын. Бұл көмек білім беру, денсаулық сақтау, инфрақұрылымды жолдар, әуежайлар, электр станциялары және т.б. дамыту, сондай-ақ әлеуетті арттыру сияқты салаларды қамтыды.

2007 жылғы тамызда Жапония премьер-министрі Дз. Коидзуми Қазақстанға ресми сапармен келген кезде Президент Н. Назарбаевпен бірге достық, серіктестік және ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөніндегі бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Сонымен қатар екі ел арасында бейбіт атом энергиясын пайдалану саласындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған маңызды құжаттар қабылданды. Мұндай келісімдер тек энергетика саласын ғана қамтып қоймай, ғылыми зерттеулер мен технология алмасуға да жол ашады. Бұл

бағыттағы серіктестік Қазақстан үшін де, Жапония үшін де ұзақ мерзімді маңызға ие, өйткені атом энергетикасы қауіпсіз әрі тиімді энергия көздерінің бірі ретінде қарастырылады.

2015 жылы Ш. Абенің Қазақстанға ресми сапары да ерекше маңызға ие болды. Сол кезде екі ел экономикалық және энергетикалық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын нақтылап алды. Н. Назарбаев экономиканы әртараптандыру мәселесіне тоқталып, жапон технологиялары мен инвестицияларын тартудың маңызын атап өтті. Әсіресе өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, көлік инфрақұрылымы және жоғары технологиялар салаларында бірлескен жобаларды дамытуға қызығушылық білдірілді.

Бұл үрдіс EXPO-2017 халықаралық көрмесі кезінде де жалғасын тапты. Көрме аясында «болашақ энергиясы» тақырыбы көтеріліп, оның ішінде сутегі энергетикасы ерекше назарға алынды. Жапонияның бұл саладағы тәжірибесі Қазақстан үшін пайдалы үлгі ретінде қарастырылды. Осылайша, ынтымақтастық тек дәстүрлі салалармен шектелмей, жаңа технологиялық бағыттарды да қамти бастады. Соңғы жылдары екі ел арасындағы саяси диалог тұрақты сипат алды. Премьер-министрлер мен сыртқы істер министрлері деңгейіндегі кездесулер, сондай-ақ телефон арқылы жүргізілген келіссөздер (2021-2025 жж.) байланыстардың үздіксіз дамуына ықпал етті. 2025 жылы Қ. Тоқаевтың Жапонияға жасаған ресми сапары осы қатынастардың жаңа кезеңін айқындады. Сонымен қатар оның «Орталық Азия плюс Жапония» саммитіне қатысуы екіжақты байланыстарды ғана емес, жалпы аймақтық ынтымақтастықты да күшейтуге серпін берді. Осындай жоғары деңгейдегі байланыстар мемлекеттер арасындағы сенімді арттырып, әріптестікті нақты жобалар арқылы тереңдетуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, Қазақстанның сыртқы саясаты көпвекторлы қағидаға негізделген. Бұл дегеніміз - ел бір ғана мемлекетке тәуелді болмай, бірнеше ірі серіктеспен теңгерімді қарым-қатынас орнатуға тырысады. Мұндай тәсіл геосаяси жағдайға да, экономикалық қажеттіліктерге де сай келеді. Қазақстан үшін сыртқы байланыстарды әртараптандыру - тұрақтылық пен дамудың маңызды шарты.

Осы тұрғыдан алғанда Жапониямен қатар Қытай, Ресей және АҚШ сияқты ірі мемлекеттер Қазақстанның сыртқы саясатында маңызды орын алады. Әрқайсысы елге әртүрлі бағытта ықпал етеді: бірі - экономикалық серіктес, бірі - саяси немесе қауіпсіздік саласындағы әріптес. Осындай теңгерімді саясат Қазақстанға халықаралық аренада өз орнын нығайтуға және ұлттық мүдделерін тиімді қорғауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, Қазақстан мен Жапония арасындағы қатынастар жыл сайын тереңдеп, мазмұны жағынан да, форматы жағынан да кеңейіп келеді. Бұл байланыстар тек екі елдің ғана емес, бүкіл Орталық Азия өңірінің тұрақтылығы мен дамуына оң әсерін тигізетін маңызды факторға айналып отыр.

Зерттеу барысында 1992-2025 жылдардағы Жапония-Қазақстан қатынастарын дамыту мен нығайту үшін ұсынылған ресми даму көмегінің құрылымы мен көлемін жүйелеп, төмендегідей кесте түрінде бердік.

Кесте 4 - 1992-2025 жж. Жапония Үкіметінің Қазақстан Республикасына ұсынған ресми даму көмегінің құрылымы мен көлемі

Жыл	Йеналық несие	Гранттық-техникалық	Сомасы
1993		медициналық жабдықтар, дәрі-дәрмектер мен вакциналар	14,4 млн АҚШ доллары
1994	ҚР Ұлттық Банкі мен Жапонияның Экспорт-импорт банкі (Эксимбанк) арасында несие алу туралы келісім жасалды.		220 млн АҚШ доллары
1995	Теміржол көлігі өткізу қабілетін дамыту жобасы.		77 000 АҚШ доллары
1996	Несие түріндегі көмек.		1,35 млн АҚШ доллары
1997	Ертіс өзені арқылы көпір салу жобасы.		179,4 млн АҚШ доллары
1998	Астана әуежайын қайта жаңғырту жобасы.		180 млн АҚШ доллары
1999		Ядролық сынақ полигонына жақын орналасқан аймақтарда тұратын халыққа медициналық көмек көрсету.	1 млн АҚШ доллары
2000	Батыс Қазақстан автомобиль жолдары желісін қайта жаңғырту жобасы.		154,6 млн АҚШ доллары
2003	Астана қаласын сумен жабдықтау және кәріз жүйесі жобасы.		185,7 млн АҚШ доллары
2004	Несие түрінде қаржыландыру.	Гранттық көмек және техникалық ынтымақтастық.	53,2 млн АҚШ доллары 85,35 млн АҚШ доллары 818 млн АҚШ доллары

Кесте 4 - тің жалғасы

2005	Теміржол тасымалдау қуатын арттыру.		7,236 млрд йена 65,78 млн АҚШ доллары
2010	Жамбыл облысы аумағында орналасқан ЦАРЭС-1 көлік дәлізін қайта жаңғырту жобасы.		68 млн АҚШ доллары
2015		«Орталық Азияда есірткі мен қылмыспен күресу мақсатында шекаралық байланыс офистерін құру және шекарааралық ынтымақтастықты күшейту жобасы».	2,9 мың АҚШ доллары
2021		Жапония Үкіметі COVID-19 коронавирусымен күрес аясында медициналық жабдықтарды сатып алу үшін Қазақстан Республикасына 400 млн йена көлемінде грант ұсынды (шамамен 3,5 млн долларды құрады).	3,7 млн АҚШ доллары
1997-2025		Grassroots Human Security Projects (Адам қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қайтарымсыз көмек бағдарламасы) «KUSANONE (Шөп тамыры/Корни травы)» [165].	8 201 936 АҚШ доллары
	Жапония жалпы инвестиция көлемі 8 млрд. долл. асатын Қазақстандағы ең ірі шетелдік инвесторлардың ондығына кіреді [34].		

Сонымен қатар Сыртқы істер министрлігінің Қазақстанға қатысты ДРК бағдарламасына арналған ресми құжатында көмек көрсетудің басым бағыттары нақты айқындалған. Атап айтқанда, ұзақ мерзімді және тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге ықпал ету; көлік, экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру арқылы аймақтар арасындағы даму алшақтығын азайту; қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруіне байланысты мәселелер бойынша нақты шараларды жүзеге асыру [166].

Қазақстанның қазіргі сыртқы саяси ортасы оның көпвекторлы бағытымен айқындалады, бұл өз кезегінде ел аумағында әртүрлі жаһандық күш орталықтарының белсенді әрекет етуіне жағдай жасап отыр. Жүргізілген талдау негізінде, Жапония, Қытай, Ресей және АҚШ сынды мемлекеттердің әрқайсысы

Қазақстанға қатысты өзіндік мақсаттары, құралдары және ықпал ету деңгейімен ерекшеленетін дербес стратегияларды жүзеге асыруда [168, 85 б.]. Сонымен қатар екі ел арасында бейбіт атом энергиясын пайдалану саласындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған маңызды құжаттар қабылданды. Мұндай келісімдер тек энергетика саласын ғана қамтып қоймай, ғылыми зерттеулер мен технология алмасуға да жол ашады.

Кесте - 5 Жапония, Қытай, Ресей және АҚШ елдерінің Қазақстанға қатысты сыртқы саясаты:

Ел	Сыртқы саясат бағыты	Экономикалық ықпал	Нақты жобалар/ инвестициялар	Саяси ықпал
1	2	3	4	5
Жапония [167]	Экономикалық және даму дипломатиясы	Қазақстандағы Жапонияның инвестициясы 1,2 млрд доллар; технологиялық серіктестік	АЭС жобасы (Ақтау), көлік инфрақұрылымын дамыту, Жапон халықаралық кооперация агенттігі арқылы жасалған жобалар	Негізінен экономикалық бағыт, саяси ықпалы шектеулі
Қытай [168, 74 б.]	Стратегиялық экономикалық ынтымақтастық «Бір белдеу - бір жол»	2023 жылы инвестициялар 9 млрд доллар; сауда айналымы 30 млрд доллар	Темір жол жобалары, Энергетикалық инфрақұрылым (мысалы, Мақтарал жобасы), логистика хабтары	Экономикалық ықпал арқылы саяси әсерін күшейту
Ресей [168, 76 б.]	Саяси-экономикалық ықпал, посткеңестік интеграция	Энергетика саласы негізгі (газ, мұнай), сауда айналымы 20 млрд доллар	ЕАЭО жобалары, мұнай-газ саласы, атом энергетикасы	Жоғары, посткеңестік одақтар, саяси келісімдер
АҚШ [167]	Дипломатиялық стратегиялық, экономикалық ықпал	Инвестициялар шамамен 5 млрд доллар, қаржы және IT сектор	«Астана» халықаралық экономикалық форумдағы серіктестік, IT, энергетикалық стартаптар	Демократиялық бастамаларға ықпал, саясатта әсері орташа деңгейде
Ескерту: Жапония, Қытай, Ресей және АҚШ елдерінің Қазақстанға қатысты сыртқы саясатын талдау негізінде автормен құрастырылған				

Бұл кестеден көріп отырғанымыздай:

Ресей - саяси және әскери ықпал жағынан ең мықты ел, тарихи байланысымен ерекшеленеді.

Қытай - экономикалық ықпалын арттырып, инфрақұрылым мен логистика саласында белсенді рөл атқаруда.

Жапония - дамуға бағытталған инвестиция және технологиялық трансферге негізделген, саяси ықпалы шектеулі.

АҚШ - демократиялық бастамалар мен білім беру, IT және қаржы секторында орташа ықпал жсайтыны көрсетіледі [103].

Бұл бағыттағы серіктестік Қазақстан үшін де, Жапония үшін де ұзақ мерзімді маңызға ие, өйткені атом энергетикасы қауіпсіз әрі тиімді энергия көздерінің бірі ретінде қарастырылады. Соңғы жылдары екі ел арасындағы саяси диалог тұрақты сипат алды. Премьер-министрлер мен сыртқы істер министрлері деңгейіндегі кездесулер, сондай-ақ телефон арқылы жүргізілген келіссөздер (2021-2025 жж.) байланыстардың үздіксіз дамуына ықпал етті.

2025 жылы Қ. Тоқаевтың Жапонияға жасаған ресми сапары осы қатынастардың жаңа кезеңін айқындады. Сонымен қатар оның «Орталық Азия плюс Жапония» саммитіне қатысуы екіжақты байланыстарды ғана емес, жалпы аймақтық ынтымақтастықты да күшейтуге серпін берді. Осындай жоғары деңгейдегі байланыстар мемлекеттер арасындағы сенімді арттырып, әріптестікті нақты жобалар арқылы тереңдетуге мүмкіндік береді. Бұған дейін, 2015 жылы Шиндзо Абенің Қазақстанға ресми сапары да ерекше маңызға ие болды. Сол кезде екі ел экономикалық және энергетикалық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын нақтылап алды.

Н. Назарбаев экономиканы әртараптандыру мәселесіне тоқталып, жапон технологиялары мен инвестицияларын тартудың маңызын атап өтті. Әсіресе өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, көлік инфрақұрылымы және жоғары технологиялар салаларында бірлескен жобаларды дамытуға қызығушылық білдірілді. Бұл үрдіс EXPO-2017 халықаралық көрмесі кезінде де жалғасын тапты. Көрме аясында «болашақ энергиясы» тақырыбы көтеріліп, оның ішінде сутегі энергетикасы ерекше назарға алынды. Жапонияның бұл саладағы тәжірибесі Қазақстан үшін пайдалы үлгі ретінде қарастырылды. Осылайша, ынтымақтастық тек дәстүрлі салалармен шектелмей, жаңа технологиялық бағыттарды да қамти бастады. Жалпы алғанда, Қазақстанның сыртқы саясаты көпвекторлы қағидаға негізделген. Бұл дегеніміз - ел бір ғана мемлекетке тәуелді болмай, бірнеше ірі серіктеспен теңгерімді қарым-қатынас орнатуға тырысады. Мұндай тәсіл геосаяси жағдайға да, экономикалық қажеттіліктерге де сай келеді. Қазақстан үшін сыртқы байланыстарды әртараптандыру - тұрақтылық пен

дамудың маңызды шарты. Осы тұрғыдан алғанда Жапониямен қатар Қытай, Ресей және АҚШ сияқты ірі мемлекеттер Қазақстанның сыртқы саясатында маңызды орын алады. Әрқайсысы елге әртүрлі бағытта ықпал етеді: бірі - экономикалық серіктес, бірі - саяси немесе қауіпсіздік саласындағы әріптес. Осындай теңгерімді саясат Қазақстанға халықаралық аренада өз орнын нығайтуға және ұлттық мүдделерін тиімді қорғауға мүмкіндік береді. Қорыта айтқанда, Қазақстан мен Жапония арасындағы қатынастар жыл сайын тереңдеп, мазмұны жағынан да, форматы жағынан да кеңейіп келеді. Бұл байланыстар тек екі елдің ғана емес, бүкіл Орталық Азия өңірінің тұрақтылығы мен дамуына оң әсерін тигізетін маңызды факторға айналып отыр.

Жапонияның Қазақстандағы саясаты негізінен экономикалық және гуманитарлық бағытта өрбиді. Бұл ретте Токио «жұмсақ күш» тетіктерін тиімді пайдалануға басымдық береді: дамуға ресми көмегі, технологиялық серіктестік және білім беру бағдарламалары - соның айқын дәлелі [170]. Жапония ұзақ мерзімді ынтымақтастықты нығайту және жағымды имидж қалыптастыру арқылы өз позициясын бекітуге ұмтылады, әрі саяси немесе әскери сипаттағы тікелей араласудан саналы түрде бас тартады [171]. Дегенмен географиялық қашықтық және өзге ірі акторлар тарапынан бәсекелестіктің жоғары болуы оның ықпалын белгілі бір деңгейде шектейді.

Қытай, керісінше, Қазақстанда белсенді геоэкономикалық стратегия жүргізіп келеді. Бұл саясаттың өзегін «Бір белдеу - бір жол» бастамасы құрайды, оның аясында инфрақұрылым, энергетика және көлік-логистикалық дәліздерге ірі көлемде инвестициялар бағытталуда [172, 154 б.]. Қытайдың Қазақстанның негізгі сауда серіктестерінің бірі ретіндегі орны оның экономикалық ықпалын едәуір күшейтеді. Алайда қытайлық қатысудың артуы белгілі бір тәуекелдермен қатар жүреді, соның ішінде экономикалық тәуелділіктің күшеюі және қоғамдық пікірдегі алаңдаушылық факторлары бар [172, 158 б].

Ресей Қазақстанда дәстүрлі түрде берік позициясын сақтап отыр. Бұл, ең алдымен, тарихи, мәдени және институционалдық байланыстарға негізделген. Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақ және Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы сияқты интеграциялық құрылымдарға қатысуы Ресейдің саяси және әскери ықпалын күшейте түседі. Ресейдің аймақтық саясаты посткеңестік кезеңіндегі интеграциялық үдерістерді қолдауға бағытталғанымен, қазіргі жағдайда ол басқа жаһандық ойыншылар тарапынан күшейген бәсекелестікпен бетпе-бет келіп отыр [172, 160 б.].

АҚШ Қазақстанға қатысты кешенді стратегия ұстанады, ол экономикалық мүдделер мен демократиялық құндылықтарды ілгерілетуді ұштастырады. Американдық компаниялар, әсіресе мұнай-газ секторында, ел экономикасында

маңызды рөл атқарады [169, 163 б.]. Сонымен қатар АҚШ «жұмсақ күш» құралдарын да белсенді қолданады. Олар білім беру бағдарламалары, үкіметтік емес ұйымдардың қызметі және дипломатиялық байланыстар осының құрамдас бөлігі болып табылады [168, 85].

2 ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЖАПОН БАСТАМАЛАРЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

2.1 Жапонияның «Жібек жолы» дипломатиясы: Орталық Азиядағы стратегиялық бағдардың қалыптасуы

Тарих сахнасына көз жүгіртсек, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін оңтүстік аумағындағы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан елдері тәуелсіздіктерін алды. Сөйтіп, Орталық Азия аймағы деген тарихи атауға ие болды. Әйтсе де, геосаяси тұрғыдан бұл аумақты көптеген ғылыми еңбектерде «Жібек жолы аймағы» деп атап келеді. Көптеген мемлекеттер Жібек жолын жаңғырту мақсатында, Орталық Азия елдерімен тығыз қарым-қатынас орнатқысы келеді [104, 30 б.].

XX ғасырдың соңында тәуелсіздік алған Орталық Азия елдері біртіндеп маңызды геосаяси аймаққа айналды. Бұл аймақта ірі мемлекеттердің мүдделері тоғыса бастады. Каспий теңізіндегі табиғи ресурстар мен жаңа көлік бағыттарының дамуы аймақтың маңызын арттырды. Осыған байланысты АҚШ, Еуропалық Одақ, Ресей, Қытай сияқты елдермен қатар Жапония да Орталық Азияға қызығушылық танытты [115].

Қазіргі уақытта Орталық Азия геосаяси және экономикалық жағынан маңызды аймақ болып отыр. Аймақ табиғи ресурстарға бай және халықаралық сауда жолдарының түйіскен жерінде орналасқан. Сондықтан ол Жапония сияқты дамыған елдер үшін тартымды. Аймақтағы ірі мемлекеттердің бірі - Қазақстан. Жапония үшін Қазақстанның стратегиялық маңызы жоғары. Екі ел арасындағы ынтымақтастық экономиканың дамуына оң әсер ете алады. Бұл инфрақұрылым, сауда, технология алмасу сияқты бағыттарды қамтиды. Осы тұрғыда Жапонияның «Жібек жолы дипломатиясы» бүгінгі күні де өзекті. Бұл тараушада Жапонияның Орталық Азия елдерімен байланысын дамытуға бағытталған «Жібек жолы дипломатиясының» қалай қалыптасқаны мен дамуы қарастырылады. Жапонияның дамуы көбінесе энергия ресурстарына және оларды қауіпсіз жеткізуге байланысты. Соған қарамастан, ол әлемдегі ірі экономикалардың бірі болып табылады. Осы себепті Жапония жаңа еуразиялық саясат аясында «Жібек жолы дипломатиясы» бастамасын ұсынды. Бұл бастама аймақ елдерімен ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталды. Онда сауда-экономикалық байланыстарды дамыту, саяси қатынастарды нығайту және нарықтық экономикаға көшуге қолдау көрсету сияқты бағыттар белгіленді. Нәтижесінде бұл саясат Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасты нығайтуға негіз болды [104, 24].

Кеңес Одағы тарағаннан кейін Жапония жаңа тәуелсіз мемлекеттермен және Ресеймен дипломатиялық қатынас орнатты. Жапония үшін маңызды мәселелердің бірі - Курил аралдарына қатысты дау болды. Сонымен бірге ол Ресейдің Қиыр Шығысын энергия көзі ретінде қарастырды. Алайда бұл бағытта

нақты нәтижелер болмағандықтан, Жапония назарын Орталық Азияға аударды. Себебі бұл аймақта табиғи ресурстар мол еді. Жапонияның белсенділігі Орталық Азия елдеріне де тиімді болды. Оның саясаты Батыс елдеріне қарағанда жергілікті жағдайға бейімдеу көрінді. 1993 жылғы Жапонияның Дипломатиялық көк кітабында Орталық Азия энергетикалық қауіпсіздік үшін маңызды аймақ ретінде көрсетілді [186]. Себебі бұл аймақта энергия ресурстары жеткілікті болды. Сол кезде Түрікменстан мен Қазақстан негізгі экспорттаушылардың қатарында еді. Жапония энергия көздерін әртараптандыру үшін табиғи газға ерекше көңіл бөлді. Газ экологиялық тұрғыдан тиімді деп есептелді. Осыған байланысты Орталық Азиядан Қытай арқылы Жапонияға баратын мұнай-газ құбырлары жобалары да қарастырылды [187]. Осылайша, Жапонияның Орталық Азияға қатысты саясаты тек Батыспен байланыспен шектелмей, энергия мәселесін де қамтыды. Зерттеуші Х. Тэцуяның пікірінше, Жапония бұл аймақта ұзақ мерзімді мүдделерін қорғауға және тұрақтылықты сақтауға ұмтылды. Бұл оның халықаралық аренадағы орнын нығайтуға бағытталған саясат болды [188].

Халықаралық деңгейде Жапония Орталық Азия елдерінің саяси тұрғыдан тұрақсыз болуы мүмкін екенін ескерді. Сол себепті жаңа құрылған үкіметтерге исламдық радикализм қаупіне қарсы тұруда қолдау көрсетуді көздеді. Сонымен қатар Жапонияның бұл аймаққа қызығушылығы тек саяси немесе экономикалық себептермен шектелмеді. Онда белгілі бір тарихи және сезімдік факторлар да болды. Атап айтқанда, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жапон әскери тұтқындарының бір бөлігі Орталық Азияға әкелінгені осы қызығушылыққа әсер етті [108].

1993 жылы Жапонияның Сыртқы істер министрлігі жариялаған Дипломатиялық көк кітапта атап өтілгендей, Токио Орталық Азия аймағын елдің энергетикалық қауіпсіздігі тұрғысынан стратегиялық маңызды кеңістік ретінде қарастырады. Құжатта Жапония болашақта мұнай мен газды Қытай аумағы арқылы жеткізу мүмкіндіктерін зерттеп, осы бағыттағы ықтимал көлік дәліздерін дамытуға мүдделі екені көрсетіледі [189].

Орталық Азия бағытындағы Жапонияның дипломатиялық стратегиясында Қазақстан мен Түрікменстан, ең алдымен, ресурстық дипломатия нысанына айналды. Ал саяси және кең мағынадағы дипломатиялық ынтымақтастық бұл кезеңде жапон саясаткерлері мен шенеуніктерінің айтарлықтай жоғары қызығушылығын тудырған жоқ. Жапон елінің Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты дипломатиялық байланыстары 1992 жылы басталған болатын. Жапонияның Сыртқы істер министрі М. Ватанабэ Қазақстан мен Қырғызстанға экономикалық көмек көрсету жобалары бойынша іссапармен келді.

Жапонияның Орталық Азиядағы елшіліктері 1993 жылы қаңтар айында Қазақстан және Өзбекстанда ашылды. Жапонияның Өзбекстан және Тәжікстанда болған елшісі К. Акионың айтуынша [84, 15 б.] Қазақстан Жапония үшін мұнайдың үлкен қорына байланысты маңызды болса, Өзбекстан геосаяси

маңызды орынға ие. 1995 жылы Жапония Қазақстан және Өзбекстанның байланыс жүйелерін жақсарту, дамыту мақсатында алғаш рет ірі көлемде йена несиелерін берді. Содан бері дамуға ресми көмек ауқымында қаржылай көмек беру барысында екі жаққа да тепе-теңдікті сақтауға тырысты. 1994 жылы Н.Назарбаев Жапонияға ресми сапармен барды. Жапон-Қазақ дипломатиялық қарым-қатынасын дамытуда Жапония Қазақстанға ДРК ауқымында мемлекеттің дамуына көмек ретінде ұдайы қаржылай көмегін жасап отырды [84, 16 б.]

Жапония делегациясының Қазақстанға жасаған алғашқы маңызды сапары барысында-ақ белгілі бір келеңсіздіктер орын алды. 1992 жылғы мамыр айында Жапонияның сол кездегі вице-премьері және сыртқы істер министрі М. Ватанабэ Қазақстан Президенті Н. Назарбаевпен алдын ала келісілген уақытта кездесуге келгенімен, ұзақ күтуге мәжбүр болды. Бұл жағдай оның Қазақстан туралы жағымсыз әсермен еліне оралуына себеп болды. Қазақстан тарапынан елге келген өзге де жапон саясаткерлері мен шенеуніктеріне айтарлықтай қонақжайлық көрсетілмегені байқалады. Алайда мұндай қарым-қатынас әдейі жапондарға көрсетілмеген құрметсіздік емес, жалпы алғанда Қазақстан саясаткерлерінің шетелдік қонақтарға жеткілікті назар аудармауының көрінісі болатын. Алайда жапон саясаткерлері мен шенеуніктері мұндай немқұрайдылықты ауыр қабылдағаны байқалады [84, 17 б.]

1992 жылғы мамыр айында Жапонияның сыртқы істер министрі Ватанабэ Митионың Орталық Азияға сапары бұл аймақтағы жаңа тәуелсіз республикаларды дамытуға бағытталған жапондық қолдаудың басталуына негіз қалаған болатын. Сол кезеңде аталған мемлекеттер Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) мүшесі болғанына қарамастан, Жапония олардың Азия даму банкіне (АДБ) қабылдануын белсенді түрде қолдады. Нәтижесінде Орталық Азия республикалары екі қаржы институтынан да қарыз алу мүмкіндігіне ие болып, бұл тәжірибе халықаралық қаржы қатынастары үшін бұрын-соңды болмаған қолайлы жағдайды қалыптастырды [84, 18 б.]

1993 жылдың алғашқы жартысында жекеменшік сектордың ірі өкілдері - Мицубиши, Иточу ірі компаниялары да Орталық Азия нарығына белсенді түрде кіре бастады. Мицубиши Түрікменстаннан Қытайға тарту көзделген газ құбыры жобасына, сондай-ақ Батыс Қазақстаннан Құмкөлге дейінгі мұнай құбыры жобасына қатысуға дайын екенін білдірді [109]. Алайда сол кезеңде жапон компаниялары Батыс елдерінің корпорацияларына қарағанда шешім қабылдау жағынан әлдеқайда сақ әрі баяу әрекет етті. Жапон үкіметі де жеке секторды бұл аймаққа жедел шығуға ынталандырып отырмаған болатын. Сонымен бірге Жапонияның Сыртқы істер министрлігі аймақтағы дипломатиялық қызметті жүйелі дамытуға бағытталған тетіктер құруды қолға алды. 1993 жылғы қаңтарда министрлік Орталық Азиядағы халық саны ең көп мемлекеттер - Қазақстан мен Өзбекстанда өз дипломатиялық қатысуын нығайтуға басымдық берген.

Зерттеу жұмысы көрсеткендей, 1995 жылы Жапония Қазақстан мен Өзбекстанның байланыс жүйелерін жетілдіру мақсатында алғашқы ірі йеналық несиелерін бөлді. Сол уақыттан бері Жапония екі мемлекетке көрсетілетін дамуға ресми көмегінің көлемінде паритет сақтауға ұмтылып келеді. Алайда мұнай ресурстары әлеуетінің мол болуына байланысты Қазақстан жапон тарапынан ұсынылған экономикалық көмекті аса ықыласпен қабылдамады, ал бұл көмек Жапония үшін екіжақты қатынастарды дамытудағы шектеулі тетіктердің бірі болатын. Көптеген жапондар үшін қазақстандық шенеуніктер келіссөз жүргізуде ықылассыз көрінгендіктен, жапон тарапында үнемі жылы қабылдайтын өзбек серіктестеріне басымдық беру үрдісі қалыптасты.

1997 жылға қарай Жапония мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастар жылы сипат алғанымен, әсіресе энергетика саласындағы экономикалық нәтижелер шектеулі болды. Дәл осы кезеңде Жапонияның премьер-министрі Р. Хашимото Еуразияға бағытталған жаңа сыртқы саяси тұжырымдамасын Жапон Корпоративтік жетекшілер қауымдастығында (Кейдзай Доюкай) сөйлеген сөзінде ұсынды [190].

1997 жылғы 28 маусым - 9 шілде аралығында жапон саяси элитасының, іскер топтарының және академиялық қауымдастық өкілдерінің делегациясы Орталық Азияның төрт еліне - Қазақстан, Түрікменстан, Қырғызстан және Өзбекстанға сапар жасады. Өкілдер палатасының мүшесі К. Обучи басқарған бұл миссия барысында аймақ мемлекеттерімен ынтымақтастықты кеңейту және оның ұзақ мерзімді келешегін айқындау жөнінде келіссөздер жүргізілді. Делегация Жапонияға оралғаннан кейін олардың ұсыныстары негізінде «Жібек жолы дипломатиясы» атты жаңа бастама ресми түрде іске қосылды.

1997 жылы Р. Хашимото кабинетіндегі Экономикалық жоспарлау агенттігінің басшысы Таро Асо да Орталық Азияға сапар шегіп, Өзбекстан, Қазақстан және Қырғызстан басшыларымен инвестиция және қаржыландыру мәселелерін талқылады. Сол жылы жапон дипломаттары Орталық Азия мен Кавказдың геосаяси маңызын терең түсіне отырып, бұл аймақта қалыптасқан стратегиялық вакуумды толтыруда Жапонияның артта қалмауы қажеттігін атап өтті. Акио Каватоның пікірінше, Жапонияның аталмыш аймақтағы дипломатиялық белсенділігі Токионың Ресей және Қытаймен өзара қатынастарын дамытуына да оң ықпалын тигізеді деп есептеді [85, 5 б.].

1997 жылғы шілде айында сол кездегі Премьер-министр Р. Хашимото «Еуразиялық дипломатия» тұжырымдамасын жариялап, аймаққа бағытталған «Жібек жолы дипломатиясын» ұсынды. Бұл бағыт бойынша Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастық орнаған болатын. Олар саяси диалогты дамыту, экономикалық өзара іс-қимылды кеңейту, бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында ынтымақтастықты нығайту сияқты үш негізгі тармаққа шоғырландырылды.

Стратегиялық мақсат ретінде ТМД елдерімен ұзақ мерзімді өзара сенімге негізделген қатынастарды қалыптастыру үшін көпдеңгейлі ынтымақтастықты нығайту қарастырылды. Саясаттың нақты шаралары төмендегідей бағыттарды қамтыған болатын. Олар саяси диалог пен кадрлық және гуманитарлық алмасуды ынталандыру, аймақ елдерінің мемлекеттік құрылымды нығайту, демократияландыру және нарықтық экономикаға көшу үдерістерінде өзіндік мүмкіндіктерін арттыруға жәрдемдесу мақсатында гуманитарлық көмек пен дамуға ресми көмектерін көрсету, жеке сектор арасындағы экономикалық байланыстар мен ынтымақтастықты кеңейту, өзара түсіністік пен мәдени алмасуды дамытуға басымдық беру [85, 7 б.].

Жапония Сыртқы істер министрлігінің мәліметі бойынша, 1997 жылы Рютаро Хашимото ұсынған «Жібек жолы дипломатиясы» бастамасы Орталық Азия елдерімен екіжақты ынтымақтастықты кеңейтуді көздеді. Сонымен қатар бұл бастама олардың жүргізіп жатқан реформаларын қолдауға бағытталды. Осы кезеңде Жапонияның аймақпен диалогы айтарлықтай жандана түсті. Мысалы, 1997 жылдың шілде айында К. Обучи бастаған делегация Орталық Азияға барса, қыркүйекте Экономикалық жоспарлау министрі Т. Асо ресми сапар жасады. Ал желтоқсанда Токиода Орталық Азияға арналған арнайы семинар өтіп, оған аймақ елдерінің өкілдері мен халықаралық сарапшылар қатысып, аймақтың болашағы талқыланды [191].

«Кэйданрэн» (Жапон бизнес федерациясы) отырысында Премьер-министр Р. Хашимото Орталық Азия елдерімен мәдени және гуманитарлық байланыстардың маңызын ерекше атап өтті. Ол Жапонияның бұл аймақпен сенімді қарым-қатынас орнатуға мүдделі екенін айтты. Бұл Жапонияның тек саяси немесе экономикалық емес, сонымен бірге мәдени диалогқа да көңіл бөлетінін көрсетеді. Мұндай тәсіл ұзақ мерзімді сенім қалыптастыруда маңызды рөл атқарды [192]. Осы кезеңнен кейін Жапония Орталық Азияға қолдау көрсетуді біртіндеп күшейтті. Ел үкіметі даму ресми көмегі, екіжақты және көпжақты дипломатиялық байланыстар арқылы аймақпен қарым-қатынасты белсенді түрде дамытты. Сонымен қатар «Қолдау комитеті» сияқты арнайы тетіктер де қолданылды. Р. Хашимотоның «Кэйданрэн» отырысындағы мәлімдемесі тек Батыс елдеріне ғана емес, Қытай мен Ресейге де бағытталған саяси сигнал болды. Бұл Жапонияның ашық әрі прагматикалық диалогқа дайын екенін көрсетті. Сол кезеңде Жапония сыртқы саясатында Қытайдың аймақтағы ықпалын теңестіру мәселесі де маңызды болды.

1997 жылы ұсынылған «Жібек жолы дипломатиясы» осы мақсатпен де байланысты болды. Бұл стратегия Жапонияның Ресеймен, сондай-ақ Орталық Азия және Кавказ елдерімен байланысын жаңа деңгейге көтеруге бағытталды. Сонымен бірге аймақ елдерінің саяси және экономикалық тұрақтылығын нығайтуға және олардың халықаралық жүйеге интеграциялануына ықпал етті.

Жалпы алғанда, «Жібек жолы дипломатиясы» Жапонияның Орталық Азияға қатысты ұзақ мерзімді саясатының негізгі бағыттарының біріне айналды. Р. Хашимото өз сөзінде Жапония Еуразияға «Атлантика емес, Тынық мұхиты тұрғысынан» қарауы керек екенін атап өтті. Бұл Жапонияның өзін тек Азия емес, кеңірек Еуразиялық кеңістікте ықпал ете алатын мемлекет ретінде көрсетуге ұмтылғанын білдіреді. Зерттеуші Кристофер Леннің пікірінше, Орталық Азия - күрделі аймақ. Себебі мұнда ірі державалардың мүдделері тоғысады, табиғи ресурстар мол және ол Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде орналасқан [193].

1998 жылы Жапон бизнес федерациясы - «Кэйданрэн» Қазақстан мен Өзбекстанға барып, мұнай-газ саласы бойынша келіссөздер жүргізді [85, 4 б.]. Осы кезде Жапония Орталық Азиядағы ресурстық дипломатияның маңызын жақсы түсіне бастады. Аймақтың табиғи ресурстарын игеру Жапония үшін де, Орталық Азия елдерінің экономикалық дамуы үшін де маңызды болды.

«Жібек жолы» бастамасының негізгі мәні - Орталық Азия елдерімен жан-жақты байланыстарды нығайту арқылы аймақтағы тұрақтылықты қолдау. Сонымен қатар бұл бастама өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға бағытталды. Жапония осы арқылы аймақ елдерімен қауіпсіздік, экономика және мәдени-гуманитарлық салаларда серіктестік орнатуға ұмтылды. Оның мақсаты - тұрақты және бейбіт Еуразиялық кеңістікті қалыптастыруға үлес қосу болды.

Премьер-министр Рютаро Хашимотоның «Жібек жолы дипломатиясы» Орталық Азия елдерімен ғана емес, Ресей және Қытаймен де сенімді қатынас орнатуға бағытталды. Бұл аймақтағы тұрақтылықты сақтауға көмектесуі тиіс еді. Зерттеуші Николай Мурашкиннің пікірінше, Жапония бұл аймақта Қытай мен Ресей сияқты «үлкен ойынға» тікелей араласпай, сабырлы әрі прагматикалық саясат ұстанды. Бұл бағыт Рютаро Хашимото кезеңінде қалыптасып, кейін Жапонияның аймақтық саясатының тұрақты бөлігіне айналды [104, 24]. Зерттеушілер бұл саясатқа әртүрлі баға бергенімен, «Жібек жолы дипломатиясы» Жапония үшін Орталық Азияның маңызын арттырды. Сонымен қатар Токионың аймаққа деген қызығушылығын нақты саясат деңгейінде бекітті [15].

Жапонияның бұл бастамасы Орталық Азия және Кавказ елдері тарапынан оң қабылданды. Себебі Жапонияның ресми даму көмегі экономикалық қолдау болса, «Жібек жолы дипломатиясы» саяси қолдау ретінде көрінді. Алайда 1998 жылғы сайлаудан кейін Рютаро Хашимото қызметінен кетіп, бұл саясат келесі үкіметке өтті. Соған қарамастан, Жапонияның Орталық Азияға қатысты бағыты баяу болса да, тұрақты түрде жалғасты. Жапония мен Орталық Азия арасындағы қатынастардың жақсы басталуына бірнеше фактор әсер етті. Біріншіден, бұл аймақта Жапониямен тікелей территориялық даулар болған жоқ. Екіншіден, белгілі бір мәдени және «азиялық жақындық» факторы да рөл атқарды. Жапония өз саясатын аймақ елдерінің ерекшеліктерін ескере отырып жүргізе алды.

К. Леннің пікірінше, Жапонияның Орталық Азиядағы саясатын бірнеше кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең (1992-1997 жылдар) - алғашқы байланыстар

орнаған уақыт. Екінші кезең (1997-2004 жылдар) - «Жібек жолы дипломатиясы» жүзеге асырылып, байланыстар нығайған кезең. Үшінші кезең 2004 жылдан бастап бүгінге дейін жалғасып келеді. Бұл кезеңде «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы арқылы ынтымақтастық жаңа деңгейге көтерілді. Осылайша, Жапонияның Орталық Азиядағы саясаты біртіндеп дамыды. Алғашында экономикалық байланыстардан басталып, кейін стратегиялық және дипломатиялық серіктестікке ұласты. Нәтижесінде аймақта тұрақтылық пен ұзақ мерзімді ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған саясат қалыптасты. Т. Уяма, К. Лен және Т. Хироше жүргізген зерттеулерде [85, 12 б.]

Жапонияның «Жібек жолы дипломатиясы» Еуразияға бағытталған кең ауқымды саяси курстың құрамдас бөлігі ретінде сипатталады. Ғалымдардың тұжырымдауынша, Р. Хашимото қалыптастырған Еуразиялық дипломатия жалпы стратегиялық деңгейде саяси әрі геоэкономикалық кеңістікте айқындалған. Ал Орталық Азияға бағдарланған «Жібек жолы дипломатиясы» осы стратегияның нақты аймақтық құралдарының бірі ретінде іске асады. Біздің пайымымызша, аталған бағыт Жапонияның аймақтағы сыртқы саясатын практикалық деңгейде жүзеге асыруға негіз болады.

Н. Мурашкиннің еңбегінде көрсетілгендей [104, 28 б.], Жапонияның Орталық Азиядағы белсенділігін тек экономикалық мүдделермен түсіндіру жеткіліксіз. Бұл саясат елдің халықаралық беделін арттыруға ұмтылысымен және аймақта тұрақты әрі бейбіт даму үлгісін қолдауға бағытталған ниетімен де байланысты. Мұндай тәсіл Жапонияға тән «жұмсақ ықпал» мен «нормативтік әсер ету» тетіктері арқылы жүзеге асады. Осыған байланысты «Жібек жолы дипломатиясы» Жапонияның Еуразия кеңістігінде көпбағытты, теңгерімді және бейбіт әріптестік қалыптастыру саясатының заңды жалғасы ретінде көрінеді.

Р. Хашимотоның көзқарасына сәйкес, «Еуразия» ұғымы Қытай, Ресей және Жібек жолы бойындағы мемлекеттермен, әсіресе Орталық Азия елдерімен қарым-қатынастарды дамытуды қамтиды. Ол Жапонияның Еуропаға бағытталған байланыстарын дәл осы «Жібек жолы» арқылы күшейтуге мүдделі екенін атап өткен. Бұл бағыт Қытай, Орталық Азия және Каспий маңы аймағы арқылы өтеді. Аталған дипломатиялық бастама Жапонияның Еуразиялық стратегиясының негізгі қағидаларын айқындайтын маңызды саяси құжаттардың бірі саналады. Сонымен қатар, бұл құжатта елдің сыртқы саясаттағы басым бағыттары нақтыланып, Еуразиялық дипломатияны жүзеге асыру мәселесіне айрықша назар аударылады. Р. Хашимото баяндамасында «қырғи-қабақ соғыстан» кейінгі халықаралық жүйенің өзгерістері, Жапония мен АҚШ арасындағы одақтастық қатынастар, Ресей және Қытаймен байланыстар, Солтүстік аумақтар мәселесі, сондай-ақ Жібек жолы елдерімен әріптестікті дамыту бағыттары қамтылған [16].

Жапонияның сыртқы саясатында «Жібек жолы» бағытының маңызын бірнеше негізгі факторлар арқылы түсіндіруге болады. Біріншіден, Еуразия

кеңістігіндегі тұрақтылық Азия-Тынық мұхиты аймағының қауіпсіздігіне тікелей ықпал етеді. Екіншіден, Каспий аймағы көмірсутек ресурстарының молдығымен әлемдік энергетикалық жүйеде маңызды орынға ие. Үшіншіден, Орталық Азия мемлекеттерінің институционалдық дамуын қолдау арқылы Жапония тек осы аймақпен ғана емес, сонымен бірге Ресей, Қытай және ислам әлемімен де өзара тиімді әрі тұрақты байланыстар орната алады [115].

Премьер-министр қызметінен кеткеннен кейін Р. Хашимото «Асахи шимбун» басылымының журналисі Й. Фунабашиге берген сұхбатында өзінің сыртқы саяси көзқарастарын тарқатқан. Журналист оның әлемдік процестерді жеке стратегиялық көзқарас тұрғысынан бағалауын маңызды жетістік ретінде сипаттайды. Ресей бағытына қатысты Хашимото бұл мәселені тек Солтүстік аумақтар дауына тіреп қою дұрыс емес екенін атап өтеді. Оның пікірінше, Ресейді Азиядағы ықпалды ойыншылар қатарына енгізу қажет. Бұл қадам Қытай мен Үндістанның аймақтағы ықпалын белгілі бір деңгейде теңгеруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыда ол Жапония, АҚШ және Қытай арасындағы қатынастарда сақтық қажет екенін айтып, Ресейдің осы жүйедегі рөлін ерекше бағалайды. Саясаткердің бейнелі тұжырымында, «үшбұрышты төртбұрышқа айналдыру» арқылы геосаяси қайшылықтарды жұмсартуға болады [74].

1997 жылғы желтоқсанда Жапония экономикалық ұйымдары федерациясының өкілі әрі бұрынғы Ресейдегі елші В. Кодзи де Орталық Азияның стратегиялық маңызына тоқталған. Оның пікірінше, бұл аймақ елдерінің тұрақты дамуы бүкіл Еуразия үшін маңызды, өйткені олар белгілі бір деңгейде қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін буферлік кеңістік ретінде қызмет атқара алады. Сонымен қатар, аймақтың Ресей, Қытай, Иран және Ауғанстан сияқты ықпалды мемлекеттермен шектесуі оның геосаяси маңызын арттыра түседі [194].

Р. Хашимото Каспий теңізі аймақтағы мұнай-газ ресурстарының әлемдік нарықтағы рөлінің күшейіп келе жатқанын да атап өткен. Соған қарамастан, Жапония үшін Орталық Азиядағы энергетикалық ынтымақтастық негізгі мақсат емес, керісінше аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын ынталандыру тетігі ретінде қарастырылды. Бұл ұстаным инфрақұрылымдық шектеулермен де байланысты болды. Өйткені аймақтың теңізге тікелей шығу мүмкіндігінің болмауы ресурстарды тасымалдауды қиындатады. Жапонияға жеткізу үшін бірнеше транзиттік елдердің келісімі қажет болса, Ресей мен Қытай бағыттары анағұрлым қолжетімді болды. Осындай жағдайлар Жапонияның аймақтағы ресурстық саясатты әртараптандыру тәсілдеріне елеулі ықпал етті [85, 13 б.]. Еуразия кеңістігіндегі сауда байланыстарын жандандыратын маңызды дәліз ретінде Жібек жолының әлеуеті Р. Хашимото ерекше жоғары бағалады. Осы көзқарасқа сәйкес, Жапония тарапынан көрсетілген қолдау ең алдымен Орталық Азия ішіндегі аймақаралық ықпалдастықты күшейтуге бағытталды. Әсіресе көлік, коммуникация және энергетикалық инфрақұрылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілді. Токио ұстанымы бойынша, аймақтың орнықты дамуын

қамтамасыз ету және шетелдік капиталды тарту үшін Орталық Азияда ортақ экономикалық кеңістік қалыптастыру қажет болды. Сондықтан Жапония стратегиясының негізгі бағыттарына саяси диалогты жандандыру, экономикалық және энергетикалық байланыстарды кеңейту, көлік пен байланыс жүйелерін жаңарту, ішкі аймақтық серіктестікті жеделдету және бейбіт бастамаларды қолдау кірді. Сонымен бірге адам капиталын дамыту мен экологиялық қауіпсіздікке қатысты жобалар да осы саясаттың ажырамас бөлігіне айналды.

«Жібек жолы дипломатиясы» іске қосылған кезеңнен бастап, яғни 1997 жылдан кейін, Орталық Азияның геосаяси кеңістігі елеулі өзгерістерді бастан өткерді. Сол өзгерістердің ішіндегі ең маңыздыларының бірі - 1996 жылы «Шанхай бестігі» ретінде бастау алған форматтың 2001 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ) айналуы болды. Уақыт өте келе бұл құрылым тек аймақтық деңгейде ғана емес, тұтас Еуразия аясында да ықпалын күшейтіп, институционалдық тұрғыдан нығая түсті. ШЫҰ қызметі Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы сенімді арттырумен қатар, Қытай мен Ресей арасындағы стратегиялық әріптестікті тереңдететін маңызды алаңға айналды.

Бүгінгі күні ШЫҰ АҚШ, Еуропа немесе Жапония мүдделеріне тікелей қауіп төндірмейді. Дегенмен, ұйым қызметінің Ресей мен Қытайдың стратегиялық басымдықтарына негізделуі және аймақтағы авторитарлық басқару модельдерінің күшеюіне жанама ықпал ету ықтималдығы белгілі бір алаңдаушылық туғызады [85, 14 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, ұйымның институционалдық тұрғыдан күшеюі Еуразиядағы күштер теңгерімінің қайта қалыптасуына әсер етіп қана қоймай, Жапонияның «Жібек жолы дипломатиясы» шеңберіндегі мақсаттарына да жанама ықпал етті. Осы жағдайларда Жапонияның бастамасы ШЫҰ-ның қауіпсіздікке бағытталған тәсілін толықтыратын, балама сипаттағы аймақтық модель ретінде көрінді.

Токио ұстанымы күшке негізделген саясаттан гөрі сенімге, ынтымақтастыққа және даму қағидаттарына сүйенетін «жұмсақ күш» тетіктерін аймақта жүзеге асыруға бағытталды. Жалпы алғанда, Жапонияның Орталық Азиядағы дипломатиялық бағыты, әсіресе «Жібек жолы дипломатиясы», ШЫҰ және басқа да аймақтық құрылымдар арасындағы геосаяси бәсекелестік жағдайында балама әрі үйлесімді стратегия ретінде ерекшеленді. Егер ШЫҰ қауіпсіздік пен ықпал ету құралдарын алдыңғы орынға қойса, Жапония керісінше мәдени, гуманитарлық және экономикалық тетіктер арқылы бейбіт интеграция үлгісін ұсынды. Бұл ұстаным Жапонияның Еуразия кеңістігіндегі ұзақ мерзімді мүдделерінің айқын көрінісі болды. Сонымен қатар, Орталық Азиямен шектес Иран, Үндістан және Пәкістан сияқты мемлекеттер де аймақ елдерімен түрлі бағыттағы байланыстарды дамытуға ұмтылды, алайда олардың нәтижелері әркелкі болды. Жүргізілген талдау көрсеткендей, Жапонияның Орталық Азияға қатысты «Жібек жолы дипломатиясы» бастамасында геосаяси мақсаттардан гөрі ресми даму көмегі арқылы экономикалық өсуді қолдау басым бағыт ретінде

көрінді. Бұл бастама Жапония мен Орталық Азия елдері арасындағы тарихи және мәдени үндестікті күшейтіп, өзара сенімнің қалыптасуына ықпал етті. Дегенмен, Дз. Коидзумидің билікке келуі және 2001 жылғы 11 қыркүйектегі оқиғалардан кейін халықаралық қатынастар жүйесінде түбегейлі өзгерістер орын алды. Соның нәтижесінде Жапонияның «Еуразиялық дипломатиясы» біртіндеп өз маңызын жоғалтып, саяси күн тәртібінен ығыса бастады. Кейбір деректерге сүйенсек, егер К. Обучи үкіметі өз қызметін жалғастырғанда, «Жібек жолы дипломатиясы» жаңа сапалық кезеңге өтуі мүмкін еді. Алайда премьер-министрдің денсаулығына байланысты қызметтен кетуі саяси сабақтастықты әлсіретті. Оның орнына келген Ё. Мори әкімшілігі, керісінше, басқару тиімділігіне қатысты сынға ұшырап, саяси тұрақсыздық белгілерін көрсетті [195].

Жапония посткеңестік мемлекеттерге қатысты арнайы аймақтық стратегияны қалыптастырған алғашқы ірі экономикалық державалардың бірі болды.

Н. Мурашкиннің пікірінше [104, 31], Токио «Жібек жолы дипломатиясын» жүзеге асыруда АҚШ пен Қытайдан бұрын белсенділік танытып, аймаққа бағытталған ірі көмек бағдарламаларын алғашқылардың бірі болып ұсынды. Бұл бастама тек сыртқы саяси мүдделермен шектелмей, кең ауқымды даму мен өзара байланыстарды нығайту стратегиясының құрамдас бөлігіне айналды.

Жапония ұсынған модель экономикалық ынтымақтастықты, инфрақұрылымдық жобаларды және мәдени өзара түсіністікті үйлестіре отырып, аймақ елдерінің тұрақтылығы мен тәуелсіздігін қолдауға бағытталды. Осы арқылы Жапония ұзақ мерзімді перспективада аймақтық қатынастарды экономикалық және гуманитарлық құралдар арқылы нығайтуды көздеді. Жапонияның Орталық Азияға бағытталған «Жібек жолы дипломатиясының» негізгі күшті және әлсіз тұстары, сондай-ақ оның алдында ашылатын мүмкіндіктер мен ықтимал қауіп-қатерлер төмендегі кестеде жүйеленіп көрсетілген.

Аймақта ұзақ мерзімді ықпалын күшейту мақсатында Жапония негізінен «жұмсақ күш» құралдарына сүйенеді. Білім беру, мәдени алмасу және технологиялық ынтымақтастық арқылы сенім қалыптастыруға ұмтылу осы саясаттың өзегін құрайды. Мұндай тәсіл қысқа мерзімді нәтижеден гөрі, ұзақ мерзімді саяси және экономикалық тиімділікке бағытталған. Яғни, Токио үшін бастысы тұрақты әріптестік орнатып, аймақта оң бейне қалыптастыру.

Сонымен қатар, бұл стратегияның тиімділігіне әсер ететін бірқатар шектеулер де бар. Атап айтқанда, географиялық алшақтық, сондай-ақ Қытайдың аймақтағы экономикалық белсенділігінің артуы Жапонияның ықпалын белгілі бір деңгейде тежейді. Осындай сыртқы факторлар жобаларды іске асыру барысында қаржылық және ұйымдастырушылық тәуекелдердің туындауына себеп болуы мүмкін.

Осы жағдайларды ескере отырып, Жапония алдында тұрған негізгі стратегиялық міндет шектеулі ресурстарды барынша ұтымды пайдалану арқылы «жұмсақ күш» тетіктерін тиімді іске асыру. Нәтижесінде сенімді серіктестік орнатып, тұрақты оң имидж қалыптастыру мүмкіндігі артады. Дәл осы бағыт Жапонияның Орталық Азиядағы ұзақ мерзімді ықпалын сақтаудың және нығайтудың басты шарты ретінде қарастырылады.

Кесте 6 - «Жібек жолы дипломатия» бастамасына SWOT талдау

1	2	3
	Күшті	Әлсіз
Сипаттамасы	ДРК тиімділігі; Сенімді серіктестік; Жұмсақ күшке негізделген дипломатия; Адам капиталын дамыту	Географиялық қашықтық; Бюрократиялық рәсімдердің күрделілігі; Саяси ықпалдың әлсіздігі
	Мүмкіндіктер	Қауіптер
	Көпвекторлы саясат жақдайында байланысты күшейту; инфрақұрылымдық, цифрлық жобаларды құру	Географиялық қашықтық; Бюрократиялық рәсімдердің күрделілігі; Саяси ықпалдың әлсіздігі
Ескерту: «Жібек жолы дипломатиясын» талдау негізінде автор тарапынан құрастырылған		

XX ғасырдың соңында қалыптасқан жаңа геосаяси жағдайда Жапонияның «Жібек жолы дипломатиясы» Орталық Азияға қатысты сыртқы саясатының негізгі тұжырымдамалық тіректерінің біріне айналды. Кеңес Одағы тарағаннан кейін халықаралық аренада пайда болған жаңа тәуелсіз мемлекеттермен байланыс орнату Жапония үшін тек экономикалық мүмкіндік ретінде ғана емес, сонымен бірге Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған ұзақ мерзімді стратегиялық қадам ретінде қарастырылды. Осыған байланысты Токио өз саясатын әскери немесе тікелей саяси ықпалға емес, экономикалық әріптестікті дамытуға, инфрақұрылымдық жобаларды қолдауға және мәдени-гуманитарлық байланыстарды күшейтуге негіздеді. Орталық Азияға қатысты саясаттың қалыптасуында «Жібек жолы дипломатиясы» айрықша рөл атқарып, аймақпен жан-жақты экономикалық, саяси және мәдени байланыстарды дамытудың берік стратегиялық негізін қалады. Бұл бастама Жапонияның Еуразиядағы қатысу аясын кеңейтіп қана қоймай, сонымен бірге Орталық Азия мемлекеттерінің жаһандық экономикалық жүйеге бейімделуіне және олардың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін маңызды дипломатиялық құрал ретінде бағаланады [196]. Жалпы алғанда, «Жібек жолы дипломатиясы» Жапонияның Орталық Азиядағы қызметін айқындайтын негізгі бағыт ретінде қалыптасқаны анық. Кейінгі бастамалардың барлығына дерлік

соның ішінде «Орталық Азия плюс Жапония» форматы шеңберіндегі өзара іс-қимылға идеялық және саяси негіз болды. Осы саясат арқылы Токио өзін «жауапты серіктес» ретінде таныта отырып, аймақтың тұрақтылығы мен орнықты дамуына үлес қосуға бағытталған ұстанымын нақты көрсетті.

2.2 «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы - Жапон аймақтық бастамаларын жаңа деңгейге көтерілу жолы

Жапонияның Орталық Азия елдеріне бағытталған «Жібек жолы дипломатиясы» бастамасының жалғасы ретінде «АСЕАН плюс Жапония» үлгісіндегі «Орталық Азия плюс Жапония» форматы қалыптасты. Бұл бастама аймақтық ынтымақтастықты тереңдетіп, сонымен бірге Жапония мен аймақ арасындағы стратегиялық тетіктерін нағайтуға бағытталды. Аталған бағыт, Дж. Коидзумидің, Сыртқы істер министрлері Ё. Кавагучи, Т. Асоның, А. Амаридің белсенді қатысуының нәтижесінде дамыды.

Т.Юасаның пайымдауынша, бұл үдерісте сыртқы істер министрліктерінің өкілдері шешуші рөл атқарған. Диалог идеясын ұсынған бұрынғы сыртқы істер министрі Ё. Кавагучиді атайды [17]. Ё.Кавагучидің мәліметінше, алғашқы ресми кездесу туралы 2004 жылы Қытайда өткен Азия ынтымақтастық диалогы аясында бейресми түрде талқыланып, Қазақстанның сыртқы істер министрі Қ. Тоқаевпен келісілген. Қ.Тоқаев бұл кездесуді Орталық Азия ынтымақтастық ұйымы сыртқы істер министрлерінің 2004 жылғы тамызда Астанада өтетін жиналысымен тұспа-тұс келтіруді ұсынған және бұл мәселені аймақтық әріптестерімен талқылауға дайын екенін жеткізген. Ё.Кавагучи «бастаманы» қалыптастыру аймақтық ынтымақтастық және экономикалық даму ұғымдарына сүйенетінін атап өткен. Мұндай екпін аймақішілік ынтымақтастық пен экономикалық өркендеуді дамытатын жобаларды дамытуға ықпал ету ниетімен байланысты болды [19]. Осыған байланысты «экономикалық» фактордың бастаманы қалыптастырудағы негізгі тіректердің біріне айналғаны айқын байқалады. Бұл фактілер бастамаға деген Орталық Азия саясаткерлері мен дипломаттарының сенімділігін туғызды. Сол кезеңде Жапония Сыртқы істер министрлігі бұрын Кеңес Одағының құрамында болған елдердің экономикалық дамуына және аймақтық ынтымақтастыққа ықпал ететін механизмді қалыптастыру мәселесін қарастырған.

Экономикалық ведомство тәжірибесі бар сыртқы істер министрі Ё.Кавагучи де аймақтық ынтымақтастықтың маңыздылығына қатысты «Экономикалық даму болмаса, бейбітшілік пен тұрақтылық та болмайтынын» атап айтты [197]. Саясаткер АСЕАН тәжірибесі негізінде Орталық Азияда аймақтық экономикалық интеграцияның дамуына баса назар аударуды қажет ететінін мәлімдеді. Жапония Орталық Азияға тән аймақішілік ынтымақтастық қағидаттарын қолдауға және бұл өңірді біртұтас кеңістік ретінде қабылдауға мүдделілік танытты. Сонымен қатар, Ё. Кавагучи болашақта Ауғанстанның да осы үдеріске қосылу мүмкіндігін жоққа шығармайтынын атап өткен [20].

Аталған бастамаларды сапалық жаңа деңгейге көтеру мақсатында Жапонияның сол кездегі сыртқы істер министрі Ё. Кавагучи 2004 жылғы 25-31 тамыз аралығында Өзбекстан, Қазақстан, Тәжікстан және Қырғыз Республикасына ресми сапар жасады. Бұл сапар Жапонияның Орталық Азияға қатысты сыртқы саясатының мазмұндық тұрғыдан жаңаруын айқын көрсеткен маңызды кезең болды. Өзбекстандағы кездесулер барысында Ё. Кавагучи Жапонияның Орталық Азия бағытындағы жаңартылған сыртқы саяси көзқарасын жариялап, оны «Жаңа өлшемнің қосылуы» яғни «Орталық Азия плюс Жапония» деп атады [18, 2]. Осы тұрғыдан алғанда, «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы аймақ елдері мен Жапония арасындағы өзара байланыстарды жүйелеуге арналған жаңа диалогтық алаң ретінде ұсынылды. Айта кету керек, Ё. Кавагучи осы форматтағы сыртқы істер министрлері деңгейіндегі алғашқы кездесуге тікелей қатысқан. Жапония бұл құрылым арқылы аймақпен серіктестікті белсенді түрде нығайту ниетін нақтылай түсті. Қазақстан мен Қырғызстанға жапон сыртқы істер министрі М. Ватанабэ соңғы рет 1992 жылы ресми сапармен барған болатын.

Орталық Азия және Жапония мемлекетінің Сыртқы істер министрлерінің алғашқы ресми кездесуі 2004 жылғы 28 тамызда Астанада өтті. Оған Түрікмен делегациясынан Елшілер қатысты. Кейінгі кезеңдегі талдаулар Жапонияның Орталық Азия мемлекеттерінің аталған бастамаға төмен деңгейде қатысуына теріс көзқарас білдіргенін көрсетеді. Дегенмен Еуропа бюросының бұрынғы бас директоры С. Комацу атап өткендей, Түрікменстан тарапынан қатысудың өзі бұл бастаманы қолдаудың маңызды белгісі ретінде бағаланған [82].

2004 жылғы 28 тамызда Қазақстан аумағында «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы шеңберінде сыртқы істер министрлерінің алғашқы ресми кездесуі өтті, бұл бастаманың институционалдық тұрғыдан қалыптасуына негіз қалады. Астанада өткен осы кездесуде аймақтың бірнеше мәселелесі қарастырылды. Онда Ауғанстанды қалпына келтіру, есірткінің заңсыз айналымы, терроризм, қоршаған орта, энергетика, су, көлік, сауда, инвестициялар сияқты мәселелерді шешу құралы ретінде аймақтық ынтымақтастықтың маңыздылығы атап өтілді [198, 32 б.].

Аталған мәлімдемесінде Ё. Кавагучи Жапония мен Орталық Азия арасында көпжақты ынтымақтастыққа негізделген «Орталық Азия плюс Жапония» диалогын құру бастамасын ұсынды. Сонымен қатар ол Жапонияны Орталық Азияның «табиғи серіктесі» ретінде сипаттап, аймақаралық серіктестікті дамытудың маңызын атап өтті [18, 4 б.].

Бұл бастама экономикалық, саяси, мәдени және қауіпсіздік салаларын да қамтиды. Жапония аймақтықтың тұрақтылығын қолдай отырып, Ауғанстандағы ахуал, трансшекаралық су ресурстары және экологиялық мәселелер бойынша

ұстанымын білдіріп келеді. 2004 жылы іске қосылған «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы аймақпен саяси, экономикалық, гуманитарлық салаларды нығайтудың маңызды тетігіне айналды [199]. Бұл бастама Жапонияның Орталық Азиядағы көпвекторлы дипломатиясының көрінісі ретінде бағаланады. Токио оны аймақтық қауіпсіздік, тұрақты даму және ядролық қарусыздандыру мәселелерімен ұштастыра отырып жүзеге асыруда. Аймақтың қауіпсіздік мәселелері, әсіресе Ауғанстанмен терроризм, есірткі айналымы, діни экстремизм және адам саудасы сияқты қатерлермен тығыз байланысты. Осыған байланысты Жапония тек қаржылай қолдаумен ғана шектелмей, институционалдық деңгейде де ықпал етіп отыр. Соңғы жылдары бастаманың күн тәртібі кеңейіп, қауіпсіздік мәселелерімен қатар климаттың өзгеруі, жасыл экономика, цифрлық трансформация және адам қауіпсіздігі сияқты жаңа бағыттар қарастырыла бастады [200].

Зерттеушілердің пайымдауынша, бұл бастама көпвекторлы сыртқы саясатты жүзеге асыруда және халықаралық серіктестіктерді кеңейтуде тиімді бағыт [201]. К. Леннің бағалауынша, аталған тетік 1997 жылы басталған «Жібек жолы дипломатиясының» жалғасы болып саналады. Егер бұрын бастамалар көбіне екіжақты сипатта болса, қазіргі кезеңде олар көпжақты және аймақтық деңгейде дамып жатыр [92, 31].

Жапонияның Орталық Азияға қызығушылығы, аймақтың геосаяси маңыздылығымен байланысты. Еуразия кеңістігіндегі тұрақсыздық жағдайлары Токио үшін де қауіпсіздік тұрғысынан өзекті. Терроризм, экстремизм және есірткі трафигі сияқты қатерлер халықаралық деңгейде әсер ететіндіктен, Жапония аймақтың тұрақтылығына ерекше мән береді. Сонымен бірге аймақ табиғи ресурс, энергентика тұрғысынан маңызды аймақ болып табылады [202].

Ё. Кавагучи баяндамасының саяси маңыздылығы бірнеше қырынан көрінеді. Біріншіден, ол Жапонияның аймақтағы дипломатиялық белсенділігінің артқанын көрсетті. Екіншіден, демократияландыру, нарықтық реформалар және институционалдық жаңғырудың маңыздылығы атап өтілді. Үшіншіден, диалогтың институционалдық негізі ретінде сыртқы істер министрлері кездесуі мен жоғары лауазымды тұлғалар отырысы бекітілді. Сонымен қатар кадрлық әлеуетті дамытуға бағытталған бағдарламалар ұсынылды.

Жапония бастамасымен құрылған бұл формат аймақ елдері тарапынан оң бағаланып, жаңа дипломатиялық механизм ретінде жүйеленді. Әсіресе Түрікменстанның қатысуы оның тиімділігін көрсететін маңызды фактор болды.

Кездесулер барысында аймақ елдері Жапонияның экономикалық реформалары мен институционалдық дамуға қосқан үлесін жоғары бағалап, аймақаралық интеграцияны дамыту қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ Ауғанстанға көрсетілген қолдау да оң бағаланды.

Диалог аясында бірқатар маңызды құжаттар қабылданды. Ауғанстан ғана жекелеген кездесулерге қатысты.

2011 жылы құрылған Экономикалық форум диалогтың іскерлік құрылымын күшейтті. Жалпы, оның институционалдық құрылымы сыртқы істер министрлері мен жоғары лауазымды тұлғалар деңгейінен тұрады [199].

Қорытындылай келе, «Орталық Азия плюс Жапония» форматы аймақтық ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтерген көпжақты дипломатиялық алаң ретінде қалыптасты.

«Орталық Азия плюс Жапония» диалогының институционалдық қалыптасуы барысында іс-шаралар жүйелі түрде өткізіліп отырды. Бүгінгі күнге дейін сыртқы істер министрлері деңгейінде он кездесу, Токио зияткерлік диалогының он үш отырысы, жоғары лауазымды тұлғалардың он алты кездесуі, бизнес өкілдерінің қатысуымен екі іскерлік диалог және сарапшылардың сегіз консультациялық кездесуі ұйымдастырылды [24]. Аталған іс-шаралар диалогтың мазмұнын кеңейтіп, тараптар арасындағы өзара түсіністікті тереңдетіп, көпжақты ынтымақтастық тетіктерін жетілдіруге ықпал етті. Сыртқы істер министрлері деңгейіндегі кездесулер диалогтың институционалдық дамуының өзегін құрайды. Олардың әрқайсысы аймақ елдері мен Жапония арасындағы саяси байланыстарды жүйеледі. Екіжақты және көпжақты әріптестікті нығайтты. Сонымен қатар бұл кездесулер нақты басымдықтарды айқындап, тәжірибе алмасуға және практикалық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 2004-2025 жылдар аралығында диалог аясында елеулі нәтижелерге қол жеткізілді. Осы үдерісті жүйелі талдау мақсатында автор кезеңдеуді сыртқы істер министрлері кездесулерін бастапқы нүкте ретінде ала отырып жүргізеді.

7-кестеде «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасының негізгі хронологиясы. Онда сыртқы істер министрлері деңгейіндегі он кездесу, жоғары лауазымды тұлғалардың он алты отырысы, Токио зияткерлік диалогының он үш жиыны және үш экономикалық форумның өткізілу уақыты мен орны жүйеленіп көрсетілген.

Кесте 7 - «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасына қатысты оқиғалар хронологиясы

1 СІМК (28.08. 2004) Қазақстан	**2 СІМК (05.06. 2006) Жапония**	**3 СІМК (07.08. 2010) Өзбекстан**	**4 СІМК (09.11. 2012) Жапония**	**5 СІМК** (17.07. 2014) Қырғызстан	**6 СІМК** (01.05. 2017) Түрікменстан
1	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**
7 СІМК (19.05. 2019) Тәжікстан	**8 СІМК** (15.04. 2020) Бейне конференция	**9 СІМК** (24.12. 2020) Жапония	**10 СІМК** (20.12. 2025) Жапония		

Кесте 7 - нің жалғасы

1 ЖЛШК (04.03.2005 Өзбекстан) **2 ЖЛШК** (08.02.2006 Қазақстан) **3 ЖЛШК** (13.12.2007 Тәжікстан) **1 ТИД** (30.03.2006 Жапония) **2 ТИД** (30.01.2007 Жапония)	**4 ЖЛШК** (15.07.2008 Өзбекстан) **5 ЖЛТК** (27.07.2010 Өзбекстан) **6 ЖЛШК** (01.12.2011 Жапония) **3 ТИД** (20.02.2009 Жапония) **4 ТИД** (05.02.2010 Жапония)	**7 ЖЛШК** (22.10.2013 Қырғызстан) **8 ЖЛШК** (18.03.2014 Жапония) **9 ЖЛШК** (04.03.2015 Жапония) **5 ТИД** (15.03.2013 Жапония) **6 ТИД** (18.03.2014 Жапония) **1 ЭФ** (26.07.2011 Жапония)	**10 ЖЛШК** (24.11.2015 Түрікменстан) **11 ЖЛШК** (25.03.2016 Жапония) **12 ЖЛШК** (26.11.2018 Тәжікстан) **7 ТИД** (27.03.2015 Жапония) **8 ТИД** (02.03.2016 Жапония) **9 ТИД** (28.09.2016 Жапония)	**13 ЖЛШК** (26.11.2018 Жапония) **14 ЖЛШК** (16.06.2021 Жапония) **10 ТИД** (31.03.2017 Жапония) **11 ТИД** (03.07.2018 Жапония)	**15 ЖЛШК** (20.10.2022 Жапония) **16 ЖЛШК** (14.05.2024 Жапония) **12 ТИД** (16.05.2023 Жапония) **13 ТИД** (14.03.2025 Жапония) **2 ЭФ** (11.08.2024 Қазақстан) **3 ЭФ** (20.12.2025 Жапония) [276-278]
Ескерту: ОАЖД кездесулерін, отырыстарын, бизнес-форумдарды және сарапшылардың пікір алмасу сессияларын талдау негізінде автордың дербес құрастырған материалын көрсетеді.					

1-СІМ (2004, Астана): Диалогтың институционалдық негізі қаланып, ынтымақтастықтың негізгі бағыттары айқындалды [25].

2-СІМ (2004, Токио): Ынтымақтастық кеңейтіліп, аймақтық тұрақтылық пен даму басты мақсат ретінде бекітілді, Ауғанстан факторы енгізілді.

3-СІМ (2007, Душанбе): Саяси диалог нығайып, көпжақты өзара іс-қимыл тетіктері дамытылды.

4-СІМ (2012, Токио): Сауда, энергетика, экология, қауіпсіздік және әлеуметтік даму бағыттары басымдық ретінде белгіленді [26].

5-СІМ (2014, Бішкек): Кездесу барысында ауыл шаруашылығы ынтымақтастықтың басым бағыттарының бірі ретінде айқындалып, осы саладағы технологиялық өзара іс-қимылды дамытуға арналған «Жол картасы» қабылданды [27].

6-СІМ (2017, Ашхабад): Тараптар аймақтық қауіпсіздік, терроризмге қарсы іс-қимыл, экономиканы әртараптандыру және көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту мәселелерін талқылады [28].

7-СІМ (2019, Тәжікстан): Негізгі назар инвестицияларды тарту, туризмді дамыту, аймақтық қауіпсіздікті нығайту және жеке сектордың қатысуын кеңейтуге аударылды [29].

Арнайы кездесу (2020, онлайн): Пандемия жағдайында цифрландыру, денсаулық сақтау, экология және дағдарысқа қарсы ынтымақтастық мәселелері қарастырылды.

8-СІМ (2022, онлайн): Пандемиядан кейінгі қалпына келу, жаһандық геосаяси өзгерістер және гуманитарлық ынтымақтастық бағыттары талқыланды [30].

9-СІМ (2022, Токио): Халықаралық тұрақсыздық жағдайында әріптестікті тереңдету және ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын айқындау мәселелері қарастырылды.

10-СІМ (2025, Токио): Кездесуде ынтымақтастықты сапалық жаңа деңгейге көтеру, ұзақ мерзімді даму басымдықтарын айқындау және аймақтық интеграцияны күшейту мәселелері талқыланды.

Орталық Азия мемлекеттері экстремизмнің алдын алуға бағытталған аймақтық жобаларды қолдау үшін бөлінген шамамен 600 миллион йена көлеміндегі гранттық көмекке, сондай-ақ шекаралық басқару жүйесін жетілдіру мен шекара маңындағы өңірлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған тұрақты қолдауы үшін Жапонияға ризашылық білдірді.

Жиын барысында қауіпсіздік, экономикалық өзара іс-қимыл және көпжақты дипломатияны нығайтуға қатысты өзекті бастамалар қарастырылып, өзгеріп отырған геосаяси ортаға бейімделуге бағытталған ұсыныстар жасалды [31].

2017 жылғы 28 ақпанда Токиода Жапония СІМ «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы аясында алғаш рет бизнес диалог өткізді. Оның мақсаты Жапония мен Орталық Азияның бес елі (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан) арасындағы экономикалық байланыстарды нығайту, сондай-ақ Жапония компанияларын аймақтық инвестициялық және логистикалық мүмкіндіктерімен таныстыру болды.

Диалогқа Жапония бизнес құрылымдарының 100-ден астам өкілі қатысты. Іс-шара барысында Орталық Азия елдерінің делегациялары инвестициялық әлеуеті, бизнес-ортасы және ынтымақтастық перспективалары жөнінде ақпарат берді. Сондай-ақ тәжірибе алмасулар аймақ пен Жапония арасындағы экономикалық байланыстарды нығайтуға ықпал етті.

Бастама аясындағы іс-шаралар нәтижесінде аймақтықтың құқықтық-саяси құжаттары мен жол карталары қабылданды [32].

2018 жылғы 23 наурызда Жапония СІМ-нің қолдауымен «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы аясында екінші бизнес-диалог өтті. Аталған іс-шарада аймақтың экономикалық жай-күйі мен даму перспективалары, әсіресе туризм саласындағы бизнес-ахуал талқыланған болатын [33].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы Жапония үшін аймақтағы саясатын күшейтуге және халықаралық позициясын нығайтуға тарысты. СІМ, ЖЛТО және Токио диалогы аясындағы кездесулерде аймақ пен Жапония ауқымды мәселелерді талқылап, аймаққа қатысты нақты ұсыныстар әзірледі.

Соңғы жылдары аймақтағы саяси өзгерістер, атап айтқанда Қазақстан мен Өзбекстанда жаңа саяси көшбасшылардың билікке келуі, аймақтық интеграция мәселесіне жаңа серпін берді. Бұл үдерістер Жапония мен аймақ арасындағы ынтымақтастықты одан әрі күшейту үшін диалог мазмұнын кеңейту қажеттігін көрсетеді.

«Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы «жұмсақ күш» құралдары мен экономикалық ынтымақтастық арқылы аймақтағы өзара сенімді арттыруға ықпал етеді.

Кесте 8 - «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасына SWOT-талдау

Ішкі факторлар	Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1	2	3
Сипаттамасы	Жұмсақ күштің тиімді қолданылуы - Бастама мәдени, білім беру, ғылыми ынтымақтастық арқылы Жапонияның аймақтағы беделін нығайтады [299]. Инфрақұрылымдық қолдау және инвестициялар - JICA арқылы қаржыландырылатын жобалар жол, теміржол және энергетика салаларын қамтиды. 2019 ж. Қазақстандағы Алматы-Өскемен жолын жаңарту жобасына 15 млн доллар жұмсалды, бұл аймақтық сауда мен логистиканы жақсартты. Позитивті имидж - Жапония аймақта бейбіт және серіктес ретінде танылды, бұл басқа жаһандық ойыншылармен бәсекелестікте дипломатиялық артықшылық береді.	Географиялық қашықтық пен логистикалық шектеулер - Жапониядан Орталық Азияға жеткізілетін жобалар мен технологиялар ұзақ жолдан өтеді, бұл уақыт пен шығынды арттырады. Мысалы, 2020 ж. JICA жобасының жеткізу мерзімі 6 айға ұзартылды, бұл қаржылық және ұйымдастырушылық тәуекел тудырды. Салыстырмалы экономикалық ықпалдың төмендігі - Қытай сияқты ірі инвесторлармен салыстырғанда, Жапонияның капиталы көлемі аз, сондықтан кейбір ірі инфрақұрылымдық жобаларға тікелей әсер ету мүмкіндігі шектеулі [300].


Кесте 8 - нің жалғасы

	4	5
Ішкі факторлар	Мүмкіндіктер	Қауіптер
Сипаттамасы	Экономикалық серіктестікті кеңейту - Орталық Азия елдерінде энергетика, логистика және цифрлық экономика саласында жаңа жобаларды іске асыру мүмкіндігі бар. Мысалы, 2021 ж. Жапония Қазақстандағы жел энергиясы жобасына 50 млн АҚШ доллар көлемінде инвестиция салды [299], бұл энергетикалық тәуелсіздік пен технологиялық дамуға септігін тигізді. Аймақтық серіктестікті нығайту «Орталық Азия плюс Жапония» форумы сияқты платформалар дипломатиялық диалогты тереңдетіп, экономикалық және мәдени байланыстарды арттыра алады. Жұмсақ күш арқылы тұрақтылықты күшейту - білім беру, мәдени және ғылыми жобалар арқылы әлеуметтік капитал мен сенім қалыптастыруға мүмкіндік бар.	Бәсекелестік қысымы - Қытайдың «Бір белдеу - бір жол» бастамасы экономикалық ықпал мен инвестициялар көлемін арттыра отырып, Жапонияның позициясын әлсіретуі мүмкін. Саяси және әлеуметтік тәуекелдер - Орталық Азия елдеріндегі ішкі саясаттағы тұрақсыздық [300]. Экономикалық тәуелділіктің шектеулері - Жапонияның экономикалық ресурстары шектеулі болғандықтан, масштабты жобаларды іске асыруда Қытаймен немесе Ресеймен бәсекелесу қиынға соғады.
Ескерту: «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасын талдау нәтижелері автор тарапынан құрастырылған.		

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы Жапонияның аймақтық бастамаларының жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін айқындайды. Бұл формат саяси диалогты дамытуға, ортақ мүдделерді үйлестіруге және аймақтық серіктестікті нығайтуға мүмкіндік беретін тиімді дипломатиялық тетік ретінде орнықты.


Зерттеу аясында Жапонияның Цукуба университетінде ғылыми тағылымдамадан өту барысында Орталық Азия елдерінен келген магистранттар, докторанттар және зерттеушілер арасында «Жапонияның Орталық Азия елдерімен ынтымақтастығы» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты - Орталық Азиядан келген академиялық қауымдастық өкілдерінің Жапонияның аймаққа қатысты сыртқы саясатына, сондай-ақ екіжақты және көпжақты ынтымақтастықтың тиімділігіне қатысты көзқарастарын анықтау болды. Респонденттердің Жапонияның аймақтағы саяси, экономикалық, білім беру және мәдениет салаларындағы басымдықтары мен ықтимал даму бағыттарына қатысты пікірлері талданды. Сонымен қатар «Орталық Азия плюс

Жапония» бастамасының тиімділігі мен болашағына берілген бағалар жүйеленді. Сауалнама нәтижелері ғылыми талдауда пайдаланылып, Жапония мен Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастықты жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеуге негіз болады. Респонденттердің жауаптары анонимді түрде жиналып, тек ғылыми мақсатта қолданылады. Сауалнама қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізілді. Сауалнамаға қатысушылардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамасына келсек, респонденттердің 33,3%-ын магистранттар мен докторанттар құраған болатын.


	33,3% - магистрант, докторант, ізденушілер, 11,1% - зерттеушілер, 11,1% - жұмыс істейтіндер [78, 1 б].

Сурет 1 - Сауалнамаға жауап берушілердің статусы

Жапонияда өмір сүру үшін тілдік дайындықтың маңыздылығына қатысты сұраққа респонденттердің 53,6% жапон тілін білу қажет деп есептесе, 39,3% жапон тілін білмеген жағдайда айтарлықтай қиындықтар ұшырайтынын атап өткен. Бұл дерек тілдік фактордың Жапонияда академиялық және әлеуметтік тұрғыдан бейімделуде маңызды орын алатынын көрсетеді.

	53,6% - жапон тілін білу қажет 39,3% - жапон тілін білмеген жағдайда едәуір қиындықтарға ұшырайды [78, 2 б.].


Сурет 2 - Жапонияда ағылшын тілімен ғана өмір сүру мүмкіндігі туралы респонденттердің пікірі



64,3% - ішінара, айқын көрінбейді
25% - байқауға болады [78, 3 б.].

Сурет 3 - Жапонияның аймаққа қатысты сыртқы саясаты


Жапонияның ОА-дағы негізгі мүдделері мен басымдықтары жөнінде респонденттердің 71,4%-ы мәдени дипломатияны басты құрал ретінде атаған.



71,4% - Мәдени дипломатия
64,3% - Экономикалық ынтымақтастық
57,1% - Білім беру саласындағы алмасу


Сурет 4 - Жапонияның Орталық Азиядағы негізгі мүдделері мен басымдықтары

Болашақта Жапония мен Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін ең перспективалы салалар ретінде



75% - Білім беру және алмасу
67,9% - Туризм және мәдениет
60,7% - Экономикалық ынтымақ
60,7% - Цифрлық технологиялар мен инновациялар

Сурет 5 - Жапония мен Орталық Азия елдері арасындағы болашақ ынтымақтастықтың басым салалары




64,3% - Ақпараттың жеткіліксіздігі
53,6 - Тілдік және мәдени кедергі
50% - Шектеулі қаржыландыру
50% - Үйлестірудің болмауы
[78, 5 б.]

Сурет 6 - Жапония мен Орталық Азия арасындағы ынтымақтастыққа кедергі келтіретін факторлар

Жапонияның Орталық Азия елдеріне арналған Дамуға ресми көмек (ДРК) бағдарламалары туралы респонденттердің тек 25%-ы хабардар екенін атаған. Осы көмек аясында ең көп қолдау көрсетілетін салалар ретінде білім беру және академиялық стипендиялар (57,1%), инфрақұрылымдық жобалар (53,6%) және денсаулық сақтау саласы (35,7%) аталды. Көмек бағдарламаларының тиімділігіне қатысты пікірлері әр түрлі болды: (32,1%) оны жеткіліксіз деп бағаласа, (21,4%) тиімді деп есептейді.


Респонденттердің пікірінше, Жапонияның Орталық Азия аймағына деген қызығушылығын күшейте алатын негізгі факторлар - экономикалық мүмкіндіктерді кеңейту (64,3%), мәдени және гуманитарлық байланыстарды нығайту (60,7%), білім беру мен академиялық байланыстарды нығайту (57,1%), аймақтың геосаяси маңыздылығы (46,4%), Орталық Азия елдерінің Жапонияда танымалдылық имиджін арттыру (39,3%), Жапонияның аймақта көп жақты ынтымақтастықты қолдауы (39,3%) кіреді.



64,3% - Экономикалық мүмкіндіктер мен инвестициялық потенциал
60,7% - Мәдени және гуманитарлық байланыстарды нығайту
57,1% - Білім беру және академиялық бағдарламаларды кеңейту [78, 6 б.]

Сурет 7 - Жапонияның Орталық Азия аймағына стратегиялық қызығушылығын күшейту факторлары

Жапония тәжірибесінің Орталық Азия елдерінің дамуына қосар үлесіне қатысты респонденттер қалалық инфрақұрылым мен көлік жүйесін (75,9%), технологиялар мен инновацияларды (65,5%), білім беру жүйесін (51,7%), сондай-ақ экологиялық саясатты (51,7%) ерекше атап өтті.



75, 9% - Қалалық инфрақұрылым және көлік
65,5% - Технологиялар мен инновациялар
51,7% - Білім беру жүйесі
51,7% - Экологиялық саясат [78, 7 б.]

Сурет 8 - Жапонияның еліңіздің дамуына пайдалы тәжірибесі

Зерттеу нәтижелері Жапонияда білім алу және өмір сүру кезінде тілдік фактордың маңызды екенін көрсетті. Респонденттердің 53,6%-ы жапон тілін меңгерудің қажеттілігін атап өтсе, 39,3%-ы тілдік кедергілер қиындықтар туғызатынын көрсеткен. Жапонияның аймақтағы сыртқы саясатының көріну деңгейіне қатысты бағалаулар әркелкі сипатқа ие. Респонденттердің 64,3%-ы бұл саясаттың тек ішінара байқалатынын, ал 25%-ы оның айқын көрінетінін атап өткен. Бұл Жапонияның аймақта белгілі бір деңгейде белсенді екенін, алайда оның саяси ықпалы мен көріну дәрежесі әлі де жеткілікті деңгейде айқын емес

екенін көрсетеді. Жапонияның аймақтағы басым бағыттарын анықтауға бағытталған сауалнама нәтижелері мәдени дипломатияның жетекші орын алатынын көрсетті. Сонымен қатар экономикалық ынтымақтастық (64,3%) және білім беру саласындағы алмасу (57,1%) маңызды бағыттарды құрайды. Болашақтағы ынтымақтастықтың перспективаларына қатысты респонденттердің пікірлері білім беру және академиялық алмасу бағдарламаларының (75%) басым бағыт екенін көрсетті. Бұдан бөлек, туризм және мәдени байланыстар (67,9%), экономикалық ынтымақтастық (60,7%), цифрлық технологиялар мен инновациялар (60,7%) да жоғары әлеуетке ие салалар ретінде бағаланды. Бұл нәтижелер ынтымақтастықтың көпсалалы сипатқа ие екенін аңғартады. Зерттеу барысында ынтымақтастықты дамытуға кедергі келтіретін негізгі факторлар да анықталды. Респонденттердің 64,3%-ы ақпараттың жеткіліксіздігін басты мәселе ретінде көрсетсе, 53,6%-ы тілдік және мәдени кедергілерді атап өткен. Бұдан өзге, шектеулі қаржыландыру (50%) мен институционалдық үйлестірудің жеткіліксіздігі (50%) де маңызды тосқауылдар қатарына жатады. Бұл көрсеткіштер ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру үшін жүйелі шаралар қабылдау қажеттігін көрсетеді.

Жапонияның дамуға ресми көмек бағдарламаларына хабардарлық деңгейі салыстырмалы түрде төмен екені байқалды: респонденттердің тек 25%-ы бұл бағдарламалар туралы білетінін көрсетті. Соған қарамастан, аталған көмек аясында білім беру және академиялық стипендиялар (57,1%), инфрақұрылымдық жобалар (53,6%) және денсаулық сақтау саласы (35,7%) негізгі бағыттар ретінде танылған. Бағдарламалардың тиімділігіне қатысты бағалаулар да әркелкі: 32,1% оларды жеткіліксіз деп бағаласа, 21,4%-ы тиімді деп санайды. Респонденттердің пікірінше, Жапонияның Орталық Азияға деген стратегиялық қызығушылығын арттыруға ықпал ететін факторлардың қатарында экономикалық мүмкіндіктерді кеңейту (64,3%), мәдени және гуманитарлық байланыстарды нығайту (60,7%), білім беру және академиялық ынтымақтастықты дамыту (57,1%) ерекше маңызға ие. Сонымен қатар аймақтың геосаяси маңыздылығы (46,4%) мен көпжақты ынтымақтастық тетіктерінің дамуы да назарға алынған.

Бұл нәтижелер Жапонияның даму тәжірибесі аймақ елдері үшін практикалық үлгі бола алатынын дәлелдейді. Жалпы алғанда, эмпирикалық зерттеу нәтижелері Жапония мен Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастықтың әлеуеті жоғары екенін көрсетеді. Алайда оны толық жүзеге асыру үшін ақпараттық ашықтықты арттыру, тілдік кедергілерді азайту және институционалдық үйлестіруді күшейту қажет.

Сауалнама нәтижелері Орталық Азиядан шыққан студенттер мен жас зерттеушілердің екі аймақ арасындағы байланыстарды тереңдетуде маңызды дәнекер бола алатынын көрсетті. Олардың халықаралық тәжірибесі мен мәдениаралық бейімделу қабілеті ғылыми және білім беру салаларындағы ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, алынған нәтижелер Жапония мен Орталық Азия елдері арасындағы серіктестікті одан әрі дамыту үшін институционалдық байланыстарды күшейту, ақпараттық ашықтықты арттыру және академиялық қауымдастық пен жастар әлеуетін тиімді пайдалану қажеттігін айқын көрсетеді. Бұл факторлардың үйлесімділігін іске асуы ынтымақтастықтың тиімділігі мен тұрақтылығын арттырып, оны жаңа сапалық деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Эмпирикалық деректер осы бағытта практикалық ұсыныстар әзірлеуге ғылыми негіз бола алады [78, 8 б.].

2.3 «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» бастамасының тарихи себептері мен мәні

Жапонияның сыртқы саясаты тек экономикалық көмек көрсетумен шектелмей, саяси тұрақтылықты нығайтуға және әлеуметтік-экономикалық реформаларды қолдауға да бағытталды.

Белгілі зерттеуші Т. Дадабаевтың пікірінше, Токио аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты тек геосаяси тұрғыдан емес, «даму арқылы қауіпсіздікке қол жеткізу» қағидаты негізінде түсіндірді [203]. Аймақтағы экономикалық даму деңгейінің әркелкі болуы, шекара және су ресурстарын пайдалану мәселелері, сондай-ақ мемлекетаралық сенімнің жеткіліксіздігі интеграциялық үдерістердің баяу жүруіне әсер етті. Бұған қоса, Ауғанстандағы тұрақсыздық пен трансшекаралық қауіптердің таралуы Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелерін күрделендіріп, халықаралық ынтымақтастықтың маңызын арттырды. Осындай жағдайлар Жапонияның аймақта тұрақтылықты қолдауға бағытталған сыртқы саяси стратегиясының қалыптасуына негіз болды.

Ұсынылған бастама мемлекеттер арасындағы сенімді нығайтуға, инфрақұрылымдық және экономикалық байланыстарды дамытуға, сондай-ақ көпжақты дипломатиялық диалогты кеңейтуге бағытталған кешенді саясат ретінде көрінді.

Орталық Азия елдерінің тәуелсіздік алғаннан кейінгі саяси трансформациясы, экономикалық даму қажеттілігі және қауіпсіздік мәселелері Жапонияның 2006 жылғы «Бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізі» бастамасының қалыптасуына ықпал етті. Бұл бастама Жапония саясатының тек геосаяси мүдделермен шектелмей, аймақтық тұрақтылық пен тұрақты дамуды қолдауға бағытталғанын көрсетеді [84, 28 б.].

Жапонияның Орталық Азияға қатысты саясаты бірнеше факторға негізделді. Біріншіден, аймақтың табиғи және энергетикалық ресурстарға бай болуы Токио үшін стратегиялық маңызға ие. Энергетикалық ресурстарды импорттауға тәуелді ел ретінде Жапония аймақпен экономикалық және энергетикалық әріптестікті дамытуға мүдделі болды. Екіншіден, аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау Жапонияның халықаралық қауіпсіздікке қосқан үлесінің бір бөлігі ретінде қарастырылды [204, 103 б.]. Осы тұрғыда

«Бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізі» бастамасы мемлекеттер арасындағы сенімді нығайтуға, экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге және инфрақұрылымдық байланыстарды дамытуға бағытталды. Сонымен бірге бұл идея Еуразия кеңістігіндегі интеграциялық үдерістерді жандандыруға және сауда-экономикалық қатынастарды кеңейтуге ықпал етуді көздеді [204, 104 б.]. Жапонияның аймақтағы саясатына әсер еткен маңызды факторлардың бірі - АҚШ-пен қатынастары. Одақтастық Токио үшін стратегиялық маңызға ие болғанымен, Орталық Азиядағы жапон дипломатиясы толықтай американдық мүдделерге тәуелді емес. Экономикалық және саяси мәселелерде Жапония көбіне прагматикалық ұстанымға сүйеніп, демократия мен адам құқықтарын басты шарт ретінде алға қоймайды. Осы ерекшелік оны Орталық Азия елдері үшін салыстырмалы түрде бейтарап әрі сенімді серіктес ретінде көрсетеді [204, 16 б.].

Нәтижесінде, Орталық Азияны тұрақсыздық көзі емес, керісінше бейбітшілік пен ынтымақтастық кеңістігі ретінде дамыту идеясы алға шықты. «Бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізі» тұжырымдамасы аймақ елдерінің көпвекторлы саясат жүргізу қажеттілігінен туындап, олардың егемендігін сақтай отырып, түрлі сыртқы серіктестермен теңгерімді қатынас орнатуына бағытталды. Осы тұрғыда Жапониямен ынтымақтастық аймақ елдері үшін маңызды факторға айналып, ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал ететін бағыт ретінде бағаланды [92, 33 б.].

Жаңа геосаяси жағдайда Жапонияның Орталық Азияға қатысты саясаты аймақты тек экономикалық әріптес ретінде емес, Еуразия кеңістігіндегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды стратегиялық аймақ ретінде қарастыруымен ерекшеленді. Токио үшін бұл аймақ энергетикалық қауіпсіздікпен, көлік және коммуникациялық байланыстарды дамыту мәселелерімен, сондай-ақ аймақтық қауіпсіздікпен тығыз байланысты болды. Осы тұрғыда саяси тұрақтылықты нығайту, мемлекетаралық ынтымақтастықты кеңейту және қақтығыстардың алдын алу «бейбітшілік дәлізі» тұжырымдамасының негізгі мазмұнын құрады. Бұл бастама Жапонияның халықаралық беделін арттыруға, «жұмсақ күш» құралдарын тиімді пайдалануға және қырғиқабақ соғыстан кейін қалыптасқан көпвекторлы сыртқы саясатын нығайтуға бағытталды. Сондықтан «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» идеясы Жапонияның аймақтық әрі жаһандық мүдделері тоғысқан маңызды бағыттардың бірі болды.

2001 жылы АҚШ-та Дж. Буш әкімшілігінің билікке келуі және сол жылдың қыркүйегінде Нью-Йоркте болған террористік шабуылдар халықаралық қауіпсіздікке деген көзқарасты түбегейлі өзгертті. Осыдан кейін АҚШ жаһандық қауіпсіздіктегі рөлін күшейтіп, терроризмге қарсы күресті сыртқы саясатының басты бағытына айналдырды [198, 32 б.]. Бұл кезеңде Жапонияда да билік ауысып, Ё. Мори үкіметінің орнына Дз. Коидзуми кабинеті келді. Дз.Коидзуми сыртқы саясатта айқын проамерикандық бағыт ұстанып, 11 қыркүйек

оқиғаларынан кейін жапон-американ одағының нығаюына ықпал етті [101]. Жапония АҚШ-тың сенімді серіктесі ретінде халықаралық терроризм мен діни экстремизмге қарсы бастамаларға белсенді қатысты.

Географиялық тұрғыдан қашық орналасқанына қарамастан, жаһандану жағдайында Орталық Азиядағы тұрақтылық мәселелері Жапонияның ұлттық мүдделеріне де әсер ете бастады. Осыған байланысты Токио аймақтағы процестерге араласу арқылы өзінің халықаралық беделін күшейтіп, жауапты жаһандық актор ретіндегі рөлін арттыруға ұмтылды. Мәселен, 2001 жылы Жапония Өзбекстан мен Тәжікстанға әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру үшін 20 млн АҚШ доллары көлемінде жедел көмек көрсетті [205]. 2006 жылы Токиода өткен «Орталық Азия плюс Жапония» диалогының екінші министрлік кездесуі қарсаңында Жапонияның сол кездегі премьер-министрі Т.Асо аймаққа қатысты арнайы мәлімдеме жасады. Ол Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін стратегиялық дәліз ретінде сипаттап, Ауғанстанмен және Оңтүстік-Батыс Азиямен бірге Еуразиядағы тұрақтылықтың маңызды бөлігі ретінде қарастырды [206].

Өз сөзінде Т. Асо Жапония саясатының негізгі басымдықтарын да айқындады: Орталық Азияның жаһандық қауіпсіздік жүйесіндегі рөлі, табиғи ресурстық әлеуеті, тарихи-мәдени жақындығы және аймақ елдерімен жан-жақты ынтымақтастықты дамытуға мүдделілік. Сонымен қатар ашық әрі инклюзивті аймақтық өзара іс-қимылды қолдау және ортақ құндылықтарға негізделген серіктестік құру мәселелері де атап өтілді [206, 2 б.].

Осылайша, Жапонияның сыртқы саясатында аймаққа кең көзқараспен қарау қағидаты маңызды орын алды. Жапонияның Орталық Азиядағы дипломатиялық қызметін талдағанда, АҚШ-пен одақ ресми түрде бірінші орынға қойылмаса да, екі елдің ұстанымдарының үйлесімділігі анық байқалады. Дз.Коидзуми үкіметінің проамерикандық бағыты аймақтағы жапон дипломатиясымен тығыз байланысты болды. АҚШ-тың Ауғанстандағы операцияларын қолдау аясында Жапония саяси және экономикалық инфрақұрылымды дамытуға ерекше мән берді [207]. Сонымен қатар Токионың саяси белсенділігі де артты. С. Мунэоның Өзбекстан мен Тәжікстанға сапарлары Жапония мен АҚШ арасындағы үйлестіруді күшейтіп, өзара іс-қимылдың институционалдық негізін нығайтты [208]. Ұзақ мерзімді гуманитарлық көмек пен инфрақұрылымдық жобалар арқылы Жапония аймақтағы американдық қатысудың тұрақтылығына жанама түрде ықпал етті. Ішкі сынға қарамастан, Дз.Коидзуми үкіметі бұл бағыттан бас тартпады. Ал Ресеймен қатынастар бұл кезеңде екінші қатарға ығысып, екіжақты байланыстарда баяулау байқалды [209]. Жапонияның Орталық Азияға қызығушылығының басты себептерінің бірі - геосаяси фактор. Токио өз қауіпсіздігі мен экономикалық дамуын жаһандық тұрақтылықпен байланыстырады. Осы тұрғыдан алғанда, Еуразияның орталығында орналасқан Орталық Азияның тұрақтылығы Жапония үшін

маңызды. Аймақтағы терроризм, экстремизм және есірткі трафигі сияқты қауіптер тек аймақтық емес, жаһандық деңгейде де өзекті болғандықтан, Жапония бұл мәселелерден тыс қала алмайды. Осы контексте «бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізі» тұжырымдамасы Жапонияның көпқырлы дипломатиясының маңызды бөлігіне айналды. Оның мәні тек қауіпсіздікті қамтамасыз етумен шектелмей, экономикалық өзара тәуелділікті арттыру, мәдени байланыстарды дамыту және демократиялық институттарды қолдау арқылы ұзақ мерзімді тұрақтылыққа қол жеткізуге бағытталды.

Т. Уяма мен Х. Тэцуя атап өткендей, Жапония аймақта қауіпсіздікті әскери тәсілдер арқылы емес, даму мен білім беру жобалары арқылы нығайтуды жөн көрді [92, 43 б.]. Н. Мурашкиннің зерттеулері Жапонияның Орталық Азиядағы рөлін жаңаша қарастыруға мүмкіндік береді [104, 40 б.]. Оның пікірінше, «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы - Токионың бейбіт әрі көпжақты дипломатиясының нақты институционалдық көрінісі. Осы формат арқылы Жапония аймақ елдерімен тең серіктестік орнатып, саяси диалогты экономикалық ынтымақтастықпен ұштастыра алды. Мурашкин атап өткендей, Жапонияның ұстанымы сырттай прагматикалық көрінгенімен, оның негізінде гуманитарлық құндылықтар - бейбіт даму, адам қауіпсіздігі және өзара сенім қағидаттары жатыр.

«Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» идеясының қалыптасуы аймақтың тарихи дамуы, геосаяси жағдайы және посткеңестік кезеңдегі өзгерістермен тығыз байланысты. Еуразияның дәл ортасында орналасқан бұл аймақ ежелден ірі державалардың мүдделері тоғысқан кеңістік болды. Сауда жолдарының қиылысында орналасуы, табиғи ресурстарға байлығы және шекаралардың әлсіздігі аймақтың тұрақтылығын сыртқы факторларға тәуелді етті. Сондықтан тәуелсіздік алғаннан кейін Орталық Азия елдері қауіпсіздік пен тұрақтылықты басты басымдыққа айналдырды.

2006 жылғы тамызда Дз. Коидзуми Қазақстан мен Өзбекстанға ресми сапар жасады. Бұл сапар халықаралық сарапшылар мен БАҚ тарапынан Жапонияның аймаққа деген стратегиялық қызығушылығының айқын белгісі ретінде бағаланды [74]. Бір жағынан, бұл қадам Жапонияның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталды, өйткені Қазақстан мен Өзбекстан табиғи ресурстарға бай елдер. Екінші жағынан, Токио аймақта Қытай мен Ресей ықпалына теңгерімді балама қалыптастыруға ұмтылғанын көрсетті. Жалпы алғанда, бұл сапар Жапонияның Орталық Азиядағы геосаяси және экономикалық стратегиясын күшейткен маңызды кезең болды.

Дз. Коидзуми қызметінен кеткеннен кейін Ш. Абе үкіметінде сыртқы істер министрі болған Т. Асо 2006 жылдың қарашасында Жапонияның жаңа дипломатиялық бағытын таныстырды. Ол «еркіндік пен өркендеу доғасы» тұжырымдамасын ұсынып, Еуразияның шет аймақтарындағы, соның ішінде Орталық Азиядағы жас демократиялық мемлекеттерді қолдауды көздеді [210].

Бұл бастама демократия, адам құқықтары, заң үстемдігі және нарықтық экономика сияқты құндылықтарды ілгерілетуге бағытталды. Алайда 2007 жылғы саяси өзгерістерден кейін бұл стратегия жалғасын таппады: Т. Асо қызметтен кетіп, оның орнына келген М. Нобутака бұл бағытты дамытпады. Соның нәтижесінде бұл тұжырымдама қысқа мерзімді, бірақ маңызды кезең ретінде қалды [92, 18].

Жапония Орталық Азияның тұрақты дамуын дамуға ресми көмек (ДРК) арқылы қолдауды жоспарлады. Бұл ретте көлік инфрақұрылымын дамыту, сауда айналымын арттыру және адам ресурстарын жетілдіру негізгі бағыттар ретінде қарастырылды. Әсіресе Ауғанстан арқылы өтетін «оңтүстік бағыттағы жол» жобасы аймақ елдерін теңізге шығару тұрғысынан маңызды. Өйткені Орталық Азия мемлекеттерінің теңізге тікелей шығу мүмкіндігі жоқ, ал көлік инфрақұрылымы әлі де жеткілікті деңгейде дамымаған. Табиғи ресурстарға бай болғанымен, оларды сыртқы нарыққа тасымалдау қиын, бұл аймақтың экономикалық және саяси дербестігін шектейді. «Оңтүстік бағыттағы жол» осы тұрғыда ерекше маңызға ие. Орталық Азия елдері бұл жобаға үлкен қызығушылық танытып отыр.

Жапония Тәжікстан мен Ауғанстанды байланыстыратын жол құрылысына қолдау көрсетуге ниетті. Сонымен қатар Ауғанстандағы негізгі айналма жолды қалпына келтіруге де көңіл бөлуде. Қазіргі кезде бұл жолдың жағдайы нашар болғандықтан, өз функциясын толық атқара алмай отыр. Егер ол Орталық Азия елдерімен тиімді байланыстырылса, бүкіл өңір үшін маңызды көлік желісіне айналып, экономикалық мүмкіндіктерді едәуір кеңейтер еді.

Пәкістан Ауғанстанның оңтүстігінде орналасқандықтан, осы ел арқылы өтетін «оңтүстік бағыттағы жол» Орталық Азияны теңізге шығарудың нақты мүмкіндігін береді. Орталық Азиядағы тұрақтылық Ауғанстанның мемлекет құру жөніндегі күш жігерімен, әсіресе, терроризмге қарсы күрес, діни радикализм және есірткі саудасын заңсыз айналымнан шығару салаларында тығыз байланысты.

Жапония Ауғанстанды қалпына келтіруде белсендірек рөл атқаруға және Орталық Азия мемлекеттерімен өзара әрекеттестіктің жаңа жоспарын құруға ұмтылды. Орталық Азиямен шекаралас елдер, Иран, Үндістан, Пәкістан - Орталық Азия мемлекеттерінің үкіметтерімен дипломатиялық, сауда, көлік, энергетикалық қарым-қатынастар арқылы әртүрлі деңгейде табысты ынтымақтастық орнатуға тырысты [92, 45].

Т.Асоның 2006 жылғы баяндамасына сәйкес, Жапонияның Орталық Азияға білім беру, денсаулық сақтау, инфрақұрылымды дамыту (жолдар, әуежай, электр станциялар, көпір салу және т.б.), сонымен қатар әлеуетті арттыру салаларында көрсеткен дамуға ресми көмегінің жалпы көлемі 2004 жылы (2,5 млрд АҚШ долларынан астам) 280 млрд иенге жетті [21].

2005 жылы Жапонияның Сыртқы істер министрлігінің «Ақ кітабында» ДРК бойынша Жапонияның Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты саясаты екі тірекке негізделеді. Бірінші, екі жақты қатынастарды нығайту, Жапония мен әрбір Орталық Азия мемлекеті арасындағы тығыз байланыстарды дамыту бойынша күш-жігерді арттыру; Екінші, Орталық Азия елдерін дамытуға бағытталған аймақтық ынтымақтастыққа жәрдемдесу мақсатында диалог жүргізуді дамыту. Бұл бастамаға Орталық Азияның бес мемлекеті түгел қатысады [211].

Осы кезеңде Орталық Азияда Қытайдың да саяси рөлі күшейіп, ол ОА-ның ірі экономикалық донорына айнала бастады. 2004 жылы ШЫҰ-ның саммитінде Қытай төрағасы Ху Цзиньтао Орталық Азияға 900 млн АҚШ доллары көлемінде несие беретінін жариялады. Осы кезеңнен бастап Қытайдың ірі мұнай, газ компаниялары Орталық Азияның энергия шикізат көздерін зерттеу және іздеу жұмыстарын бастап, ірі жобалар құрып, қаржыландыра бастады.

Еуропалық Одақ өзінің мәдени, экономикалық, саяси салаларын кеңейтуге бейім, Орталық Азия елдері үшін де ерекшелік емес. ОА-да Азия Даму Банкі және Еуропалық қайта құру және даму банкі жұмыс істейтін әлемде сирек кездесетін аймақ. ЕО мүшелері Орталық Азия елдеріне экономикалық көмек пен кеңес береді. Бірақ бизнеске байланысты ірі державалар арасындағы бәсекелестікке түсе алмайды.

Үндістан, Иран және Түркияның Орталық Азия аймағымен тарихи жағынан байланысы бар. Пәкістан Ауғанстанның оңтүстігінде орналасқан, сондықтан осы ел арқылы өтетін «Оңтүстік бағыттағы жол» Орталық Азияны теңізбен байланыстырудың нақты мүмкіндігін береді.

Жапония ұзақ уақыт бойы Пәкістан аумағында, Ауғанстан шекарасына жақын жатқан Пешавар қаласынан Карачи портына дейінгі автомобиль жолын дамытуға қолдау көрсетіп келеді. Сонымен қатар аймақ үшін маңызды бастамалардың бірі - Оңтүстік-Батыс Азия елдерімен табиғи газ ресурстарын бірлесіп пайдалану жобасы. Бұл - Түрікменстаннан басталып, Ауғанстан мен Пәкістан арқылы Үндістанға бағытталатын газ құбырын салу жобасы. Жоба төңірегіндегі пікірталастар әлі де жалғасып жатқанымен, оның болашағына қатысты үміт бар.

Алайда мұндай ірі инфрақұрылымдық бастамаларды жүзеге асыру үшін ең алдымен қауіпсіздік мәселесі шешілуі қажет. Құбырларды тұрақты әрі қауіпсіз жағдайда салу бүкіл Орталық Азия аймағының тұрақтылық деңгейіне тікелей байланысты. Егер бұл шарттар орындалса, «Оңтүстік бағыттағы жол» арқылы теңізге шығу мүмкіндігі кеңейіп, аймақ үшін жаңа экономикалық көкжиектер ашылар еді. Осындай жағдайда бұл бағыт шын мәнінде Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық кеңістігіне айналдыратын маңызды факторға айналуы мүмкін [92, 44 б.]

2014 жылы шілдеде Жапонияның Сыртқы істер министрі Ф.Кисиданың Қырғыз Республикасына жасаған ресми сапары және «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы аясындағы бесінші министрлік кездесуі Жапонияның аймақтық тұрақтылық пен бейбіт дамуға бағытталған ұзақмерзімді стратегиясының жалғасы болды. Аталған кездесу бастаманың он жылдығымен тұспа-тұс келіп, Жапония мен Орталық Азия елдері арасындағы көпжақты ынтымақтастықтың институционалдық тұрғыдан орныққанын көрсетті.

Кездесу барысында аймақтық қауіпсіздік, қақтығыстарды бейбіт жолмен реттеу, ядролық қарусыздану және таратпау мәселелері басты басымдықтар қатарында қарастырылды. Әсіресе Ауғанстандағы жағдайға байланысты есірткі трафигі мен шекаралық қауіпсіздік проблемаларына назар аударылып, әскери емес, саяси-дипломатиялық және әлеуметтік-экономикалық тәсілдерге негізделген тұрақтандыру тетіктерінің маңыздылығы атап өтілді. Бұл ұстаным Орталық Азияны күш қолдану аймағы емес, бейбіт ынтымақтастық кеңістігі ретінде қалыптастыру идеясымен тікелей ұштасады.

Бастама аясында тұрақты даму мәселелері де бейбітшілік архитектурасының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылды. Ауыл шаруашылығы, азық-түлік қауіпсіздігі, табиғи апаттардың алдын алу, су ресурстарын басқару және экологиялық қауіпсіздік салаларындағы ынтымақтастық аймақтағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізгі факторлары ретінде бағаланды. Жапония бұл бағытта технологиялық әлеуеті мен даму көмегін пайдалана отырып, аймақ елдерінің ішкі тұрақтылығын нығайтуға мүдделілік танытты.

Қазақстанмен жүргізілген екіжақты келіссөздерде экономикалық ынтымақтастық пен жаһандық қауіпсіздік мәселелері өзара сабақтастықта қарастырылды. Қазақстанның ядролық қарусыздану және Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құрудағы белсенді рөлі Жапония тарапынан жоғары бағаланып, бұл бастама аймақтық және халықаралық тұрақтылықтың маңызды элементі ретінде танылды. Сонымен қатар экономикалық реформалар мен индустриялық даму салаларындағы ынтымақтастық бейбіт даму моделін орнықтырудың практикалық құралы ретінде көрініс тапты.

Географиялық алшақтыққа қарамастан, Жапонияның Орталық Азиядағы өзінің қатысуын жүйелі түрде еске салып отыруы Токионың аймақ мәселелеріне терең мән беретінін және аймақтағы үдерістердің дамуын мұқият қадағалап отырғанын көрсетеді.

Т. Асоның сөзін шартты түрде екі мазмұндық блокқа бөлуге болады.

Бірінші бөлімінде Жапонияның 1993-2004 жылдар аралығында Орталық Азияға қатысты ұсынған бастамаларының қорытындысы беріліп, Жапония аймақты өзінің сыртқы саясатының маңызды бағыты ретінде қарастыратынына

негіз болатын тұжырымдамалық ұстанымдар айқындалды. Екінші бөлімде аймақтық өзара байланыстарға Жапонияның жаңаша көзқарасы баяндалып, Токионың Орталық Азиядағы өз рөлін біртіндеп қайта пайымдап отырғаны көрсетілді [215, 4 б.].

Алғашқы бөлімге тоқталсақ, Т. Асо XXI ғасырда Орталық Азияның ерекше стратегиялық маңызға ие екенін атап өтті. Бұл аймақ табиғи ресурстарға бай болуына және осы ресурстарға әлемдік державалардың қызығушылығының тоғысатын кеңістікке айналғанына байланысты халықаралық қатынастарда маңызды орын алады. Сонымен қатар Жапония Орталық Азияны жаһандық қауіпсіздік жүйесінің маңызды элементі ретінде мойындайтынын және аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүдделі екенін атап өтті.

Министрдің айтуынша, аймақтағы қауіпсіздік Жапония үшін тұрақты табиғи ресурстарды өндіру мен тасымалдаудың келешектегі кепілдігі тұрғысынан ерекше мәнге ие. Бұл тұжырымдар, негізінен, Жапонияның бұрыннан айтып келе жатқан ресми позициясын жалғастыра отырып, Токионың Орталық Азияға деген қызығушылығы уақытша немесе конъюнктуралық емес, ұзақ мерзімді стратегиялық сипатқа ие екенін айғақтайды [215, 5 б.].

Үнемі жаңартылып отыратын жапон-американ қауіпсіздік шарты, болашақта екі державаның толыққанды әскери-стратегиялық альянсына айналу ықтималдығы, олардың серіктестігінің Азия-Тынық мұхит аймағымен шектелмей, жаһандық деңгейге шыққанын көрсетеді [101, 170 б.]. АҚШ пен Жапонияның Қытайдың өсіп келе жатқан ықпалына алаңдаушылық білдіруі Қытайдың тек АТР-да ғана емес, оған шекаралас аймақтарда, оның ішінде ОА-да да әсерін тежеп отыру маңызды стратегиялық міндетке айналды [216].

Осы тұрғыдан алғанда, Жапонияның ОА-дағы саясатын талдау кезінде оның АҚШ-пен тығыз одақтық қатынастары мен рөлдердің әлемдік деңгейде қалыптасқан бөлу механизмін ескеру маңызды [205, 69 б.]. Осы көзқарастарға сүйене отырып, біз Жапонияның «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» бастамасының екінші бөлігінің мәнін талдауға көшеміз.

Жапония Орталық Азиядағы саясатын үш бағытқа негіздеді: ұзақ мерзімді перспективада аймаққа қарау; ашық аймақтық ынтымақтастықты қолдау; жалпы әмбебап құндылықтарға негізделген серіктестікті іздеу.

Жапонияның Орталық Азиядағы ұзақ мерзімді стратегиялық мүдделері оның аймаққа қатысты барлық белгілі бастамаларында жүйелі түрде көрініс тапқан және елдің сыртқы саясатына тән ерекшелік болып табылады. Жапон дипломатиясының тәжірибесінде қысқа мерзімді немесе «бір реттік» сипаттағы шаралармен шектелу үрдісі байқалмайды. Керісінше, Токионың сыртқы саяси бағыты әрдайым прагматикалық есепке негізделіп, ұзақ мерзімді мақсаттарды кезең-кезеңімен жүзеге асыруға бағдарланған [101, 176 б.].

Орталық Азияның табиғи ресурстарына деген қызығушылықтың артуына байланысты Жапония бұл ресурстардың қауіпсіз әрі тұрақты жеткізілуін

қамтамасыз ету мәселесін стратегиялық басымдықтар қатарына енгізді. Атап айтқанда, Токио Орталық Азия ресурстарын Ауғанстан мен Пәкістан аумағы арқылы тасымалдау мүмкіндігін ұзақ мерзімді перспективада қарастырып отыр [201, 75 б.]. Бұл бағыттағы ұстанымның негізділігін сол кездегі сыртқы істер министрі Т.Асо Ауғанстандағы тұрақтылықтың Орталық Азиядағы қауіпсіздік жағдайына тікелей ықпал ететінін бірнеше мәрте атап өтуі дәлелдейді. Оның пікірінше, Жапония үшін тек ОА мемлекеттеріндегі емес, сонымен қатар аймаққа іргелес елдердегі қауіпсіздік ахуалы да ерекше маңызға ие [206, 4 б.].

Жапонияның Орталық Азиядағы саясатының екінші бағыты ашық аймақтық ынтымақтастықты қолдау. Елдің пікірінше, Орталық Азияның өркендеуі үшін негізгі кедергі - географиялық оқшаулық пен Кеңес Одағы кезеңінде қалыптасқан тар салалық экономикалық құрылым. Кеңес Одағы ыдыраганнан кейінгі кезеңде мемлекеттер біртұтас экономикалық жүйеден шыққан соң осал жағдайға тап болды. Жапонияның көзқарасы бойынша, аймақтық ынтымақтастықсыз Орталық Азияның болашағы жоқ [206, 5 б.]. Осы себепті, Жапония аймақтағы мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты қолдап қана қоймай, кейбір салаларда өз бастамашылығын таныту арқылы олардың бір-бірімен байланысын нығайтуға ықпал етуге тырысады. Сонымен қатар бұл бастама толық ашықтық қағидасымен жүзеге асырылып, Жапония өз күш-жігерін негізгі халықаралық донорлар мен қаржы институттарымен үйлестіруге бағыттайды. Ол ұсынған «бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізі» бастамасы елдің сыртқы саяси философиясымен, яғни бейбітшіл, адамға бағытталған және тұрақты даму қағидаттарын ұстанатын халықаралық серіктестік ұстанымымен үйлеседі. У.Томохико мен Х.Тэцуя атап өткендей, Токионың аймаққа деген қызығушылығы тек экономикалық есеппен шектелмейді, ол ұзақ мерзімді келешекте Еуразиядағы ынтымақтастықтың жаңа архитектурасын қалыптастыруға бағытталған [92, 45 б.].

Жапондық прагматизм Орталық Азиядағы сыртқы саясаттың негізгі ұстанымдары болатын үш бағытты анықтады: Орталық Азияғы ұзақ мерзімді болашаққа бағытталған жоспар негізінде қадам жасау; аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ашық аймақтық ынтымақтастықты қолдау; аймақтағы өзара тиімді әріптестікті қарастыру.

Жапония үшін Орталық Азияны «бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» идеясы - аймақтың экономикалық әлеуетін дамыту ғана емес, сонымен қатар Еуразия құрлығында өзара түсіністік пен сенімге негізделген көпжақты қатынастар жүйесін қалыптастырудың ұзақ мерзімді стратегиясы болып табылады. Мұндай тәсіл Жапонияның сыртқы саяси ұстанымын «жауапты және ынтымақшыл держава» бейнесінде көрсетуге мүмкіндік берді.

Жапония ОА-ның табиғи байлығына мүдделі екендігін жасырмайды. Сондықтан ОА мемлекеттерінің әрбірімен қатынастар орнату олардың толықтай

ресурстық мүмкіндігіне бағынышты болды. Осы мақсаттарды іске асыруда дамуға ресми көмек бағдарламасы аясында қаржылай көмек айқындалды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Жапонияның «Орталық Азияны бейбітшілік және тұрақтылық дәлізіне айналдыру» бастамасы - бұл аймақтың стратегиялық маңызын ескере отырып, ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған кешенді саясат. Ол көлік, экономика, әлеуметтік және құқықтық аспектілерді үйлестіру арқылы аймақ елдерін басты рөл атқарушылар ретінде қарастырады және халықаралық серіктестікті күшейтуді көздейді. Бұл бастама Орталық Азияны әлемдік бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтудағы маңызды буынға айналдыруға мүмкіндік береді.

Зерттеуде Жапонияның «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» бастамасы SWOT талдау әдісі негізінде ғылыми тұрғыда талданды. Кестеде аталмыш бастаманың күшті және әлсіз жақтары, сондай-ақ мүмкіндіктері мен қауіптері көрсетілген. Бұл талдау бастаманың аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылыққа ықпалын жүйелі түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Кесте 9 - «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» бастамасының SWOT-талдауы

Категория	Мазмұны	Саяси-тарихи және геостратегиялық негіздемелер
1	2	3
Күшті жақтары	Жапонияның бейбітшілікке бағытталған халықаралық имиджі; Экономикалық және дипломатиялық тәжірибе; Орталық Азия елдерімен тұрақты ынтымақтастық.	1990-2000 жж. Жапонияның Азиядағы бейбітшілік бастамалары; Орталық Азия елдеріне экономикалық көмек (гранттар, инфрақұрылым жобалары).
Категория	Мазмұны	Саяси-тарихи және геостратегиялық негіздемелер
1	2	3
Күшті жақтары	Жапонияның бейбітшілікке бағытталған халықаралық имиджі; Экономикалық және дипломатиялық тәжірибе; Орталық Азия елдерімен тұрақты ынтымақтастық.	1990-2000 жж. Жапонияның Азиядағы бейбітшілік бастамалары; Орталық Азия елдеріне экономикалық көмек (гранттар, инфрақұрылым жобалары).
Әлсіз жақтары	Географиялық қашықтық және логистикалық шектеулер;	Қытай мен Ресей сияқты аймақтық державалармен салыстырғанда әскери қатысу деңгейінің төмендігі.
Ескерту: «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» бастамасын талдау негізінде автормен құрастырылды		

2014 жылы шілдеде Жапонияның Сыртқы істер министрі Ф.Кисиданың Қырғыз Республикасына жасаған ресми сапары және «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы аясындағы бесінші министрлік кездесуі Жапонияның аймақтық тұрақтылық пен бейбіт дамуға бағытталған ұзақмерзімді стратегиясының жалғасы болды. Аталған кездесу бастаманың он жылдығымен тұспа-тұс келіп, Жапония мен Орталық Азия елдері арасындағы көпжақты ынтымақтастықтың институционалдық тұрғыдан орныққанын көрсетті. Кездесу барысында аймақтық қауіпсіздік, қақтығыстарды бейбіт жолмен реттеу, ядролық қарусыздану және таратпау мәселелері басты басымдықтар қатарында қарастырылды. Әсіресе Ауғанстандағы жағдайға байланысты есірткі трафигі мен шекаралық қауіпсіздік проблемаларына назар аударылып, әскери емес, саяси-дипломатиялық және әлеуметтік-экономикалық тәсілдерге негізделген тұрақтандыру тетіктерінің маңыздылығы атап өтілді. Бұл ұстаным Орталық Азияны күш қолдану аймағы емес, бейбіт ынтымақтастық кеңістігі ретінде қалыптастыру идеясымен тікелей ұштасады.

Бастама аясында тұрақты даму мәселелері де бейбітшілік архитектурасының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылды. Ауыл шаруашылығы, азық-түлік қауіпсіздігі, табиғи апаттардың алдын алу, су ресурстарын басқару және экологиялық қауіпсіздік салаларындағы ынтымақтастық аймақтағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізгі факторлары ретінде бағаланды. Жапония бұл бағытта технологиялық әлеуеті мен даму көмегін пайдалана отырып, аймақ елдерінің ішкі тұрақтылығын нығайтуға мүдделілік танытты.

Қазақстанмен жүргізілген екіжақты келіссөздерде экономикалық ынтымақтастық пен жаһандық қауіпсіздік мәселелері өзара сабақтастықта қарастырылды. Қазақстанның ядролық қарусыздану және Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құрудағы белсенді рөлі Жапония тарапынан жоғары бағаланып, бұл бастама аймақтық және халықаралық тұрақтылықтың маңызды элементі ретінде танылды. Сонымен қатар экономикалық реформалар мен индустриялық даму салаларындағы ынтымақтастық бейбіт даму моделін орнықтырудың практикалық құралы ретінде көрініс тапты.

Географиялық алшақтыққа қарамастан, Жапонияның Орталық Азиядағы өзінің қатысуын жүйелі түрде еске салып отыруы Токионың аймақ мәселелеріне терең мән беретінін және аймақтағы үдерістердің дамуын мұқият қадағалап отырғанын көрсетеді. Т. Асоның сөзін шартты түрде екі мазмұндық блокқа бөлуге болады. Бірінші бөлімінде Жапонияның 1993-2004 жылдар аралығында Орталық Азияға қатысты ұсынған бастамаларының қорытындысы беріліп, Жапония аймақты өзінің сыртқы саясатының маңызды бағыты ретінде қарастыратынына негіз болатын тұжырымдамалық ұстанымдар айқындалды. Екінші бөлімде аймақтық өзара байланыстарға Жапонияның жаңаша көзқарасы

баяндалып, Токионың Орталық Азиядағы өз рөлін біртіндеп қайта пайымдап отырғаны көрсетілді [215, 4 б.].

Алғашқы бөлімге тоқталсақ, Т. Асо XXI ғасырда Орталық Азияның ерекше стратегиялық маңызға ие екенін атап өтті. Бұл аймақ табиғи ресурстарға бай болуына және осы ресурстарға әлемдік державалардың қызығушылығының тоғысатын кеңістікке айналғанына байланысты халықаралық қатынастарда маңызды орын алады. Сонымен қатар Жапония Орталық Азияны жаһандық қауіпсіздік жүйесінің маңызды элементі ретінде мойындайтынын және аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүдделі екенін атап өтті.

Министрдің айтуынша, аймақтағы қауіпсіздік Жапония үшін тұрақты табиғи ресурстарды өндіру мен тасымалдаудың келешектегі кепілдігі тұрғысынан ерекше мәнге ие. Бұл тұжырымдар, негізінен, Жапонияның бұрыннан айтып келе жатқан ресми позициясын жалғастыра отырып, Токионың Орталық Азияға деген қызығушылығы уақытша немесе конъюнктуралық емес, ұзақ мерзімді стратегиялық сипатқа ие екенін айғақтайды [215, 5 б.]. Үнемі жаңартылып отыратын жапон-американ қауіпсіздік шарты, болашақта екі державаның толыққанды әскери-стратегиялық альянсына айналу ықтималдығы, олардың серіктестігінің Азия-Тынық мұхит аймағымен шектелмей, жаһандық деңгейге шыққанын көрсетеді [101, 170 б.].

АҚШ пен Жапонияның Қытайдың өсіп келе жатқан ықпалына алаңдаушылық білдіруі Қытайдың тек АТР-да ғана емес, оған шекаралас аймақтарда, оның ішінде ОА-да да әсерін тежеп отыру маңызды стратегиялық міндетке айналды [216]. Осы тұрғыдан алғанда, Жапонияның ОА-дағы саясатын талдау кезінде оның АҚШ-пен тығыз одақтық қатынастары мен рөлдердің әлемдік деңгейде қалыптасқан бөлу механизмін ескеру маңызды [205, 69 б.]. Осы көзқарастарға сүйене отырып, біз Жапонияның «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» бастамасының екінші бөлігінің мәнін талдауға көшеміз.

Жапония Орталық Азиядағы саясатын үш бағытқа негіздеді: ұзақ мерзімді перспективада аймаққа қарау; ашық аймақтық ынтымақтастықты қолдау; жалпы әмбебап құндылықтарға негізделген серіктестікті іздеу. Жапонияның Орталық Азиядағы ұзақ мерзімді стратегиялық мүдделері оның аймаққа қатысты барлық белгілі бастамаларында жүйелі түрде көрініс тапқан және елдің сыртқы саясатына тән ерекшелік болып табылады.

Жапон дипломатиясының тәжірибесінде қысқа мерзімді немесе «бір реттік» сипаттағы шаралармен шектелу үрдісі байқалмайды. Керісінше, Токионың сыртқы саяси бағыты әрдайым прагматикалық есепке негізделіп, ұзақ мерзімді мақсаттарды кезең-кезеңімен жүзеге асыруға бағдарланған [101, 176 б.]. Орталық Азияның табиғи ресурстарына деген қызығушылықтың артуына байланысты Жапония бұл ресурстардың қауіпсіз әрі тұрақты жеткізілуін қамтамасыз ету мәселесін стратегиялық басымдықтар қатарына енгізді. Атап

айтқанда, Токио Орталық Азия ресурстарын Ауғанстан мен Пәкістан аумағы арқылы тасымалдау мүмкіндігін ұзақ мерзімді перспективада қарастырып отыр [201, 75 б.]. Бұл бағыттағы ұстанымның негізділігін сол кездегі сыртқы істер министрі Т.Асо Ауғанстандағы тұрақтылықтың Орталық Азиядағы қауіпсіздік жағдайына тікелей ықпал ететінін бірнеше мәрте атап өтуі дәлелдейді. Оның пікірінше, Жапония үшін тек ОА мемлекеттеріндегі емес, сонымен қатар аймаққа іргелес елдердегі қауіпсіздік ахуалы да ерекше маңызға ие [206, 4 б.].

Жапонияның Орталық Азиядағы саясатының екінші бағыты ашық аймақтық ынтымақтастықты қолдау. Елдің пікірінше, Орталық Азияның өркендеуі үшін негізгі кедергі - географиялық оқшаулық пен Кеңес Одағы кезеңінде қалыптасқан тар салалық экономикалық құрылым. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі кезеңде мемлекеттер біртұтас экономикалық жүйеден шыққан соң осал жағдайға тап болды.

Жапонияның көзқарасы бойынша, аймақтық ынтымақтастықсыз Орталық Азияның болашағы жоқ [206, 5 б.]. Осы себепті, Жапония аймақтағы мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты қолдап қана қоймай, кейбір салаларда өз бастамашылығын таныту арқылы олардың бір-бірімен байланысын нығайтуға ықпал етуге тырысады. Сонымен қатар бұл бастама толық ашықтық қағидасымен жүзеге асырылып, Жапония өз күш-жігерін негізгі халықаралық донорлар мен қаржы институттарымен үйлестіруге бағыттайды. Ол ұсынған «бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізі» бастамасы елдің сыртқы саяси философиясымен, яғни бейбітшіл, адамға бағытталған және тұрақты даму қағидаттарын ұстанатын халықаралық серіктестік ұстанымымен үйлеседі.

У.Томохико мен Х.Тэцуя атап өткендей, Токионың аймаққа деген қызығушылығы тек экономикалық есеппен шектелмейді, ол ұзақ мерзімді келешекте Еуразиядағы ынтымақтастықтың жаңа архитектурасын қалыптастыруға бағытталған [92, 45 б.].

Жапондық прагматизм Орталық Азиядағы сыртқы саясаттың негізгі ұстанымдары болатын үш бағытты анықтады: Орталық Азияғы ұзақ мерзімді болашаққа бағытталған жоспар негізінде қадам жасау; аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ашық аймақтық ынтымақтастықты қолдау; аймақтағы өзара тиімді әріптестікті қарастыру. Жапония үшін Орталық Азияны «бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» идеясы - аймақтың экономикалық әлеуетін дамыту ғана емес, сонымен қатар Еуразия құрлығында өзара түсіністік пен сенімге негізделген көпжақты қатынастар жүйесін қалыптастырудың ұзақ мерзімді стратегиясы болып табылады. Мұндай тәсіл Жапонияның сыртқы саяси ұстанымын «жауапты және ынтымақшыл держава» бейнесінде көрсетуге мүмкіндік берді. Жапония ОА-ның табиғи байлығына мүдделі екендігін жасырмайды. Сондықтан ОА мемлекеттерінің әрбірімен қатынастар орнату олардың толықтай ресурстық мүмкіндігіне бағынышты болды. Осы мақсаттарды

іске асыруда дамуға ресми көмек бағдарламасы аясында қаржылай көмек айқындалды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Жапонияның «Орталық Азияны бейбітшілік және тұрақтылық дәлізіне айналдыру» бастамасы - бұл аймақтың стратегиялық маңызын ескере отырып, ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған кешенді саясат. Ол көлік, экономика, әлеуметтік және құқықтық аспектілерді үйлестіру арқылы аймақ елдерін басты рөл атқарушылар ретінде қарастырады және халықаралық серіктестікті күшейтуді көздейді. Бұл бастама Орталық Азияны әлемдік бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтудағы маңызды буынға айналдыруға мүмкіндік береді. Зерттеуде Жапонияның «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» бастамасы SWOT талдау әдісі негізінде ғылыми тұрғыда талданды. Кестеде аталмыш бастаманың күшті және әлсіз жақтары, сондай-ақ мүмкіндіктері мен қауіптері көрсетілген. Бұл талдау бастаманың аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылыққа ықпалын жүйелі түрде бағалауға мүмкіндік береді.

2014 жылғы шілдеде Жапонияның Сыртқы істер министрі Ф. Кисиданың Қырғыз Республикасына ресми сапары және «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы аясындағы бесінші министрлік кездесу елдің аймақтық тұрақтылық пен бейбіт дамуға бағытталған ұзақ мерзімді стратегиясының жалғасы ретінде өтті. Бұл жиын бастаманың он жылдығымен тұспа-тұс келіп, Жапония мен Орталық Азия елдері арасындағы көпжақты ынтымақтастықтың институционалдық тұрғыдан нығайғанын көрсетті.

Кездесу барысында аймақтық қауіпсіздік, қақтығыстарды бейбіт жолмен реттеу, ядролық қарусыздану және таратпау мәселелері негізгі басымдықтар қатарында қарастырылды. Ауғанстандағы жағдайға байланысты есірткі трафигі мен шекаралық қауіпсіздікке ерекше назар аударылды. Осы тұрғыда әскери емес, саяси-дипломатиялық және әлеуметтік-экономикалық тәсілдерге негізделген тұрақтандыру тетіктерінің маңызы атап өтілді. Мұндай ұстаным Орталық Азияны күш қолдану кеңістігі емес, бейбіт ынтымақтастық аймағы ретінде қалыптастыру идеясымен астасады. Сонымен қатар тұрақты даму мәселелері бейбітшілік архитектурасының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды. Ауыл шаруашылығы, азық-түлік қауіпсіздігі, табиғи апаттардың алдын алу, су ресурстарын басқару және экологиялық қауіпсіздік салаларындағы өзара іс-қимыл аймақтағы әлеуметтік тұрақтылықтың негізгі факторлары ретінде бағаланды. Жапония осы бағытта технологиялық әлеуеті мен даму көмегін пайдаланып, аймақ елдерінің ішкі тұрақтылығын нығайтуға мүдделілік танытты. Қазақстанмен өткен екіжақты келіссөздерде экономикалық ынтымақтастық пен жаһандық қауіпсіздік мәселелері өзара байланыста қарастырылды. Қазақстанның ядролық қарусыздану және Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ қалыптастырудағы рөлі Жапония тарапынан жоғары бағаланды. Бұл бастама аймақтық және халықаралық тұрақтылықтың маңызды элементі ретінде танылды.

Сонымен бірге экономикалық реформалар мен индустриялық даму салаларындағы әріптестік бейбіт даму моделін іске асырудың практикалық құралы ретінде көрініс тапты.

Географиялық қашықтыққа қарамастан, Жапонияның аймақтағы қатысуын тұрақты түрде атап өтуі Токионың аймаққа деген қызығушылығының жүйелі әрі терең екенін аңғартады. Т. Асоның көзқарасын шартты түрде екі мазмұндық бөлікке бөлуге болады. Бірінші бөлікте 1993-2004 жылдар аралығында ұсынылған бастамалардың қорытындылары сараланып, Жапонияның Орталық Азияны сыртқы саясатындағы маңызды бағыт ретінде қарастыруының тұжырымдамалық негіздері айқындалды. Екінші бөлікте аймақтық өзара байланыстарға қатысты жаңаша көзқарас ұсынылып, Токионың өңірдегі рөлін қайта пайымдау үдерісі көрініс тапты [215, 4 б.]. Алғашқы бөлікке сәйкес, XXI ғасырда Орталық Азияның стратегиялық маңызы арта түскені атап өтіледі. Табиғи ресурстарға байлығы және әлемдік державалардың мүдделері тоғысатын кеңістікке айналуы бұл өңірдің халықаралық қатынастардағы орнын күшейтеді. Жапония Орталық Азияны жаһандық қауіпсіздік жүйесінің маңызды элементі ретінде қарастырып, аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүдделі екенін білдірді.

Министрдің пікірінше, аймақтағы қауіпсіздік Жапония үшін табиғи ресурстарды тұрақты өндіру мен тасымалдаудың кепілі ретінде ерекше мәнге ие. Бұл ұстаным Токионың Орталық Азияға деген қызығушылығы уақытша емес, ұзақ мерзімді стратегиялық сипатқа ие екенін дәлелдейді [215, 5 б.].

Жапон-американ қауіпсіздік шартының үнемі жаңартылып отыруы және оның болашақта толыққанды әскери-стратегиялық альянсқа айналу ықтималдығы екі ел серіктестігінің жаһандық деңгейге шыққанын көрсетеді [101, 170 б.]. АҚШ пен Жапонияның Қытай ықпалының өсуіне алаңдаушылығы бұл ықпалды тек Азия-Тынық мұхит аймағында ғана емес, оған іргелес өңірлерде, соның ішінде Орталық Азияда да шектеуді маңызды стратегиялық міндетке айналдырды [216]. Осы тұрғыдан Жапонияның аймақтағы саясатын талдауда оның АҚШ-пен одақтастық қатынастары мен жаһандық деңгейде қалыптасқан рөлдер бөлінісін ескеру маңызды [205, 69 б.]. Осы негізде «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» бастамасының мазмұны айқындалады.

Жапония аймақтағы саясатын үш негізгі бағытқа негіздейді: ұзақ мерзімді перспективаға бағдарлану, ашық аймақтық ынтымақтастықты қолдау және әмбебап құндылықтарға сүйенген серіктестік қалыптастыру. Бұл ұстанымдар елдің барлық бастамаларында жүйелі түрде көрініс тауып, оның сыртқы саясатының тұрақты ерекшелігіне айналды. Токио қысқа мерзімді шаралармен шектелмей, прагматикалық есепке негізделген кезеңдік стратегияны ұстанады [101, 176 б.].

Орталық Азияның табиғи ресурстарына қызығушылықтың артуы Жапонияны олардың қауіпсіз әрі тұрақты жеткізілуін қамтамасыз етуге бағытталған саясат жүргізуге итермеледі. Бұл тұрғыда ресурстарды Ауғанстан мен Пәкістан арқылы тасымалдау мүмкіндігі де қарастырылуда [201, 75 б.]. Мұндай көзқарас Ауғанстандағы тұрақтылықтың бүкіл аймақ қауіпсіздігіне ықпал ететінін көрсетеді [206, 4 б.]. Аймақтық саясаттың келесі бағыты - ашық ынтымақтастықты дамыту. Жапония Орталық Азияның дамуына кедергі келтіретін негізгі факторлар ретінде географиялық оқшаулық пен экономикалық құрылымның тарлығын атап өтеді. Осыған байланысты мемлекеттер арасындағы өзара іс-қимылды күшейту өңірдің болашағы үшін шешуші мәнге ие [206, 5 б.]. Жапония бұл үдерістерге белсенді қатысып, мемлекеттер арасындағы байланыстарды нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар өз бастамаларын халықаралық донорлар мен қаржы институттарының қызметімен үйлестіруге ұмтылады. «Бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізі» идеясы елдің бейбітшіл, адамға бағытталған және тұрақты даму қағидаттарына негізделген сыртқы саяси философиясымен үйлеседі.

Жалпы алғанда, Жапонияның Орталық Азиядағы саясаты ұзақ мерзімді жоспарлауға, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және өзара тиімді әріптестікке негізделген. Бұл тәсіл елдің өзін жауапты әрі ынтымақшыл держава ретінде танытуына мүмкіндік береді. Сонымен бірге Жапония аймақтың табиғи ресурстарына мүдделілігін ашық көрсетеді. Осы мақсатта екіжақты қатынастарды дамыту мен ресми даму көмегі бағдарламалары арқылы қаржылық қолдау көрсетуге басымдық береді.

Зерттеу нәтижелері Жапонияның «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» бастамасы аймақтың стратегиялық маңызын ескере отырып, ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған кешенді саясат екенін көрсетеді. Бұл бастама көлік, экономика, әлеуметтік және құқықтық салаларды қамтып, аймақ елдерін негізгі акторлар ретінде қарастырады және халықаралық серіктестікті күшейтуге бағытталған. Сонымен қатар зерттеуде аталған бастама SWOT талдау әдісі арқылы сараланып, оның күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіптері жүйеленді. Бұл тәсіл бастаманың аймақтық тұрақтылыққа ықпалын кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

3. «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ПЛЮС ЖАПОНИЯ» ФОРМАТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН - ЖАПОНИЯ СЕРІКТЕСТІГІ

3.1 Екіжақты ынтымақтастықтың нормативтік-құқықтық негіздері

Саяси аренада Қазақстан мен Жапония елдері арасындағы ынтымақтастықтың дамуы қазіргі жаһандық дәуірлеу заманында ғалымдардың ерекше қызығушылығын тудырып келеді. Географиялық тұрғыдан қос мемлекет бір-бірінен едәуір қашық орналасқанына қарамастан, кейінгі онжылдықтар шамасында саяси, экономикалық және гуманитарлық салаларда серпінді жұмыстар атқарып келеді.

Екінші дүниежүзілік соғыс Жапония елінің қабырғасына бататын зілмауыр кезең. Осы бір зұлмат соғыста қаза тапқан жапон сарбаздарының Орта Азия жерінде жерленуі Жапония үшін аса маңызды оқиға болды. Бұл оқиғалар қазіргі таңда Жапонияның аймақ елдерімен жүргізіп отырған саяси дискурсының негізгі өзегіне айналды.

Көптеген жапон саясаткерлері Орта Азия жерін рухани әрі тарихи тұрғыдан «киелі орын» деп есептейді. Сәйкесінше, бұл тарихи кезеңдер жапон халқы мен Орталық Азия арасындағы тарихи жадты байланыстыратын нысаналы нысан ретінде байланыс қызметін атқарып келеді [217].

Қазақстан Республикасының Жапониядағы Елшісі Б. Қожатаевтың «1945-1951 жылдардағы Қазақстанды индустрияландыруға жапон-интерн тұтқындарының қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми конференция қатысушыларына жолдауында Қазақстаннан Жапонияға шамамен 50 мың жапон сарбазы оралған екен. Сол сарбаздардың арасында бүгінге дейін көзі тірі азаматтардың қазақ халқы туралы жылы естеліктері жан жылытады [76].

Шын мәнісінде, Қазақстан мен Жапония арасындағы қарым-қатынастар мәселесі әлі де толық зерттелмеген. Бұған дейінгі еңбектерде екіжақты ынтымақтастық көбіне жан-жақты қарастырылмай, біржақты пікірді місе тұтты. Мәселен, Н.Ж. Шаймарданованың «Қазақстан Республикасы мен Жапонияның саяси жүйесін жаңғырту: салыстырмалы талдау» (2008), Ф.П. Уразбаеваның «Қазақстан-Жапония қатынастары (1992-2007)» (2008), Б.Қ. Ақынның «Қазақстан Республикасының саяси дамуындағы Жапонияның жаңғыру тәжірибесі» (2019) атты зерттеулерін атап өтуге болады. Сонымен қатар Ш.Т. Сауданбекованың (2020) жұмысында қазақтар мен жапондардың ғұрыптық мәдениетіндегі ұқсастықтар мен ерекшеліктер мәдени-антропологиялық тұрғыдан талданса, А.М. Рустемованың (2021) диссертациясы жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастыққа арналған.

Қазақстан Орталық Азиядағы аумағы ең үлкен, табиғи ресурстары мол және саяси тұрақтылығы салыстырмалы түрде жоғары мемлекеттердің бірі болып саналады. Ядролық қарудан бас тарту саясаты, көпвекторлы сыртқы бағыт және халықаралық бастамалардағы белсенділік елді Жапония үшін сенімді

серіктес деңгейіне көтерді. Аймақ ішінде Қазақстан жетекші позицияға ие. Оның 2,7 млн км²-ден асатын аумағы мен табиғи ресурстарға байлығы өңірлік маңызын арттыра түседі. Қазақстанның уран, мұнай, газ және өзге де стратегиялық ресурстары тек аймақтық емес, жаһандық энергетикалық тұрақтылыққа да үлес қосады. Мұндай ресурстық әлеует елді, соның ішінде Жапония сияқты технологиялық дамыған мемлекеттер үшін, маңызды әрі сенімді әріптес ретінде танытады [117].

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан көпвекторлы сыртқы саясатты мақсатты түрде ұстанып келеді. Бұл бағыт жетекші державалармен, оның ішінде Жапониямен, тең құқықты әрі тиімді саяси және экономикалық байланыстар орнатуға мүмкіндік берді. Жапонияның бейбіт сыртқы саяси ұстанымы мен Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы сияқты тарихи шешімдер екі ел арасындағы сенімге негізделген серіктестіктің нығаюына ықпал етті. Қазақстанның саяси жүйесі тұрақтылықты сақтай отырып, кезең-кезеңімен жаңғыртылып келеді. Мемлекеттік басқару институттарының күшеюі және «Нұрлы Жол», «Цифрлық Қазақстан» сияқты стратегиялық бағдарламалардың жүзеге асуы елдің ішкі әлеуетін арттырып қана қоймай, аймақтық интеграциялық үдерістерге белсенді қатысуына жол ашты [218].

Қазақстанның Еуразияның дәл ортасында орналасуы оны Қытай мен Еуропа арасындағы маңызды транзиттік хаб деңгейіне көтереді. Бұл фактор Жапония үшін де ерекше мәнге ие, өйткені ол өз өнімдерін Еуропа нарығына жеткізудің баламалы логистикалық бағыттарын іздестіреді. Сонымен бірге Қазақстан Орталық Азия елдері арасындағы өзара келісім мен ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ете алатын мемлекет ретінде ерекшеленеді. Ел су ресурстарын басқару, экологиялық қауіпсіздік және өңірлік қауіпсіздік мәселелерінде бастамашыл ұстаным танытып келеді. Аймақтық тұрақтылық пен дамуды басшылыққа ала отырып, Қазақстан «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы шеңберінде маңызды стратегиялық актор ретінде көрініс табуда [219].

Жапония Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған сәттен бастап саяси қолдау көрсетумен қатар, экономикалық көмек пен технологиялық әріптестікті дамытуда белсенді рөл атқарды. 1992 жылы Жапония тәуелсіздік алған Орталық Азия мемлекеттеріне қолдау көрсету мақсатында халықаралық ауқымды конференция ұйымдастырды. Бұл жиынға АҚШ және бірқатар батыс елдерімен қатар Қазақстан атынан Т. Сүлейменов қатысты. Конференция барысында Қазақстанда реформаларды жүзеге асыру үшін қаржылық және техникалық көмек көрсету мәселелері жан-жақты талқыланды [77]. Аталған үдерістер екі ел арасындағы дипломатиялық байланыстардың нығаюына, саяси диалогтың жандануына және ынтымақтастықтың жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етті.

Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылғы 6-7 сәуірде және 1999 жылғы 5-8 желтоқсанда Жапонияға жасаған ресми сапарлары қазақ-жапон қатынастарының институционалдық негізін қалыптастырып, екіжақты саяси диалогтың тұрақты

дамуына серпін берді.Кейінгі кезеңде парламенттік деңгейдегі байланыстар да дамыды: 1994 жылдан бастап Жапонияда Қазақстанмен достықты қолдайтын парламенттік топ жұмыс істесе, Қазақстанда мұндай құрылым 2004-2005 жылдары Сенат пен Мәжіліс деңгейінде қалыптасты. Сонымен қатар екі ел арасындағы салалық ведомстволар мен министрліктер тұрақты диалог жүргізіп, екіжақты ынтымақтастықтың жүйелі дамуына ықпал етіп келеді [220].

Ал 1999 жылғы екінші ресми сапар аясында қабылданған «Достық, серіктестік және ынтымақтастық туралы бірлескен мәлімдеме» екі ел арасындағы қарым-қатынасты жаңа сапалық деңгейге көтеріп, өзара тиімділік, тең құқықтылық және құрмет қағидаттарына негізделген стратегиялық серіктестіктің қалыптасуына негіз болды. Сонымен қатар экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған бірқатар маңызды келісімдер қабылданып, екіжақты байланыстардың көпқырлы сипаты айқындалды [38].

Жапон мемлекетінің Қазақстандағы жетістіктерінің ішінде ең алғашқылардың бірі болып дамуға берген ресми көмегін айтуға болады. 1992 жылдан бастап Жапония Қазақстанға әртүрлі салаларда, білім беру, денсаулық сақтау, жолдарды жөндеу, әуежай, электр станциялары сияқты инфрақұрылымдарды дамыту және әлеуетті арттыру бағыттарына маңызды әрі қажет көмек көрсете бастады. 2004 жылға дейінгі көмек көлемі 280 млрд йенді (шамамен 3 млрд USD) құрады.

Қазақстан мен Жапония арасындағы 1990 жылдардың екінші жартысынан бастап қабылданған нормативтік-құқықтық заңдар екіжақты экономикалық ынтымақтастықты институционалдық тұрғыда реттеуге бағытталды. Аталған құжаттар екі ел арасындағы сауда, инвестиция, технологиялық трансфер және кәсіпкерлік қызмет салаларында құқықтық негіз қалыптастырып, экономикалық серіктестіктің тұрақты және болжамды даму мүмкіндіктерін қамтамасыз етті.

Қазақстан - Жапония арасында 1991-2025 жж. қабылданған құжаттар:

1. «ҚР мен Жапония Халықаралық Экономикалық Ынтымақтастық Қоры арасындағы Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту жобасы жөніндегі несие шартының заңды тұрғыдан бекітілуі» ҚР Заңының жобасы туралы. ҚР Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 9 сәуір N 389 қабылданды. Қаржыландыру көлемі 25 677 млн жапон йенасы 227 миллион АҚШ долларын құрайды [51].

2. «ҚР Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы Батыс Қазақстанның жол желісін қайта құру жобасын жүзеге асыру үшін ҚР Үкіметіне Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің несие беру туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы» қаулы. 2000 жылғы 21 желтоқсандағы Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкі мен ҚР Үкіметі арасындағы Батыс Қазақстанның жол желісін қайта құру жобасын бойынша несие туралы келісім. Жоба бойынша 204560 АҚШ долларын құрайды [52].

3. ҚР Үкіметі мен Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкі арасындағы «Астана қаласын сумен жабдықтау және оның кәрізі» жобасы жөніндегі несие туралы келісімді бекіту туралы қаулы. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 6 қарашадағы N 495-II Заңы. Жоба бойынша 245700 АҚШ долларын құрады [53].

4. ҚР «Агросервистік қызметті қолдау» жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім. ҚР 2003 жылғы 5 қарашадағы N 491-II Заң қабылданды. Гранттың жапон тарапынан бөлінетін көлемі 623,600 йена 5380 АҚШ долларын құрады [54].

5. ҚР Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы «ҚР ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау» жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы заңы. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 520 Заңы қабылданды. ҚР Үкіметіне 4,853,000 АҚШ доллары мөлшерінде грант бөледі [55].

6. ҚР Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы «А.В. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінің білім беру кешеніне арналған жабдықтарды жеткізу» жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді ратификациялау туралы заңы. 2007 жылғы 29 қаңтарда күшіне енді, ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2007 ж., N 2, 16-құжат қабылданды. Жапон мемлекетінің мәдени гранты бойынша жабдықтар 398 000 долларды құраған [57].

7. ҚР мен Жапония арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны және оған Хаттаманы ратификациялау туралы заңы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 30 қарашадағы N 208-IV Заңы қабылданды [58].

8. ҚР Үкіметі мен Жапонияның Үкіметі арасындағы Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісім. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1527 қаулысымен мақұлданған, 72460 АҚШ долларын құрады [59].

9. «Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Агенттігі мен ҚР Үкіметі арасындағы ОАӨЭЫ (Жамбыл облысы) Көлік дәлізін қайта жаңарту жобасы бойынша Қарыз туралы келісімді ратификациялау туралы» ҚР Заңының жобасы туралы. Токио қаласында 2010 жылғы 23 тамызда жасалған Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Агенттігі мен ҚР Үкіметі арасындағы ОАӨЭЫ (Жамбыл облысы) Көлік дәлізін қайта жаңарту жобасы бойынша Қарыз туралы келісім ратификацияланды [62].

10. ҚР мен Жапония арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімге қол қою туралы. ҚР Президентінің 2013 жылғы 11 желтоқсандағы 709 Жарлығымен мақұлдаған қаулы [63].

11. ҚР Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы «Қазақстан Республикасында күн сәулелі фотоэлектр жүйесін пайдалана отырып,

экологиялық таза энергияны енгізу» жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімге қол қою туралы заң. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 339 қаулысымен мақұлданған. Жапония Үкіметі Қазақстанда күн сәулелі фотоэлектр жүйесін енгізу жобасын қолдау үшін 7,705,000 АҚШ доллары көлемінде грант бөлу туралы шешім қабылдады [63].

12. ҚР мен Жапония арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және қорғау туралы келісім. ҚР Заңы 2015 жылғы 22 шілдедегі № 339-V ҚРЗ қаулы қабылданды [64].

13. ҚР Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы Экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламасы шеңберінде жапондық грант алу туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы заңы. ҚР 2021 жылғы 20 мамырдағы № 333 қаулысымен бекітілген Нұр-Сұлтан, 2021 жылғы 15 наурыз, № 1 Қазақстан тарапының нотасы қабылданды. Жапония Үкіметі Алушының Экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламасын іске асыруға қолдау көрсету мақсатында, ұлттық заңнамасына сәйкес, 400 000 000 жапон иені (¥400,000,000 ≈ $3,742,000 АҚШ доллары) құрайды [65].

14. «Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі» ЖШС мен «Challenge and Lead» арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

15. «Қазақстанның Даму Банкі» ЖШС мен Жапондық халықаралық ынтымақтастық банкі арасындағы бірлескен жобаларды қаржыландыру туралы келісім.

16. «KAZAKH INVEST» ЖШС мен Fitech арасындағы инвестициялық жобаны жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық туралы меморандум.

17. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Цукуба университеті арасында Сейсмикалық орталық құру ниеті туралы хат.

18. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Hitachi High-Tech Europe GmbH арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

19. Central Asia Climate Foundation, Rakurs Tech LLC және Mitsubishi Corporation арасындағы көміртегі несиелері және экологиялық шешімдер саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

20. «Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» АҚ мен Түркияның FUJIFILM Healthcare Corporation арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

21. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Ядролық физика институты мен Chioda Technology Corporation арасындағы радиациялық технологияларды бейбіт, жарылғыш емес мақсаттарда қауіпсіз пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

22. Eurasian Resources Group пен Mitsui & Co. арасындағы тау-кен бизнесіндегі ынтымақтастықты кеңейту туралы өзара түсіністік туралы меморандум.

23. «Eurasian Resources Group», «Eurasian Machinery» ЖШС және «Hitachi Construction Machinery» арасындағы Качар карьерін пайдалануды реформалау бөлігінде Качар карьерінің қызметіндегі ESG мақсаттарына қол жеткізу шешімдерін әзірлеу бойынша ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандум.

24. «Kazakhmys Corporation» ЖШС, «Eurasian Machinery» ЖШС және Hitachi Construction Machinery арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум.

25. Қазақстанның Сыртқы сауда палатасы мен Minamin Ltd арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

26. KAZ Minerals Management, «Komek Machinery Kazakhstan» ЖШС, Komatsu Ltd және Mitsui & Co. арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

27. SAS-Tobe Cement және Comaihaltek Inc. арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

28. «Kazakhstan Utility Systems» ЖШС мен Komayhaltek Inc. арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

29. «Qaz Textile Industry» ЖШС мен «Masui & Co» арасындағы тоқыма өндірісін құру және еңбек қауіпсіздігін жақсарту бойынша стандарттарды жетілдіру бойынша техникалық ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандум.

30. Алматы туристік бюросы мен H.I.S. арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

31. Royal Kitchen мен H.I.S. арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

32. «Жасыл технологиялар мен инвестициялық жобалардың халықаралық орталығы» АҚ мен JCAIP арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумы [64]

33. Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы мен Muroosystems Corporation арасындағы пайдаланылған ядролық отын мен радиоактивті қалдықтарды басқару саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

34. Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы мен Fukui University Research Institute of Nuclear Engineering арасындағы атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар бойынша өзара түсіністік туралы меморандум [65].

35. «Бәйтерек Ұлттық Басқарушы Холдингі АҚ» мен MUFG банкі, ЖШС арасында «Бәйтерек» холдингінің инвестициялық бағдарламасын қолдау мақсатында 1,28 млрд АҚШ долларына дейінгі көлемде қаржыландыру тартуды көздейтін ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжат тұрақты даму, баламалы энергетика және ESG бағыттарындағы жобаларды қамтиды,

сондай-ақ борыштық және ақша нарықтары арқылы қаржыландыруды ұйымдастыруды, жобалық және инфрақұрылымдық қаржыландыруды, экспорттық кредиттік қолдаумен жүзеге асырылатын мәмілелерге қатысуды, ақша нарығы операцияларын және хеджирлеу құралдарын пайдалануды қарастырады. Ықтимал қаржыландырудың жалпы көлемі 1,28 млрд АҚШ доллары деңгейінде бағаланады [66, 1 б.].

36. Самрұқ қазына JSC мен Марубени корпорациясы көміртек бірліктерінің айналымы мен сатылуын көздейтін Бірлескен кредиттеу тетігін (JCM) іске асыруға арналған ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қойды. Келісім аясындағы пилоттық жоба ретінде Жамбыл ауданы аумағында Ақтас Энерги LLP қатысуымен қуаты 1 ГВт жел электр станциясын және 300 МВт энергия жинақтау жүйелерін салу міндеттелді [66, 2 б.].

37. «Еуразиялық Ресурстар Тобы S.a.r.l., ERG Sales KZ ЖШС («Қазақстан алюминийі» АҚ мүддесі үшін) және «Мицубиси Корпорациясы RTM Жапония ЖШС» галлий жеткізуге арналған ұзақ мерзімді оффтейк-келісімге қол қойды [66, 3 б.].

38. «Қазатомпром Ұлттық Акционерлік Компаниясы АҚ» мен «Кансай Электр Қуаты Компаниясы» табиғи уран концентраттарын сатып алу-сату жөніндегі ұзақ мерзімді келісімшартқа қол қойды [66, 4 б.].

39. «Тау-Кен Самұрық Ұлттық Қазба Байлық Компаниясы АҚ» мен «Жапония Металлдар мен Энергия Қауіпсіздігі Ұйымы» (JOGMEC) Қазақстан Республикасының аумағында тау-кен өнеркәсібі саласындағы өзара іс-қимылды дамытуға бағытталған ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Келісім коммерциялық негізде Жапониядағы атом электр станцияларының қажеттіліктері үшін уран өнімдерін жеткізуді көздейді. Құжат ұзақ мерзімді ынтымақтастық негізінде өнімді тұрақты жеткізуді көздейді [66, 5 б.].

40. Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі мен MUFG Банкі ЖШС ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды, ол 500 миллион долларға дейін қаржыландыру мүмкіндігін қарастырады. Құжат деректер орталықтарын салу, смарт қалаларды дамыту, сондай-ақ жасанды интеллект саласындағы стартаптар мен инновациялық жобаларды аралас қаржыландыру жобаларын қамтиды [66, 6 б.].

41. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат Қоры АҚ мен MUFG Банкі ЖШС стратегиялық жобаларды қаржыландыру мақсатында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл құжат халықаралық қаржы институттарының кепілдіктерін пайдалана отырып, жалпы сомасы 1 млрд долларға дейінгі қаржыландыруды қамтамасыз етуді қарастырады» [66, 7 б.].

42. Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы мен Muroosystems Corporation компаниясы пайдаланылған ядролық отын мен радиоактивті қалдықтарды өңдеу технологияларын дамыту саласында өзара түсіністік меморандумына қол қойды. Құжат қауіпсіз өңдеу және сақтау

технологиялары саласындағы ынтымақтастықты дамытуға, сондай-ақ перспективалы атом электр станциялары үшін отын түрлерін жасауға бағытталған. Жобаларға инвестицияның болжамды көлемі шамамен 200 млн доллар деп бағалануда [66, 8 б.].

43. «Самұрық-Энерго» АҚ мен Mitsubishi Heavy Industries Power Environmental Solutions Ltd. компаниясы стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Келісім «Самұрық-Энерго» АҚ өндірістік активтерінде таза ауа сапасын бақылау технологияларын енгізуді қарастырады. Құжат Moving Electrode Electrostatic Precipitator (MEEP) жүйелерін орнатуды, бар электростатикалық тұндырғыштарды модернизациялауды, сондай-ақ түтін газын күкірттен тазалау жүйелерін енгізуді қамтиды. Келісім аясындағы инвестициялардың жалпы көлемі 10 жыл ішінде шамамен 120 млн деп бағаланады» [66, 9 б.].

44. Астана қаласы әкімдігі, «Қазақ Инвест» Ұлттық компаниясы АҚ, «Komek Machinery Kazakhstan» ЖШС, Mitsui және Komatsu компаниялары Астана қаласында машиналарды күрделі жөндеу және қайта өңдеу өндірістік кешенін салу жобасы бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Жоба аясында құрамдас бөліктерді қайта қалпына келтіру орталығын (Components Rebuild Center, CRC) құру көзделген. Бұл орталық Орталық Азиядағы ірі сервистік хабтардың бірі ретінде қарастырылып, Қазақстанның тау-кен компаниялары үшін жабдық бөлшектерін жөндеу мерзімін қысқартуға, шығындарды азайтуға және жедел техникалық қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Жобаның инвестициялық көлемі 20 млн АҚШ долларын құрайды [66, 10 б.].

45. Сонымен қатар «Қазақстан Муниципалды Жүйелер» ЖШС мен Komaihaltek Inc. компаниясы Түркістан облысында жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаны іске асыру бойынша өзара түсіністік меморандумына қол қойды. Құжат жел энергетикасы нысандарын салу бағытында серіктестікті дамытуға арналған. Жобаның болжамды инвестициялық көлемі шамамен 18 млн АҚШ долларын құрайды [66, 11 б.].

46. Бұдан бөлек, Түркістан облысы әкімдігі мен Komaihaltek Inc. арасында микроэнергетикалық жүйелерді енгізу жөнінде келісім жасалды. Бұл бастама жаңартылатын энергия көздерін, соның ішінде KOMAI жел турбиналарын қолдана отырып, гибридті энергетикалық шешімдерді дамыту мүмкіндіктерін қарастыруды қамтиды. Жобаның негізгі мақсаты - көмірқышқыл газы (CO_2) шығарындыларын азайту және энергиямен қамтамасыз ету жүйесінің тұрақтылығын арттыру [66, 12 б.].

47. «Қазақстан Ғарыш Сапары» Ұлттық компаниясы АҚ мен Synspective Inc. компаниясы ғарыштық компоненттер мен ғарыштық қолданбаларды өндіру саласында бірлескен зерттеу және әзірлеу жұмыстары бойынша өзара түсіністік меморандумына қол қойды. Құжат Жерді алыстан зондтау саласында

ынтымақтастықты дамытуды, соның ішінде бірлескен жобаларды әзірлеу, деректер мен заманауи технологияларды алмастыруды қарастырады. Жобаның инвестициялық көлемі шамамен 10 млн доллар деп бағаланады» [66, 13 б.].

48. KEGOC АҚ пен Hitachi Energy Poland компаниясы Астанадағы қосалқы станцияда цифрлық технологияларды енгізуді қарастыратын шеңберлік ынтымақтастық келісіміне қол қойды. Жоба аясында цифрлық шешімдерді енгізу жоспарланып, жұмыстар 2029 жылға дейін аяқталуы тиіс. Жобаның инвестициялық көлемі шамамен 7 млн доллар деп бағаланады» [66, 14 б.].

49. «Қазпошта» АҚ пен Toshiba Corporation компаниясы қойма басқаруы мен электрондық сауда саласындағы бизнес-процестерді автоматтандыру саласында ниет хатқа қол қойды. Жоба тұтынушы тапсырыстарын өңдеу және орындау процестерін оңтайландыру үшін автоматтандырылған мобильді роботтарды енгізуді қарастырады. Жобаның инвестициялық көлемі 6 млн долларды құрайды» [66, 15 б.].

50. Ядролық физика институты РМК мен Marubeni Utility Services Ltd. компаниясы жоғары температуралы газ салқытқышты реакторларға арналған жоғары жану қабілеті бар отын түрін дамыту мақсатында сәулелену сынақ жоспарын бірлесіп зерттеу жөніндегі келісімге қол қойды. Зерттеудің құны шамамен 130 мың доллар деп бағалануда» [66, 16 б.].

51. «Самұрық-Қазына» АҚ мен Marubeni Corporation компаниясы көміртегі бірліктерінің айналымы мен сатылымына бағытталған Бірлескен Кредит Механизмін (JCM) енгізу жоспарын әзірлеуді қарастыратын шеңберлік ынтымақтастық келісіміне қол қойды» [66, 17 б.].

52. «Қазақстанның экспорттық несиелеу агенттігі мен Nippon Export and Investment Insurance (NEXI) экспорттық несиелеу және сауда қаржыландыру саласында өзара әрекеттестікті дамытуға бағытталған өзара түсіністік және ынтымақтастық меморандумына қол қойды. Құжат Қазақстан мен Жапониядан шикізаттық емес тауарлар мен қызметтердің экспортын қолдауды, соның ішінде бірлескен жобаларды жүзеге асыру және тәжірибе алмасу арқылы қамтамасыз етуді қарастырады» [66, 18 б.].

53. «KazAzot Prime» ЖШС мен SK компаниясы тыңайтқыш өндіру және декарбонизация жобалары саласындағы стратегиялық серіктестік бойынша өзара түсіністік меморандумына қол қойды. Келісім минералды тыңайтқыш өндірісі саласындағы ынтымақтастықты дамытуға және төмен көміртекті технологияларды енгізуге бағытталған» [66, 19 б.].

54. «Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы АҚ, Tokyo Rockbox Almaty ЖШС және RIKEN KOGYO Inc. компаниясы Қазақстан теміржол инфрақұрылымы үшін желге және қарға қарсы қорғаныс шараларын дамыту бойынша ынтымақтастық меморандумына қол қойды. Құжат теміржол көлігінде озық технологиялық шешімдерді енгізуді қарастырады» [66, 20 б.].

55. Еуразиялық Ресурстар Тобы S.a.r.l. және Hitachi Construction Machinery Co., Ltd. компаниясы тұрақты өсу мен өндіріс процестерінде заманауи шешімдерді енгізуді ілгерілету мақсатында технологиялық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған өзара түсіністік меморандумына қол қойды» [66, 21 б.].

56. Еуразиялық Ресурстар Тобы S.a.r.l. және Mitsui компаниясы тау-кен бизнесіндегі ынтымақтастықты кеңейту бойынша өзара түсіністік меморандумына қол қойды. Құжат тау-кен саласында өзара әрекеттестікті дамытуды және өндірістік орындарда декарбонизация жобаларын жүзеге асыруды қарастырады» [66, 22 б.].

57. KAZ Minerals, Eurasian Machinery ЖШС және Hitachi Construction Machinery Co., Ltd. компаниясы тау-кен операцияларында ESG көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған шешімдерді дамыту бойынша өзара түсіністік меморандумына қол қойды. Құжат экологиялық басқару мақсаттарына жетуді және тау-кен процестерінің экологиялық тиімділігін арттыруға бағытталған ынтымақтастықты дамытуды қарастырады» [66, 23 б.].

58. KAZ Minerals, «Komek Machinery Kazakhstan» ЖШС, Mitsui және Komatsu компаниялары тау-кен техникасының құрамдас бөліктерін жөндеу және қайта өңдеу бойынша өндірістік және сервистік қабілеттерді дамытуға арналған өзара түсіністік меморандумына қол қойды. Тараптар ковштар, корпустар және жоғары қысымды шлангтарды өндіру және жөндеу үшін шеберхананы дамытуға, сондай-ақ экскаваторлар, бульдозерлер, самосвалдар және ұнтақтау жабдықтары сияқты техникалар мен құрамдас бөліктерді қайта өңдеу мүмкіндіктерін кеңейтуге келісім жасады» [66, 24 б.].

59. KAZ Minerals және Bridgestone компаниялары ұзақ қызмет мерзімі бар ірі көлемді дөңгелектерді жеткізу саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге арналған өзара түсіністік меморандумына қол қойды. Құжат жеткізілімдер үлесін 25%-дан 50%-ға дейін арттыру ниетін, сондай-ақ уақтылы және үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ету үшін Samsung C&T арқылы Қазақстан Республикасының аумағында жергілікті қойма ұйымдастыруды қарастырады» [66, 25 б.].

60. 10-шы «Орталық Азия плюс Жапония» саммитінің қорытындысы бойынша Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастығы одан әрі дамытуға бағытталған Қазақстан - Токио декларациясы қабылданды. 2025 жылғы 20 желтоқсанда Токио қаласында екі тарап басшылары қол қойған келісім қабылданды [66, 26 б.].

Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық ынтымақтастықты реттеуге арналған нормативтік-құқықтық база әртүрлі қаржы құралдары мен жобалық тетіктерді іске асыруға бағытталған. Гранттар бастапқы қаржылық құрылымды іске асырып, нақты жобаларды ұйымдастыруды қамтиды. Инвестициялық келісімдер ұзақ мерзімді капитал тартуға мүмкіндік берсе, қарыз құралдары стратегиялық инфрақұрылымдық және экономикалық бастамаларды қаржыландыруға қызмет етіп, түрлі жрбалардың іске асуына тікелей мұрындық

болады. Құжаттарда жобалардың мазмұны, мерзімі мен көлемі нақты көрсетіледі. Бұл өз кезегінде экономикалық серіктестіктің құрылымы мен институционалдық негізін жүйелі түрде түсінуге мүмкіндік береді. Бұл құқықтық базаны жүйелеу екіжақты ынтымақтастықтың стратегиялық әлеуетін кешенді бағалауға ықпал етеді. 2001 жылғы 1 қаңтарда Астана қаласында Жапонияның уақытша дипломатиялық өкілдігі ашылып, Жапония елімен тығыз қарым-қатынас орнатуға жол ашылады.

2002 жылғы желтоқсанда Қ. Тоқаевтың Жапонияға ресми сапары барысында екіжақты ынтымақтастықты тереңдету, халықаралық және аймақтық мәселелер бойынша пікір алмасу, сондай-ақ БҰҰ аясындағы өзара іс-қимылды кеңейту бағыттары талқыланды. Аталмыш сапар аясында Қазақстан Жапонияның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты мүшелікке үміткерлігін қолдайтынын бірауыздан мәлім етті [221]. Осы бір тарихи кезеңде Қазақстанның ресурстық әлеуеті мен аймақтық рөлі Жапония үшін ерекше стратегиялық мәнге ие екендігі айқындала түсті. 2004 жылғы тамызда Жапония Сыртқы істер министрі Ё. Кавагучидің Қазақстанға сапары үлкен нәтижелер әкеліп, екіжақты серіктестікті жаңа деңгейге көтерді. Келіссөздер нәтижесінде саяси және экономикалық байланыстардың тұрақтылығы расталып, өзара сенім нығая түсті. Жапонияның елшілікті Астанаға көшіру туралы шешімі қатынастардың ұзақ мерзімді сипатын айқындайтын маңызды қадам ретінде бағаланды [47-48].

2006 жылы Жапония «3Е» қағидатына негізделген ұлттық энергетикалық стратегиясын қабылдап, энергетикалық қауіпсіздік пен тұрақты дамуды басты басымдық ретінде белгіледі. Осы жылы Премьер-Министр Дз. Коидзумидің Қазақстанға сапары Жапонияның Орталық Азияға қатысты саясатының жаңа кезеңін көрсетті. Қазақстанның ірі уран өндіруші ел ретіндегі орны көптеген көкейкесті мәселелерді айқындай түсті. Мәселен, Жапонияның ядролық энергия үлесін арттыру стратегиясы басты бағыттардың бірі еді. Әлемдік нарықтағы уран бағасының өсуі екі ел арасындағы ынтымақтастықты тереңдетудің негізгі алғышарттарына айналды. Нәтижесінде серіктестік ресурстық бағытқа қарай нақтыланып, 2007 жылы уран саласында 24 келісім жасалды. Бұл келісімдер уран өндірудің қарқынын арттырып, ядролық отын өндірісін дамытудың, технология трансфертін құрып, ұзақ мерзімді жеткізілімдермен қамтамасыз етудің бағыттарын айқындап берді [222]. 2006-2012 жылдары «жаңа серіктестік» тұжырымдамасы аясында энергетика, инфрақұрылым және жоғары технологиялар салаларындағы өзара байланыстар орнатылды [223].

2007 жылғы сәуірде Жапонияның Экономика, сауда және индустрия министрі А. Амаридің Астанаға сапары стратегиялық әріптестіктің жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етті. Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласында бірлескен мәлімдемеге қол қойылып, кадр даярлау, уран экспортын ұлғайту және технологиялық ынтымақтастық бағыттары айқындалды [224]. Бұл келісімдер инвестициялық ахуалды жақсартып, ұзақ мерзімді экономикалық

байланыстардың институционалдық негізін нығайтты [225]. Кейінгі кезеңде құқықтық база одан әрі жетілдіріліп, 2011 жылы атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану туралы келісім күшіне енді. Бұл ғылыми-техникалық ынтымақтастықты кеңейтіп, ядролық қауіпсіздік саласындағы өзара іс-қимылды күшейтті. 2014 жылғы Ф. Кисида мен Е. Ыдырысов арасындағы кездесу екіжақты қатынастардың құқықтық және институционалдық негіздерін тереңдетуге бағытталды. Қостанай қаласында Toyota зауытының іске қосылуы өнеркәсіптік кооперацияның нақты нәтижесі ретінде бағаланды. Сонымен қатар визасыз режимнің енгізілуі гуманитарлық байланыстарды нығайтып, іскерлік қарым-қатынастарды дамытуға қолайлы жағдай жасады.

2015-2017 жылдары Қазақстан мен Жапония Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартқа қатысты IX конференцияда тең төрағалық қызмет атқарды [227]. Жалпы, жоғары деңгейдегі сапарлар мен саяси диалогтың жандануы экономикалық қатынастардың едәуір кеңеюіне ықпал етті. Екіжақты ынтымақтастықтың негізгі бағыттары ретінде өнеркәсіптік технологиялар мен атом энергетикасы салалары айқындалды. Табиғи уран экспорты, ядролық отын өндірісі, технология алмасу және кадр даярлау басым бағыттар қатарында қалыптасты [228]. Жапон компаниялары Қазақстанда көлік, энергетика, өңдеу өнеркәсібі және тау-кен секторында белсенді қызмет жүргізуде.

2006 жылы тауар айналымы шамамен 584 млн АҚШ долларын құрады [229]. Қазіргі кезеңде екі ел «кеңейтілген стратегиялық серіктестік» деңгейіне жетті. Дегенмен бұл қатынастардың дамуында белсенді кезеңдермен қатар бәсең фазалар да байқалды. Мәселен, 2006-2012 жылдары Жапониядағы саяси тұрақсыздық сыртқы саясаттың динамикасына әсер етті [230]. Премьер-Министр Ш. Абенің Қазақстанға сапары екіжақты қатынастарды жаңа сапалық деңгейге көтерді. Ол инвестициялық реформаларды қолдауға дайын екенін білдіріп, визасыз режим мен іскерлік байланыстарды кеңейтуге назар аударды. Сонымен қатар ядролық энергетика, технологиялар және кадр даярлау салаларындағы ынтымақтастықты дамытуға қызығушылық танытылды. Аталмыш кездесулер барысында аймақтық және жаһандық қауіпсіздік мәселелері, ядролық қарусыздану және БҰҰ аясындағы өзара іс-қимыл талқыланды.

Бизнес-форум нәтижесінде бірқатар келісімдерге қол қойылып, экономикалық серіктестіктің институционалдық негізі нығая түсті. Ш. Абе Орталық Азияға қатысты жаңа саяси ұстанымын жариялап, аймақпен қатынастарды нығайту, жаһандық мәселелерді бірлесіп шешу және серіктестікті тереңдету бағыттарын белгіледі [50]. Бұл саясат Жапонияның бұрынғы әкімшіліктер қалыптастырған стратегиясының жалғасы ретінде көрініс тапты. Нәтижесінде Орталық Азия Жапонияның ұлттық қауіпсіздік стратегиясында маңызды серіктес ретінде айқындалды [232]. Сонымен қатар «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы аймақтық мәселелерді шешудің тиімді тетігі ретінде қарастырылып, Жапонияның үйлестіруші рөлі атап өтілді [233].

Н. Назарбаев бірлескен жобаларды жүзеге асыру, экономиканы әртараптандыру және технологиялық ынтымақтастықты дамыту қажеттігін атап өтті. Әсіресе ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым және көлік салаларындағы жобалардың маңыздылығы көрсетіліп, жапон компанияларымен әріптестікті кеңейтуге басымдық берілді.

Н. Назарбаев «ЭКСПО» көрмесі 2017 жылы Астанада «Болашақ энергиясы ұранымен» өтетінін айтып, Жапония 2017 жылғы көрмеде сутегі қоғамын құру үшін өзінің жаңа технологияларын көрсетеді деген үмітін білдірді. Премьер-министр Ш.Абе Президент Н.Назарбаевқа Жапония азаматтарына берілген визасыз режімі үшін алғысын білдірді және екі ел арасындағы инвестицияларды ұлғайту саласындағы, оның ішінде ілеспе экономикалық миссияның көмегімен өзінің ынтымақтастығын растады [234].

Жүргізілген зерттеулерге сәйкес, Қазақстан мен Жапония арасындағы екіжақты қатынастардың серіктестік моделі саяси консенсусқа, инновациялық экономикаға және мәдени-білім беру саласындағы өзара әрекеттестікке негізделген жүйелі құрылым ретінде сипатталады. Бұл модельдің қалыптасуы 2016 жылғы 6-9 қарашада ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жапонияға ресми сапары барысында қабылданған «Азияның гүлдену ғасыры жағдайындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестік туралы» Бірлескен мәлімдемемен тығыз байланысты. Мазмұндық тұрғыда бұл құжат екі ел арасындағы жоғары деңгейдегі саяси диалог пен сенімге негізделген стратегиялық серіктестіктің институционалдық тұғырын айқындайды [71].

2016 жылғы 7 қарашада Астана қаласында Қазақстан Республикасы мен Жапония арасында екі ел азаматтарының дипломатиялық және қызметтік паспорт иелерін визалық талаптардан босатуға қатысты вербалды ноталармен алмасу рәсімі өтті. Аталған уағдаластық 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне еніп, тараптар арасындағы ресми байланыстарды жеңілдетуге, сондай-ақ саяси-дипломатиялық өзара іс-қимылды одан әрі дамытуға қолайлы жағдай қалыптастырды [39]. Саяси консенсус элементі екі ел басшыларының бірлескен ұстанымдарында көрініс тапқан. Мәлімдемеде 2015 жылғы Жапония Премьер-министрі Ш.Абеның Қазақстанға ресми сапары кезінде қабылданған стратегиялық серіктестік жөніндегі келісімнің маңыздылығы атап өтіліп, қазіргі кездегі екіжақты қатынастардың деңгейі оң бағаланған. Сонымен қатар екі елдің басшылары достық қарым-қатынасты нығайту мен жаһандық серіктестікті дамытуға қосқан үлестерін ерекше атап көрсетті [70].

2016 жылғы 6 қарашада ҚР Президенті Н.Назарбаев Токио қаласына ресми сапармен барып, Жапония Императоры Акихитоның қабылдауында болды және Ш.Абемен келіссөздер жүргізді. Сондай-ақ Президент Парламенттік достық лигасының төрағасы Такео Кавамурамен кездесті және Токио Роуп компаниясының кеңсесіне барды [44].

Сапар барысында екі елдің стратегиялық серіктестігі мен экономикалық ынтымақтастығының негізгі бағыттары атап өтілді. Қазақстан мен Жапонияның халықаралық қауіпсіздік, ядролық қаруды жою және таратпау саласындағы бірлескен жұмысы ерекше мәнге ие болды.

Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде ядросыз әлем құру, сондай-ақ энергетикалық, азық-түлік және су қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында бірқатар міндеттемелерді жүзеге асыруға кірісті. Осы кезеңде Қазақстан аумағында жапон капиталының қатысуымен 50-ден астам кәсіпорын жұмыс істеді. Олар мұнай-газ, металлургия, қаржы, тау-кен өндірісі, сауда, байланыс, логистика және орман шаруашылығы сияқты әртүрлі салаларды қамтиды. Мысалы, «Токио Роуп» компаниясы болат өнімдерін өндіруге маманданған. Алматыдағы зауыты 2016-2020 жылдарға арналған жоба аясында жылына 5 мың тоннаға дейін өнім шығаруға қабілетті, заманауи технологиялық жабдықтармен қамтылған және экспортқа бағытталған өндіріс ретінде сипатталады [75].

Сапар барысында парламенттік ынтымақтастықты дамыту, «ЭКСПО-2017» көрмесіне бірлесіп қатысу, инвестициялар мен даму саласындағы өзара іс-қимылды кеңейту, сондай-ақ халықаралық қаржы және сауда байланыстарын нығайтуға бағытталған бірқатар меморандумдарға қол қойылды. Сонымен қатар дипломатиялық және қызметтік паспорт иелерін визалық талаптардан босату туралы келісім жасалды.

Қазақстан мен Жапония арасындағы стратегиялық серіктестік екі елдің экономикалық және ғылыми әлеуетінің өзара толықтырушы сипатына негізделеді. Қазақстан табиғи ресурстарға бай мемлекет болса, Жапония жоғары технологиялар мен ғылыми инновациялардың жетекші орталығы ретінде ерекшеленеді. Екі ел арасындағы достық қарым-қатынас отыз жылдан астам уақыт бойы дамып, тұрақты серіктестік пен өзара сенімнің қалыптасуына негіз болды.2017 жылғы 26 қаңтарда қабылданған мәлімдеме дипломатиялық қатынастардың орнағанына 25 жыл толуына орай саяси сабақтастықтың логикалық жалғасы ретінде бағаланды.

Құжатта 2015 жылғы Ш. Абенің Қазақстанға ресми сапары барысында қабылданған стратегиялық серіктестікті тереңдету жөніндегі бірлескен мәлімдеменің маңыздылығы атап өтіліп, екіжақты ынтымақтастықтың жоғары деңгейі расталды. Сонымен қатар Қазақстан Президентінің 2016 жылғы Жапонияға сапарының екі ел арасындағы достық қатынастар мен жаһандық серіктестікті нығайтудағы рөлі жоғары бағаланды [45]. Саяси салада тараптар мемлекет басшылары арасында қалыптасқан сенімді қатынастарға негізделген екіжақты диалогтың қарқынды дамуын оң бағалап, оны одан әрі тереңдетуге дайын екендерін білдірді. Сонымен қатар G20, Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммиттер және АСЕМ сияқты көпжақты алаңдардағы тұрақты кездесулер тиімді дипломатиялық тетік ретінде қарастырылды.

Парламенттік байланыстарды дамыту да саяси ынтымақтастықтың маңызды бағыты ретінде айқындалып, парламентаралық өзара іс-қимылдың кеңеюі мемлекетаралық қатынастардың институционалдық тұрақтылығын қамтамасыз ететін фактор ретінде бағаланды. Қауіпсіздік саласында Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастықтың даму үрдісі қорғаныс ведомстволары арасындағы алмасулардың жандануымен сипатталады. Тараптар аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша пікір алмасу, БҰҰ-ның бітімгершілік операцияларына қатысу, терроризмге қарсы іс-қимыл, жаппай қырып-жою қаруын таратпау, сондай-ақ әскери білім беру мен қорғаныс медицинасы салаларындағы ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделілік білдірді [46].

Жүргізілген талдау Қазақстан мен Жапония арасындағы саяси қатынастардың қалыптасуы мен дамуы берік нормативтік-құқықтық негізге сүйенетінін көрсетеді. Дәл осы фактор екі ел арасындағы стратегиялық серіктестіктің институционалдық тірегін айқындайды. Саяси және экономикалық келісімдер, дамуға ресми көмек шеңберіндегі несиелер мен гранттар, сондай-ақ бірлескен декларациялар мен меморандумдар өзара сенімді күшейтіп, ынтымақтастықтың ұзақ мерзімді бағыттарын жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік берді. Сонымен бірге жоғары деңгейдегі мемлекеттік сапарлар дипломатиялық байланыстардың қарқынын арттыруда ерекше рөл атқарады. Осындай кездесулер барысында қабылданатын үкіметаралық келісімдер мен бірлескен мәлімдемелер құқықтық негізді нақтылап қана қоймай, оны нақты экономикалық және технологиялық жобалармен ұштастыруға жол ашады. Осы тұрғыдан қарағанда, жоғары деңгейдегі дипломатиялық байланыстар саяси уағдаластықтарды нақты инвестициялық және өндірістік әріптестікке айналдыратын тиімді құрал ретінде көрінеді.

Жаһандық геосаяси өзгерістер, аймақтағы тұрақсыздық және экономикалық дағдарыстар Жапонияны Орталық Азияға қатысты саясатын қайта қарауға итермелеп, саяси маңызы зор шешімдер шабылдауға әсер етті. Соның нәтижесінде «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру» бастамасы ұсынылып, бірқатар алғышарттарды іске асыру міндеттелді. Аталмыш соны бағыт аясында Жапония ODA және JICA арқылы көлік дәліздерін дамытуға бетбұрыс жасады. Сонымен қатар, энергетика мен су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңартуға, сондай-ақ мемлекеттік басқару сапасын арттыруға, кадр даярлауға және құқық үстемдігін нығайтуға бағытталған бағдарламаларды іске асыруда белсенділік танытты. Дегенмен бұл саясаттың өзіне тән шектеулері де байқалды. Мәселен, Жапонияның саяси және қауіпсіздік саласындағы ықпалының салыстырмалы түрде әлсіз болуы, жобалардың көбіне жеке сипатта жүзеге асуы және өңірде ұзақ мерзімді тұрақтылықтың толық қалыптаспауын атап өтуге болады. Теориялық тұрғыдан бұл үдерісті халықаралық қатынастардағы институционализм және экономикалық дипломатия ұстанымдары арқылы түсіндіруге болатын еді. Алайда, аталған көзқарастарға

сәйкес, мемлекеттер арасындағы тұрақты құқықтық нормалар мен институттар ұзақ мерзімді серіктестіктің беріктігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан мен Жапония тәжірибесі мынадай дәлелдемелерді ұсынады: яғни, тұрақты дипломатиялық диалог пен аталмыш құқықтық келісімдер экономикалық және технологиялық ынтымақтастықты тереңдетуге тікелей ықпал етіп, мүмкіндіктер береді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін қорытындылай келе, қалыптасқан нормативтік-құқықтық база, тұрақты саяси диалог және жоғары деңгейдегі байланыстар Қазақстан мен Жапония арасындағы стратегиялық серіктестіктің дамуын қамтамасыз ететін негізгі факторлар екендігін бірауыздан айтуға нақты болады. Бұл қатынастар тек декларативті сипатта қалмады. Сондай-ақ, нақты экономикалық, инвестициялық және технологиялық жобалар арқылы жүзеге асуына айрықша ықпал етті. Ұзақ мерзімді перспективада мұндай бағыттағы қарым-қатынастар өзара тиімді ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын қалыптастыруға жол ашары сөзсіз.

3.2 Қазақстан мен Жапонияның серіктестік модельдері: саяси консенсус, инновациялық экономика және мәдени-білім берудегі өзара әрекеттестік

Бұл тараушада Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық серіктестіктің қалыптасуы мен даму динамикасы талданып, мақсаттары мен міндеттері айқындалады. Сондай-ақ, зерттеу барысында екі ел арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық өзара іс-қимылдың эволюциясы, оның құрылымдық ерекшеліктері мен институционалдық негіздері сарапталады. Сонымен қатар Жапонияның Қазақстанға көрсеткен даму ресми көмегінің мазмұны мен рөлі, сондай-ақ мәдениет пен білім беру салаларындағы ынтымақтастықтың серіктестік моделін қалыптастырудағы орны ғылыми тұрғыда талданып, отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдамалары мен зерттеулері салыстырмалы түрде сараланады.

Ғылыми еңбектерде Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық дамуына байланысты ілгерілеушілік айқын байқалады. Сондай-ақ, қос мемлекет арасында бірқатар айқын синергиялар бар екендігі де сарапталады. Жапонияның инновациялық технологияларды әзірлеу мен енгізудегі көшбасшылығы Қазақстанның экономикасын жаңғыртуға және шикізат экспортына тәуелділікті азайтуға деген ұмтылысын ескере отырып, Қазақстанмен болашақ ынтымақтастық үшін үлкен мүмкіндіктер ашады. Халықаралық тәжірибелерге сәйкес, шындығында, Қазақстан экономикасы ең жақсы технологияларға едәуір инвестиция салу арқылы ғана дами алатындығы расталып келеді. Әмбеге аян, Токио қаласы жаһандық қаржы орталығы болғандықтан, Қазақстан Токионың техникалық даму жетістіктерін барынша меңгеруге белсенді болып келеді. Өткенге көз жүгіртсек, Жапония Қазақстанға инвестиция салған алғашқы елдердің қатарында болып есептеледі. Бұл жайт ядролық энергетика, мұнай-газ,

машина жасау, инфрақұрылым, цифрлық технологиялар сияқты салаларда белсенді серіктестіктің орнауына мұрындық болды.

Жапония әлемдегі ең ірі уран тұтынушылардың бірі екендігін білеміз. Ал Қазақстан ядролық отын шикізаты бойынша алдыңғы қатарда. Яғни, Жапония мен Қазақстан арасындағы серіктестік қос мемлекеттің де мақсатына жетуіне ықпал етіп келеді. Қазақстанда орналасқан «Қазатомөнеркәсіп» пен жапондық «Сумитомо», «Марубени», «Тепко» сияқты компаниялар арасындағы бірлескен жобалар уран өндіру мен өңдеудің экологиялық қауіпсіз және инновациялық әдістерін енгізуге жол ашты. Соңғы жылдары ынтымақтастық көлік логистикасы, цифрлық трансформация және «жасыл» энергетика салаларында да қарқын алуда [235].

Айта кетерлік жайт, Қазақстан мен Жапония арасындағы екіжақты қатынастардың институционалдық және экономикалық дамуы баяу орын алды. Мұндай жағдай, бір жағынан, Орталық Азия аймағының халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлінің күрделі үдерісіне байланысты болды. Ал, екінші жағынан, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында орын алған саяси және экономикалық дағдарыстардың әлі де толық еңсерілмегендігіне байланысты болды. Жүргізілген зерттеулерге сәйкес, Жапония Үкіметі Қазақстанмен өзара қарым-қатынаста экономикалық ынтымақтастықтың әртүрлі институционалдық форматтарын іске асыруда белсенді болды [236].

Жапония Қазақстанның мемлекеттік егемендігін алғашқылардың бірі болып мойындаған және мемлекет құру үдерісіндегі күш-жігеріне шешуші қолдау көрсеткен Азиялық мемлекеттердің бірі болды. Атап айтқанда, 1992 жылы Жапония Үкіметі жаңа тәуелсіз мемлекеттерге (ЖТМ) көмек көрсету мәселесіне арналған Токио конференциясын ұйымдастырды. Аталған конференцияға 70 елден және 20 халықаралық ұйымнан делегациялар қатысты.

Аталмыш іс-шара аясында Жапонияның сол кездегі Премьер-министрі Киичи Миядзава өз елінің ЖТМ-ге гуманитарлық және техникалық көмек көрсетуге барынша ниетті екенін атап өтті. Министр: «Жапонияның техникалық көмегі шын мәнінде адамдарды ілгері дамуға ынталандырып, алға жетеледі» деген соны пікірін алға тартты [237].

М.Лаумулин өз еңбектерінде Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық өзара ықпалдастықтың қалыптасу кезеңіне ерекше мән беріп, өзара қарым-қатынастың оң және кемшін тұстарын сараптап жазады. Зерттеушінің үшінші тұжырымдамасына сүйенсек, 1993 жылы екі мемлекет арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың қарыштап дамуы ерекше байқала түсті. Бұл үрдіс тараптардың нарықтық реформаларға бейімделу кезеңінде өзара мүдделерінің тоғысуымен және институционалдық ынтымақтастыққа ұмтылысымен тығыз байланысты болды. Осындай экономикалық саладағы байланыстардың терең орнағанын 1993 жылы Жапон-

Қазақстан экономикалық ынтымақтастық комитетінің құрылуынан айқын байқауымызға болады [118].

Белгілі саясаттанушы К.Леннің пікірі бойынша, Жапонияның Орталық Азияға, соның ішінде Қазақстанға қатысты сыртқы саясатының басым бағыты экономикалық стратегияға байланысты дамыды. Зерттеуші Жапонияның аймаққа деген қызығушылығы ең алдымен энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және табиғи ресурстарға қолжетімділікті кеңейту мақсатымен байланысты болғанын атап көрсетеді. Осы тұрғыда 1993 жылы Жапонияның Ұлттық мұнай корпорациясының (JNOC) мұнай-газ саласында толыққанды өнеркәсіптік өндіруді бастау жөніндегі мәлімдемесі Қазақстан мен Жапония арасындағы серіктестік қатынастардың практикалық тәжірибесініңозық үлгісін көрсетеді. Бұл бастама екіжақты ынтымақтастықтың инновациялық экономика дамуына ықпал етті. Сонымен қатар, саяси консенсус пен ұзақ мерзімді серіктестіктің қалыптасуына мұрындық болды [238].

Дамуға ресми көмек ұғымы бірқатар алғышарттарды қамтиды. Мәселен, бұл дамушы елдердің экономикалық дамуын және әлеуметтік әл-ауқатын қолдау мақсатында үкіметтер немесе олардың арнайы мекемелері арқылы көрсетілетін көмек түрі болып табылады. ДРК шеңберінде көмек негізінен екі бағытта жүзеге асады: екіжақты көмек және көпжақты ұйымдар арқылы көрсетілетін көмек. Екіжақты көмекке техникалық, гранттық көмек және несие түріндегі көмек жатады. Жапония өзінің ДРК саясатын осы принциптер негізінде жүзеге асырады.

Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық ынтымақтастықты институционалды түрде дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1993 жылғы 19 тамызда №714 Қаулы қабылдаған. Бұл құжат екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды күшейту, инвестициялар мен кредиттерді тарту міндеттерін белгіледі. Алайда аталмыш қаулы 1995 жылғы 18 қаңтардағы №62 Қаулымен жаңартылып, Қазақстан-Жапония экономикалық ынтымақтастығын жандандыру, өзара тиімді сауданы дамыту және инвестициялық қатынастарды кеңейту бағыттарын нақтылады.

Қаулы негізінде құрылған Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Жапония комитеті мынадай міндеттерді орындауға жауапты болды:

Жапониямен экономикалық байланыстарды дамытуда республика министрліктері мен ведомстволарының іс-қимылын үйлестіру;

Мемлекеттік кәсіпорындар мен жеке бизнес, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтардың ынтымақтастықтағы рөлін арттыру;

Сауда, инвестиция және кредиттік қатынастарды ұйымдастыруда тиімді әдістемелік қолдау көрсету [239].

Қазақстанға көрсетілген Жапонияның дамуға ресми көмегінің көлемі уақыт өте келе айтарлықтай өзгерістерге ұшырағанын байқауға болады. Мәселен, 2000 жылы бұл көрсеткіш 83,3 млн АҚШ долларын құраса, 2001 жылы 43,9 млн АҚШ долларына дейін төмендеген. Ал 2003 және 2004 жылдары Жапония тарапынан

Қазақстанға бөлінген дамуға ресми көмегінің көлемі 130 млн АҚШ долларынан асып, екіжақты ынтымақтастықтың белсенді кезеңін көрсетті. Алайда 2006 жылы аталған қаржылық қолдау айтарлықтай қысқарып, 24,9 млн АҚШ долларын ғана құраған [240].

Азия даму банкі 1994 жылдан бастап Қазақстанмен жұмыс істей бастады. 2001 жылдың соңына қарай 13 бағдарлама бойынша outstanding несие балансы 330 миллион доллар болды (2003 жылғы деректер бойынша). 2004 жылғы қыркүйектегі «Ел стратегиясы және бағдарламаны жаңарту 2005-2007» құжаты бойынша АДБ көмегі төрт бағытқа бағытталған: Жеке секторды дамыту арқылы жалпы экономикалық өсу (көлік және ауыл шаруашылығы қауымдастықтары), адам ресурстарын дамыту (ауылдық қауымдастықтарға су жеткізу, білім беру және басқару), тұрақты ортаны қамтамасыз ету арқылы даму, аймақішілік ынтымақтастықты дамыту.

1995 жылы жүк транзиті нысанын кеңейту, теміржолдың жекелеген учаскелерін жаңғырту, сондай-ақ өзге де жақсарту жұмыстарын жүргізу жобасы аясында Жапония Қазақстанға 7,236 млн йена, шамамен 67 млн доллар көлемінде несие түрінде қаржы берді [241, 1 б.]. 1996 жылы Дүниежүзілік банк Токиода Қазақстан үшін алғаш рет Кеңесші топ жиналысын ұйымдастырып, оған қатысқан донор елдер, оның ішінде Жапония, Қазақстанға жалпы 1,35 млрд АҚШ долларына тең көмек көрсетуге ниет білдірді [241, 2 б.].

Жапонияның Қазақстанға берген дамуға ресми көмегі негізінен үш бағытты құрайды. Олар: несие, гранттық және техникалық көмек болып табылады. 1997 жылы жобадан тыс гранттық көмек көрсету бойынша ресми ноталар алмасу рәсімі өткені тарихтан мәлім. Ал 1998 жылы «Алматы облысының денсаулық сақтау жүйесін жақсарту жобасына» алғашқы гранттық қолдау жасалғаны бесенеден белгілі [179].

Елде нарықтық экономика салаларын дамытуға бағытталған, экономикалық өркендеуді ынталандыруға арналған, сондай-ақ макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мен мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру арқылы сыртқы көмекті игеру әлеуетін күшейтуге қолдау көрсетілді. Халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған ішкі мүмкіндіктерді кеңейту мақсатында жергілікті экономиканы дамытуға жәрдем берілді. Сайып келгенде, бұл шараларда Қазақстанның ұлттық мүдделері мен экономикалық тұрақтылығын қолдай отырып, адам капиталын дамытуға ерекше назар аудару көзделген болатын. Қаржылық көлемі шектеулі болғанымен, әлеуметтік әсері жоғары «Kusanone» бағдарламасы аясындағы адам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған шағын әлеуметтік жобаларға қайтарымсыз гранттарды тиімді пайдалану және Жапонияның ДРК бастамаларын Қазақстан аумағында кеңінен насихаттау міндеті тұрды.

1996 жылғы қазан айында Жапония гранттық көмек пен техникалық ынтымақтастық мәселелері бойынша экономикалық ынтымақтастыққа қатысты саяси кеңес өткізді. Кеңес қорытындысы бойынша Жапония Қазақстанға көмек көрсетуді нарықтық экономикаға көшу кезеңінде әлеуметтік қызметтер жүйесін құруға қолдау көрсету, көлік инфрақұрылымын қалпына келтіру, қоршаған орта мәселелерін шешу және әлеуметтік қауіпсіздік желісін дамыту бағдарламаларын қолдау сияқты төрт негізгі бағытқа шоғырландырды [241, 3 б.].

1997 жылы Қазақстанда құрылымдық экономикалық реформаларды жүзеге асыру мақсатында жобасыз гранттық көмек көрсету жөнінде ноталар алмасу рәсімі өтті [242]. Сол жылы Солтүстік-шығыс Қазақстандағы Семей қаласын қиып өтетін Ертіс өзеніндегі қатты тозған қолданыстағы көпірдің жанынан ұзындығы 1 630 м жаңа аспалы көпір және оған жалғасатын кірме жолдарды салу жоспарланды. Жапония Ертісте көпір салу жобасына 179,4 млн АҚШ доллары көлемінде несиелік қаржы бөлді.

1999 жылы Токиода Астана халықаралық әуежайын қайта жаңғыртуға бағытталған, жалпы көлемі 180 млн АҚШ долларын құрайтын несие беру туралы келісімге қол қойылды [243].

2000 жылы Батыс Қазақстан автомобиль жолдары желісін қайта жаңғырту жобасы бойынша Жапония 154,6 млн АҚШ доллары көлемінде несие қаржысын бөлді. Бұл жоба бойынша көлік тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыру мақсатында Батыс Қазақстан аумағындағы қатты тозған Атырау - Орал (492 км), Қостанай облысының шекарасы - Қарабұтақ (249 км), Қарабұтақ - Ақтөбе (213 км) автомобиль жолы учаскелерінде қайта жаңғырту жұмысы жүргізілді [244].

Қазақстан экономикасын әртараптандыру және нарықтық бәсекелестікті дамыту үшін маңызы зор Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіру процесін қолдау мақсатында Жапония 2003-2005 жылдары Қазақстанға мамандар жіберіп, қазақстандық кадрларды оқытуға атсалысты.

Жоғарыда атап өтілген мәліметтерге сәйкес, Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту бағдарламасы аясында Жапония йеналық несиелер есебінен бес жоба іске асырылғанын сараптай аламыз. Олар:

- теміржол тасымалдау қуатын арттыру,
- Ертіс өзені арқылы көпір салу,
- Астана әуежайын жөндеу, Батыс Қазақстандағы жолдарды жақсарту,
- Астананың су-кәріз жүйесін жетілдіру [245].

Гуманитарлық-мәдени өзара іс-қимыл аясында Жапония Үкіметінің мәдени гранттық көмегі есебінен Алматы қаласындағы Республика сарайын дыбыстық жабдықтармен қамтамасыз ету жобасы қолға алынды. Нәтижесінде, бұл бастама Қазақстанның мәдени инфрақұрылымын дамытуға әсер етті.

Сонымен қатар, халық арасындағы рухани байланысты нығайтуға ықпал ететін нақты қадам ретінде жолға қойылды.

Жапон үкіметінің адам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған «Шөп тамыры» атты гранттық бағдарламасы көптеген аспектілерді қамтып өтті. Атап өтсек,

- жергілікті басқару органдарын;
- өңірлік мектептерді;
- медициналық және басқа да мекемелерді;
- үкіметтік емес ұйымдарды;

- қоғамдық бірлестіктер мен қорларды қаржыландыруға бағытталған болатын. Бұл бағдарлама бойынша әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы көптеген қарапайым адамдарға зор көмек берілді. Қазақстан Республикасында 1997 жылдан бастап 2025 жылға дейін жалпы сомасы 8 201 936 АҚШ долларын құрайтын 121 жоба іске асырылды. 2007 жылғы 30 сәуірде Астана қаласында Жапонияның Экономика, сауда және өнеркәсіп министрі А. Амари мен Қазақстан Премьер-министрі К. Мәсімов атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану бағытындағы стратегиялық әріптестік туралы бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Бұл құжат ядролық энергетика саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастықты ресми түрде бекітті. Сол кезеңде Қазақстанның Энергетика және минералдық ресурстар министрі Б. Ізмұхамбетов пен Жапонияның Табиғи ресурстар және энергетика агенттігінің басшысы М. Мотидзуки жеңіл су реакторларына қажетті мамандарды даярлау жөніндегі меморандумды рәсімдеді. Қабылданған келісімдер шеңберінде уран экспортын арттыру, реакторлық технологияларды енгізу, ядролық отын өндірісін дамыту және табиғи уран саласындағы ықпалдастықты кеңейту негізгі басым бағыттар ретінде белгіленді. Осылайша, Қазақстан мен Жапония арасындағы өзара іс-қимыл энергетикалық қауіпсіздік пен технологиялық әріптестікке негізделген стратегиялық деңгейге көтерілді [246].

2012 жылдан бастап Қазақстанның халықаралық даму жүйесіндегі орны айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің өсуі елдің донорлық қызметке біртіндеп бет бұруына ықпал етті. Соның нәтижесінде Қазақстанға бағытталатын ресми даму көмегінің көлемі қысқара бастады.

Қазақстанның дамушы мемлекет мәртебесінен біртіндеп алшақтап, орнықты дамыған елдер қатарына жақындауы оның халықаралық гуманитарлық саладағы рөлін қайта қарауға негіз болды. Ел бұдан былай тек көмек алушы емес, жинақталған тәжірибесі мен ресурстарын пайдалана отырып, басқа

мемлекеттерге техникалық және гуманитарлық қолдау көрсететін белсенді қатысушыға айналды. Атом энергиясын бейбіт мақсатта қолдану саласындағы құқықтық негіздердің қалыптасуы екіжақты байланыстарды институционалдық тұрғыдан күшейтті. 2011 жылғы 6 мамырда күшіне енген тиісті келісім ядролық энергетикадағы ынтымақтастықты халықаралық қауіпсіздік талаптары мен бейбіт даму қағидаттарына сәйкес жүзеге асыруға бағытталды [247]. 2012 жылы Жапония тарапының өкілі Ю. Эдано мен Қазақстанның Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә. Исекешев сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға арналған алғашқы Жол картасына қол қойды. Бұл құжат үкіметаралық деңгейден гөрі ведомствоаралық сипатта қабылданып, іске асырылып жатқан әрі болашақ жобаларды қамтыды. Жол картасы екі кезеңге бөлінді: 2012-2021 жылдар аралығында тау-кен және өңдеу өнеркәсібі, мұнай-газ, атом энергетикасы мен логистика салаларына басымдық берілсе, 2025 жылға дейінгі екінші кезең жоғары технологиялар, энергетика, мұнай-химия және инфрақұрылым бағыттарын дамытуға арналды [248].

Инвестицияларды өзара қорғау және көтермелеу туралы келісім екі ел арасындағы экономикалық әріптестіктің құқықтық базасын нығайтатын маңызды құжаттардың бірі саналады. Оның 2015 жылғы 25 қазанда күшіне енуі инвестициялық ынтымақтастықты жүйелі түрде дамытуға және қолайлы инвестициялық орта қалыптастыруға деген ортақ ұмтылысты көрсетті [249].

Зерттеулер көрсеткендей, «Қазатомпром» ұлттық компаниясы жапондық «Marubeni Corporation» және «Sumitomo Corporation» компанияларымен бірлесіп уран өндіру жобаларын жүзеге асыруда. Сонымен қатар «Toshiba» корпорациясымен сирек металдарды игеру бағытында бірқатар ортақ бастамалар қолға алынған. Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық байланыстар құрылымы өзара мүдделердің ұзақ мерзімді үйлесіміне негізделген. Қазақстанның табиғи ресурстық әлеуеті Жапонияның технологиялық мүмкіндіктерімен ұштасып, тиімді әріптестік қалыптастыруда. Жапон компаниялары негізінен мұнай-газ, уран және сирек металдар өндірісіне бағытталған. Өнеркәсіптік кооперацияның нақты мысалы ретінде Қостанай қаласында «Toyota Motor Corporation» компаниясының Toyota Fortuner автокөліктерін құрастыру өндірісін іске қосуын атауға болады. Жалпы алғанда, Жапония Қазақстан экономикасын жаңғырту үдерісінде маңызды серіктес ретінде танылып отыр [250].

Мәдени-гуманитарлық өзара әрекеттестік қос ел қатынастарының маңызды аспектісі болып есептеледі. Мысалы, Астана қаласының жаңа астаналық мәртебеге көшуін дамыту жобасы аясында 1998 жылы халықаралық сәулеттік

байқау ұйымдастырылды. Соның нәтижесінде, жапондық сәулетші Курокава Кисёның жобасы жеңімпаз деп танылып, іске асуына ықпал етті.

Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігі Қазақстанда жүзеге асырған жобалар арқылы гуманитарлық және әлеуметтік салалардың дамуына айтарлықтай үлес қосты. Агенттік қызметі ең алдымен әлеуметтік-экономикалық өсімді қолдауға, адам капиталын дамытуға және мемлекеттік институттардың мүмкіндіктерін күшейтуге бағытталды. Әсіресе білім беру, денсаулық сақтау, экология және төтенше жағдайлардың алдын алу бағыттарындағы бастамалар қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға ықпал етті. Агенттіктің қолдауымен Астана қаласының Бас жоспары әзірленіп, соның негізінде 2005 жылы елорданың халықаралық әуежай терминалы салынды. Бұл жоба қаланың инфрақұрылымдық дамуына серпін берді.

Қазақстандағы ең маңызды бастамалардың бірі - «Қазақстан-Жапония адам ресурстарын дамыту орталығы». Орталықтың негізгі мақсаты - елдегі кадрлық әлеуетті арттыру, басқару тәжірибесін жетілдіру және мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейту болды [251]. 2012 жылы JICA жобасының он жылдық кезеңі аяқталғаннан кейін орталық Нархоз университетінің қарамағына берілді. Соған қарамастан, оның негізгі бағыттары сақталып, қызметі жалғасын тапты. Жапония бұл бағыттағы ынтымақтастықты жүйелі түрде қолдап келеді.

2014 жылы Қазақстанда дамуға ресми көмек туралы заң қабылданғаннан кейін JICA түрлі оқыту бағдарламалары мен техникалық жобалар арқылы KazAID агенттігінің институционалдық негізінің қалыптасуына қолдау көрсетті. Бұл қадам Жапонияның серіктес елдердегі даму институттарын ұзақмерзімді негізде нығайту саясатына сәйкес келеді. KazAID толыққанды институт ретінде қалыптасқаннан кейін, 2022 жылғы желтоқсанда JICA мен Қазақстанның халықаралық даму агенттігі арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды [252]. Сонымен қатар, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және басқа да жоғары оқу орындарында жапон тілі мен мәдениетін оқыту бағдарламалары жұмыс істейді. Бұл бағыттағы ынтымақтастықтың маңызды орталықтарының бірі - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, ол екі ел арасындағы білім және мәдени байланыстарды дамытуда ерекше рөл атқарады. Аталған білім ордасы 1992 жылдан бастап екі ел арасындағы академиялық және мәдени байланыстарды жүйелі түрде дамытып келеді. Университет базасында қалыптасқан ғылыми-білім беру орта Қазақстан-Жапония қатынастарының нығаюына тікелей үлес қосып отырған мамандарды даярлаудың негізгі алаңына айналды [253].

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да дайындалған шығыстанушылар, дипломаттар, жоғары оқу орындарының оқытушылары, сондай-ақ жапон

компанияларында қызмет атқаратын білікті мамандар екіжақты ынтымақтастықтың түрлі салаларында табысты еңбек етіп келеді. Бұл кадрлық әлеует университеттің оқу бағдарламаларының сапасы мен ғылыми даярлық деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан мен Жапония арасындағы білім беру және гуманитарлық байланыстардың негізгі іргетасын қалыптастырып, аталған бағыттағы серіктестіктің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін жетекші білім-ғылым орталықтардың бірі ретінде бағалануы тиіс.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану факультеті құрамындағы Қиыр Шығыс елдері кафедрасында жапон тілі мен әдебиеті бөлімі 1992 жылы ашылды. Аталған бөлім қазіргі кезде Қазақстанда жоғары білікті жапонтанушы мамандар даярлайтын жетекші академиялық орталықтардың бірі ретінде қалыптасты. Бөлімнің негізін қалаушылар әрі жапон тілінің алғашқы оқытушылары ретінде А.А. Камалдинов пен жапондық маман Х. Окава оқытушылық қызмет атқарды. 1996 жылы осы бөлімді тәмамдаған алғашқы түлектер қазіргі таңда аталған факультетте оқытушылық қызмет атқарып, жапонтану саласындағы ғылыми-педагогикалық сабақтастықтың қалыптасуына елеулі үлес қосып келеді [253].

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қиыр Шығыс елдері кафедрасы Жапонияның ірі университеттерімен кең ауқымды халықаралық байланыстар орнатқан. Ынтымақтастық негізінен ғылым, білім және мәдениет салаларын қамтиды. Атап айтқанда, кафедра ҚР Жапониядағы дипломатиялық өкілдіктерімен, Қазақстан-Жапония Адам ресурстарын дамыту орталығымен, Жапонияның жиырмадан астам жетекші университеттерімен, сондай-ақ Жапон қоры және Қазақстан аумағында қызмет ететін жапон компанияларының ірі өкілдерімен тұрақты серіктестік қатынастарды жүзеге асырып келеді.

Кафедраның негізгі серіктес жоғары оқу орындарына Токио шетел тілдері университеті, Цукуба, Васэда, Канадзава, Хоккайдо, Бункио Гакуин, Осака, София және Киото университеттері жатады. 2000 жылдан бастап аталған университеттермен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалып, академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында бакалавриат, магистратура және PhD докторантура деңгейінде білім алушылар Жапон жоғары оқу орындарында тілдік және кәсіби даярлықтан өтіп келеді. Сонымен қатар жапон үкіметінің гранттарын иеленіп, Жапонияда білім алу мүмкіндігіне ие болған студенттер саны да жыл сайын артып отыр [254].

1993-2019 жылдар аралығында жапон тілін оқыту сапасын арттыру мақсатында Жапония білім министрлігінің қолдауымен «Жапон қоры» ұйымы арқылы жоғары білікті жапон мамандары жүйелі түрде жіберіліп отырды. Осы мамандарға еңбекақы төлеуді «Жапон қоры» (Japan Foundation) өз жауапкершілігіне алған. Аталған мамандар жапон тілін оқытумен қатар жапон мәдениетін насихаттауға белсенді атсалысады, студенттердің тілді тікелей тіл ұстанушыдан үйреніп, жақсы меңгеруіне мүмкіндік жасайды. Бұл тәжірибе білім

алушылардың тілдік құзыреттілігін арттырып, жапон тілін кәсіби деңгейде игеруіне елеулі ықпал етті. Кафедра оқытушылары да кәсіби біліктілігін арттыру мақсатымен Japan Foundation бағдарламасы шеңберінде ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді тағылымдамалар мен оқыту курстарынан тұрақты түрде өтіп келеді. Университет қабырғасында Васэда орталығы мен Цукуба орталығының қызмет етуі Қазақстан мен Жапония арасындағы академиялық және мәдени ынтымақтастықты институционалдық тұрғыда нығайта түсуде.

2018 жылғы 3 шілдеде Алматы қаласы индустриялық аймағының аумағында Токио Роуптың инженерлік қорғау жүйелерін шығаратын жапондық зауыты іске қосылды. «Токио Роуп Алматы» - Жапон үкіметінің Қазақстандағы Алматы қаласында габион торын өндіруші жалғыз ірі кәсіпорын. Кәсіпорынның құрылтайшысы - Жапонияның ең ірі жоғары технологиялық металл өнімдерін шығаратын Токио Сейко корпорациясы. Бұл кәсіпорын әлемге танымал десек болады. «Токио Роуп Алматы» - компаниясының ашылуы Алматы қаласының индустриясы мен инвестициялық қлиматын дамытудағы күш-жігерін біріктіруге мүмкіндік береді.

2019 жылы Н.Назарбаев Жапонияға Президент мәртебесінде сапарлап, алғаш рет жаңа Император Нарухитоның интронизациясына қатысты. Сапар аясында екіжақты ынтымақтастықтың гуманитарлық және ғылыми аспектілері баса көрсетілді. Сонымен қатар осы сапарында Президент Цукуба Университетінің Құрметті докторы атанды. Қазақстандық студенттердің Жапонияның жетекші оқу орындарында білім алу тәжірибесі, соның ішінде «Болашақ» бағдарламасы аясындағы стипендиялар, екіжақты білім және ғылыми байланыстардың маңызды көрсеткіші болып табылады. Президент атап өткендей, Қазақстандағы интеллектуалды-инновациялық кластерлер мен университет жобалары екі ел арасындағы технологиялық және ғылыми ынтымақтастық үшін перспективалы алаң құрайды [255].

2020 жылғы 12 қазанда Токио қаласында қазақтың ұлы ақыны әрі ойшылы Абай Құнанбайұлының шығармалар жинағы жапон тіліне алғаш рет тәржімаланып, жарық көруіне байланысты тұсаукесер рәсімі салтанатты түрде атап өтілді. Аталған мәдени іс-шара Қазақстанның рухани мұрасын Жапон жұртшылығына танытудағы маңызды оқиғалардың бірегейі болып есептелді. Ал, 2020 жылғы желтоқсанда Жапонияда «Әл-Фараби орталығы» салтанатты түрде ашылып, білім мен ғылым серіктестігінің беки түсуінің айқын дәлелі болды. Бұл оқиға көрнекті ғалым әрі философ Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын халықаралық деңгейде атап өтуіне негіз болды [256].

Білім беру және ғылыми зерттеулер саласындағы әрекеттестіктер институттар деңгейінде жүзеге асырылатынын білеміз. Мұнда институттар мен қорлар арасындағы алмасулар, оның ішінде Жапония халықаралық қатынастар институты, Сасакава әлемдік бейбітшілік қоры, Қазақстанның Стратегиялық зерттеулер институты сияқты ұйымдардың өзара байланысы қазіргі таңда

бірқатар ірі жобалардың іске асуына даңғыл жол салды [257]. Төмендегі кестеде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Жапонияда білім алушы қазақстандықтардың санына қатысты статистикалық мәлімет берілген.

Кесте 10 - Қазақстандағы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Жапонияда білім алушылар саны

Жыл	**Қазақстан студенттері**	**Бағдарлама түрі**
2018	120	Жоғары оқу орны
2019	135	Жоғары оқу орны
2020	150	Жоғары оқу орны
2021	165	Жоғары оқу
2022	210	Жоғары оқу орны
2023	250	Жоғары оқу орны
Ескерту: талдау нәтижелері негізінде автор құрастырған.		

Жоғарыда атап өтілген деректерге сәйкес, Қазақстан студенттерінің Жапониядағы білім беру бағдарламаларына қатысуының жыл санап артып келетіндігін көрсетіп келеді. Кестеге назар аударсақ, 2021 жылдан кейінгі кезеңде көрсеткіштердің айтарлықтай артуы екі ел арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастықтың институционалдық тұрғыдан күшейгенін және академиялық ұтқырлыққа деген сұраныстың артқанын айқын көреміз. Бұл гегі аңғартады?! Бұл үрдіс Қазақстан мен Жапония арасындағы серіктестіктің тек экономикалық емес, сонымен қатар адам капиталын дамытуға бағытталған ұзақ мерзімді стратегиялық сипатқа ие екенін меңзейді [258].

Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық серіктестіктің негізгі бағыттарының бірі инвестициялық ынтымақтастық болып табылады. Жапония мемлекеті Қазақстан экономикасына инвестиция салатын жетекші елдердің бірі екендігін зерттеулерден белгілі. 1993 жылдан бері Қазақстан экономикасына бағытталған жапон инвестицияларының жалпы көлемі 8-9 млрд АҚШ долларын құрайды. 2023 жылғы деректер бойынша Жапонияның Қазақстандағы тікелей инвестицияларының қаржылай көлемі шамамен 5,6 млрд доллардан асады. Демек, соңғы жылдары Жапония Қазақстандағы ең ірі 10 инвестор елдің қатарына кіргенін байқаймыз. Егер 2024 жылы жапон инвестициялары шамамен 400 млн еуроны құраса, ал 2025 жылдың алғашқы жартысында 102 млн еуроны көрсетеді.

Жапония негізінен мына салаларға инвестиция салатыны байқалады:

- энергетика және жаңартылатын энергия көздері;
- тау-кен өнеркәсібі;
- металлургия;

- көлік-логистика инфрақұрылымы;
- цифрлық технологиялар мен медицина.

Мысалы, «JBIC» деп аталатын халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Жапония банкі Қазақстанда энергетика, су шаруашылығы, тау-кен өнеркәсібі және көлік салаларында 26 жобаны қаржыландырудың нәтижесінде бірқатар жедел дамулар орын алды. Мәселен, оның жалпы құны 2,3 млрд долларды құрады. Сонымен қатар екі ел арасында жаңа инвестициялық бастамалар тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді. Мысалы, 2025 жылы өткен іскерлік форум нәтижесінде 60-тан астам келісімге қол қойылып, олардың жалпы құны 3,7 млрд долларды құрады [259].

Екі ел арасындағы сауда айналымын сараптайтын болсақ, Қазақстан мен Жапония арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық соңғы жылдары тұрақты дамып келеді. Сонымен қатар, екі мемлекет арасындағы стратегиялық серіктестіктің маңызды құрамдас бөлігі болып жетекші рөлге ие болып келеді. Екі ел арасындағы тауар айналымы экономикалық байланыстардың кеңеюін және өзара толықтырушы экономикалық құрылымдардың жоғары деңгейге көтерілгендігін көрсетеді.

Статистикалық мәліметке сүйенсек, 2023 жылы Қазақстан мен Жапония арасындағы жалпы сауда айналымы шамамен 2,1 млрд АҚШ долларын көрсетті. Ал 2024 жылы бұл көрсеткіш шамамен 1,8 млрд АҚШ долларды құрады. Жалпы алғанда, соңғы жылдардағы деректер екі ел арасындағы сауда көлемі 2 млрд доллар шамасында тұрақты қалыптасқанын көрсетеді. Бұл көрсеткіштер Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық байланыстардың тұрақтылығын және ұзақ мерзімді даму әлеуетін айқындайды [260]. Қазақстан мен Жапония арасындағы сауда құрылымы екі елдің экономикалық мамандану ерекшеліктерін айқын көрсетіп қана қоймай, нәтижелі жобалардың іске асуын жеделдетіп те келеді. Мәселен, Қазақстаннан Жапонияға экспорттың негізгі бөлігін табиғи ресурстар мен металлургиялық өнімдердің құрайтынын бәріміз де білеміз. Ал соның ішінде ферроқорытпалардың үлесі 50%-дан асатынын зерттеулерден оқып келеміз. Сонымен қатар Қазақстан Жапония нарығына мұнай, көмір, сирек металдар және химия өнеркәсібінің өнімдерін жеткізетін жетекші ел. Ал Жапониядан Қазақстанға негізінен жоғары технологиялық және өнеркәсіптік тауарлар импортталып келеді. Олардың қатарында:

- автокөліктер;
- ауыр машина жасау өнімдері;
- медициналық жабдықтар;
- резеңке бұйымдар;
- автокөлік бөлшектері;
- электроника;
- өндірістік техника бар.

Мұндай сауда құрылымы Жапонияның технологиялық жетістіктерін көрсетсе, ал Қазақстанның шикізатқа бай ел екендігін дәлелдей түседі. Екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың тағы бір маңызды бағыттарының бірі - технологиялық трансфер және инновациялық өндірісті дамыту болып келеді. Бұл бағыт индустриялық-технологиялық әріптестікті одан әрі нығайтуға негіз болып келеді. Бұл өз кезегінде Қазақстан экономикасының жаңаруына және жаңғыруына ықпал етеді. Қазіргі таңда Қазақстанда 60-тан астам ірі жапон компаниясы жұмыс істейді. Олардың қызметі ауыр машина жасау, тау-кен техникасы, медициналық технологиялар, цифрлық жүйелер мен телекоммуникациялар сияқты маңызы зор ауқымды салаларға бағытталған [261]. Технологиялық ынтымақтастық нақты жобалар арқылы жүзеге асатыны мәлім. Мысалы, жапон компанияларының қатысуымен IT-мамандарды даярлау және цифрлық дағдыларды дамытуға бағытталған бағдарламалар іске қосылып келетіні көңіл көншітерлік жайт. Сонымен қатар медициналық радиология мен диагностика саласында бірлескен жобалар да жүргізіліп келеді. Бұдан бөлек, құрылыс және тау-кен техникасын өндіру бағытында да өндірістік жобалар қолға алынған [262]. Мұндай бастамалар Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуына, жоғары технологиялық өндірістердің қалыптасуына және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Гуманитарлық саладағы ынтымақтастық та стратегиялық әріптестіктің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл бағыт мәдени байланыстарды кеңейтуге, ғылыми және білім беру салаларындағы өзара іс-қимылды күшейтуге және халықтар арасындағы түсіністікті тереңдетуге арналған. Жоғары оқу орындары арасындағы академиялық ұтқырлық бағдарламалары аясында қазақстандық студенттер мен мамандар Жапонияда білім алып, ғылыми тағылымдамадан өтіп, ғылыми әлеуетін дамытып келеді. Бұл үдерісте Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігі мен елдің білім және ғылым саласындағы мемлекеттік бағдарламалары маңызды қадамдар жасады.

Қазақстанда жапон мәдени орталықтары, тіл курстары және түрлі мәдени іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Бұл мәдени өзара ықпалдастықты нығайтып, халықтар арасындағы байланысты тереңдете түседі.
Жалпы алғанда, мәдени-білім беру саласындағы ынтымақтастық:

- білім беру тәжірибесімен алмасуға;
- ғылыми-техникалық байланыстарды дамытуға;
- мәдени диалогты нығайтуға жағдай жасайды.

Экономикалық қатынастарды әртараптандыру мәселесіне келсек, «Самұрық» пен JOGMEC арасындағы келісімдер маңызды рөл атқарады. Соңғы жылдары шикізат жеткізу ұзақ мерзімді келісімшарттар негізінде жүзеге асырылып келеді. Атап айтқанда, галлий мен марганец сульфатын экспорттау, сондай-ақ «Тау-Кен Самұрық» пен JOGMEC бірлескен жобаларына басымдық берілуде. Сонымен қатар Жапония су қауіпсіздігі, инфрақұрылым және цифрлық

технологиялар салаларындағы инвестицияларды кеңейтіп, ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын қалыптастыруда.

К. Қожахметұлының пікірінше, Қазақстан мен Жапония арасындағы серіктестік тұрақты саяси диалог пен экономикалық байланыстардың біртіндеп кеңеюі арқылы дамып келеді [119]. Ал «Еуразиялық мониторинг» орталығының директоры Ә. Тәжібаев Қазақстанды Жапония үшін тек нарық емес, Еуразия кеңістігіндегі тәуекелдерді әртараптандыру құралы ретінде қарастырады [263]. Оның бағалауынша, Жапония үшін уран мен стратегиялық шикізатқа сенімді қолжетімділік ерекше маңызды. Қазақстан бұл тұрғыда маңызды серіктес саналады. Сонымен қатар сирек металдар саласындағы ынтымақтастық Жапонияға жоғары технологиялық өндірістерде, соның ішінде электроника мен электр көліктері секторында сыртқы тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде екіжақты ынтымақтастық біртіндеп «шикізат - дайын өнім» моделінен бірлескен қосылған құн тізбектерін құруға қарай ауысуда. Бұл үдерісте JOGMEC сияқты ұйымдардың тек өндіру емес, өңдеу және байыту технологияларына қатысуы ерекше маңызға ие. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәліметінше, соңғы 20 жылда жапон компаниялары Қазақстан экономикасына 9 млрд АҚШ долларынан астам инвестиция салған. Бұл инвестициялар негізінен мұнай-газ, металлургия, машина жасау, логистика және денсаулық сақтау салаларына бағытталған ұзақ мерзімді жобалар болып табылады [263].

Қазіргі уақытта Қазақстанда 60-тан астам жапон компаниясы жұмыс істейді, ал жапон капиталы қатысатын кәсіпорындар саны 100-ге жуық. 2021 жылғы 15 наурызда Қазақстан мен Жапония үкіметтері арасында экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламасы аясында грант бөлу жөніндегі келісімге қол қойылды [264]. Ал 2023 жылғы 30 қазанда Астанада кредиттеудің бірлескен механизмі (JCM) бойынша ынтымақтастық туралы меморандум қабылданды. Сондай-ақ Қазақстанның Цифрлық даму министрлігі мен жапондық Challenge and Lead компаниясы арасында IT саласындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған меморандумға қол қойылды. Бұл келісім қазақстандық мамандардың Жапонияда даярлықтан өтуіне мүмкіндік беріп, практикалық өзара іс-қимылды күшейтеді. Форум барысында жасанды интеллект, деректер орталықтары және киберқауіпсіздік мәселелері де талқыланды. Бұл бағыттағы ынтымақтастық екі елдің жаһандық технологиялық кеңістіктегі позициясын нығайтуға ықпал етеді. Жапонияның Халықаралық ынтымақтастық агенттігі (JICA), Сыртқы сауданы дамыту ұйымы (JETRO), Сауда-өнеркәсіп палатасы (JCCI), сондай-ақ шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі мамандандырылған құрылымдармен жүргізілген келіссөздер екі ел арасындағы институционалдық өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталып, пайымды пікірлер мен тұщымды ой айтылып, оны жүзеге асырудың жаңа моделін ұсынды. Әсіресе, кәсіпкерлік экожүйені дамыту, кадрлық әлеуетті арттыру және жапондық озық

басқару мен технологиялық тәжірибені Қазақстан жағдайына бейімдеу мәселелері ерекше атап өтіліп, іске қосудың соны әдістері ұсынылды. Сонымен қатар жапондық академиялық және сараптамалық орталықтармен өткен кездесулер Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық ынтымақтастықты ғылыми-талдамалық тұрғыда қолдаудың қаншалықты дәрежеде маңызды екендігін көрсетіп, болашаққа нық қадам жасауға негіз болды. Аталған үдерістер жиынтығы, өз кезегінде, стратегиялық серіктестіктің тек формальды институционалдық шеңберде ғана емес, сонымен қатар мазмұндық тұрғыдан да тереңдеуіне негіз болатын зияткерлік әрі ақпараттық іргетастың біртіндеп қалыптасуына ықпал ететінін аңғартады [269]. Жалпы пайымдағанда, көрсетілген ресми сапардың нәтижелері Қазақстан мен Жапония арасындағы стратегиялық серіктестіктің келешек даму логикасы, ең алдымен, экономикалық өзара ықпалдастықты кеңейту, технологиялық трансфер тетіктерін жүйелі түрде жандандыру, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауды бірлескен басым бағыттардың өзегіне айналдырумен тікелей сабақтас екенін көрсетеді. Осы аталған бағыттар уақыт өткен сайын екіжақты қатынастардың ұзақ мерзімділігі мен өзара тиімділігін қамтамасыз ететін, институционалдық тұрғыдан орнықты әрі көпқабатты серіктестік құрылымының тірек элементтеріне айналып отыр.

Қазақстанның Сыртқы сауда палатасының Басқарма төрағасы М. Қарымсақовтың 2025 жылғы 22 желтоқсанда Жапонияға жасаған іссапары да осы үрдістің нақты көрінісі ретінде бағалануы мүмкін, өйткені сапар аясында өткізілген іскерлік кездесулер мен халықаралық сипаттағы іс-шаралар сауда-экономикалық ынтымақтастықты сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге шығаруға бағытталды. Атап айтқанда, Токиода Жапонияның Сауда-өнеркәсіп палатасының басшылығымен өткен келіссөздер барысында тараптар екіжақты сауда көлемін ұлғайту, бизнес-қоғамдастықтар арасындағы тікелей коммуникациялық арналарды кеңейту, сондай-ақ бірлескен жобаларды іске асырудың әлеуетті бағыттарын егжей-тегжейлі талқылады. Сонымен қатар, делегацияның БҰҰ Университетінде ұйымдастырылған конференцияға және Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың қатысуымен өткен «Орталық Азия плюс Жапония» бизнес-форумына қатысуы бұл сапардың тек экономикалық емес, сонымен бірге зияткерлік және диалогтық мазмұнының да ауқымды болғанын көрсетеді. Аталған форум шеңберінде жасыл даму, цифрлық трансформация және қаржыландыру тетіктері сияқты қазіргі жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер кеңінен қарастырылды [49]. Соңғы жылдардағы үрдістерге зер салсақ, Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастықтың біртіндеп жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін байқауға болады, бұл өз кезегінде екіжақты серіктестіктің стратегиялық әрі ұзақ мерзімді сипатын айқын көрсетеді. Мұндай трансформация экономикалық өзара әрекеттестіктің тек инвестициялық көрсеткіштер арқылы ғана емес, сонымен бірге институционалдық байланыстардың тереңдеуімен және

корпоративтік әріптестіктің кеңеюімен сипатталатынын дәлелдейді. Осы тұрғыда М. Қарымсақовтың мәліметтері ерекше назар аудартады: оның атап өтуінше, Жапония қазіргі таңда Қазақстан экономикасына тартылған инвестициялар көлемі бойынша жетекші он шетелдік инвестордың қатарына кіреді.

Жапон капиталының жиынтық көлемінің шамамен 9 млрд АҚШ долларына жетуі, ал екі ел арасындағы жылдық сауда айналымының 2 млрд АҚШ долларынан асуы - бұл ынтымақтастықтың тек сандық емес, сапалық тұрғыдан да орныққанын көрсететін маңызды индикаторлар. Аталған көрсеткіштер Жапонияның Қазақстан үшін тұрақты әрі сенімді экономикалық серіктес ретіндегі рөлін нақтылай түседі. Екіжақты экономикалық қатынастардың құрылымдық эволюциясы жапон трансұлттық корпорацияларының Қазақстан нарығындағы белсенді қызметінен де айқын байқалады. Атап айтқанда, Marubeni, Itochu, Sumitomo, Mitsui, Mitsubishi, Toyota Tsusho, Sojitz және Inpex сияқты ірі компаниялардың ел аумағында табысты жұмыс істеуі жапон бизнесінің Қазақстан экономикасына деген ұзақ мерзімді сенімі мен стратегиялық қызығушылығының институционалдық тұрғыдан бекігенін білдіреді.

2025 жылғы сәуір айында Қазақстанның Сыртқы сауда палатасы мен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бастамасымен ұйымдастырылған Жапониядағы іскерлік миссия да екіжақты экономикалық дипломатияны жандандыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды. Бұл миссия барысында делегация JICA, JETRO, JCCI және METI сияқты жетекші институттармен, сондай-ақ жапон бизнес қауымдастығының өкілдерімен мазмұнды кездесулер өткізіп, ынтымақтастықтың жаңа әрі перспективалық бағыттарын айқындады. Нәтижесінде Қазақстан-Жапония сауда-экономикалық ынтымақтастық комитетінің отырысы өтіп, тараптар болашақ әріптестіктің басым салаларын жүйелі түрде белгіледі [270].

Жүргізілген келіссөздердің қорытындылары энергетика, көлік, өнеркәсіп, орнықты даму және шағын әрі орта кәсіпкерлікті қолдау сияқты стратегиялық бағыттар бойынша бірлескен жобаларды іске асыруға өзара мүдделіліктің жоғары екенін көрсетті. Сонымен қатар жапон тарапы Қазақстанның Сыртқы сауда палатасымен институционалдық әріптестікті нығайту арқылы жапон шағын және орта бизнесінің өкілдерімен тікелей байланыс орнату қажеттігін алға тартты, бұл өз кезегінде екіжақты ынтымақтастықтың «төменгі деңгейдегі» экономикалық өзара әрекеттестігін күшейтуге бағытталған қадам ретінде бағалануы мүмкін.

2025 жылғы 18 желтоқсанда Токиода Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев пен Жапония Премьер-министрі С. Такаичи қол қойған Бірлескен мәлімдеме, сондай-ақ 17-19 желтоқсан аралығында өткен ресми сапар аясында қабылданған 14 үкіметаралық және ведомствоаралық құжат екі ел

арасындағы қатынастардың құқықтық және институционалдық негізінің одан әрі нығая түскенін айғақтайды [271].

Жалпы зерттеу нәтижелері Қазақстан мен Жапония арасындағы серіктестіктің ұзақ мерзімді саяси сенімге, өзара прагматикалық мүдделерге және институционалдық сабақтастық қағидаттарына негізделгенін көрсетеді. Екіжақты келісімдер мен ресми құжаттардың кезең-кезеңімен қалыптасуы ынтымақтастықтың біртіндеп тереңдеп, сапалық жаңа деңгейге көтерілуіне мүмкіндік бергенін дәлелдейді. Бұл үдерісте Жапонияның дамуға ресми көмегі ерекше рөл атқарып, ол тек қаржылық қолдау құралы ретінде емес, сонымен қатар институционалдық реформаларды ілгерілетуге, инфрақұрылымдық және инновациялық жобаларды жүзеге асыруға, сондай-ақ адам капиталын дамытуға бағытталған кешенді стратегиялық механизмге айналғанын байқауға болады. Уақыт өте келе екіжақты байланыстар тек саяси диалог шеңберінде қалып қоймай, экономикалық, ғылыми, гуманитарлық және мәдени өлшемдерді қамтитын көпқырлы өзара ықпалдастық жүйесіне ұласты. Әсіресе инфрақұрылымдық жаңғырту, институционалдық даму және әлеуметтік бағдарламаларды қолдау бағыттарында Жапонияның ресми даму көмегі бағдарламалары шешуші мәнге ие болып, бұл өз кезегінде экономикалық қатынастардың кеңеюіне және жаңа бірлескен жобалардың қалыптасуына нақты серпін берді.

С. Кушкумбаевтың ғылыми еңбектерінде Жапонияның Орталық Азиядағы интеграциялық үдерістерге қатысуы оның аймақтағы экономикалық әрі саяси ықпалын күшейтудің маңызды құралы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар автор Қазақстанмен өзара іс-қимылды дамыту контексінде Жапонияның инвестициялық белсенділігі мен стратегиялық әріптестікке негізделген ұзақ мерзімді саясатын айрықша атап өтеді, бұл екіжақты қатынастардың тұрақты әрі жүйелі сипатқа ие екендігін тағы да айқындай түседі [116]. Саяси деңгейдегі сабақтастық серіктестік моделінің тұрақтылығын сақтауда жетекші орынға ие. Мемлекет басшылары мен премьер-министрлердің нәтижелі кездесулерде жүргізген келіссөздері мен форумдары екіжақты қатынастарды дамытуда сүбелі еңбек сіңірді. Мәселен, 2024 жылы Қазақстанда өткен экономикалық форум жаңа бірлескен жобаларды іске қосуға және бизнес қауымдастық пен мемлекеттік құрылымдар арасындағы тікелей байланыстарды нығайтуға зор мүмкіндік туғызды.

Аталмыш тараушаны қорытындылай келе мынадай тұжырымға анық көз жеткіземіз. Яғни, Қазақстан мен Жапония арасындағы серіктестік саяси консенсусқа, экономикалық прагматизмге және мәдени-білім беру саласындағы өзара ықпалдастыққа байланысты өрбіді. Сондай-ақ, орнықты және көпқырлы модель ретінде сипатталып келеді. Бұл жаңа да соны модель XXI ғасырда екі мемлекеттің ұлттық даму басымдықтарына жауап береді. Сонымен қатар,

Орталық Азиядағы тұрақтылықты сақтауға, инновациялық дамуды ынталандыруға, аймақтық интеграцияны тереңдетуге тікелей ықпал етіп келеді.

3.3 Қазақстан мен Жапония арасындағы стратегиялық серіктестіктің болашағы

Бұл тараушада Қазақстан мен Жапония арасындағы стратегиялық серіктестіктің болашағы туралы тұжырымдамалар зерттеліп, нақты саяси оқиғалар жан-жақты сараланып, талданады. 2025 жылғы 19-20 желтоқсанда ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың Жапонияға жасаған ресми сапары серіктестікке бағытталған көптеген ірі стратегиялардың іске асуына жол ашады. Бұл сапар екіжақты қатынастардың жаңа кезеңін айқындап қана қоймай, экономикалық кооперация мен технологиялық трансфер саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуге үлкен серпін беріп, ірі жобалардың құрылымына едәуір әсер етеді.

Сонымен қатар, зерттеуде «Орталық Азия плюс Жапония» саммитінің қос мемлекет үшін қаншалықты маңызды болғаны сараланады. Бұл көпжақты диалог алаңы Жапонияның Орталық Азия елдерімен, соның ішінде Қазақстанмен экономикалық кооперация мен технологиялық ынтымақтастықты институционалдық деңгейде дамытуда айрықша рөлге ие екендігін тағы да дәлелдей түседі. Аталған формат Қазақстан үшін аймақтық көшбасшылықты барынша нығайтуға, жапондық инновациялық тәжірибені тартуға ерекше серпін береді. Сондай-ақ бұл тараушада Жапонияда жүргізілген дала зерттеулерінің нәтижелері бойынша Қазақстан-Жапония қатынастарының қазіргі жай-күйі талданып, даму аспектілері сапалық әдістер арқылы сарапталады.

Қазіргі таңда жаһандық геосаяси, геоэкономикалық тұрақсыздықтың орын алуы мемлекеттер арасындағы стратегиялық серіктестіктің форматына ауқымды өзгерістер әкелуде. Осы жайтты ескерсек, Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастық тек екіжақты қатынастардың дамуына ғана емес, сонымен қатар Азия-Тынық мұхиты және Орталық Азия аймағындағы тұрақтылық пен орнықты дамуға ықпал ететін маңызды фактор ретінде қарастырылуына негіз болды.

Жапония мемлекетінің жоғары технологиялар, инновациялық экономика және индустриялық жаңғырту саласында әлемдік көшбасшылардың бірегейі екені бұрыннан мәлім. Ал Қазақстан табиғи ресурстарға бай, сонымен қатар технологиялық дамуға бағытталған стратегиялық реформаларды жүзеге асырып отырған мемлекет ретінде жапондық инвестициялар мен технологиялар үшін серіктестіктің алаңы екенін дәлелдей түседі. Осындай мүмкіндіктер мен артықшылықтардың екі ел арасындағы экономикалық серіктестікті жаңа сапалық деңгейге көтеруге ықпал етері сөзсіз.

2025 жылғы 19-20 желтоқсанда президент Қ.Тоқаевтың Жапонияға ресми сапары, Жапония Императоры Нарухитомен және Премьер-министрі

С.Такайчимен өткізген кездесулері Қазақстан-Жапония қатынастарының маңызын айқындай түсті. Аталмыш кездесулерде саяси диалогты нығайту басты орынға қойылды. Сонымен қатар, сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту, инвестициялық ынтымақтастықты дамыту және жоғары технологиялар трансфері мәселелері басты нысанға алынып, оны орындаудың шартты жүйесі ұсынылды[278]. Сонымен қатар жапон кәсіпкерлерімен жүргізілген келіссөздер Қазақстан үшін үлкен жетістіктерге қол жеткізуіне мүмкіндік туғызып, жаңа бағыттар бойынша бірқатар іс-әрекеттерді орындауға ықпал етті. Ел экономикасының басым салаларына инвестиция тарту мен бірлескен жобаларды іске асыруға бағытталған стратегиялар білікті тұлғалардың сарабдалдығымен іске асып келетінін кәнігі ғалымдардың тың зерттеулерінен айқын көруімізге болады.

Сапардың алғашқы кезеңі сәтті жобаларға толы болды. Жапония Императоры Нарухитомен өткен кездесу қос мемлекет арасындағы өзара құрмет пен сенімнен құралған зор байланыстардың жоғары деңгейде екенін дәлелдей түсті. Жапонияның 126-шы императоры атанған Нарухито, жапон халқының тарихи дәстүрлері мен қазіргі заманғы даму бағыттарын сабақтастыра білген сарабдал мәмілегер тұлға болды. Сондықтан мұндай деңгейдегі кездесу мемлекетаралық қатынастардың тек саяси ғана емес, сондай-ақ, мәдени-өркениеттік маңызға да ие екенін айқындай түсті.

Дипломатиялық протокол тұрғысынан алғанда, мемлекет басшысын бір күннің ішінде әрі императордың, әрі премьер-министрдің қабылдауы жапон дипломатиялық тәжірибесінде сирек кездескен айтулы оқиғалардың бірегейі десек, артық айтқандық емес. Бұл оқиғаны Жапония елінің Қазақстанға және оның Президентіне көрсетілген ерекше құрметтің соны үлгісі деуге болады. Шынтуайтында, мұндай қабылдау Қазақстанның халықаралық аренадағы беделінің артып келе жатқандығын меңзейді. Сондай-ақ, оның Азия аймағындағы маңызды серіктес ретінде танылып отырғанын айқын көрсетеді [272].

Сапар аясында ҚР Президенті Қ.Тоқаев БҰҰ Университетінде дәріс оқыды. Аталмыш дәрістің барысында, Қазақстанның халықаралық академиялық және зияткерлік кеңістіктегі рөлінің қаншалықты дәрежеде екендігі сипатталды. Аталған дәріс Қазақстанның сыртқы саяси басымдықтары, орнықты даму стратегиясы және аймақтық ынтымақтастыққа қатысты ұстанымдарын жапондық және халықаралық ғылыми қауымдастыққа таныстыруға арналған маңызды зияткерлік алаңына айналды. Дәріс барысында профессор Т.Уяма соны пікірлері мен пайымды тұжырымдамаларын ұсынады. Жапондық аудитория өкілдерінің, соның ішінде Жапонияның бұрынғы Сыртқы істер министрі Ёрико Кавагучи «Орталық Азия плюс Жапония» диалогтық форматының

қалыптасуындағы Қазақстан Президентінің рөліне қатысты маңызды пікір келтіреді. Яғни, Қазақстан мен Жапония арасындағы гуманитарлық және зияткерлік диалогтың тереңдеп келе жатқандығын, мазмұндық тұрғыдан кеңейіп келе жатқанын айшықтай түседі [73].

Тарих сахнасына көз жүгіртсек, 1992 жылы басталған Қазақстан-Жапония дипломатиялық қатынастары қазіргі таңда тұрақты әрі жүйелі түрде дамып келеді. Соңғы жылдары Астана мен Токио арасындағы байланыстар нығая түсіп, жаңа мазмұнға ие болды. Президенттің Жапония Премьер-министрі С. Такаичимен өткізген келіссөздері барысында айтылған пікірлері екі ел арасындағы қатынастардың жаңа кезеңге қадам басқанын көрсетеді. Мемлекет басшысы Жапонияны Азиядағы сенімді серіктес әрі географиялық қашықтығына қарамастан жақын дос ретінде ерекше атап өтті. Тағы бір айта кетерлігі, екі ел арасындағы байланыстардың тарихи негізі бар екенін ел Президенті зор ілтипатпен білдірді. Бұл тұжырым Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатындағы Жапонияның маңызды стратегиялық серіктес ретіндегі маңызын айшықтайды.

Қазақстан мен Жапония арасындағы саяси кездесулерді сараптай келе, аталған сапар Қазақстан мен Жапония арасындағы саяси диалогтың жоғары деңгейін көрсететінін анық байқауымызға болады. Яғни, бұл екіжақты ынтымақтастық жаңа стратегиялық мазмұннан тұратын, маңызды дипломатиялық мәміледен құралған серіктестіктің беріктігін білдіреді[273]. Жапония үшін Қазақстан Орталық Азиядағы тұрақты әрі болжамды серіктес саналады. Ал Қазақстан үшін Жапония - жоғары технологиялар мен инновациялық даму тәжірибесі бар маңызды экономикалық әріптес болып есептеледі. Қазақстан мен Жапония арасындағы келелі келіссөздер аясында сауда-экономикалық ынтымақтастық, инвестиция тарту, көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту және энергетика саласындағы серіктестікті кеңейту мәселелері тыңғылықты қарастырылды. Бұл бағыттар Қазақстан экономикасын әртараптандыруға құзыретті. Сондай-ақ, жаңа технологияларды енгізуге мүмкіндік беретін ерекше фактор ретінде қарастырғанымыз абзал. Осы тұрғыда қол қойылған үкіметаралық және ведомствоаралық келісімдер екі ел арасындағы экономикалық кооперацияның институционалдық негізін нығайтты. Және ұзақ мерзімді стратегиялық серіктестікті дамытуға бағытталған маңызды механизмдер ретінде бағаланып, одан әрі дамытудың тың тәсілдері ұсынылды [274].

Президент Қ.Ж. Тоқаевтың халықаралық дипломатиялық тәжірибесі де қазақ-жапон қатынастарының дамуына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі. Президенттің Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесіндегі қызметі Қазақстанның

сыртқы саясатына мультилатерализм қағидаттарын енгізуге және халықаралық дипломатияда көпжақты ынтымақтастықты нығайтуға зор мүмкіндік берді. Бұл ұстаным Жапонияның сыртқы саяси стратегиясымен үндеседі. Себебі, Жапония халықаралық қатынастарда ережелерге негізделген тәртіпті қолдауға және халықаралық институттардың рөлін арттыруға ерекше мән береді [275].

Президенттің Токиодағы БҰҰ Университетінде оқыған дәрісінде көтерілген мультилатерализм, жаһандық қауіпсіздік және ядролық қарусыздану мәселелері Қазақстанның сыртқы саяси ұстанымдарының негізгі бағыттарын көрсетеді Қазақстанның Семей ядролық полигонын жабуы және ядролық қарудан өз еркімен бас тартуы халықаралық қауіпсіздік жүйесіне қосылған маңызды үлес ретінде бағаланып келеді. Бұл шешім Қазақстанның жаһандық қауіпсіздік пен бейбітшілікті қолдауға бағытталған жауапты мемлекет ретіндегі имиджін нығайтады.

Талдау нәтижесінде Президент Қ.Ж. Тоқаевтың Жапонияға сапары қазақ-жапон қатынастарының көпқырлы сипатын айқындап, олардың экономикалық, саяси және институционалдық серіктестігін жаңа деңгейге көтергені байқалады. Бұл сапар екі ел арасындағы ынтымақтастықтың тек экономикалық және саяси өлшемдермен шектелмейтінін, сонымен қатар академиялық, зияткерлік және құндылықтық кеңістікте де дамып келе жатқанын көрсетеді. Осы тұрғыда Қазақстан Орталық Азиядағы аймақтық держава ғана емес, халықаралық қатынастар жүйесінде жауапты әрі сындарлы «орта держава» ретінде қалыптасып келе жатқан мемлекет ретінде көрінеді. «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы аймақтық көпжақты дипломатияның маңызды тетіктерінің бірі ретінде қалыптасты. Бұл форматтың алғашқы кездесуі 2004 жылы Астанада өткізіліп, Орталық Азия мемлекеттері мен Жапония арасындағы институционалдық диалогтың басталуына негіз қалады. Форматтың құрылуына сол кезеңдегі Сыртқы істер министрі Қ. Тоқаев елеулі үлес қосты. Оның дипломатиялық қолдауы нәтижесінде аймақ елдерінің сыртқы істер министрлері келісімге келіп, алғашқы кездесу Астанада ұйымдастырылды. Бұл жағдай Қазақстанның аймақтағы дипломатиялық бастамаларды үйлестіруші мемлекет ретіндегі рөлін айқындайды. Аталған бастаманың қалыптасуында Жапонияның бұрынғы Сыртқы істер министрі Ё. Кавагучи ерекше рөл атқарды. Оның айтуынша, 2002-2004 жылдары Жапонияның сыртқы саясатын басқарған кезеңде Орталық Азия елдерімен, әсіресе стратегиялық маңызы жоғары Қазақстанмен ынтымақтастықты кеңейту қажеттілігі туындаған. Осы мақсатта аймақтық диалог алаңын құру идеясы ұсынылып, оны іске асыруда Қ.Тоқаевтың белсенді қолдауы шешуші факторлардың бірі болды [276].

Мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан мен Жапонияны жақындастыратын факторлардың бірі - ядролық қару зардаптарын бастан өткерген мемлекеттер ретінде антиядролық саясатты қолдаудағы ортақ ұстанымдары. Бұл құндылықтық ұқсастық екі елдің халықаралық қауіпсіздік пен қарусыздану мәселелеріндегі ынтымақтастығын тереңдетуге негіз болады. Жапон дипломаты Ё. Кавагучидің бағалауынша, соңғы жиырма жылда Қазақстан елеулі саяси-экономикалық трансформациядан өтті. Ел аймақтағы көмек алушы мәртебесінен біртіндеп дамуға үлес қосатын донор мемлекетке айналып, халықаралық аренадағы беделін арттырды. Мұндай өзгерістер Қазақстан басшылығы жүргізген жүйелі әрі прагматикалық сыртқы саясаттың нәтижесі ретінде қарастырылады [51].

Ё. Кавагучи Қазақстанның халықаралық саясаттағы ұстанымдарына, әсіресе ядролық қарусыздану және жаһандық қауіпсіздік мәселелеріндегі бастамаларына ерекше назар аударады. Оның пікірінше, Қазақстан жүргізіп отырған антиядролық саясат пен халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған бастамалар халықаралық қауымдастық үшін маңызды тәжірибелік үлгі бола алады. Бұл бағалау Қазақстанның жаһандық қауіпсіздік архитектурасындағы жауапты мемлекет ретіндегі рөлін көрсетеді. Бұл саясаттың қалыптасуында ҚР Президенті Қ.Тоқаев ұстанатын халықаралық диалог пен көпжақты дипломатия қағидаттарының маңызы зор. Осы тұрғыдан алғанда, «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы аймақтық және жаһандық деңгейдегі көпжақты ынтымақтастықтың тиімді тетігі ретінде қарастырылады. Бұл бастама тек экономикалық кооперация мен технологиялық серіктестікті дамытуға бағытталмай, сонымен қатар қауіпсіздік, тарихи жады, мәдени өзара ықпалдастық және жаһандық жауапкершілік мәселелерін қамтиды. Мұндай институционалдық формат Қазақстан мен Жапония арасындағы стратегиялық серіктестіктің терең әрі тұрақты негізі бар екенін көрсетеді.

Орталық Азия аймағының халықаралық ынтымақтастықтағы рөлі де соңғы жылдары арта түсті. Токиода өткен «Орталық Азия плюс Жапония» саммиті - осы үрдістің айқын көрінісі. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың пікірінше, мұндай жоғары деңгейдегі кездесулер Орталық Азия елдерінің халықаралық саясаттағы ықпалын арттырып, олардың жаһандық үдерістердегі белсенді рөлін нығайтуға ықпал етеді.



Сурет 9 - «Орталық Азия плюс Жапония» форматындағы Қазақстан-Жапония серіктестігінің негізгі бағыттары

Аталған саммит барысында Қазақстан тарапы мынадай стратегиялық маңызы жоғары салалар бойынша ынтымақтастықты дамытуға дайын екенін растай түсті:

- энергетика,
- атом өнеркәсібі,
- сирек металдар өндірісі,
- жасыл технологиялар,
- цифрландыру,
- су ресурстарын ұтымды пайдалану,
- ауыл шаруашылығы,
- білім беру,
- жасанды интеллект.

Жоғарыда келтірілген бағыттар қазіргі жаһандық экономиканың тірек салалары болып есептеледі. Сондықтан, бұл бастамалар Қазақстан мен Жапония арасындағы ұзақ мерзімді әрі өзара тиімді әріптестікті тереңдетуге арналған маңызды қадам ретінде қаралады [278]. Саммиттің қорытынды сәтінде қос тарап «Токио декларациясы» атты маңызды құжатты қабылдап, бірқатар салаларға арналған жобаларды талқылады. Сонымен бірге дәл осы саммит нәтижесінде «Орталық Азия плюс Жапония» диалог алаңы аясындағы төрағалық Қазақстанға жүктелді. Осы шешімге сай Орталық Азия елдерінің басшылары мен Жапония Үкіметінің жетекшісі Санаэ Такаичи келесі саммитті Қазақстанда өткізу туралы келісімге келді. Бұл қадам Қазақстанның аймақтық дипломатиядағы белсенділігін және Орталық Азиядағы интеграциялық үдерістерді үйлестірудегі

рөлін айқындай түседі [279]. Қазіргі таңда Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық байланыстар тұрақты түрде нығайып келе жатқандығы ерекше құбылыс. Жапонияның бүгінде Қазақстан экономикасына инвестиция құятын ірі елдердің қатарында екенін білеміз. Елдегі жапон инвестициясының жалпы көлемі шамамен 9 миллиард АҚШ долларына жетіп, оның жыл сайын артып отырғаны байқалады. 2025 жылдың алғашқы тоғыз айының қорытындысында екі мемлекет арасындағы тауар айналымы 1,3 миллиард АҚШ долларын құрады. Соның ішінде экспорт көлемі шамамен 331,9 млн доллар болса, импорт 944,2 млн доллар деңгейінде тіркелді [280].

Қазіргі уақытта Қазақстан аумағында табысты қызмет атқарып отырған жапон компаниялары арқылы Жапониядан әкелінетін автокөліктер мен олардың қосалқы бөлшектері, әсіресе автодөңгелектер басымдыққа ие. Бұл саладағы өндірістік және сауда байланыстары екі ел арасында ұзақ уақыт бойы қалыптасып, дамып келеді. «Ёкохама рабба» компаниясының халықаралық сату және маркетинг департаментінің басшысы Масамото Такеши Қазақстан нарығының стратегиялық әлеуеті ертерек бағаланғанын атап өтті. Оның пікірінше, елдегі саяси тұрақтылық, табиғи ресурстар қорының молдығы, энергетикалық және минералдық әлеует болашақ экономикалық өсімге негіз қалайды. Сонымен қатар климаттық жағдайдың Жапонияға ұқсастығы жоғары сапалы қысқы автодөңгелектер өндіруге қолайлы орта қалыптастырады. Ол екі мемлекет арасындағы достық қатынастардың қазіргі деңгейіне тоқталып, алдағы уақытта тікелей әуе рейстері ашылса, бұл халықтар арасындағы байланысты күшейтіп, экономикалық әріптестікті одан әрі дамытуға серпін беретінін жеткізді [281].

Қазақстан Президенті Қ. Тоқаев жапондық ірі компаниялар мен ұйымдардың басшыларымен бірқатар кездесулер өткізіп, нәтижесінде маңызды құжаттарға қол қойылды.

Ірі компаниялардың қатарында аты әлемге мәшһүр «Мицуй корпорациясы», «Ракутен групп», «Сумитомо корпорациясы» іспетті машина жасау саласындағы «Комацу», сондай-ақ құрылыс және тау-кен бағытында жетекші «Хитачи констракшен» компаниялары бар. Бұдан бөлек, Жапонияның металл және энергетикалық қауіпсіздік жөніндегі агенттігі де кездесуге қатысты [282].

«Сумитомо корпорациясының» президенті Шинго Уэно 2006 жылдан бері Қазақстандағы уран өндіру жобаларына, яғни тау-кен саласындағы бірлескен бастамаларға қатысып келе жатқанын айтты. Соңғы меморандум осы жобалардағы қатысуды және үлесті кеңейтуге бағытталған. Сонымен бірге ынтымақтастық тек тау-кен өндірісімен шектелмей, денсаулық сақтау, жаңа технологиялар және жаңартылатын энергия көздері секілді бағыттарды да қамтиды. Оның айтуынша, бұл салалар Қазақстанмен бірлескен технологиялық

жобаларды іске асыруға, инновациялық бизнесті дамытуға және екіжақты экономикалық байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді [283]. Мемлекет басшысының Токиоға сапарын Жапониядағы қазақтар да ерекше ықыласпен күтті. Президент отандастарымен кездесіп, түрлі салада табысқа жетіп жүрген азаматтармен еркін пікір алмасты. Жапонияда білім алып, он жылдан бері сумо күресінен халықаралық жарыстарда жоғары нәтиже көрсетіп жүрген Ерсін Балтағұл қазақстандықтардың мақтанышына айналғаны атап өтілді.

Қазақ баласы сумоны таңдаса, Токиода тұратын жапон азаматы домбыра өнеріне қызығушылық танытып жүр. Қазақтың қара домбырасын ерекше құрметтейтін Акира Такегучи жүзге жуық күйді жатқа орындайды. Жапонияның металл және энергетикалық қауіпсіздік саласындағы жетекші ұйымдарының бірі - осы бағыттағы ұлттық ұйым төрағасы Ичиро Такахару сирек металдардың қазіргі жаһандық индустрия үшін стратегиялық маңызын атап өтті. Оның пікірінше, әлемде критикалық минералдарға сұраныс артып келеді, себебі олар өнеркәсіп өндірісі мен көміртек бейтараптығына бағытталған технологиялық өзгерістер үшін қажет. Осыған байланысты Жапония Қазақстанмен сирек элементтерді, соның ішінде мыс пен вольфрамды игеру бағытында бірлескен жобаларды дамытуға мүдделі. Оның айтуынша, Қазақстан табиғи ресурстарға бай әрі сенімді әріптес ретінде қарастырылып, нақты инвестициялық жобаларды іске асыруға қолайлы орта ұсынады [284].

«Орталық Азия плюс Жапония» форматы аясында бірқатар жобалар қабылданды. Бұл бастама Қазақстан мен Жапония арасындағы өзара іс-қимылды аймақта индустриялық дамуды қолдау, экологиялық тұрақтылықты арттыру, көлік-логистикалық және цифрлық байланыстарды күшейту, сондай-ақ адам капиталын дамыту бағыттарын қамтитын көпжақты стратегиялық алаң ретінде сипатталады.

Бағдарлама шеңберінде жасыл энергетика, жоғары технологиялар, логистика және адами әлеуетті дамыту негізгі басымдықтар ретінде айқындалды. Аймақтағы төтенше жағдайлар мен климаттық қауіптерге дайындықты арттыру мақсатында бірнеше жоба іске асырылуда. Соның ішінде қалалардың климаттық тәуекелдерге төзімділігін күшейтуге арналған жоба Жапония Үкіметі мен БҰҰ Даму бағдарламасының қолдауымен жүзеге асуда. Бұл бастама Орталық Азия қалаларының табиғи апаттарға бейімделу қабілетін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар өңірде апат тәуекелдерін азайтуға арналған бағдарлама мемлекетаралық деңгейде дайындық жүйелерін жетілдіруді және қауіп-қатерді төмендету тетіктерін институционалдық тұрғыда нығайтуды көздейді.

«Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы шеңберінде ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектеновтің қатысуымен өткен бизнес-форум халықаралық

экономикалық байланыстарды кеңейту жолындағы маңызды кезең болды. Іс-шараны «Қазақ Инвест» ұлттық компаниясы мен Ротобо қауымдастығы ұйымдастырып, нәтижесінде 36 құжатқа қол қойылды [285]. Бұл келісімдер энергетика, инфрақұрылым, цифрлық технологиялар, машина жасау, денсаулық сақтау және білім беру салаларын қамтиды. Атап айтқанда, Қазақстанның Даму Банкі мен Жапония халықаралық ынтымақтастық банкі арасында бірлескен жобаларды қаржыландыру туралы келісім жасалып, жапон тарапы 200 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция салуға дайын екенін білдірді [286]. Сонымен қатар цифрлық кадрлық әлеуетті дамыту мақсатында ҚР Цифрлық даму министрлігі мен «Challenge and Lead» ұйымы арасында IT мамандарды даярлау жөнінде меморандумға қол қойылды. Өнеркәсіптік кооперация аясында «Fitech» компаниясымен өртке қарсы материалдар өндірісін жергіліктендіру туралы келісім жасалды.

Денсаулық сақтау саласында «FUJIFILM» компаниясымен радиология және мобильді медициналық кешендерді дамытуға бағытталған әріптестік қарастырылған. Ал тау-кен саласында Қазақмыс корпорациясы, «Eurasian Machinery» және «Hitachi Construction Machinery» арасында жаңа кен орындарын игеру бойынша келісімдер жасалды [287].

Зерттеу барысында қарастырылған құжаттар Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық және технологиялық әріптестікті тереңдетуге бағытталған нақты қадамдарды көрсетеді. Бұл келісімдер инвестициялық белсенділікті арттыруға, инновациялық жобаларды іске асыруға және өзара тиімді ынтымақтастықтың институционалдық негізін нығайтуға мүмкіндік береді. Жапония мен Орталық Азия елдері, соның ішінде Қазақстан, «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы аясында климаттың өзгеруімен күрес бойынша Париж келісімі міндеттемелерін растады. Кездесу барысында аймақ елдерінің ерекшеліктерін ескеретін көміртекті бейтараптыққа қол жеткізуге арналған «жол картасы» ұсынылып, энергетикалық ауысуды жеделдету мәселелері талқыланды. Қазақстан үшін бұл келісім декарбонизация технологияларын енгізу, соның ішінде Joint Crediting Mechanism тетігі мен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы инвестиция тарту тұрғысынан маңызды. Бұл шаралар елдің тұрақты энергетикалық дамуын қамтамасыз етуге және көміртегі шығарындыларын азайту жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындауға жағдай жасайды [288]. 2025 жылы Жапониямен бірлесіп іске қосылған «Next-Generation SmartMining Plus» жобасы тау-кен өндірісін цифрландыру және экологиялық тұрақтылықты арттыруға бағытталған.

ҚР Президенті Қ. Тоқаев бұл бастаманы қолдап, оның сирек жер элементтері мен басқа да стратегиялық минералдарды тиімді игерудегі маңызын

атап өтті. Оның айтуынша, Орталық Азия жаһандық энергетикалық трансформация үшін қажетті ресурстарды өндіру арқылы халықаралық жеткізу тізбектерінде сенімді буынға айнала алады. Қазақстан тарапы Жапониямен әріптестікті маңызды минералдарды барлау, өндіру және өңдеу, сондай-ақ терең өңдеу негізінде тұрақты өндіріс тізбектерін қалыптастыру бағытында кеңейтуді көздейді. Бұл бастама экологиялық жауапкершілікке негізделген заманауи тау-кен өндірісін дамытуға және өңірдің халықаралық жеткізу тізбектеріндегі рөлін нығайтуға ықпал етеді.

Саммит аясында Қазақстан Президенті «Hitachi Construction Machinery» компаниясының президенті Масафуми Сензакимен кездесті. Кездесуде цифрландыру, автономды көлік жүйелері және экологиялық технологиялар арқылы тау-кен саласын жаңғырту мәселелері талқыланды. Сонымен қатар осы компаниямен инновациялық және төмен көміртекті шешімдер енгізу бағытында ынтымақтастықты кеңейтуге дайын екені айтылды [289].

ҚР Президенті Қ. Тоқаев Токиода өткен саммит аясында Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы әріптестікті кеңейтуге бағытталған бірқатар құжаттарға қол қойды. Атап айтқанда, «Марубени Ютилити Сервисес ЛТД» компаниясымен ғылыми байланыстарды дамыту, «Муросистемс Корпорейшн» ұйымымен пайдаланылған ядролық отын мен радиоактивті қалдықтарды басқару, сондай-ақ Фукуи университетінің ядролық инженерия институтымен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу жөнінде келісімдер жасалды. Бұл құжаттар Қазақстан мен Жапония арасындағы ғылыми-техникалық әріптестікті институционалдық тұрғыда нығайтып, бірлескен жобаларды іске асыруға және ұзақ мерзімді стратегиялық байланыстарды дамытуға негіз қалайды. Жиналған деректер көрсеткендей, 2025 жылғы форум Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық, технологиялық, ғылыми және экологиялық ынтымақтастықты тереңдетіп, стратегиялық жобаларды іске асыруға және инвестициялық белсенділікті арттыруға ықпал етті.


Жапония үшін Қазақстан тек нарық қана емес, сонымен қатар Еуразия кеңістігіндегі маңызды стратегиялық әріптес ретінде қарастырылады. Энергетикалық ресурстар мен шикізат тасымалы саласындағы әлеуетін ескере отырып, Қазақстан Еуразиялық энергетикалық жүйеде маңызды орын ала алады. Әсіресе, әлемдік уран нарығындағы жетекші позициясы Жапонияның атом энергетикасын дамытуда негізгі серіктеске айналу мүмкіндігін күшейтеді. Сонымен қатар екі ел де төмен көміртекті экономикаға көшу бағытында ұқсас ұстанымға ие. Қазақстандағы жапонтану саласының өкілі, дипломат Батырхан Құрмансейіт елде болашақта бірнеше атом электр станциясын салу жоспарланып

отырғанын атап өтті. Оның пікірінше, бұл жобаларға әртүрлі мемлекеттер қатысуы мүмкін, алайда Жапонияның атом энергетикасындағы тәжірибесі ерекше мәнге ие. Сондықтан бұл саладағы ынтымақтастық инфрақұрылыммен шектелмей, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту мен мамандар даярлауды да қамтуы тиіс [290].

Жапонияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ясумаса Ииджима екі ел арасындағы стратегиялық әріптестіктің маңызды бағыттарының бірі ядролық қарусыздану және оны таратпау саласы екенін атап өтті. Оның айтуынша, екі мемлекет халықаралық бастамаларды өзара қолдау арқылы сенімге негізделген серіктестікті нығайтып келеді [291]. Жалпы алғанда, Қазақстан Президентінің Жапонияға жасаған сапары саяси, экономикалық, технологиялық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды тереңдетуге ықпал етіп, екі ел арасындағы стратегиялық әріптестіктің ұзақ мерзімді сипатын айқындады.

Саммиттің негізгі нәтижелерінің бірі - Токио декларациясының қабылдануы және «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасының жаңа деңгейге көтерілуі болды. Бұл құжаттар тараптар арасындағы стратегиялық әріптестікті институционалдық тұрғыда бекітіп, көпқырлы ынтымақтастықты жүйелі дамытуға негіз қалады. Саммит барысында Жапония тарапы Орталық Азия елдеріне шамамен 19-20 млрд АҚШ долларын құрайтын инвестициялық пакет ұсынды. Бұл қаражат аймақтық дамуды қолдауға бағытталғанымен, Қазақстанға ерекше басымдық берілгені байқалады. Елдің аймақтағы жетекші экономикалық және логистикалық хаб ретіндегі рөлі жоғары бағаланды. Жапон сарапшылары да Қазақстанның стратегиялық маңызының артып отырғанын атап өтуде. Мәселен, сарапшы Стивен Надь Қазақстанмен әріптестіктің Жапонияның экономикалық қауіпсіздігі үшін маңызды екенін көрсетеді. Оның пікірінше, ірі келісімдер тек нарықтық сипатқа ие емес, сонымен қатар жеткізу тізбектерінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған инвестициялар болып табылады [292].

Қазақстан үшін бұл бастама қаржыландыру көздеріне қол жеткізумен қатар, технологиялық трансфер мүмкіндіктерін кеңейтеді. Әсіресе, энергетика, жасыл технологиялар, цифрландыру, көлік-логистика және адам капиталын дамыту негізгі басымдықтар ретінде айқындалды. Жапонияның озық технологиялары мен басқару тәжірибесін тарту Қазақстан экономикасының құрылымдық жаңаруына серпін береді.



Сурет 10 - «Орталық Азия плюс Жапония» форматы аясындағы Қазақстан-Жапония серіктестігінің негізгі нәтижелері

Саммит пен іскерлік форум аясында Қазақстан мен Жапония арасында 60-тан астам құжат пен келісімге қол қойылды. Олардың жалпы құны шамамен 3,7 млрд АҚШ долларын құрап, энергетика, көлік, цифрландыру және «жасыл энергетика» технологиялары салаларындағы бірлескен жобаларды қамтиды. Бұл құжаттар екі ел арасындағы экономикалық кооперацияның нақты нәтижеге бағытталғанын және оның институционалдық негізі нығайып келе жатқанын көрсетеді [293]. Туризм саласында визалық режимді жеңілдету, сондай-ақ жапон туристеріне арналған Орталық Азия бойынша бірыңғай маршрут қалыптастыру ұсынылды. Бұл бастама Қазақстанның аймақтық туристік хаб ретіндегі рөлін күшейтіп, мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға ықпал етеді [295]. Маңызды саяси нәтиже ретінде Қазақстанның «Орталық Азия плюс Жапония» форматындағы төрағалықты қабылдауы және келесі көшбасшылар саммитін Астана қаласында өткізу туралы шешімді атап өтуге болады. Бұл қадам елдің халықаралық дипломатиядағы беделін арттырып, оны аймақтық әрі жаһандық деңгейде маңызды келіссөздер өтетін алаң ретінде бекітеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, соңғы отыз жылдан астам уақытта Қазақстан мен Жапония арасындағы тұрақты диалог нығайып, жаңа мазмұнмен толықты. Президент Қ. Тоқаевтың Жапонияға ресми сапары екіжақты байланыстарды жаңа деңгейге көтерді. Сапар қорытындысында жалпы құны 3,7 млрд АҚШ долларынан асатын 60-тан астам құжатқа қол қойылды. Келіссөздер барысында Ақтау портындағы кедендік рәсімдерді жетілдіру мәселесі де талқыланды. Сонымен қатар тараптар Қазақстанның әлемдік ядролық отын нарығындағы үлесін және Жапонияның технологиялық әлеуетін ұштастыру арқылы атом саласында бірлескен жобаларды дамытуға уағдаласты. Бұдан бөлек,

БҰҰ аясында су ресурстарына қатысты жаңа халықаралық ұйым құру жөнінде ұсыныс айтылды. Ғылым мен инновация саласындағы ынтымақтастық та назардан тыс қалмады. Астанада ауыл шаруашылығы мен смарт-фермаларға арналған ғылыми форум өткізу, құрғақшылыққа қарсы шаралар, су үнемдеу және өнімділікті арттыру бағыттары талқыланды. Жапон саясаткерлері мен ғалымдары экологиялық саммитке шақырылды.

2027 жылы дзюдодан әлем чемпионатының Қазақстанда өтетіні жарияланып, спорт дипломатиясының да екі елді жақындастыратын маңызды құрал екені атап өтілді. Ал Токиода мемлекет басшылары деңгейінде алғаш рет өткен «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы аймақтық тұрақтылықты нығайтуға және жаһандық геосаяси тепе-теңдікке оң ықпал етуге бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланды. Осылайша, Қазақстан мен Жапония арасындағы байланыстар жаңа сапалық деңгейге көтерілді.

Зерттеу барысында үш сарапшымен өткізілген тереңдетілген сұхбат материалдары пайдаланылды.

Жапонияның Қазақстандағы бұрынғы дипломаты («А мырза») екіжақты қатынастардың эволюциясы мен «Орталық Азия плюс Жапония» форматындағы өзекті мәселелерге қатысты тәжірибелік пікірлер ұсынды. ҚР Сыртқы істер министрлігінің өкілі, Жапониядағы елшіліктің кеңесшісі А. Махметовпен жүргізілген сұхбатта аталған форматтың институционалдық негіздері, қазіргі жағдайы және даму перспективалары қарастырылды. Сонымен қатар «Қазақстан-Жапония Жібек жолы қауымдастығының» президенті К. Уэдамен өткізілген сұхбат экономикалық және технологиялық ынтымақтастықтың нақты тетіктерін айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеуде сапалық әдіс кеңінен қолданылды. Гуманитарлық және мәдени ынтымақтастықтың жай-күйі мен даму мүмкіндіктерін терең түсіну үшін жартылай құрылымдалған сұхбат әдісі таңдалды. Бұл тәсіл зерттелетін құбылысты нақты контексте қарастыруға және қатысушылардың тәжірибесі мен көзқарастарын ашуға мүмкіндік береді. Сұрақтар алдын ала дайындалғанымен, сұхбат еркін форматта жүргізіліп, қажет жағдайда толықтырушы сұрақтар қойылды. Қатысушылар мақсатты іріктеу әдісі арқылы таңдалды. Сұхбаттар офлайн форматта өтіп, әрқайсысының ұзақтығы шамамен 60 минутты құрады. Барлық материал жазылып, кейін мәтінге түсіріліп, мазмұндық талдау негізінде өңделді [315].

Талдау барысында ортақ тақырыптар мен қайталанатын идеялар анықталды. Бұл Қазақстан мен Жапония арасындағы гуманитарлық және мәдени байланыстардың негізгі бағыттарын, өзекті мәселелерін және даму әлеуетін айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында этикалық талаптар толық сақталып, қатысушылардың деректері құпия түрде пайдаланылды.

1-сұхбат. Жапонияның бұрынғы дипломаты («А мырза») Қазақстанның Орталық Азиядағы геосаяси және экономикалық рөлінің маңызын атап өтті. Оның пікірінше, Жапония экология, апаттарды басқару және жоғары технологиялар арқылы аймақта маңызды әріптес бола алады [294]. Сонымен қатар ол Қазақстан мен Жапония арасындағы байланыстар достық сипатта болғанымен, олардың даму қарқыны баяу екенін көрсетті. Негізгі себептер ретінде институционалдық айырмашылықтар мен іскерлік мәдениет ерекшеліктері аталды. Жапон компаниялары келісімдерді нақты орындауға сенімді болған жағдайда ғана ынтымақтастыққа барады, ал Қазақстан тарапында бастамаларды жылдам іске қосуға ұмтылыс бар, бірақ жүйелілік жеткіліксіз болуы мүмкін. Осыған байланысты келісімдердің орындалу сапасына басымдық беру қажеттігі атап өтілді. Сарапшы Қытайдың аймақтағы ықпалының артып отырғанын және бұл жағдай жаңа серіктестік модельдерін қажет ететінін айтты. Сондай-ақ гуманитарлық және экологиялық бағыттағы жобаларда Жапония тәжірибесін қолданудың тиімділігі көрсетілді.

2-сұхбат. А. Махметовпен жүргізілген сұхбатта «Орталық Азия плюс Жапония» форматының Қазақстан үшін маңызы жоғары екені айтылды. Бұл алаң екіжақты ғана емес, көпжақты ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік береді. Алайда өткен кездесулердің нақты нәтижелері шектеулі болғаны да атап өтілді. Сонымен қатар Жапонияның аймаққа экономикалық қызығушылығы табиғи ресурстармен байланысты екені көрсетілді. Дегенмен географиялық қашықтық пен логистикалық шығындар белгілі бір шектеулер туғызады. Осыған қарамастан Жапония аймақтағы қатысуын сақтауға және әртараптандыруға ұмтылады.

1. Адам капиталы және білім беру саласындағы ынтымақтастық. Сұхбат барысында сарапшы Қазақстан мен Жапония арасында адам ресурстарын дамытуға бағытталған нақты бағдарламалардың жеткіліксіз екеніне назар аударды. Өзбекстан мен Қырғызстанның Жапониямен белсенді әріптестік орнатып, жастарды тарту бойынша нақты келісімдер жасағаны атап өтілді. Ал Қазақстан тарапында бұл бағыттағы бастамалар баяу жүзеге асуда. МЕХТ секілді стипендиялық бағдарламалардағы қазақстандық квоталардың аздығы да сынға алынды. Сонымен бірге елшілік білім беру саласында кең ауқымды келісімдерге қол жеткізу бағытында жұмыс жүргізіп жатқанын мәлімдеді.

2. Экология және климат мәселелері. Кеңесшінің айтуынша, Жапонияның экологиялық технологияларын, атап айтқанда ауаны тазарту жүйелерін, қалалық ортадағы ауа сапасын жақсарту шешімдерін және жер сілкінісін ерте анықтайтын құрылғыларды Қазақстанда, әсіресе экологиялық жағдайы күрделі Алматы қаласында енгізу өзекті. Бұл мәселе «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы шеңберінде бірнеше рет көтерілгенімен, нақты жобалар деңгейіне жеткілікті дәрежеде жетпегені атап өтілді.

3. Инвестициялық мүмкіндіктер және әлеуметтік жобалар. Қазақстанның Жапониядан инвестиция тарту бағытында жұмыс жүргізіп жатқаны айтылды. Дегенмен нақты салалар мен басым бағыттардың айқындалмауы белгілі бір қиындықтар туындатады. Жапон тарапынан шағын және орта бизнес арқылы тұрмыстық технологиялар мен әлеуметтік жобаларды енгізуге қызығушылық бар. Мысалы, «Шөп тамыры» секілді бастамалар осыған дәлел. Алайда мұндай жобаларды «Орталық Азия плюс Жапония» форматында емес, екіжақты үкіметаралық комиссиялар шеңберінде жүзеге асыру тиімді деп бағаланады.

4. Қауіпсіздік пен аймақтық тұрақтылық. Сұхбат барысында Ауғанстан мәселесі аталған диалогтың күн тәртібінде маңызды орын алатыны көрсетілді. Жапонияның аймақтық қауіпсіздікке, терроризмге, есірткі айналымына және адам саудасына қарсы күреске қатысуы ерекше мәнге ие. Бұл бағыттар Қазақстан мен Жапония арасындағы стратегиялық диалогты дамытуда басым салалардың бірі ретінде қарастырылады.

5. Диалогтың болашағы және реформалау қажеттілігі. Сарапшының пікірінше, «Орталық Азия плюс Жапония» форматы қазіргі талаптарға толық жауап бере алмай отыр. Осыған байланысты оның құрылымы мен басым бағыттарын қайта қарастырып, іске асыру тетіктерін жетілдіру қажет

3-сұхбат. Зерттеудің сапалық бөлігінде 2025 жылы «Қазақстан-Жапония Жібек жолы қауымдастығының» президенті Кадзуо Уэдамен тереңдетілген құрылымдалған сұхбат өткізілді. Бұл сұхбат екі ел арасындағы ынтымақтастықтың өзекті бағыттарын айқындауға арналды [294, 3 б.].

6. Мәдени алмасу - негізгі басымдық. К. Уэда мырзаның айтуынша, қауымдастық қызметінің басты мақсаты - Қазақстан мен Жапония арасындағы мәдени байланыстарды дамыту. Бұл бағытта жапон мәдениетін Қазақстанда, ал қазақ мәдениетін Жапонияда таныстыруға басымдық беріледі. Сонымен қатар жапон тілін меңгеріп жатқан студенттерге қолдау көрсетіліп, олардың кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтуге жағдай жасалады. Қауымдастық Жапонияда тұратын қазақстандықтарға да қолдау көрсетіп, туристік және мәдени ұйымдармен байланыс орнатуда. Бұдан бөлек, екі елге қатысты ғылыми еңбектерді арнайы платформада жинақтау бастамасы ұсынылды.

7. Терең серіктестікке кедергі келтіретін факторлар. Сарапшының пікірінше, екіжақты қатынастардың жоғары деңгейде дамымауына геосаяси жағдай әсер етеді. Жапонияның Қытай және Ресеймен күрделі қатынастары Қазақстанмен байланыстардың тереңдеуіне жанама ықпал етеді. Осы себепті Жапония Орталық Азияда кейбір жағдайларда Өзбекстанмен белсендірек жұмыс істеуді жөн көреді.

8. Экономикалық байланыстар және болашағы. Қазіргі кезеңде Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастық негізінен экономикалық салада шоғырланған. Бұл байланыстар көбіне жапон автокөліктері мен техникаларын экспорттауға негізделген. Сонымен қатар Қазақстан нарығында бәсекелестіктің

жоғары болуы жапон компанияларының белсенділігін шектейді. Дегенмен ақпараттық технологиялар саласында үлкен әлеует бар. Жапонияда IT мамандарына сұраныстың жоғары болуы Қазақстан үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл бағытта кадр даярлау жүйесін дамыту екі ел үшін де тиімді болуы мүмкін [294, 3 б.].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастықта мәдени алмасу маңызды орын алады. К. Уэда мырзаның пікірінше, бұл серіктестіктің негізін мәдени түсіністік, білім беру байланыстары және ғылыми ақпарат алмасу құрайды. Мұндай тұжырымдар мәдени дипломатияның «жұмсақ күш» құралы ретіндегі рөлін айқындайтын зерттеулермен сәйкес келеді. Сонымен бірге қазіргі кезеңде ынтымақтастықтың басым бөлігі экономикалық салада шоғырланғаны байқалады. Қатынастардың тереңдеуіне геосаяси факторлар да ықпал етеді. Атап айтқанда, Жапонияның ірі көрші мемлекеттермен күрделі қатынастары белгілі бір шектеулер туындатады. Ақпараттық технологиялар саласы болашағы зор бағыттардың бірі ретінде ерекшеленеді.

Жапонияда білікті мамандарға сұраныстың жоғары болуы Қазақстан үшін кадр даярлау және цифрлық трансформация бағытында жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Бұл үрдіс халықаралық зерттеулерде де атап өтілетін трансшекаралық технологиялық ынтымақтастықтың маңызымен үндеседі. Жалпы алғанда, сұхбат нәтижелері Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйін, негізгі кедергілерін және даму перспективаларын нақты көрсетеді. Саяси және қауіпсіздік салаларындағы өзара іс-қимылдың шектеулі болуы басты факторлардың бірі ретінде бағаланады. Сонымен қатар мәдениет, білім, ғылым және технологиялар бағытында айтарлықтай әлеует бар. Осы бағыттарды жүйелі түрде дамыту «Орталық Азия плюс Жапония» форматы аясындағы аймақтық кооперацияны жаңа сапалық деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, бұл формат сарапшылар тарапынан перспективалы, бірақ әлі толық қалыптаспаған дипломатиялық алаң ретінде бағаланады.

Үш сұхбаттың нәтижелері Қазақстан мен Жапония арасындағы өзара іс-қимылдың көпқырлы сипатын айқындайды. Бірінші сұхбат Жапония сыртқы саясатының прагматикалық ерекшеліктерін көрсетсе, екінші сұхбат аталған форматтың экономикалық және дипломатиялық құрал ретіндегі маңызын айқындайды [294, 2 б.].

Үшінші сұхбат мәдени өлшемнің рөлін ашып, «жұмсақ күш» тетіктері арқылы серіктестікті нығайтудың маңызын көрсетеді. Сұхбаттар Қазақстан тарапынан ынтымақтастықты кеңейтуге қызығушылықтың жоғары екенін көрсетті. Ал Жапония тарапында бұл қызығушылық негізінен экономикалық және гуманитарлық бағыттарда байқалады. Сонымен қатар ірі жапон

компанияларының ғана белсенділігі жоғары екені, ал шағын және орта бизнес қатысуының шектеулі екені анықталды. Маңызды бағыттардың бірі ретінде IT саласындағы ынтымақтастықтың болашағы аталды. Жапониядағы мамандарға деген сұраныс пен Қазақстандағы цифрландыру үдерістері өзара тиімді кадр даярлау бағдарламаларын дамытуға негіз бола алады. Бұл бастама аймақтық еңбек нарығы мен технологиялар алмасуын дамыту тұрғысынан ерекше мәнге ие.

Төмендегі кестеде Қазақстан мен Жапония арасындағы «Орталық Азия плюс Жапония» форматы бойынша серіктестіктің күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін сапалық сұхбат негізінде ғылыми тұрғыда бағалауға арналған SWOT талдау ұсынылған.

Кесте 11 - «Орталық Азия плюс Жапония» форматы аясындағы Қазақстан-Жапония серіктестігі бойынша SWOT талдау

Категория	Мазмұны	Негіздемелер (сұхбат деректері)
Күшті жақтары	Қазақстан мен Жапония арасындағы тұрақты дипломатиялық негіз; Жапонияның бірегей салалары: экология, апаттық жағдайларды басқару, жоғары технология; Мәдениетаралық алмасу және білім беру саласындағы серпінді ынтымақтастық.	Қазақстан дипломаты: екіжақты байланыстар достық пен тұрақты дипломатиялық негізге сүйенеді; К.Уэда: мәдени және студенттік алмасу арқылы «жұмсақ күш» элементтері қолданылып жатыр; Жапония экологиялық технологиялар мен жоғары технология саласында тәжірибесін ұсына алады.
Әлсіз жақтары	Институционалдық айырмашылықтар және менталитет ерекшеліктері; Жобаларды іске асыруда Қазақстан тарапынан жүйеліліктің жоқтығы; Жапон компаниялары келісімге тек сенімді болса ғана қатысады.	Жапон компаниялары келісімді толық орындауға сенімді болмаса, шарт жасаспайды; Қазақстан жобаларды жылдам бастауға бейім, бірақ тұрақты қолдау жоқ. Екі жақты және көп жақты келісімдерде «Фейерверк»-тен арылу қажет. ОАЖД форматының нақты стратегиялық нәтижесі әлсіз, протоколдық кездесулер басым.

Кесте 11-дің жалғасы

Мүмкіндіктер	IT және цифрлық трансформация саласындағы кадр дайындау және технологиялық ынтымақтастық; Экономикалық және инвестициялық жобаларды әртараптандыру (инфрақұрылым, әлеуметтік жобалар). Мәдени дипломатия арқылы стратегиялық сенімді арттыру.	К.Уэда: IT саласында өзара тиімді кадр даярлау мүмкіндігі бар; Цифрлық трансформация аясында екіжақты ынтымақтастықты күшейтуге болады. (А) Сұхбат: шағын және орта бизнес арқылы тұрмыстық технологиялар мен әлеуметтік жобаларды енгізу мүмкіндігі бар; Мәдени және білім беру бағдарламалары стратегиялық сенімді нығайтады.
Қауіптер	Геосаяси бәсекелестік: Қытай мен Ресейдің ықпалы, аймақтық қысым; Экономикалық шектеулер: Жапония үшін ресурстарды импорттау тиімсіздігі, нарықтағы бәсекелестік. Институционалдық және әкімшілік кедергілер.	А.Махметов: Қытайдың экономикалық үстемдігі және Ресейдің дәстүрлі ықпалы аймақтық серіктестікті тежейді. К.Уэда мырза: Жапония Қазақстанмен терең байланыс орнатса, көрші елдер алаңдаушылық танытуы мүмкін. ОАЖД форматында нақты жобалар аз, институционалдық механизмдер әлсіз.
Ескерту: Бұл SWOT талдау ізденушінің жеке зерттеу жұмысы аясында жүргізілген сапалық сұхбат нәтижелеріне негізделген.		

Сұхбат нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан мен Жапония арасындағы серіктестік әлеуеті әсіресе мәдени, білім беру және IT саласында жоғары. Алайда институционалдық шектеулер мен геосаяси факторлар екіжақты қатынастың тереңдеуіне кедергі жасайды. Жапонияның бірегей тәжірибесі (экология, апаттық басқару, технологиялар) және мәдени дипломатия арқылы «Орталық Азия плюс Жапония» форматын стратегиялық деңгейге көтеру мүмкіндігі бар, бірақ оны жүзеге асыру үшін институционалдық реформалар, нақты жобалар мен жүйелі іске асыру механизмдері қажет.

Зерттеу қорытындысы бойынша сапалық сұхбаттар «Орталық Азия плюс Жапония» форматы сенімге, жұмсақ күш құралдарына және адам капиталын дамытуға негізделген тиімді дипломатиялық модель екенін көрсетеді. Бұл модельдің басты артықшылығы - оның аймақ елдерінің көпвекторлы сыртқы саясатына сәйкес келуі. Атап айтқанда, бейтарап әрі қысымсыз өзара іс-қимыл серіктестікке ашықтықты қамтамасыз етеді. Сонымен қатар қаржылық ресурстардың шектеулілігі мен геосаяси бәсекелестік бұл форматтың ықпалын белгілі бір деңгейде тежейді.

Инвестиция көлемінің салыстырмалы түрде аз болуы ірі жобалардағы рөлдің шектеулі болуына алып келеді. Осыған байланысты Жапония үшін тиімді стратегия - сапаға, технологияға және білім беру саласына басымдық беру арқылы ұзақ мерзімді ықпалын арттыру.

Осылайша, сапалық сұхбаттар негізінде алынған деректер Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастықтың әлеуеті жоғары екенін айқындайды. Дегенмен оны толық жүзеге асыру үшін институционалдық тетіктерді күшейтіп, көпжақты жобалық серіктестікті дамыту қажет. Саяси сенімнің нығаюы мен мәдени байланыстардың кеңеюі стратегиялық әріптестікті жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

«Орталық Азия плюс Жапония» диалогы XXI ғасырдағы көпжақты ынтымақтастықтың тиімді үлгілерінің бірі ретінде қарастырылады. Бұл бастама Жапонияның сыртқы саяси мүдделерінің бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар Орталық Азия елдерінің ішкі тұрақтылығы мен орнықты дамуына ықпал ететін халықаралық қолдау тетігі ретінде бағаланады. Форматтың ерекшелігі - мемлекетаралық шеңберден шығып, аймақтық даму мен халықтар арасындағы сенім кеңістігін қалыптастыруға бағытталуында. Қазақстан үшін бұл форматтың стратегиялық маңызы ерекше. Біріншіден, Жапониямен әріптестік экономиканы әртараптандыруға, технологиялық дамуға және адам капиталын жетілдіруге мүмкіндік береді. Екіншіден, бұл бағыт Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатына сәйкес келіп, Азиядағы ірі державалармен теңгерімді қатынас орнатуға жағдай жасайды. Үшіншіден, Жапонияның бейбітшіл дипломатиясы мен тұрақты даму қағидаттары Қазақстанның ішкі даму басымдықтарымен үйлеседі. Сапалық сұхбат нәтижелері сарапшылардың бұл форматты Орталық Азиядағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту, адам ресурстарын жетілдіру және жасыл экономиканы қолдау тетігі ретінде бағалайтынын көрсетті. Сонымен бірге мәдени-гуманитарлық жобалар аймақтық интеграцияны күшейтіп, халықтар арасындағы сенімді нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Қазақстандық сарапшылар бұл форматты көпполярлы әлем жағдайында геосаяси дербестікті қамтамасыз ететін құралдардың бірі ретінде қарастырады.

Сонымен қатар серіктестіктің табысты болуы тек мемлекетаралық келісімдерге тәуелді емес. Азаматтық қоғамның белсенділігі, ғылыми және академиялық байланыстардың дамуы, жастар бастамалары мен кәсіпкерлік жобалардың қолдауы да маңызды факторлар қатарында. Осыған байланысты болашақта форматты институционалдандыру, атап айтқанда тұрақты қаржыландыру тетіктерін қалыптастыру және аймақтық жобалық кеңсе құру қажеттігі туындайды. Жалпы алғанда, «Орталық Азия плюс Жапония» форматы тек саяси декларациялармен шектелмей, нақты жобаларға және ұзақ мерзімді әріптестікке негізделген диалог алаңы ретінде қалыптасып келеді. Бұл үдерісте Қазақстан белсенді бастамашы әрі тең құқықты серіктес ретінде көрінеді. Алдағы кезеңде осы ынтымақтастықтың тереңдеуі аймақтың тұрақты дамуына және халықаралық беделінің артуына ықпал етеді.

Қазақстан мен Жапония арасындағы стратегиялық әріптестіктің болашағы экономикалық кооперация, технологиялық трансфер және гуманитарлық-зияткерлік өзара іс-қимыл арқылы айқындалады.

Президент Қ.Ж. Тоқаевтың Жапонияға сапары екі ел арасындағы қатынастарды жаңа мазмұнмен толықтырып, Қазақстанның аймақтық және жаһандық деңгейдегі рөлін күшейтуге ықпал еткен маңызды кезең ретінде бағаланады. Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастықты стратегиялық әріптестік ретінде сипаттауға негіз бар. Себебі бұл байланыстарда екі тараптың да ұзақ мерзімді мүдделері айқын көрінеді. Жапония үшін Қазақстанның табиғи ресурстары, әсіресе уран мен сирек металдар маңызды. Ал Қазақстан үшін Жапонияның технологиялық әлеуеті ерекше мәнге ие. Бұл өз кезегінде шикізаттық бағыттан өңдеуші экономикаға көшуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезеңде екі ел өз мүдделерін тиімді үйлестіре отырып, өзара пайдалы әріптестік моделін қалыптастырды.

Қазақ-жапон стратегиялық әріптестігінің болашағын бағалау үшін сценарийлік талдау әдісі қолданылды. Зерттеу шеңберінде үш негізгі модель қарастырылды: оптимистік, реалистік және тәуекелге негізделген сценарийлер. Әрбір модель екіжақты ынтымақтастықтың даму деңгейін түрлі факторлар негізінде болжауға мүмкіндік береді.

Оптимистік сценарийде Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастық сапалық жаңа деңгейге көтеріліп, стратегиялық одақ сипатында дамуы ықтимал. Бұл жағдайда инвестиция көлемінің ұлғаюы, жоғары технологиялардың кеңінен енгізілуі және геосаяси тұрақтылық негізгі қозғаушы факторлар ретінде көрінеді. Реалистік сценарий қазіргі үрдістердің сақталуына негізделеді. Бұл модельде әріптестік тұрақты болғанымен, даму қарқыны шектеулі деңгейде қалады. Инвестиция көлемі орташа деңгейде сақталып,

технологиялық трансфер ішінара жүзеге асады. Геосаяси орта күрделі сипатқа ие болып, жекелеген сыртқы факторлар ынтымақтастыққа ықпал етуі мүмкін. Тәуекелге негізделген сценарийде ішкі және сыртқы қауіптердің күшеюі салдарынан әріптестік формалды деңгеймен шектеледі. Мұндай жағдайда инвестиция азайып, технология алмасу әлсірейді, ал геосаяси тұрақсыздық негізгі тежегіш факторға айналады. Жүргізілген талдау нәтижелері ең ықтимал бағыт ретінде реалистік сценарийді көрсетеді. Бұл нұсқа қазіргі экономикалық және геосаяси жағдайлардың ықпалымен қалыптасып, екіжақты қатынастардың бірқалыпты, бірақ шектеулі дамуын болжайды. Сонымен қатар тиімді мемлекеттік саясат пен институционалдық реформаларды іске асыру арқылы оптимистік сценарийге өту мүмкіндігі сақталады. Ол үшін Қазақстан тарапынан инвестициялық тартымдылықты арттыру, инфрақұрылымды дамыту және технологиялық әріптестікті тереңдету қажет. Негізгі тәуекелдер қатарына геосаяси тұрақсыздық пен логистикалық шектеулер жатады. Бұл факторлар дер кезінде реттелмесе, ынтымақтастық әлеуетінің толық ашылуына кедергі келтіруі мүмкін. Зерттеу нәтижелері Қазақстан мен Жапония арасындағы байланыстар сенім мен стратегиялық әріптестікке негізделгенін көрсетеді. Бұл өзара іс-қимыл экономикалық, білім беру, ғылыми және технологиялық салаларда тұрақты қатынастар қалыптастырып, аймақтық тұрақтылыққа оң әсер етеді. Сонымен бірге әлсіз тұстар да анықталды. Олардың қатарында Жапонияның аймақтық саяси ықпалының шектеулі болуы, жекелеген жобалардың қаржылық және институционалдық қиындықтарға ұшырауы, сондай-ақ Орталық Азиядағы ішкі тұрақсыздықтың әсері бар. Болашақта әріптестікті нығайту үшін бірнеше басым бағыт ұсынылады. Атап айтқанда, экономиканы әртараптандыру, инфрақұрылымдық, энергетикалық және цифрлық жобаларды кеңейту, ғылыми-техникалық және білім беру салаларындағы алмасуларды дамыту, аймақтық қауіпсіздік пен дипломатиялық диалогты күшейту маңызды. Сонымен қатар сыртқы ықпалдар мен геосаяси қатерлерді азайтуға бағытталған икемді стратегияларды енгізу қажет.

2025 жылғы «Орталық Азия плюс Жапония» форматындағы оныншы саммит аясында тараптар аймақтық ынтымақтастықты ұзақ мерзімге дамытуға бағытталған бірқатар бастамаларды ұсынды. Олардың қатарында инвестициялық қор құру, инфрақұрылым мен логистиканы жаңғырту, жасыл энергетика және климаттық жобаларды іске асыру, сондай-ақ адам капиталын дамыту бар. Бұл ұсыныстар Қазақстан мен Жапония арасындағы стратегиялық әріптестікті институционалдық тұрғыда нығайтып, экономикалық, саяси және мәдени байланыстарға жаңа серпін береді. Жалпы алғанда, жүргізілген талдау екі ел арасындағы қатынастардың динамикалық әрі эволюциялық сипатқа ие екенін

көрсетеді. Бұл байланыстар стратегиялық мақсаттарды іске асыруға және ортақ мүдделерді кеңейтуге мүмкіндік береді. Алдағы кезеңде ынтымақтастық сенім, инновация және тұрақтылық қағидаттарына сүйене отырып дамуы тиіс.

Қорытынды

Зерттеу барысында Жапонияның Орталық Азиядағы стратегиялық жоспары, серіктестіктің даму аспектілері мен теориялық, тәжірибелік нәтижелері жан-жақты талданады. Сонымен қатар, Жапония мен Қазақстан арасындағы ірі стратегиялық бағыттардың алдыңғы қатарлы бастама екенін дәлелдей түсетін, тарихи маңызы айқын «Орталық Азия плюс Жапония» форматы зерттеудің негізгі нысанына айналды.

Диссертациялық жұмыста Жапонияның аймақтық саясаты жаһандық дәуірлеу заманында қалай көрініс тапқаны сараланады. Сонымен қатар, жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуына орай, аймақтық қауіпсіздіктің қайта құрылу үдерістері аясында зерттеулер жүргізіледі.

Бірінші бөлімде аймақтық қарым-қатынастар жүйесі теориялық тұрғыда зерттеледі. Яғни, Жапонияның Орталық Азиядағы бастамалары сарапталады. Соның нәтижесінде жаңа регионализм, консерватизм және жұмсақ күш іспетті жаңа терминдердің саяси жүйеде қалай іске асатыны талданады. Жаңа регионализм тұжырымдамасы Жапония бастамаларының бірқатар ірі салаларды қамтитын көпсалалы және көпдеңгейлі сипатта екенін көрсетеді. Аталмыш бастамалар экономикалық салаларды ғана қамтымайды. Сонымен қатар, мынадай ірі салаларды қамтиды:

- қауіпсіздік;
- гуманитарлық;
- инфрақұрылымдық;
- мәдени өлшемдерді.

Консерватизм теориясы Жапонияның сыртқы саясатына тән ұлттық болмысты, тарихи сабақтастықтың тамырлы арнасын және дәстүрлі құндылықтарға сүйенген саяси машықты тереңнен зерделеуге жол ашады. Ал жұмсақ күш тұжырымдамасы Жапонияның XXI ғасырдағы сыртқы саяси белсенділігін қатаң күшке жүгінбей, өркениетті тетіктер арқылы жүзеге асыру стратегиясын келісті сипаттайды. Осы теориялық амалдардың өзара қабысуы Жапонияның Орталық Азиядағы саясатын парасатқа негізделген, жағдайға икемделгіш әрі өміршең құбылыс ретінде пайымдауға мүмкіндік береді.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі кезеңде Жапония Орталық Азия мемлекеттерімен, соның ішінде Қазақстанмен, дипломатиялық қарым-қатынастарды жедел орнатып, экономикалық және мәдени ықпалдастықты жүйелі түрде өркендетуге ұмтылды. Бұл қадамдар Жапонияның аймақтағы ұзақмерзімді мүдделерін айшықтап қана қоймай, Қазақстанның халықаралық қауымдастыққа кірігу үдерісіне де игі әсерін дарытты. Қазақстан мен Жапония арасындағы байланыстар уақыт өте келе сенім мен өзара құрметке, сондай-ақ

салиқалы прагматизмге негізделген серіктестіктің орнықты үлгісіне айналды. Сонымен қатар, Жапония Өзбекстанмен қатар Қазақстанды да аймақтағы стратегиялық мәні айрықша мемлекет ретінде бағалап, аймақтық саясатында осы елдерге басымдық танытты. Мұндай ұстаным Токионың Орталық Азиядағы ықпалын байыпты әрі сараланған тәсіл арқылы жүзеге асыруына мүмкіндік берді.

Жапонияның жаңа әлемдік тәртіп аясында қалыптасқан сыртқы саяси доктриналары елдің халықаралық аренадағы рөлін жаңаша пайымдауға ұмтылғанын аңғартады. Соғыстан кейін орныққан бейбітшіл ұстанымнан стратегиялық серпінге қарай біртіндеп ойысу үдерісі бірқатар доктриналық құжаттар мен саяси бастамаларда бедерлі көрініс тапты. Әсіресе, Ш. Абе ұсынған доктрина ұлттық дербестікті нығайту, қауіпсіздік саласындағы белсенділікті арттыру, АҚШ-пен теңгерімді әріптестік қалыптастыру және Қытай мен Солтүстік Кореяның аймақтық ықпалын тежеу бағытында айқын сипат алды. Дегенмен, Жапонияның сыртқы саяси стратегиясын жүзеге асыру тарихи жадтың салмағы, конституциялық шектеулер және геосаяси тепе-теңдік сынды күрделі факторлармен байланысып жатыр. Сондықтан жапондық доктриналарды қасаң идеологиялық қалып ретінде емес, өзгермелі халықаралық кеңістікке бейімделген, көпқырлы әрі прагматикалық саясат құралы ретінде қарастырған орынды.

Зерттеудің екінші бөлімінде Жапонияның Орталық Азиядағы бастамаларының трансформациясы сараланып, «Жібек жолы дипломатиясының» мазмұндық эволюциясы мен талданады. Бұл бастама аймақ елдерінің егемендігін, дербес даму бағдарын және өзара байланыстарын қолдауға бағытталған, мәдени үйлесім мен прагматизмді ұштастырған саясат ретінде қалыптасты. Уақыт өте келе ол институционалдық сипат алып, «Орталық Азия плюс Жапония» атты диалогтық форматқа ұласты. Аталған алаң Жапонияның аймақпен жүйелі, ұзақмерзімді әрі көпжақты ықпалдастық орнатуға мүдделі екенін айғақтайды. Бұл тек саяси пікір алмасу кеңістігі ғана емес, сонымен бірге экономикалық, инфрақұрылымдық, экологиялық және гуманитарлық бастамаларды үйлестіретін пәрменді тетікке айналды. Жапония үшін Қазақстан Орталық Азиядағы орнықты әрі болжамды серіктес болса, Қазақстан үшін Жапония жоғары технологиялар мен инновациялық дамудың озық тәжірибесін иеленген маңызды экономикалық әріптес саналады.

Диалог аясында қабылданған құжаттар мен шешімдердің мазмұндық өзгерісі қатынастардың сапалық тұрғыдан жаңа белеске көтерілгенін көрсетеді. «Қатынас» пен «ынтымақтастық» ұғымдарынан «жаңа серіктестік» деңгейіне өту - өзара сенімнің институционалдық тұрғыдан бекемделгенінің айғағы. Бұл эволюция декларативті сипаттан нақты жобалық әрі стратегиялық мазмұнға көшу үдерісін айқын аңғартады. Жапонияның аталған форматтағы белсенділігі оның

халықаралық қатынастар жүйесіндегі «нормативті серіктес» ретіндегі беделін күшейтті. Токио әскери-саяси қысым тетіктерінен гөрі, институционалдық диалогқа, техникалық көмек бағдарламаларына, инфрақұрылымдық жобаларға және адами капиталды дамыту бастамаларына басымдық берді. Бұл тәсіл жапон дипломатиясына тән эволюциялық, қақтығыстарды ушықтырмауға негізделген, ұзақмерзімді сенімге арқа сүйейтін саяси мәдениеттің айқын көрінісі болып табылады. Мұндай ұстаным Орталық Азия елдерінің де мүдделерімен үйлесіп, диалогты өзара тиімді ықпалдастық алаңына айналдырды.

Зерттеу нәтижелері жапондық прагматизмнің Орталық Азияға қатысты саясатта үш негізгі бағдарды дәйекті ұстанатынын көрсетеді: ұзақмерзімді стратегиялық пайым, аймақтық қауіпсіздікті қолдау және ашық, инклюзивті ынтымақтастықты дамыту. Бұл қағидаттар «Орталық Азия плюс Жапония» диалогының мазмұндық құрылымында да көрініс тапқан. Қауіпсіздік, энергетика, көлік-логистика, су ресурстарын басқару, экологиялық тұрақтылық және білім беру салаларындағы бастамалар аймақтың ішкі орнықтылығын нығайтуға және сыртқы тәуелділіктерді теңгеруге бағытталған.

Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық дәлізіне айналдыру идеясы Жапонияның Еуразиялық стратегиясының өзегіне айналған маңызды ұстанымдардың бірі. Бұл тұжырым аймақ елдерін тек транзиттік кеңістік ретінде емес, халықаралық қатынастар жүйесіндегі дербес әрі жауапты акторлар ретінде мойындауға негізделеді. Осы арқылы Жапония аймақтың дамуына серпін бере отырып, жаһандық деңгейде сенім мен өзара түсіністікке негізделген көпжақты тәртіпті нығайтуға ұмтылады. Мұндай бағыт елдің халықаралық беделін жауапты әрі сындарлы серіктес ретінде бекіте түседі.

Соңғы жылдары Орталық Азия мемлекеттерінде орын алған саяси жаңғырулар, басқару жүйесіндегі реформалар және аймақаралық ықпалдастықтың жандана түсуі диалогтың өзектілігін арттыра түсті. Бұл жағдай аталған форматты жаңғыртып, оның мазмұнын заманауи сын-қатерлерге бейімдеу қажеттігін алға тартады. Әсіресе цифрландыру, жасыл экономика, климаттық қауіпсіздік және логистикалық байланыстарды дамыту бағыттары келешектегі ынтымақтастықтың өзекті арналарын айқындайды.

Диссертациялық зерттеудің үшінші бөлімі Қазақстан мен Жапония арасындағы стратегиялық серіктестіктің мазмұнын тереңдете талдауға арналған. Мұнда тарихи жадтан бастап заманауи технологиялық ықпалдастыққа дейінгі көпқырлы байланыстар жүйесі сараланып, екіжақты қатынастардың институционалдық және практикалық негіздері айқындалды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде Орталық Азия аумағында жерленген жапон әскери тұтқындарының зираттары Жапонияның аймаққа қатысты тарихи дискурсында

айрықша орын алады. Қазақстан мен Жапония арасындағы стратегиялық серіктестік өзара толықтыру қағидатына негізделген.

Қазақстан табиғи ресурстарға бай, энергетикалық әлеуеті жоғары мемлекет ретінде танылса, Жапония жоғары технологиялар мен инновациялық жетістіктердің көшбасшысы болып табылады. Бұл өзара үйлесім екіжақты ынтымақтастықтың берік экономикалық іргетасын қалады. Ядролық энергетика, мұнай-газ, машина жасау, инфрақұрылым, көлік-логистика және цифрлық технологиялар салаларындағы жобалар осы серіктестіктің нақты мазмұнын айқындайды. Жалпы алғанда, Қазақстан мен Жапония арасындағы қатынастарды стратегиялық серіктестік деңгейінде бағалауға толық негіз бар. Бұл байланыстардың даму логикасында жүйелілік пен тарихи сабақтастық айқын байқалады. Саяси диалогтың орныгуы, экономикалық ынтымақтастықтың кеңеюі, гуманитарлық байланыстардың тереңдеуі және құқықтық негіздің нығаюы - осының бәрі серіктестіктің орнықты сипатын көрсетеді. Ядролық отын саласындағы ықпалдастық ерекше маңызға ие.

Әлемдегі ірі уран тұтынушылардың бірі саналатын Жапония Қазақстанмен ұзақмерзімді байланыс орнатып, бірлескен жобалар арқылы өндірістің экологиялық қауіпсіздігін арттыруға және инновациялық технологияларды енгізуге ықпал етті. Сонымен қатар цифрландыру, жасанды интеллект, киберқауіпсіздік және жасыл энергетика салаларындағы ынтымақтастық жаңа дәуір талаптарына сай серіктестіктің тың бағыттарын қалыптастыруда. Саяси деңгейдегі өзара іс-қимыл да ерекше мәнге ие. Жоғары деңгейдегі кездесулер мен ресми сапарлар екіжақты қатынастардың мазмұнын нақты жобалармен толықтырып, сенім мен өзара құрметті нығайта түсті.

Қабылданған құжаттар экономикалық кооперация мен технологиялық алмасуды институционалдық тұрғыдан бекітіп, қатынастардың жаңа кезеңге аяқ басқанын көрсетті. Жалпы алғанда, «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы аясындағы бастамалар Қазақстан мен Жапония арасындағы көпқырлы стратегиялық серіктестіктің орнығып келе жатқанын айқын дәлелдейді. Экономика, инфрақұрылым, энергетика, білім беру және мәдени байланыстардағы ықпалдастық екі ел арасындағы ұзақмерзімді әріптестіктің берік негізін қалыптастырып, аймақтық тұрақтылық пен орнықты дамуға қызмет ететін маңызды факторға айналып отыр. Алдағы кезеңде серіктестікті одан әрі нығайту үшін экономиканы әртараптандыру, технологиялық және білім беру алмасуларын кеңейту, аймақтық қауіпсіздік пен көпвекторлы дипломатияны дамыту, сондай-ақ геосаяси тәуекелдерді азайтуға бағытталған икемді стратегияларды жетілдіру айрықша маңызға ие болмақ.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Cooley A., Nexon D. Exit from Hegemony: The Unraveling of the American Global Order. - Oxford: Oxford University Press, - 2020. - P. 45-47.

2. Встреча на высшем уровне Япония-Казахстан https://www.mofa.go.jp/mofaj/erp/ca_c/kz/pageit_000001_02653.html (қаралған күні: 25.12.2025).

3. The Summit of the "Central Asia plus Japan" Dialogue (CA+JAD) (December 19-20, 2025) https://www.mofa.go.jp/mofaj/erp/ca_c/pageit_000001_00001.html (қаралған күні: 05.01.2026).

4. Ussenova T. Kazakhstan's multi-vector foreign policy and its implications for the energy sector // Journal of Global Social Sciences. - 2022. - Vol. 3, No. 10. - P. 1-22. DOI:10.31039/jgss.v3i10.18

5. Жапонияның Орталық Азия елдерімен ынтымақтастығы, сауалнама https://docs.google.com/forms/d/1NybcTRfUrZWJy9KGMgKfzCDgXBSYlw7xCAkl-wvNSZ4/edit#responses. 30.10.2025.

6. Diplomatic Blue book, Ministry of Foreign Affairs, Central Asian Region https://www.mofa.go.jp/policy/other/bluebook/1992/1992contents.htm (қаралған күн: 18.03.2025)

7. Diplomatic Blue book, Ministry of Foreign Affairs, Central Asian Region https://www.mofa.go.jp/policy/other/bluebook/1996/III.html#E, (қаралған күн: 19.03.2025).

8. Ministry of Foreign Affairs of Japan. Japan-Kyrgyz Republic Relations. https://www.mofa.go.jp/region/europe/kyrgyz/data.html. (қаралған күн: 12.04.2025).

9. Ministry of Foreign Affairs of Japan, Japan-Kyrgyz Republic Relations https://www.mofa.go.jp/region/europe/kyrgyz/index.html. (қаралған күн: 12.04.2025).

10. JICA Central Asia and Japan's ODA loans https://www.jica.go.jp/english/overseas/uzbekistan/others/__icsFiles/afieldfile/2025/03/13/archive_06.pdf, (қаралған күн: 14.04.2025).

11. Ministry of Foreign Affairs of Japan. Diplomatic Bluebook 2013. Russia, Central Asia, and the Caucasus. https://www.mofa.go.jp/files/000019037.pdf. (қаралған күні: 15.04.2025).

12. Ministry of Foreign Affairs of Japan. https://www.mofa.go.jp/region/europe/kyrgyz/index.html. Japan-Kyrgyz Republic Relations (қаралған күні: 16.04.2025).

13. Посольство Японии в Таджикистане. Японо-Таджикские отношения. https://www.tj.emb-japan.go.jp/itpr_ru/economicalrelation.html. (қаралған күні: 16.04.2025).

14. Посольство Японии в Таджикистане. Японо-Таджикские отношения. https://www.tj.emb-japan.go.jp/itpr_ru/economicalrelation.html (қаралған күні: 16.04.2025).

15. Hashimoto R. Provisional Translation. Address by Prime Minister Ryutaro Hashimoto to the Japan Association of Corporate Executives. - 24 July 1997. https://japan.kantei.go.jp/0731douyukai.html. (қаралған күні: 17.10.2024).

16. Речь премьер-министра Хашимото Рютаро, адресованная Кэйдзай Доюкай (Японской ассоциации корпоративных руководителей) от 24 июля 1997 г. http://www.kantei.go.jp/foreign/0731douyukai.html. (қаралған күні: 20.10.2024).

17. Yoriko Kawaguchi, Adding a New Dimension: Central Asia plus Japan (speech was delivered at the University of World Economy and Diplomacy, Tashkent, Uzbekistan, August 26, 2004), MOFA's HP, Қаралған күні: 28.05.2025, http://www.mofa.go.jp/region/europe/uzbekistan/speech0408.html.

18. Kawaguchi, Y. (2017, August 31). (Chuoajia purasu Nihon) ni omou koto Things to Think About Central Asia Plus Japan. 1-4 p. Retrieved from the web-site of the Ministry of Foreign Affairs of Japan. Available at: https://www.mofa.go.jp/mofaj/files/000285702.pdf.

19. Kawaguchi Y. Things to Think About Central Asia Plus Japan. https://www.mofa.go.jp/mofaj/files/000285702.pdf (қаралған күні: 20.06.2025).

20. Kawaguchi, Y. Speech by Special Assistant to the Prime Minister at the 12th Ministerial Council of the Organization for Security and Cooperation in Europe in Sofia, Bulgaria. Retrieved from the web site of the Ministry of Foreign Affairs of Japan. Available at: https://www.mofa.go.jp/region/europe/ osce/speech0412.html (accessed December 7, 2024).

21. Ministry of Foreign Affairs of Japan, "'Central Asia as a corridor of peace and stability,' Speech by Mr. Taro Aso, Minister for Foreign Affairs at the Japan National Press Club," June 1, 2006, www.mofa.go.jp/region/europe/speech0606.html (қаралған күні: 25.12.2025).

22. Ministry of Foreign Affairs of Japan (MOFA). Central Asia as a Corridor of Peace and Stability: Speech by Foreign Minister Taro Aso. Tokyo, Japan National Press Club, 1 June 2006. - P. 1-3.

23. Central Asia as a Corridor of Peace and Stability: Speech at the Japan National Press Club, June 1, 2006 / Taro Aso Ministry of Foreign Affairs of Japan. - Tokyo, - 2006. - 5 p.

24. Визит министра иностранных дел Ё. Кавагути в ЦА и Монголию https://warp.ndl.go.jp/info:ndljp/pid/9597364/www.mofa.go.jp/mofaj/kaidan/g_kawaguchi/ca_mongolia_04/index.html (accessed November 24, 2025).

25. Министерство иностранных дел: диалог Центральная Азия + Япония и проведение второй встречи старших должностных лиц (SOM) https://warp.ndl.go.jp/info:ndljp/pid/9597364/www.mofa.go.jp/mofaj/press/release/18/rls_0202b.html (accessed November 24, 2025).

26. Ministry of Foreign Affairs of Japan. Diplomatic blue book. https://www.mofa.go.jp/mofaj/press/release/24/11/1107_03.html (қаралған күні: 22.04.2025).

27. «Центральная Азия + Япония» 5-ый Токийский диалог Предметы дискуссий.https://www.mofa.go.jp/mofaj/area/europe/caj/pdfs/5_paper_ru.pdf (accessed November 24, 2025).

28. «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы бойынша CIM 6-шы кездесулері, https://www.mofa.go.jp/mofaj/erp/ca_c/page1_000328.html (accessed November 24, 2025).

29. «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы бойынша CIM 7-ші кездесулері https://www.mofa.go.jp/mofaj/erp/ca_c/page4_004977.html. Жапония дипломатиясының көгілдір кітабынан алынған дерек, (accessed November 24, 2025).

30. «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы бойынша CIM 8-ші кездесулері https://www.mofa.go.jp/press/release/press3e_000365.html (accessed November 24, 2025).

31. «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы бойынша CIM 10-шы кездесулері. https://www.mofa.go.jp/mofaj/press/release/press4_009575.html (accessed November 24, 2025).

32. Диалог Центральная Азия плюс Япония「中央アジア＋日本」ビジネス対話の開催 https://www.mofa.go.jp/mofaj/press/release/press3_000264.html

33. 「中央アジア＋日本」対話・第 2 回ビジネス対話の開催, 平成 30 年 3 月 23 日 «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы аясындағы екінші бизнес форум https://www.mofa.go.jp/mofaj/press/release/press4_005841.html (23.03.2018).

34. Посольство Японии в РК. Grassroots Human Security Projects Программа безвозмездной помощи по обеспечению человеческой безопасности «KUSANONE (Корни травы)» https://www.mofa.go.jp/policy/oda/assistance/pdfs/e_kazakhstan2006.pdf (қаралған күні: 17.12.2025).

35. JICA Kyrgyz Republic. Activities in Kyrgyz Republic. https://www.jica.go.jp/english/overseas/kyrgyz/office/index.html. (қаралған күн: 14.04.2025).

36. Қазақстан Республикасының Жапониядағы Елшілігі. Екіжақты қарым-қатынастар. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tokyo/activities/1991?lang=kk. (қаралған күн: 15.04.2025).

37. Посольство Японии в Республике Казахстан 在カザフスタン共和国日本国大使館 https://www.kz.emb-japan.go.jp/relations/index.htm (қаралған күні: 27.12.2025).

38. MOFA: Visit to Japan by His Excellency Mr. Nursultan Abishevich Nazarbaev, President of the Republic of Kazakhstan https://warp.ndl.go.jp/info:ndljp/pid/8896781/www.mofa.go.jp/region/europe/kazakhstan/pv9912/index.html (қаралған күн: 29.12.2025.)

39. Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы қатынастар. Шарт-құқықтық база. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/485?lang=ru (қаралған күн: 26.12.2025).

40. Посольство Республики Узбекистан в Японии. Политические отношения. 1-5 с. https://uzbekistan.jp/page/223 (қаралған күн: 26.12.2025).

41. Японо-кыргызские отношения (основные данные). Из Кыргызской Республики в Японию. https://www.mofa.go.jp/region/europe/kyrgyz/data.html (қаралған күн: 22.12.2025).

42. Министерство иностранных. дел Туркменистана https://mfa.gov.tm/ru/articles/55. (қаралған күн: 22.12.2025).

43. Посольство Японии в Республике Казахстан. Японо-Казахстанские отношения. https://www.kz.emb-japan.go.jp/relations/index.htm. (қаралған күн: 13.04.2025).

44. Қазақстан Республикасының Жапониядағы Елшілігі. Екі жақты ынтымақтастық.https://www.gov.kz/memleket/entities/mfatokyo/activities/1991?lang=kk. (қаралған күн: 14.04.2025).

45. gov.kz Мемлекеттік органдар. Қазақстан Республикасының Жапониядағы Елшілігі. Шарттық негіз. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tokyo/activities/1992?lang=kk (қаралған күні: 22.12.2025)].

46. Совместное заявление Японии и Республики Казахстан «О расширенном стратегическом партнерстве в век процветания Азии». https://www.kz.emb-japan.go.jp/files/000202021.pdf. (қаралған күні: 04.01.2026).

47. Website of the Ministry of Foreign Affairs of Japan https://warp.ndl.go.jp/en/web/20150307081558/http://www.mofa.go.jp/mofaj/press/pr/wakaru/topics/vol94/index.html (қаралған күн 28.12.2025).

48. Токаев К. Дипломатия Республики Казахстан научное издание/- Астана : Елорда, 2001. - 167. ISBN 9965061041.

49. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tokyo?lang=kk (қаралған күні: 18.01.2026).

50. Shinzo Abe‘s remarks (untitled speech was delivered at the Nazarbayev University on October 27, 2015), Kantei‘s HP, accessed 2 December 2025, https://japan.kantei.go.jp/97_abe/statement/201510/1213894_9930.html.

51. «Қазақстан Республикасы мен Жапония Халықаралық Экономикалық Ынтымақтастық Қоры арасындағы Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту жобасы жөніндегі заем туралы келісімді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P990000389_ (қаралған күні: 25.01.2026).

52. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы Батыс Қазақстанның жол желісін қайта құру жобасын жүзеге асыру

үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің заем беру ниеті туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы" және "2000 жылғы 21 желтоқсандағы Жапония Халықаралық https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010000334_ (қаралған күні: 24.01.2026).

53. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкі арасындағы «Астана қаласын сумен жабдықтау және оның кәрізі» жобасы жөніндегі қарыз туралы келісімді бекіту туралы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000495_ (қаралған күні: 24.01.2026).

54. «Қазақстан Республикасына «Агросервистік қызметті қолдау» жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісімді және Қазақстан Республикасына "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің хатын бекіту туралы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000491_ (қаралған күні: 23.01.2026).

55. ҚР Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000520_ (қаралған күні: 23.01.2026).

56. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы «А.В.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінің білім беру кешеніне арналған жабдықтарды жеткізу» жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді ратификациялау туралы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000215_ (қаралған күні: 26.01.2026).

57. Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны және оған Хаттаманы ратификациялау туралыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000208_ (қаралған күні: 26.01.2026).

58. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000333. (қаралған күні: 25.01.2026).

59. «Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Агенттігі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы ОАӨЭЫ (Жамбыл облысы) Көлік дәлізін қайта жаңарту жобасы бойынша Қарыз туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100000010. қаралған күні: 26.01.2026).

60. ҚР мен Жапония арасындағы Инвестицияларды кетермелеу және өзара қорғау туралы келісімге қол қою туралы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000709. (қаралған күні: 26.01.2026).

61. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы «ҚР күн сәулелі фотоэлектр жүйесін пайдалана отырып, экологиялық таза энергияны енгізу" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімге қол қою туралы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500000339. (қаралған күні: 25.01.2026).

62. Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000339. (қаралған күні: 25.01.2026).

63. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасындағы Экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламасы шеңберінде жапондық грант алу туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000333. (қаралған күні: 25.01.2026).

64. Қол қойылған құжаттар тізімі: Қазақстан мен Жапония: https://invest.gov.kz/kz/media-center/press-releases/ortaly-aziya-elderi-men-zhaponiya-36-zhat-a-ol-oydy/?utm_source. (қаралған күні: 20.11.2025).

65. Ұлттық ядролық орталық «Орталық Азия - Жапония» саммиті аясында бірқатар құжатқа қол қойды https://www.nnc.kz/news/show/635. (қаралған күні: 20.01.2026).

66. 47 documents worth $3.7 billion signed in Tokyo. Kazakh Invest 1-26 p. https://invest.gov.kz/zh/media-center/press-releases/47-documents-worth-3-7-billion-signed-in-tokyo/. қаралған күні: 10.02.2026).

67. Токаев К. К. Под стягом независимости: Очерки о внешней политике Казахстана. - Алматы: Білім, 2001. - С 167,169

68. Визит министра иностранных дел Кавагути в Центральную Азию и Монголиюhttps://warp.ndl.go.jp/info:ndljp/pid/9597364/www.mofa.go.jp/mofaj/kaidan/g_kawaguchi/ca_mongolia_04/index.html. (accessed November 24, 2025).

69. Koizumi J. Policy Speech on Foreign Affairs and Domestic Reforms. Tokyo: National Diet of Japan, 2005. https://www.mofa.go.jp/announce/pm/koizumi/speech0501.html.

70. 2015 Abe, S. (2015, October 27). Kazafusutan ni okeru Abe naikakusori daijin seisaku supichi (Policy speech by Prime Minister Shinzo Abe in Kazakhstan). Prime Minister of Japan and His Cabinet.https://warp.ndl.go.jp/info:ndljp/pid/11547454/www.kantei.go.jp/.

71. Қазақстан мен Жапония стратегиялық серіктестікті нығайтуға ниетті https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/news/details/1056518 (қаралған күні: 26.02.2025).

72. @Experts_kz Визит Токаева в Японию https://www.youtube.com/shorts/nzxN0pDbhWU (қаралған күні 19.01.2026).

73. «Центральная Азия плюс Япония» Казахстан усилил позиции, https://www.youtube.com/shorts/5xYn5a7ol5s (қаралған күні 19.01.2026).

74. Eurasian Diplomacy in Japan, 1997-2001. Асахи шимбун. Reflections on Japan's Post-Cold War Foreign Policy (газета «Асахи») за 30 июля 1998 г. https://www.nippon.com/en/features/c00205/ (қаралған күні: 03.01.2025).

75. Казахстан - Япония: сотрудничество в век процветания Азии 7 ноября 2016 г. 23:01. https://kazpravda.kz/n/kazahstan-yaponiya-sotrudnichestvo-v-vek-protsvetaniya-azii/ (қаралған күні: 03.01.2026).

76. Қазақстан мен Жапония: өзара құрмет пен ынтымақтастық тарихы | «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы https://shymkent.atameken.kz/kk/news/55418-kazahstan-i-yaponiya-istoriya-vzaimnogo-uvazheniya-i-sotrudnichestva. (қаралған күні 23.01.2026).

77. Қазақстан Республикасының Жапониядағы Елшілігі https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tokyo/activities/1991 (қаралған күн: 25.12.2025).

78. Жапонияның Орталық Азия елдерімен ынтымақтастығы, сауалнама https://docs.google.com/forms/d/1NybcTRfUrZWJy9KGMgKfzCDgXBSYlw7xCAkl-wvNSZ4/edit#responses. - 2025. - 1-8 бб.

79. Inoguchi T. Japan's Foreign Policy and East Asian Regionalism. Tokyo: University of Tokyo Press, - 2005. - P. 33-67.

80. Miyake, K. Japan's Diplomacy in Central Asia: The "Central Asia plus Japan" Dialogue and Beyond // Journal of Eurasian Studies. - 2016. - Vol. 7, No. 2. - P.145-158.

81. Yamada M. Japan's foreign policy towards Central Asia: Multilateralism, soft power and "Silk Road diplomacy" // Europe-Asia Studies. 2011. Vol. 63, No. 6. - P.1089-1095.

82. Komatsu I. Chuoajia + Nihon tai Chuoajia seisaku no shin-tenkai // Gaiko Forum. - 2004. - P. 21-27.

83. Kitaoka S. Proactive Pacifism and Japan's Security Policy // Asia-Pacific Review. 2014. Vol. 21. № 2. - P.10-14.

84. Kawato A. Japan's Silk Road Diplomacy: Paving the Road Ahead. Slavic Research Center, Hokkaido University, ISBN: 978-91-85937-46-2. - P. 15-20.

85. Uyama, T., Len, C., & Hirose, T. (Eds.) Japan's Silk Road Diplomacy: Paving the Road Ahead. - Washington, D.C.: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program, 2008. -P. 4-18.

86. Hirose T. Japan's Silk Road Diplomacy: Paving the Road Ahead. Slavic Research Center, Hokkaido University, ISBN: 978-91-85937-46-2. - 2008. -P. 175-177.

87. Iwashita, A. Japan's Eurasian Diplomacy and Central Asia. Tokyo: Japan Institute of International Affairs, 2006. -P. 42-49.

88. Suzuki, M. Political Influence and Diplomacy in Central Asia. Tokyo: Bungeishunju, 2002. -P. 131-138.

89. Brzezinski Z. The Grand Chessboard: American Primacy and Its Geostrategic Imperatives. - New York: Basic Books, 1997. - 223 p.

90. Nye, J. Soft Power: The Means to Success in World Politics. New York: Public Affairs, 2004. -P. 73-96.

91. Gao Bingyu. Japanese Conservatism and Foreign Policy: A Focus on Prime Ministers Nakasone, Koizumi, and Abe. - University of Sheffield, 2017. - 312 p.

92. Len, C. Japan's Central Asian Diplomacy: Motivations, Implications and Prospects for the Region // China and Eurasia Quarterly. - 2005. - Vol. 3, No. 3. - P. 31-46. DOI:10.1525/as.2013.53.3.506

93. Haas E. The Uniting of Europe: Political, Social, and Economic Forces, 1950-1957. Stanford: Stanford University Press, 1958. C. 45-67. https://www.europarl.europa.eu/100books/file/EN-H-BW-0038-The-uniting-of-Europe.pdf

94. Hughes, C. W. (2015). An "Abe Doctrine" as Japan's Grand Strategy: New Dynamism or Dead-End? The Asia-Pacific Journal: Japan Focus, 13(30), Article ID 4832. Retrieved from An_Abe_Doctrine_as_Japans_Grand_Strategy_New_Dy.pdf. - P. 1-6.

95. Hettne B., Söderbaum F. The New Regionalism Approach // Politeia. - 2000. - Vol. 17, No. 3. - P. 457-472. DOI: 10.17748/2075-9908.2015.7.4.088-090

96. Hettne B. Some aspects of the concept "New regionalizm" - 2015. - № 7. - P. 45-67. DOI:10.17748/2075-9908.2015.7.4.088-090

97. Söderbaum F., Shaw T. M. Theories of New Regionalism // Theories of New Regionalism. - Basingstoke: Palgrave Macmillan, 2003. - P. 1-21. https://doi.org/10.1057/9781403938794

98. O'Sullivan N. Conservatism. - Oxford : Oxford University Press, 2019. - 176 p.

99. Dinne A. Japan's Foreign Policy in Central Asia: Conservatism and Regional Strategy. London: Routledge, 2010. - P. 45-67.

100. Stockwin J.A.A. Governing Japan: Divisions and Unity. - Routledge, 2018. - P. 45-67.

101. Green, M. Japan's Reluctant Realism: Foreign Policy Challenges in an Era of Uncertain Power. New York: Palgrave Macmillan, 2001. - P. 168-176.

102. Добринская О.А. Роль официальной помощи развитию в стратегии Японии в Центральной Азии. Вестник МГИМО-Университета. 2020. 13(3). С. 86-111. DOI 10.24833/2071-8160-2020-3-72-86-111

103. Молодякова Э.В. Внешняя политика Японии: история и современность: учебное пособие / Рос. акад. наук, Институт востоковедения, Ассоц. японоведов. - Москва: Восточная литература, 2008. - 317 с. ISBN 978-5-02-036354-0.

104. Мурашкин Н.Ю., Дипломатия «Великого шелкового пути» Центральной Азии через призму японских представлений о безопасности (1992-2009 г.), С. 24-40.

105. Кошелев В. В. Новый регионализм в мировой политике: теоретические аспекты // Мировая экономика и международные отношения. - 2007. - № 6. - С. 52-60.

106. Лукьянов А. В. Регионализация в условиях глобализации: теоретико-методологические подходы // Полис. Политические исследования. - 2006. - № 5. - С. 28-39.

107. Воробьев В.В. Япония и страны Центральной Азии: формирование евразийской дипломатии // Международные отношения. - М., 2000. - С. 45-52.

108. Aleksei Volosevich, “Eight hundred and seventeen Japanese, WWII POWs, are interred in Uzbekistan,” Ferghan.ru, August 28, 2006, http://enews.ferghana.ru/article.php?id=1571

109. Комиссина И. Япония и Центральная Азия: партнерство набирает силу, Центральная Азия и Кавказ, 1999, №2, с. 84-99.

110. Rozman G. Japan’s Foreign Policy in Eurasia. Stanford: Stanford University Press, 2008. - P. 176-192.

111. Dadabaev T. Japan’s new foreign policy toward Central Asia: Silk Road diplomacy // Journal of Eurasian Studies. 2016. Vol. 7, No. 2. P. 120-125.

112. Dadabaev T. Japan’s role in Central Asia: Soft power and peace corridor initiative // Asian Affairs. 2020. Vol. 51, No. 4. P. 682-695.

113. Dadabaev T. Japan and Central Asia: Strategies of Engagement. Springer, 2022. P. 45-55.

114. Rakhimov, M. Central Asia and Japan: Bilateral and multilateral relations. Journal of Eurasian Studies, - 2013. 5(1), 1-12. https://doi.org/10.1016/j.euras.2013.09.002.

115. Усубалиев Э. Центральноазиатское направление внешней политики Японии (1991-2003) // Москва. - 2004, - с. 65

116. Кушкумбаев С. К. Центральная Азия в системе внешнеполитических приоритетов Японии // Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. - Алматы, 2015. - №2 (70). - С. 45-52.

117. Махметов А. Қазақстанның Жапониямен ынтымақтастығы және аймақтық қауіпсіздік мәселелері. Халықаралық қатынастар және саясаттану журналы, - 2023. 4(38), С. 44-53. https://doi.org/10.52535/2789-4887-2023-4-44-53

118. Лаумулин М. Стратегия Японии в Евразии // Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике. - Алматы, 2009. - С. 184-192

119. Кожахметулы К. Казахско-японские отношения: 20 лет взаимного сотрудничества // Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. - 2012. - №1.

120. Ашинова Ж.Е., Нурсеитова Л.Д., Акифуми Ш., «Қазіргі жапон сыртқы саясатының жүзеге асырылуының теориялық негіздері». «Қазақстан шығыстануы» ғылыми журналы - No4, том 12, - 2024. ISSN: 3007-0325. 140-143 б.

121. Ашинова Ж.Е., Нурсеитова Л.Д., Қазақстан Республикасындағы Жапонияның сыртқы саяси бастамаларының трансформациясы және ерекшеліктері // «Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана», серия «Международные отношения и регионоведение» - 2024. Vol. 55, № 1. - С.10-14. DOI: https://doi.org/10.48371/ISMO.2024.55.1

122. Dissyukov A. Central Asia Plus Japan Dialogue: From Idea to Implementation // Journal of International and Advanced Japanese Studies. - 2019. - Vol. 11. - P. 15-21.

123. Insebayeva S. Japan's normative power in Central Asia: Norms, development cooperation, and the long-lasting partnership // Japanese Journal of Political Science. 2024. Vol. 16, No. 1. P. 45-55. https://doi.org/10.1177/18793665221150657.

124. L. Nurgalieva STRATEGIC COOPERATION BETWEEN JAPAN AND KAZAKHSTAN: A NEW STAGE IN THE STRENGTHENING OF THE STRATEGIC PARTNERSHIP. US-CHINA LAW REVIEW - Vol. - 12. -2015. 364-386 pp. doi: 10.17265/1548-6605/2015.04.006. https://www.davidpublisher.com/Public/uploads/Contribute/5535affe47ee1.pdf

125. Шадаева Ш.А. Япония и Центральная Азия: эволюция дипломатических отношений. // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия «Международные отношения и регионоведение». - 2025. - №3 (61). - С. 206-218.

126. Satpayev D., Umbetaliyeva T. Japan's Soft Power in Central Asia: The Case of Kazakhstan // Asian Affairs. - 2021. - Vol. 52, No. 2. - P. 311-328.

127. Roshia Chuoajia taiwa mishon, Japan Centre for International Exchange's HP,http://www.jcie.or.jp/japan/nenji97/d07.htm. (қаралған күні: 15.11.2025).

128. Ryutaro Hashimoto's remarks (untitled statement was addressed at the Japan Association of Corporate Executives'meeting, Tokyo, July 24, 1997, Kantei's HP, https://japan.kantei.go.jp/0731douyukai.html. (қараған күні: 23.11.2025).

129. Rakhimov M. Central Asia and Japan: Bilateral and Multilateral Relations // Journal of Eurasian Studies. - 2013. - Vol. 5, No. 1. - P. 45-53.

130. Dadabaev T. Japan and the new Silk Road: Diplomacy, development and connectivity in Central Asia and beyond. Palgrave Macmillan. 2018. - P. 143-145

131. Central Asia plus Japan Dialogue Joint Statement https://www.mofa.go.jp/region/europe/dialogue/joint0408.pdf MOFA of Japan - 2004. (қаралған күні: 24.06.2025).

132. Yamada M. Japan's Silk Road Diplomacy: Paving the Road Ahead // Asian Survey. - 1998. - Vol. 38, No. 7. - P. 670-678.

133. Söderbaum F. Rethinking Regionalism. London: Palgrave Macmillan, 2016. P.10-20.

134. Ministry of Economy, Trade and Industry (METI). (2014). Cool Japan Initiative Report. https://www.meti.go.jp/english/policy/mono_info_service/creative_industries/creative_industries.html (қолданған күні: 25.04.2025).

135. Lind J. Sorry States: Apologies in International Politics. - Ithaca; London: Cornell University Press, 2008. - 253 p.

136. Inoguchi T. Political Theory. - Polis. Political Studies. - 2012, № 3. - P. 123-140.

137. Sugita H. Intercultural Pragmatics and Language Teaching. - Tokyo: Seibido Publishing, 2015. - 210 б.

138. Ашинова Ж.Е., Нурсеитова Л.Д., Акифуми Ш., «Қазіргі Жапон сыртқы саясатының жүзеге асырылуының теориялық негіздері». «Қазақстан шығыстануы» ғылыми журналы - No4, - том 12, 2024. ISSN: 3007-0325. 136-137 б.

139. Wakatsuki Y., ‘Zenhōi gaikō’ no jidai; Soeya, Vietnam in Japan’s Regional Policy, Tokyo, 2010. - Б. 296.

140. Ajiakyoku, Tai tōnan-Ajia seisaku Ajiakyoku. Tai tōnan-Ajia seisaku (Оңтүстік-Шығыс Азияға қатысты саясат жобасы). - Tokyo, 1977. - P14 б.

141. Fukuda T. Zoku - Kore kara no Nihon (Жаңа Жапония жолы). - Tokyo: Mainichi Shimbunsha, 1978. - P. 395.

142. Nakasone, Yasuhiro. Japan in the 21st Century: Reflections and Projections. - Tokyo: PHP Institute, 2002. - 210 p. https://japans-aging-peace-pacifism-and-militarism-in-the-twenty-first-century-9780231553285.html.

143. Nakasone Y. Japan: A State Strategy for the Twenty-First Century. - London: Routledge, 2001. - 243 p.

144. Gao Bingyu. Japanese Conservatism and Foreign Policy: A Focus on Prime Ministers Nakasone, Koizumi, and Abe. - University of Sheffield, 2017. - 312 p.

145. Hosoya Y. Nakasone Yasuhiro and Japan’s European Diplomacy. - Tokyo: Keio University Press, 2020. - P. 45-57.

146. Nakasone, Yasuhiro. Japan in the 21st Century: Reflections and Projections. - Tokyo: PHP Institute, 2002. - 210 p. https://japans-aging-peace-pacifism-and-militarism-in-the-twenty-first-century-9780231553285.html.

147. Hughes, Christopher W. Japan’s Foreign and Security Policy Under the ‘Abe Doctrine’: New Dynamism or New Dead End? - London: Palgrave Macmillan, 2015. - 220-236 p file:///C:/Users/User/Downloads/WasedaGlobalForum_13_Ikeshima2.pdf.

148. Nakasone, Yasuhiro. Japan in the 21st Century: Reflections and Projections. - Tokyo: PHP Institute, 2002. - 210 p. https://japans-aging-peace-pacifism-and-militarism-in-the-twenty-first-century-9780231553285.html.

149. Shinoda, T. Koizumi Diplomacy: Japan's Kantei Approach to Foreign and Defense Affairs. - Seattle: University of Washington Press, 2007. - 155-167 p.

150. "A Koizumi Doctrine for Asia." - The Japan Times, 16 January 2002. https://dokumen.pub/the-courteous-power-japan-and-southeast-asia-in-the-indo-pacific-era-0472074970-9780472074976.html. (қаралған күні: 15.05.2025).

151. Nichibun Center. Japanese Diplomacy in ASEAN and Its Relevance to Indonesia. - Tokyo, 2005. - P. 43-52.

152. Hughes, Christopher W. Japan's Re-emergence as a 'Normal' Military Power. - Adelphi Paper 368. London: IISS, 2004.

153. Asia's Democratic Security Diamond. https://www.project-syndicate.org/magazine/a-strategic-alliance-for-japan-and-india-by-shinzo-abe (қаралған күні: 20.04.2025).

154. Aso, Taro; Abe, Shinzo. Arc of Freedom and Prosperity: Japan's Expanding Diplomatic Horizons. - Tokyo: Ministry of Foreign Affairs of Japan, 2007. - 24 p.

155. Pyle K.B. The Yoshida Doctrine: The Foundation of Japan's Foreign Policy. Boulder: Lynne Rienner, 2007. 320 p.

156. Japan's Foreign Policy that Takes a Panoramic Perspective of the World Map, Vision Statement and the Future ASEAN-Japan Relationship https://www.mofa.go.jp/policy/other/bluebook/2014/html/chapter2/cp2_sf1.html (қаралған күні: 03.06.2025).

157. U.S. Department of State. Plaza Accord, 1985. URL: https://history.state.gov (қаралған күні: 05.06.2025).

158. OECD Economic Surveys: Japan 2005 https://www.oecd.org/en/publications/oecd-economic-surveys-japan-2005_eco_surveys-jpn-2005-en.html (қаралған күні: 10.06.2025).

159. The Free and Open Indo-Pacific Strategy in Southeast Asia: A Status Report on the Economic Pillarshttps://www.csis.org/events/free-and-open-indo-pacific-strategy-southeast-asia-status-report-economic-pillars (қаралған күні: 15.06.2025).

160. Hughes, C. W. (2015). An "Abe Doctrine" as Japan's Grand Strategy: New Dynamism or Dead-End? The Asia-Pacific Journal: Japan Focus, 13(30), Article ID 4832. Retrieved from An_Abe_Doctrine_as_Japans_Grand_Strategy_New_Dy.pdf. - P. 1-6.

161. Қазақстан Республикасының Жапониядағы Елшілігі. Екі жақты ынтымақтастық. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tokyo/activities/1991?lang=kk. (қаралған күн: 14.04.2025).

162. Центральная Азия и Япония обсуждают новые форматы сотрудничества на первом саммите в Токио. https://ru.euronews.com/2025/12/20/central-asia-and-japan-discuss-new-cooperation-formats-at-inaugural-tokyo-summit (қаралған күні: 20.01.2026).

163. Len, C. Japan’s Central Asian Diplomacy: Motivations, Implications and Prospects for the Region // China and Eurasia Quarterly. - 2005. - Vol. 3, No. 3. - P. 31-46.

164. Қазақстан Республикасының Жапониядағы Елшілігі. Екі жақты ынтымақтастық. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tokyo/activities/1991?lang=kk. (қаралған күн: 13.04.2025).

165. Посольство Японии в Республике Казахстан. Экономическое сотрудничество. Грантовая программа «KUSANONE (Корни травы)». https://www.kz.emb-japan.go.jp/itpr_ru/cooperation.html (қаралған күн: 13.04.2025).

166. Rustemova A. KAZAKH-JAPANESE RELATIONS: FORMATION AND DEVELOPMENT PROSPECTS // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ. - 2020. - №1 (64) - С. 112-113. https://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20200601085037.pdf.

167. Посольство Японии в Республике Казахстан. Японо-Казахстанские отношения. https://www.kz.emb-japan.go.jp/relations/index.htm. (қаралған күн: 13.04.2025).

168. Иванов И.П., Петренко С.Ю. Выбор многовекторности во внешней политике Казахстана // Мировая экономика и международные отношения. - 2025. - Т. 69. - №3. - С. 74-85.

169. Курмангужин А. Внешняя политика Республики Казахстан: вчера и сегодня // Россия и новые государства Евразии. - 2024. - С. 154-163.

170. Нышанбаев Н. Особенности новой концепции внешней политики Казахстана: теоретический анализ // Вестник КазНПУ им. Абая. - 2020. - №4. - С. 164-168.

171. Кукеева Ф.Т. и др. Влияние новых геополитических условий на многовекторную внешнюю политику Казахстана // Вестник Карагандинского университетаСерия «История. Философия». -2023. - №1. (109). - С. 98-102.

172. Курмангужин А. Внешняя политика Республики Казахстан: вчера и сегодня // Россия и новые государства Евразии. - 2024. - С. 154-163.

173. Посольство Японии в Таджикистане. Японо-Таджикские отношения. https://www.tj.emb-japan.go.jp/itpr_ru/economicalrelation.html (қаралған күні: 16.04.2025).

174. Посольство Японии в Таджикистане. Внешняя политика Японии. https://www.tj.emb-japan.go.jp/itpr_ru/diplomacy_ru.html. (қаралған күні: 17.04.2025).

175. JICA Activities in Tajikistan. https://www.jica.go.jp/russian/overseas/tajikistan/office/index.html (қаралған күні: 18.04.2025).

176. Ministry of Foreign Affairs of Japan. Diplomatic Bluebook. https://www.mofa.go.jp/policy/other/bluebook/2012/pdfs/chapter2_p17_29.pdf. (қаралған күні: 17.04.2025).

177. Ministry of Foreign Affairs of Japan. Diplomatic Bluebook. https://www.mofa.go.jp/policy/other/bluebook/2012/pdfs/chapter2_p17_29.pdf. (қаралған күні: 17.04.2025).
178. Ministry of Foreign Affairs of Japan. Японо-туркменские отношения (основные данные). https://www.mofa.go.jp/region/europe/turkmenistan/data.html (қаралған күні: 18.04.2025).
179. JICA Central \asia and Japan's ODA Loans https://www.jica.go.jp/english/overseas/uzbekistan/others/__icsFiles/afieldfile/2025/03/13/archive_06.pdf (қаралған күні: 18.04.2025).
180. JICA Central \asia and Japan's ODA Loans https://www.jica.go.jp/Resource/english/publications/jbic_archive/others/pdf/centralasia_e.pdf (қаралған күні: 19.04.2025).
181. JICA Central \asia and Japan's ODA Loans https://www.jica.go.jp/Resource/jica-ri/publication/workingpaper/jrft3q00000026bz-att/JICA-RI_WP_No_94.pdf (қаралған күні: 20.04.2025).
182. Ministry of Foreign Affairs of Japan. Japan-Uzbekistan Relations (Basic Data) https://www.mofa.go.jp/region/europe/uzbekistan/data.html (қаралған күні: 22.04.2025).
183. EMBASSY OF THE REPUBLIC OF UZBEKISTAN IN JAPAN. Economic cooperation. https://www.uzbekistan.jp/ (қаралған күні: 21.04.2025).
184. EMBASSY OF THE REPUBLIC OF UZBEKISTAN IN JAPAN. Political and Economic Relations https://www.uzbekistan.jp/ 1-6 p.(қаралған күні: 21.04.2025).
185. JICA Central \asia and Japan's ODA Loans https://www.jica.go.jp/Resource/jica-ri/publication/workingpaper/jrft3q00000026bz-att/JICA-RI_WP_No_94.pdf (қаралған күні: 24.04.2025).
186. Christopher Len. Japan's Central Asian Diplomacy: motivations, implications and prospects for the region. CEF quarterly. vol 3.p.130.
187. Mehmet Ögütçü, "Eurasian Energy Prospects and Politics," -19. - 1995. P. 380-381 https://www.persee.fr/doc/cemot_0764-9878_1995_num_19_1_1252.
188. 廣瀬徹也第 1 章「対中央アジア外交概観—実務レベルでの政策立案者の視点から」宇山智彦 、クリストファー・レン、廣瀬徹也『日本中央アジア外交—試される地域戦略』北海道大学出版会 2009 年 3-21 頁を参照 Хиросэ Тэцуя. Тай тюо адзия гайко гаиё: дзицуму рэбэру дэ но сэйсаку рицуанся но сикэн кара // Нихон тюо адзия гайко: тамэсарэру тиики сэнряку / ред. Уяма Томохико, Кристофер Лен, Хиросэ Тэцуя. Саппоро 2009. - Б. 3-21.
189. Ministry of Foreign Affairs of Japan 1996 Diplomatic Bluebook Regional Developments https://www.mofa.go.jp/policy/other/bluebook/1996/III.html#E. (қаралған күні: 15.06.2025).

190. Hashimoto R. Provisional Translation. Address by Prime Minister Ryutaro Hashimoto to the Japan Association of Corporate Executives. - 24 July 1997. https://japan.kantei.go.jp/0731douyukai.html (қаралған күні: 17.06.2025).

191. Внешняя политика. Дипломатическая синяя книга и Белая книга. https://www.mofa.go.jp/mofaj/gaiko/bluebook/. 外務省 HP、『外交青書』第４１号、第３章主要地城情報 (қаралған күні: 18.06.2025).

192. 首相邸経済同会会員懇談会おけ講演成９７月 24 日 Премьер-министр резиденциясында өткен Экономикалық Доюкай ұйымы мүшелерімен кездесу барысында жасалған баяндама. 1997 жылғы 24 шілде http://www.kantei.go.jp/foreign/0731douyukai.html (қаралған күні: 15.04.2025).

193. «Обращение премьер-министра Рютаро Хашимото к Японской ассоциации руководителей корпораций», 24 июля 1997 г., www.kantei.go.jp/foreign/0731douyukai.html (қаралған күн: 15.10.2024).

194. “Central Asia Should Serve as Eurasian ‘Buffer Zone’,” The Daily Yomiuri, December 5, 1997, p. 15.

195. 森外交については、Togo, “Japan’s Strategic Thinking in the Second Half of the 1990’s”, pp 98-102.

196. Ministry of Foreign Affairs of Japan. Japan’s Silk Road Diplomacy. - Tokyo: Ministry of Foreign Affairs of Japan, 1 https://www.mofa.go.jp/files/000177713.pdf (қаралған күні: 24.10.2025).

197. 冷戦後日本の中央アジア政策と戦略：ユーラシア外交, MAHMUDOV Umid, http://doi.org/10.15002/00014270. Tokyo 2017, P 93.

198. Len Ch., Uyama T., Hirose T. Japan’s Silk Road Diplomacy: Paving the Road Ahead. - Washington; Stockholm: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program, 2008. - 31-32 pp.

199. Ministry of Foreign Affairs of Japan. Central Asia + Japan dialogue: Vision and projects. 2024. https://www.mofa.go.jp/region/europe/dialogue2024.html. (қаралған күні: 05.11.2025).

200. Times of Central Asia. Central Asian countries and Japan hold business forum. The Times of Central Asia. 2024. https://timesca.com/central-asian-countries-and-japan-hold-business-forum/ (қаралған күні: 17.06.2025).

201. Laruelle M. Central Asia’s foreign policy and regional cooperation. - Washington: George Washington University, 2018. - P. 10-12.

202. Ашинова Ж.Е., Нурсеитова Л.Д. Қазақстан Республикасындағы Жапонияның саяси бастамаларының трансформациясы және ерекшеліктері. Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы «Халықаралық қатынастар және Аймақтану» сериясы, 1 (55) 2024. 14 б.

203. Dadabaev, T. (2008). The Role of Japan in Central Asia: Diplomacy, Identity and Regionalism. Central Asia and the Caucasus Journal, 5(50), 84-95.

204. Uyama T. Japan's Approach to Central Asia and Regional Stability // Japan's Silk Road Diplomacy: Paving the Road Ahead. - Washington; Stockholm: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program, 2008. - P. 102-121.

205. Iwashita, A. Japan's Eurasian Diplomacy and Central Asia. Tokyo: Japan Institute of International Affairs, 2006. - P. 61-79.

206. Taro Aso, Central Asia as a Corridor of Peace and Stability (speech was delivered at the Japan National Press Club, Tokyo, June 1, 2006), MOFA's HP. 1-5 pp. http://www.mofa.go.jp/region/europe/speech0606.html. (қаралған күні: 18.11.2025).

207. The U.S.-Japan Alliance after 9/11. Washington, D.C.: Brookings Institution Press, 2003. - P. 88-96.

208. The U.S.-Japan Alliance after 9/11. Washington, D.C.: Brookings Institution Press, 2003. - P. 88-96.

209. Rozman, G.Russia - Japan Relations: Trust Building and Breakdown. Stanford: Stanford University Press, 2007. - P. 201 - 214.

210. Freedom and Prosperity: Japan's Expanding Diplomatic Horizons,'" November 30, 2006, www.mofa.go.jp/announce/fm/aso/speech0611.html (қаралған күні: 23.12.2025).

211. White Paper on Japan's Overseas Development Assistance 2005 - Central Asia and the Caucasus section, www.mofa.go.jp/policy/oda/white/2005/ODA2005/html/honpen/hp202030300.htm (қаралған күні: 24.12.2025).

212. Aso T. Central Asia as a Corridor of Peace and Stability. Speech at the Japan National Press Club, Tokyo, 1 June 2006. - P. 1-5.

213. Hashimoto R. Eurasian Diplomacy: New Directions in Japan's Foreign Policy. Tokyo: Chuo Koronsha, 1997. - P. 23-35.

214. MOFA: Visit to the Republic of Uzbekistan and the Republic of Kazakhstan by Mr. Katsuya Okada, Minister for Foreign Affairs (Overview and Evaluation) (Augusut 11, 2010) Визит в Республику Узбекистан и Республику Казахстан министра иностранных дел г-на Кацуя Окада, 11 августа, https://warp.ndl.go.jp/info:ndljp/pid/8896781/www.mofa.go.jp/region/europe/uzbekistan/uk_oka_1008.html (қаралған күні: 26.12.2025).

215. Aso, T. Speech on the Creation of an "Arc of Freedom and Prosperity".Japan Institute of International Affairs, Tokyo, 30 November 2006. - P. 2-6.

216. Curtis, G. L.The U.S.-Japan Alliance after 9/11. Washington, D.C.: Brookings Institution Press, 2003. - P. 88-96.

217. Dadabaev T. Japan in Central Asia: Renewed Approaches to Regional Cooperation. Tokyo: University of Tsukuba Press, 2016. p. 11.

218. Kimura H. Japan and Central Asia: From the 'Silk Road Diplomacy' to the 'Eurasian Diplomacy'. Journal of Eurasian Studies, 2017. 8(2), 101-113. https://doi.org/10.1016/j.euras.2017.03.002.

219. Ueda K. Regional dialogue and economic cooperation: The case of Kazakhstan-Japan relations in CA+Japan framework. Journal of East Asian Cooperation, 2022. 10(1), 66-79. https://doi.org/10.21445/jeac.2022.10.1.66.

220. Nurseitova, Laila; Ashinova, Zhanar; Akifumi, Shioya; and Rymbekova, Aliya "Dynamics of Development of the Main Areas of Cooperation Between Kazakhstan and Japan: Comparative Analysis and Assessment of Prospects," Asia-Pacific Social Science Review: 2025. Vol. 25: Iss. 2, Article 9. DOI: https://doi.org/10.59588/2350-8329.1573. Available at: https://animorepository.dlsu.edu.ph/apssr/vol25/iss2/9.

221. 外務省 MOFA Japan https://warp.ndl.go.jp/en/web/20150308072254/http://www.mofa.go.jp/mofaj/area/kazakhstan/k_kyodo.html (қаралған күн: 28.12.2025).

222. Kazakhstan sings cooperation deal with Japan. https://world-nuclear-news.org/Articles/Kazakhstan-signs-cooperation-deal-with-Japan (қаралған күні: 10.02.2026).

223. Nurseitova L.D., Ashinova Zh.Ye. Kazakh-Japanese partnership in the format of “Central Asia Plus Japan” // Journal of Oriental Studies. - 2025. - №3 (114). - P. 47-48. https://doi.org/10.26577/JOS202511434.

224. Ministry of Foreign Affairs of Japan. Japan-Kazakhstan Relations. - Tokyo, 2007.

225. Министерство иностранных дел Республики Казахстан. Договорно-правовая база. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/485?lang=ru (қаралған күн: 27.12.2025).

226. MOFA: Signing of the Convention between Japan and the Republic of Kazakhstan for the Avoidance of Double Taxation and the Prevention of Fiscal Evasion with Respect to Taxes on Income https://warp.ndl.go.jp/info:ndljp/pid/8896781/www.mofa.go.jp/announce/announce/2008/12/1185605_1080.html (қаралған күні: 19.12.2025).

227. Министерство иностранных дел Республики Казахстан. Политическое сотрудничество. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/485?lang=ru (қаралған күн: 27.12.2025).

228. Ministry of Foreign Affairs of Japan. Japan-Kazakhstan Relations. - Tokyo, 2007.

229. Japan External Trade Organization (JETRO). Trade Statistics between Japan and Kazakhstan. - Tokyo, 2006.

230. Howe B., Campbell D. Japan’s Political Instability and Its Foreign Policy Implications // Asian Politics & Policy. - 2013. - Vol. 5, No. 1. - P. 95-112.

231. National Security Strategy, HP of the Cabinet Secretariat, accessed 2 December 2025, https://www.cas.go.jp/jp/siryou/131217anzenhoshou/nss-e.pdf.

232. Shinzo Abe ‘s remarks (untitled speech was delivered at the Nazarbayev University on October 27, 2015), Kantei‘s HP, accessed 2 December 2025, https://japan.kantei.go.jp/97_abe/statement/201510/1213894_9930.html. (қараған күн: 29.12.2025.).

233. Ф.П. Уразаева. Қазақстан Жапон қатынастары - экономикалық даму кепілі // ҚазҰУ хабаршысы. «Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы». - 2014. - Т. 66, №2 (66), - С 282.

234. gov.kz Мемлекеттік органдар. Қазақстан Республикасының Жапониядағы Елшілігі. Шарттық негіз. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tokyo/activities/1992?lang=kk (қаралған күні: 22.12.2025).

235. Government of Kazakhstan. (2023). Kazakhstan’s foreign policy concept 2020-2030. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/documents/details/38820.

236. Dadabaev T. Japan-Central Asia Relations: Economic Cooperation and Development Assistance // Journal of Eurasian Studies. - 2016. - P. 1-15.

237. Diplomatic Bluebook 1992 https://www.mofa.go.jp/policy/other/bluebook/1992/1992-appendix-3.htm МИД Японии, қаралған күні: 20.11.2025).

238. Len, C. Understanding Japan’s Central Asian Engagement // Japan’s Silk Road Diplomacy: Paving the Road Ahead / ed. by C. Len, T. Uyama, T. Hirose. - Washington, D.C.: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program, 2008. - P. 31-46.

239. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 19 тамыз N 714. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 18.01.1995 ж. N 62 қаулысымен. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P930000714_/history. (қаралған күні: 26.06.2025).

240. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, 2006 https://www.mofa.go.jp/region/europe/kazakhstan/index.html (қаралған күні: 06.01.2026).

241. Japan's ODA to Kazakhstan 1-3 p. https://jpemb.kz/en/relation/oda/ (қараған күн: 05.01.2026).

242. Совместное заявление Японии и Республики Казахстан «О расширенном стратегическом партнерстве в век процветания Азии». В экономической сфере. В сфере культурно-гуманитарных обменов. https://www.kz.emb-japan.go.jp/files/000202021.pdf. (қараған күн: 24.12.2025.).

243. 17 октября 2000 года введен в эксплуатацию подвесной мост в Семее. https://semeyainasy.media/2022/10/17/17-oktyabrya-2000-goda-vveden-v-ekspluatacziyu-podvesnoj-most-v-semee/ (қараған күн: 05.02.2026).

244. JICA. CENTRAL ASIA AND JAPAN'S ODA LOANS https://www.mofa.go.jp/files/000142564.pdf (қаралған күні: 20.01.2026).

245. MOFA: Signing of the Convention between Japan and the Republic of Kazakhstan for the Avoidance of Double Taxation and the Prevention of Fiscal Evasion

with Respect to Taxes on Income https://warp.ndl.go.jp/info:ndljp/pid/8896781/www.mofa.go.jp/announce/announce/2008/12/1185605_1080.html (қаралған күні: 19.12.2025).

246. Посольство Японии в Республике Казахстан. Японо-Казахстанские отношения. https://www.kz.emb-japan.go.jp/relations/index.htm. (қаралған күн: 13.04.2025).

247. gov.kz Мемлекеттік органдар. Қазақстан Республикасының Жапониядағы Елшілігі. Шарттық негіз. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tokyo/activities/1992?lang=kk (қаралған күні: 20.12.2025).

248. Japan-Kazakhstan Relations, MOFA‘s https://www.mofa.go.jp/erp/ca_c/kz/page1e_000055.html. (қаралған күн: 28.05.2025).

249. gov.kz Мемлекеттік органдар. Қазақстан Республикасының Жапониядағы Елшілігі. Шарттық негіз. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tokyo/activities/1992?lang=kk (қаралған күні: 21.12.2025).

250. Визит Премьер-Министра Абэ в Казахстан | Министерство иностранных дел Японии, https://www.mofa.go.jp/erp/ca_c/kz/page1e_000059.html.

251. Казахстанско-японский центр развития человеческих ресурсов. https://kjc.kz/ru/ (қаралған күні: 20.12.2025).

252. JICA Interns from Kazakhstan's aid agency KazAID: Partnership to build the future of Central Asia https://www.jica.go.jp/english/information/blog/1568089_24156.html (қаралған күні: 24.04.2025).

253. Шығыстану факультеті, Қиыр Шығыс кафедрасы https://farabi.university/department/55 (қаралған күні: 03.01.2026).

254. Министерство иностранных дел Республики Казахстан. Торгово-экономическое сотрудничество https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/485?lang=ru (қаралған күні: 20.12.2025).

255. Через призму истории 4 октября 2019 https://kazpravda.kz/n/cherez-prizmu-istorii/ (қаралған күні: 03.01.2026).

256. Қазақстан Республикасының Жапониядағы Елшілігі. Жапонияда «әл-Фараби орталығы» ашылды. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tokyo/press/news/details/139032 (қаралған күні: 20.11.2025).

257. Совместное заявление Японии и Республики Казахстан «О расширенном стратегическом партнерстве в век процветания Азии». В экономической сфере. В сфере культурно-гуманитарных обменов. https://www.kz.emb-japan.go.jp/files/000202021.pdf. (қараған күн: 24.12.2025.).

258. Ministry of Education, Culture, Sports, Science and Technology Japan. https://www.mext.go.jp/en/ (қаралған күні: 20.10.2025).

259. Kazakhstan, Japan agree on new investment projects during presidential https://www.trend.az/business/4132432.html қаралған күні (19.01.2026). MOFA МИД Японии https://www.mofa.go.jp/mofaj/press/release/press1_000096.html (қараған күн: 29.12.2025.).

260. Министерство иностранных дел Республики Казахстан. Торгово-экономическое сотрудничество https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/485?lang=ru (қаралған күні: 22.12.2025).

261. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі. Сауда-экономикалық ынтымақтастық https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/26?lang=kk (қаралған күні: 22.12.2025).

262. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі. Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/485?lang=kk (қаралған күні: 20.12.2025).

263. Қазақстан Республикасының Жапониядағы Елшілігі. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tokyo/activities/1991?lang=kk (қаралған күні: 20.12.2025).

264. Бизнес-форум «С5+Япония» в Астане: Минцифры и Challenge and Lead на пути к IT-сотрудничеству https://www.itk.kz/ru/11 12.08.2024 (қаралған күні 19.01.2026).

265. Бизнес-форум «Центральная Азия - Япония». Алибек Куантыров, https://www.youtube.com/watch?v=wLYhyIAH_bg 1-5 pp. (қаралған күні 19.01.2026).

266. Қазақстандық делегация Жапонияда бірқатар іскерлік кездесулер өткізді https://kazcic.kz/kk/news/kazaxstanskaia-delegaciia-provela-seriiu-delovyx-vstrec-v-iaponii (қаралған күні: 15.12.2025).

267. Қазақстан Республикасының Жапониядағы Елшілігі. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tokyo/activities/1991?lang=kk 1-5 с. (қаралған күні: 21.12.2025).

268. Қазақстандық делегация Жапонияда бірқатар іскерлік кездесулер өткізді https://kazcic.kz/kk/news/kazaxstanskaia-delegaciia-provela-seriiu-delovyx-vstrec-v-iaponii (қаралған күні: 15.12.2025).

269. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы https://www.facebook.com/atamekenkz/photos/, atameken.kz/ru/pages/718-kontakty (қаралған күні: 25.12.2025).

270. «Қуатты серіктес» Премьера, Телерадиокомплекс Президента РК. Казахстан. https://www.youtube.com/watch?v=YgpdHfuTm6s (қаралған күні: 22.12.2025).

271. «Центральная Азия плюс Япония» Казахстан усилил позиции. https://www.youtube.com/shorts/5xYn5a7ol5s (қаралған күні 19.01.2026).

272. NHK World Japan News. The Japan-Central Asia Business Forum was held in Tokyo https://www3.nhk.or.jp/nhkworld/ru/news/1220EE12/ (қаралған күні: 22.12.2025).

273. Токаев: Казахстан и Япония подписали более 60 документов на сумму свыше 3,7 миллиарда долларовhttps://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-kazahstan-yaponiya-podpisali-60-dokumentov-summu-588517/ (қаралған күні: 05.01.2026).

274. Президент Қ. Тоқаевтің БҰҰ-ның университетіндегі дәрісі. https://www.youtube.com/watch?v=YgpdHfuTm6s (қаралған күні: 22.12.2025).

275. Жапонияның бұрынғы Сыртқы істер министрі Ёрико Кавагучидің сөзі. https://www.youtube.com/watch?v=YgpdHfuTm6s (қаралған күні: 22.12.2025).

276. Мемлекет басшысы «Орталық Азия - Жапония» бизнес форумына қатыстыhttps://www.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02J4aijX3zgLVs82K5z8k3Ep2V55LTJqr69Wf7sArD9KPFLv177xdCsjyGNnaNBnFxl&id=100064996504287&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V&_rdr (қаралған күні: 10.02.2026).

277. Aqorda. Мемлекет басшысы «Орталық Азия - Жапония» бизнес форумына қатысты https://web.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02J4aijX3zgLVs82K5z8k3Ep2V55LTJqr69Wf7sArD9KPFLv177xdCsjyGNnaNBnFxl&id=100064996504287&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V&_rdc=1&_rdr# (қаралған күн: 20.01.2026).

278. Aqorda. «Орталық Азия - Жапония» саммитінің қорытындысы бойынша Токио декларациясы қабылданды https://web.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02A2oSWNkK2J6vKfqR7EUhf8AQCiNfmPGbH9rZUeMyw5afmjXdaaB1QNcmH4od4BNul&id=100064996504287&post_id=100064996504287_pfbid02A2oSWNkK2J6vKfqR7EUhf8AQCiNfmPGbH9rZUeMyw5afmjXdaaB1QNcmH4od4BNul&sfnsn=wa&mibextid=VhDh1V&_rdc=1&_rdr# (қаралған күн: 25.01.2026).

279. Aqorda. Глава государства выступил на первом саммите Диалога «Центральная Азия - Япония» https://web.facebook.com/100064996504287/posts/1321809246662280/?rdid=ojZYgL2yNdYIm2v0 (қаралған күн: 20.01.2026).

280. Қазақстандық делегация Жапонияда бірқатар іскерлік кездесулер өткізді https://kazcic.kz/kk/news/kazaxstanskaia-delegaciia-provela-seriiu-delovyx-vstrec-v-iaponii (қаралған күні: 15.12.2025).

281. Aqorda. Глава государства выступил на первом саммите Диалога «Центральная Азия - Япония» https://web.facebook.com/100064996504287/posts/1321809246662280/?rdid=ojZYgL2yNdYIm2v0 (қаралған күн: 20.01.2026).

282. Сумитомо компаниясының президенті ШИНГО УЭНО мырзаның сөзі. https://www.youtube.com/watch?v=YgpdHfuTm6s (қаралған күн: 23.01.2026).
283. Жапония метал және энергетикалық қауіпсіздік жөніндегі ұйымның төрағасы ИЧИРО ТАКАХАРУ-дың сөзі https://www.youtube.com/watch?v=YgpdHfuTm6s (қаралған күн: 23.01.2026).
284. Қазақстан жапонтанушылар одағының құрметті төрағасы, дипломат Батырхан Құрмансейіттің сөзі. https://www.youtube.com/watch?v=YgpdHfuTm6s (қаралған күн: 26.01.2026).
285. Елордада «Қазақстан-Жапония» бизнес форумы өтті. https://khabar.kz/kk/news/kogam/156723-zhasyl-transformatsiya-bagytynda-ornykty-damu-ushin-kazakstan-ekonomikasy (қаралған күні: 10.03.2026).
286. Астанада "С5-Жапония" бірінші Бизнес-форумы өтті. Fuhttps://kazcic.kz/kk/news/pervyi-biznes-forum-s5-iaponiia-prosel-v-astane (қаралған күні: 10.03.2025).
287. Central Asian Countries and Japan Sign 36 Documentshttps. Kazakhstan and Japan ://invest.gov.kz/media-center/press-releases/ortaly-aziya-elderi-men-zhaponiya-36-zhat-a-ol-oydy/(қаралған күні: 10.02.2025).
288. Second Ministerial Economic and Energy Dialogue of the "Central Asia plus Japan" Dialogue Held. Second Ministerial Economic and Energy Dialogue. https://www.meti.go.jp/english/press/2025/0916_004.html (қаралған күні: 10.03.2025).
289. Kassym-Jomart Tokayev Receives President of Hitachi Construction Machinery, Masafumi Senzaki. https://www.akorda.kz/en/kassym-jomart-tokayev-receives-president-of-hitachi-construction-machinery-masafumi-senzaki-1911353 (қаралған күні: 10.02.2026).
290. Қазақстан жапонтанушылар одағының құрметті төрағасы, дипломат Батырхан Құрмансейіттің сөзі. https://www.youtube.com/watch?v=YgpdHfuTm6s (қаралған күн: 26.01.2026).
291. Жапонияның Қазақстан Республикасындағы елшісі ЯСУМАСА ИИДЖИМА мырзаның сөзі. https://www.youtube.com/watch?v=YgpdHfuTm6s (қаралған күн: 25.01.2026).
292. Tokayev's Visit to Japan: $3.7 Billion in Agreements to Be Signed https://qrnews.kz/en/news/tokayev-s-visit-to-japan-3-7-billion-in-agreements-to-be-signed-h2fNW (қаралған күні: 25.01.2026).
293. Казахстан и Япония подписали более 60 двусторонних документов. https://rus.baq.kz/kazahstan-i-yaponiya-podpisali-bolee-60-dvustoronnih-dokumentov_300029575/ (қаралған күні: 25.01.2026).
294. Үш сұхбат сұрақтары, жауаптары Л.Д. Нурсеитованың google disk-сінде сақталған, ссылкасы беріліп тұр 1-3 б. https://drive.google.com/drive/folders/1Z_NAwYI865Klv3oNCimrAgGSOv_yqtBl?usp=drive_link (қаралған күні: 10.01.2026).

295. President Kassym-Jomart Tokayev Addresses the First Central Asia-Japan Dialogue Summit https://www.akorda.kz/en/president-kassym-jomart-tokayev-addresses-the-first-central-asiajapan-dialogue-summit-20113020 (қаралған күні: 15.01.2026).

296. Rustemova A. KAZAKH-JAPANESE RELATIONS: FORMATION AND DEVELOPMENT PROSPECTS // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ. - 2020. - №1 (64) - С. 112-113. https://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20200601085037.pdf.

297. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің өкілі, Жапониядағы елшіліктің кеңесшісі А. Махметов мырзамен жүргізілген сұхбат сұрақтары, жауаптары Л.Д. Нурсеитованың google disk-сінде https://drive.google.com/drive/folders/1Z_NAwYI865Klv3oNCimrAgGSOv_yqtBl?usp=drive_link

298. Қазақстан-Жапония Жібек Жолы қауымдастығының президенті Казуо Уэда мырзамен жүргізілген сұхбат сұрақтары, жауаптары Л.Д.Нурсеитованың google disk-сінде https://drive.google.com/drive/folders/1Z_NAwYI865Klv3oNCimrAgGSOv_yqtBl?usp=drive_link

299. Funabashi Y. Managing the Dollar: From the Plaza to the Louvre. - Washington, D.C.: Institute for International Economics, 1995.

300. Ministry of Education, Culture, Sports, Science and Technology Japan. https://www.mext.go.jp/en/

Қосымша А

Қазақстан мен Жапония арасындағы қарым-қатынастар (1991-2025):

1991 ж. 28 желтоқсанда Жапония ҚР-ның тәуелсіздігін мойындады.

1992 ж. 26 қаңтарда екі ел арасында дипломатиялық қатынастар орнатылды.

1993 ж. қаңтарда Жапонияның ҚР-дағы Елшілігі ашылды.

1996 ж. ақпанда ҚР-ның Жапониядағы Елшілігі ашылды.

2024 ж. желтоқсаннан бастап Ерлан Баударбек-Қожатаев ҚР-ның Жапониядағы Елшісі қызметін атқарады.

2024 ж. қазаннан бастап Ясумаса Ииджима Жапонияның ҚР-дағы Елшісі қызметін атқарады.

Ең жоғары деңгейдегі байланыстар:

1994, 1999, 2008, 2016, 2019 жж. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Жапонияға ресми сапармен барды.

2006 ж. Жапония Премьер-министрі Д.Коидзуми, 2015 ж. Жапония Премьер-министрі Ш.Абе Қазақстанға ресми сапармен келді.

2021 ж. 12 мамырда ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев Жапония Премьер-министрі Ё.Сугамен телефон арқылы сөйлесті.

2024 ж. 9 тамызда ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев Жапония Премьер-министрі Ф.Кишидамен телефон арқылы сөйлесті.

2025 ж. 17-19 желтоқсанда ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев Жапонияға ресми сапармен барды.

2025 ж. 20 желтоқсанда ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев «Орталық Азия плюс Жапония» Диалогының бірінші саммитіне қатысты.

Жоғары деңгейдегі байланыстар:

2002 ж. ҚР Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрі Қ.К.Тоқаев Жапонияға ресми сапармен барды.

2004 ж. Жапония Сыртқы істер министрі Й.Кавагучи Астанада өткен «Орталық Азия + Жапония» Диалогының 1-ші Министрлік кездесуіне қатысты.

2005 ж. ҚР Премьер-Министрі Д.Ахметов Жапонияға ресми сапармен барды.

2009, 2010 жж. ҚР Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрі Қ.Саудабаев Жапонияға ресми сапармен барды.

2012 ж. ҚР Сыртқы істер министрі Е.Ыдырысов Жапонияға ресми сапармен барды.

2022 ж. Жапония Сыртқы істер министрі Ё.Хаяши Қазақстанға ресми сапармен келді.

2022 ж. ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Сыртқы істер министрі М.Тілеуберді Жапонияның бұрынғы Премьер-министрі Ш.Абені мемлекеттік жерлеу рәсіміне қатысты.

2022 ж. ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Сыртқы істер министрі М.Тілеуберді ОАЖД 9-шы Министрлік кездесуіне қатысты (Токио қ.).

2023 ж. ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Сыртқы істер министрі М.Нұртілеу Жапонияның Сыртқы істер министрі Й.Камикавамен БҰҰ БА алаңында кездесті.

2024 ж. ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Н.Нұрбаева Токио қаласына іссапарға барды.

2024 ж. Жапония Сыртқы істер министрінің орынбасары К. Цуджи Алматы қаласына іссапармен келді.

2024 ж. ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Сыртқы істер министрі М.Нұртілеу Жапонияның Сыртқы істер министрі Т.Иваямен телефон арқылы сөйлесті.

2025 ж. ҚР Премьер-министрінің орынбасары - Сыртқы істер министрі М.Нұртілеу Жапонияға ресми сапармен барды.

2025 ж. Жапонияның Сыртқы істер министрі Т.Ивая Қазақстанға қарымта сапармен келді.

2025 ж. ҚР Премьер-министрінің орынбасары - Сыртқы істер министрі М.Нұртілеу Жапонияға ресми сапармен барды.

2025 ж. Жапонияның Сыртқы істер министрі Т.Ивая Қазақстанға қарымта сапармен келді.

Ядролық қаруды таратпау және қарусыздану саласындағы ынтымақтастық:

Жапония Семей өңірі бойынша БҰҰ БА қарарының тең авторы және 1999 ж. қыркүйекте Токио қаласында бұрынғы Семей полигоны проблемалары жөніндегі ірі халықаралық конференцияны өткізудің бастамашысы болды.

1998 ж. наурыздан бастап ҚР аумағындағы ядролық сынақтардың зардаптарын зерделеуге қатысты бірлескен жұмыстар жүргізілуде. Семей, Хиросима, Нагасаки қалаларының медициналық және қоғамдық мекемелері арасында тығыз байланыс орнатылған.

Жапония 29 тамызды Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні деп жариялаған БҰҰ Бас Ассамблеясы қарарының тең авторы болды. [https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tokyo/activities/1994?lang=kk

Қазақстан Республикасының Жапониядағы Елшілігі Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық (қаралған күні: 12.01.2026)]

2002 ж. бастап Алматы қаласында Қазақстан-Жапония адам ресурстарын дамыту орталығы бизнес-тренингтер, жапон тілі курстарын және басқа да мәдени іс-шараларды өткізу мақсатында қызметін бастады.

2016 ж. «Астана балет» театры Жапонияның «Токио Бунка Кайкан» және «Синджюку Бунка Сента» ірі залдарында өнер көрсетті.

2017 ж. Токио қаласында ҚР Ұлттық кітапханасы мен Токио орталық кітапханасы арасында кітап сыйлау рәсімі өтіп, Жапонияға 200-ге жуық, Токио кітапханасынан Ұлттық кітапханаға 100-ге жуық кітап табыс етілді.

2017 ж. Токио қаласында М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры «Ақтастағы Ахико» атты қойылымды көрсетті.

2018 ж. Кавасаки, Йокогама, Токио және Хамамацу қалаларында Түркі мәдениет халықаралық ұйымының (TURKSOY) 25 жылдығына орайластырылған «Түркі әлемінің ұлы мұрасы» атты концерттер топтамасы өтті.

2020 ж. ұлы ақын және ойшыл Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын мерекелеу шеңберінде Абайдың жапон тіліне алғаш рет аударылған шығармаларының тұсаукесері өтті.

2020 ж. Жапонияда Әл-Фараби орталығының ашылу рәсімі өтті. Іс-шара ғалым әрі философ Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығын мерекелеу аясында айтулы оқиғаға айналды. Бұл орталық гуманитарлық, әлеуметтік және жаратылыстану ғылымдары бойынша бірлескен ғылыми және білім беру жобаларын жүзеге асыруға бағытталған.

2023 ж. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ж.Түймебаев Токио шет тілдер университетінің, София университетінің, Цукуба университетінің және басқа да ұйымдардың басшылығымен кездесу өткізді. Кездесу барысында ғылыми-зерттеу қызметі саласындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Қосымша Ә

Жапонияда білім алып жатқан Орталық Азия елдерінің студенттері мен зерттеушілерінің Жапонияның Орталық Азиядағы сыртқы саясаты мен ынтымақтастық тиімділігіне қатысты пікірлерін анықтауға арналған сауалнама

Сауалнама/Survey/Опрос

Бұл сауалнама қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде жасалған

Жапонияның Орталық Азия елдерімен ынтымақтастығы

Бұл сауалнама Орталық Азия елдерінен келген студенттер мен сарапшылардың Жапонияның Орталық Азиядағы сыртқы саясаты мен ынтымақтастықтың тиімділігіне қатысты пікірлерін жинау мақсатында жүргізіледі.

Зерттеу барысында Жапонияның өңірдегі саяси, экономикалық, білім беру және мәдени салалардағы басымдықтары мен ықтимал даму бағыттары туралы студенттердің және сарапшылардың көзқарастары анықталады. Сонымен қатар «Орталық Азия плюс Жапония» форматының тиімділігі мен болашағы бағаланады.

Сауалнама нәтижелері ғылыми зерттеулерде және Жапония мен Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастықты жақсарту үшін ұсыныстар жасау мақсатында пайдаланылатын болады.

Жауаптарыңыз анонимді түрде жинақталып, тек ғылыми мақсатта қолданылатын болады. Сауалнаманы толтыру арқылы сіз өзіңіздің тәжірибеңіз бен пікіріңізді көрсетіп, осы маңызды зерттеуге үлес қосасыз.

Сауалнаманы толтыруға кететін уақыт шамамен: 5-10 минут

Егер осы сауалнамаға қатысты сұрақтарыңыз болса, мына электронды поштаға жазыңыз: nurseitova.laila3@gmail.com

1. **Қазіргі статусыңыз қандай?** / What is your current status? / Каков ваш текущий статус?
2. Қай елденсіз? / What country are you from? / Из какой Вы страны?
3. **Сіз қалай ойлайсыз, Жапонияда тек ағылшын тілімен ғана өмір сүруге бола ма?** / Do you think it is possible to live in Japan using only English? / Как вы думаете, возможно ли жить в Японии, зная только английский язык?
4. **Сіз Орталық Азияны және халықаралық қатынастарды қанша жылдан бері зерттеп келесіз?** / How many years have you been studying Central Asia or international relations? / Сколько лет вы изучаете Центральную Азию и международные отношения?
5. **Сіздің еліңізді Жапонияда танымал ету екіжақты қарым-қатынастарды дамыту үшін маңызды деп ойлайсыз ба?** (Мысалы: мәдени бағдарламалар, бұқаралық ақпарат құралдары, білім беру) / Do you think that

promoting your country in Japan is important for the development of bilateral relations? (For example: cultural programs, mass media, education) / Считаете ли вы, что популяризация вашей страны в Японии важна для развития двусторонних отношений? (Например: культурные программы, средства массовой информации, образование)

6. **Жапонияның өз еліңізге қатысты сыртқы саясатын қалай бағалайсыз?** / How do you evaluate Japan's foreign policy toward your country? / Как вы оцениваете внешнюю политику Японии в отношении вашей страны?

7. **Сіздің ойыңызша, Жапонияның Орталық Азиядағы негізгі мүдделері мен басымдықтары қандай?** / In your opinion, what are Japan's key interests and priorities in Central Asia? / Каковы, на ваш взгляд, ключевые интересы и приоритеты Японии в Центральной Азии?

8. **Сізге «Орталық Азия плюс Жапония» форматы туралы қаншалықты мәлімет белгілі?** / How familiar are you with the "Central Asia plus Japan" format? / Насколько вам известно о формате «Центральная Азия плюс Япония»?

9. **Сіз «Орталық Азия плюс Жапония» форматтың тиімділігін қалай бағалайсыз?** / How effective do you consider this format ("CA+Japan") to be? / Насколько эффективным вы считаете данный формат (ЦА+Япония)

10. **Сіздің ойыңызша, болашақта Жапония мен Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастықтың дамуы үшін ең қолайлы әрі маңызды салалар қайсы деп есептейсіз?** / In which areas do you see the greatest potential for future cooperation between Japan and Central Asian countries? / В каких сферах вы видите наибольший потенциал для сотрудничества Японии со странами ЦА в будущем?

11.**Жапония мен Орталық Азия арасындағы ынтымақтастыққа қандай кедергілер бар деп ойлайсыз?** / What barriers do you think hinder closer cooperation between Japan and Central Asian countries? / Какие барьеры, по вашему мнению, препятствуют более тесному сотрудничеству Японии и стран ЦА?

12.**Сіз бұрын Жапонияның Орталық Азия елдеріне Дамуға ресми көмек (ДРК) көрсететіні жөнінде естідіңіз бе?** ДРК - Дамуға ресми көмек. Бұл - дамыған елдердің дамушы елдерге экономикалық және әлеуметтік даму үшін көрсететін ресми көмегі. / Have you heard about Japan's Official Development Assistance (ODA) to Central Asian countries before? ODA - Official Development Assistance. It is government aid from developed countries to support the development of developing countries. / Слышали ли вы ранее о том, что Япония оказывает официальную помощь развитию (ДРК) странам Центральной Азии? ДРК/ОПР - Официальная помощь развитию. Это государственная помощь развитых стран развивающимся странам для поддержки их развития.

13.**Егер жауабыңыз «иә» болса, сіздің ойыңызша, Жапония осы аймақ елдеріне қандай салаларда ең көп көмек көрсетеді?** / If yes, in which areas do you think Japan provides the most support to the region? / Если «да», то в каких сферах, по вашему мнению, Япония оказывает наибольшую поддержку странам региона?

14.**Жапонияның Орталық Азия елдеріне арналған көмек бағдарламаларының тиімділігін қалай бағалайсыз?** / How do you evaluate the effectiveness of Japan's assistance programs for the Central Asian countries? / Как вы оцениваете эффективность программ помощи Японии для стран Центральной Азии?

15.**Сіздің пікіріңізше, Жапонияның Орталық Азия өңіріне деген қызығушылығын қандай факторлар күшейте алар еді?** / In your opinion, what factors could enhance Japan's interest in the Central Asian region? / По вашему мнению, какие факторы могли бы усилить интерес Японии к региону Центральной Азии?

16.**Сіз Жапония мен Орталық Азияға қатысты бағдарламалар мен шараларға қатысқансыз ба?** / Have you participated in any programs or events related to Japan and Central Asia? / Участвовали ли Вы в программах или мероприятиях, связанных с Японией и ЦА?

17.**Халықаралық қатынас және жапон тілін меңгеріп жатқан Орталық Азия студенттері мен зерттеушілерінің Жапонияға деген қызығушылық деңгейін қалай бағалайсыз?** / How do you assess the level of interest in Japan among Central Asian students and researchers studying international relations and the Japanese language? / Как вы оцениваете уровень интереса к Японии среди студентов и исследователей из Центральной Азии, изучающих международные отношения и японский язык?

18.**Жапонияның қандай тәжірибесі немесе білімі, сіздің ойыңызша, еліңіздің дамуына пайдалы болар еді?** / What experiences or knowledge from Japan, in your opinion, could be beneficial for the development of your country? / Какой опыт или знания Японии, по вашему мнению, могут быть полезными для развития вашей страны?

19. **Сіздің ойыңызша, Жапонияның Орталық Азия елдерінің дамуына қосқан үлесі қандай (қаржылық, техникалық және білім беру көмегін қоса алғанда)?** / How would you assess Japan's contribution to the development of Central Asian countries (including financial, technical, and educational support)? / Как Вы оцениваете вклад Японии в развитие стран Центральной Азии (включая финансовую, техническую и образовательную помощь)?

20.**Сіздің ойыңызша, Жапониямен ынтымақтастық Орталық Азия елдерінің болашақ дамуы үшін маңызды ма?** / Do you think cooperation with Japan is important for the future development of Central Asian countries / Считаете

ли вы, что сотрудничество с Японией важно для будущего развития стран Центральной Азии?

21.**Сіздің ойыңызша, Орталық Азия студенттері Жапониямен қарым-қатынасты дамытуда қандай рөл атқара алады?** / In your opinion, what role can Central Asian students play in advancing relations with Japan? / Какую роль, по вашему мнению, могут сыграть студенты Центральной Азии в развитии отношений с Японией?

Қосымша Б

«Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы аясындағы
«Қазақстан-Жапония серіктестігі»
ОА сарапшысына қойылатын сұхбат сұрақтары:

1. Қазақстан-Жапон байланыстарын дамытудағы «Орталық Азия плюс Жапония» форматының рөлі қандай деп ойлайсыз?
2. Қазақстан «Орталық Азия плюс Жапония» форматы аясында Жапон мемлекетімен қандай мәселелерді шешуді жоспарлауда?
3. Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастықтың қандай негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге болады?
4. Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық қатынастардың қазіргі жағдайы қандай?
5. Қазақстан мен Жапония өзара ынтымақтастық процесінде кездесетін негізгі проблемалар қандай?
6. Екіжақты байланыстарды дамытуда Қазақстан немесе Жапония тарапынан қандай кедергілер бар деп ойлайсыз?
7. Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін қандай перспективаларды көріп отырсыз?
8. Болашақта Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастық үшін қандай сын-тегеуріндер мен мүмкіндіктерді көріп отырсыз?
9. Екі ел үшін де экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған бірлескен күш-жігердің маңызы қандай?
10. Қазақстан үшін Жапония немесе Жапония үшін Қазақстан неге маңызды деп ойлайсыз?
11. «Орталық Азия плюс Жапония» форматы аясында Қазақстан мен Жапония арасындағы қатынастарды тереңдету бойынша болашаққа қандай жоспарларларыңыз бар?

Қосымша В

Интервью с японским дипломатом (Господин А) на тему Казахстанско-японское партнёрство в формате «Центральная Азия плюс Япония»

Уважаемый господин дипломат А,

Прежде всего, позвольте выразить благодарность за возможность побеседовать с Вами. Я провожу исследование, посвящённое развитию партнёрства между Казахстаном и Японией в рамках формата «Центральная Азия плюс Япония».

Буду признательна, если Вы согласитесь поделиться своими взглядами и опытом по данному направлению.

С Вашего позволения, начну с первого вопроса.

Блок 1: Общая оценка формата «Центральная Азия + Япония»

1. Какова, по Вашему мнению, основная цель создания формата «Центральная Азия плюс Япония» и как она эволюционировала с момента его основания?
2. Какие ключевые особенности отличают данный формат от других региональных форматов сотрудничества Японии (например, ASEAN+Japan)?
3. Насколько, по Вашему мнению, формат «ЦА + Япония» отвечает интересам Японии и стран региона, особенно Казахстана?

Блок 2: Казахстан как партнёр Японии

4. Как бы Вы охарактеризовали двусторонние отношения между Японией и Казахстаном за последние два десятилетия? Какие этапы можно выделить как наиболее значимые?
5. Какие сферы двустороннего взаимодействия, по Вашему мнению, являются наиболее успешными (экономика, инвестиции, ядерная безопасность, образование и т.д.)?
6. Какие трудности или барьеры Вы видели в процессе развития партнёрства с Казахстаном?
7. Как Вы считаете, почему несмотря на доброжелательные отношения и политическую стабильность, развитие казахстанско-японского партнёрства происходит медленнее, чем ожидалось?
8. С какими основными вызовами или ограничениями это может быть связано?
9. Какие шаги, на Ваш взгляд, могли бы предпринять представители бизнеса, академического сообщества и культурных институтов обеих стран для

углубления сотрудничества в различных сферах — таких как экономика, технологии, образование и культура?

Блок 3: Роль Японии в Центральной Азии и геополитический контекст

9. Какие перспективы, на Ваш взгляд, есть у казахстанско-японских отношений в ближайшие 5-10 лет?

10. Как Вы оцениваете интерес молодого поколения Казахстана к Японии? Какие формы «мягкой силы» наиболее эффективны?

11. Какие шаги, по Вашему мнению, могли бы способствовать дальнейшему укреплению сотрудничества между Японией и странами Центральной Азии?

Блок 4: Будущее партнёрства и личный взгляд

Заключительный вопрос (открытый)

12. Что бы Вы хотели пожелать или посоветовать молодым исследователям, изучающим отношения Японии с Центральной Азией?

Благодарю Вас за содержательные ответы и уделённое время.

Қосымша Г

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Жергілікті

этика комитетінің қорытындысы

1.	Докторанттың Т.А.Ә.	Нурсеитова Лайла Дюсенгалиевна
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	«8D02209 - Шығыстану»
3.	Докторантурада оқу мерзімі	2023-2026 оқу жылы
4.	Диссертация тақырыбы, бекітілген күні	«Жапон аймақтық бастамаларының трансформациясы және «Орталық Азия плюс Жапония» форматындағы Қазақстан - Жапония серіктестігі», 19.12.2023 ж.
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы ақпарат - Т.А.Ә. (бар болса), лауазымдары мен жұмыс орындары, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	Отандық ғылыми жетекші: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Шығыстану факультеті, Қиыр Шығыс кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к., Ашинова Жанар Ерболатовна. Шетелдік ғылыми жетекші Цукуба университетінің профессоры, PhD, Акифуми Шиоя (Жапония)
6.	Зерттеу нысандары	Орталық Азиядағы геосаяси процестер мен Жапонияның аймақтық ынтымақтастық форматтары арқылы қалыптасқан Қазақстан - Жапония арасындағы дипломатиялық, экономикалық және саяси серіктестік.
7.	Жоспарлау, бағалау, іріктеу және зерттеу процесіндегі бұзушылықтар	Анықталмаған
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату кезіндегі бұзушылықтар	Анықталмаған
9.	Зерттеу объектілерінің құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғау (тірі табиғат нысандары мен тіршілік ету ортасы болған жағдайда) қалай жүзеге асырылды?	Сарапшылар сұхбаты анонимді, ерікті негізде жүзеге асырылады
10	Диссертациялық зерттеуді дайындау кезінде жасанды интеллект технологияларын пайдалану фактілерінің болуы немесе болмауы	Диссертациялық зерттеуді дайындау кезінде жасанды интеллект технологияларын пайдалану фактілері анықталған жоқ
11	Мақұлдау нөмірі	IRB- A1947
12	Зерттеуді бекіту күні	26.02.2026
13	Бекітудің аяқталу күні	23.02.2029

ЖЭК төрағасы

